

85.12
М85

Дәурен Мұхамеджанов

ДИЗАЙНЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Оқу құралы

«Турни-Астана» университеті
КІТАПХАНА
Инв.№ 58941

6

ӘОЖ 745/749 (075)

КБЖ 85.12я73

М 85

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№3 хаттама 6 ақпан 2019 жыл)*

Пікір жазғандар:

өнертану ғылымдарының профессоры, суретші-мүсінші **Е.А. Сергебаев**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С. Медеубекұлы**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Н.Е. Исабек**
(PhD) философия докторы **С.Б. Байзақов**

Мұхамеджанов Д.М.

М 85 Дизайнердің көркемдік шығармашылығы: оқу құралы /
Д.М. Мұхамеджанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 190 б.
ISBN 978-601-04-3920-7

Аталмыш еңбек дизайн өнерінің қалыптасуы мен дамуын және көркемдік шығармашылық бағыттарын анықтауға арналады. Ұлттық бейнелеу өнерінің сан салалы қыры зерттеледі. Дизайн, графика, кескіндеме, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер, фотография бойынша мол мәліметтер жинақталған. Сондай-ақ нақты мысалдар автордың өзінің шығармашылық жұмыстарынан алынған.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға және көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 745/749 (075)

КБЖ 85.12я73

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
I БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	
1.1. Бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуы.....	11
1.2. Бейнелеу өнерінің салалық ерекшеліктері	13
1.3. Бейнелеу өнерінің жанрлары	18
1.4. Мектептері мен өнер бағыттары	19
II ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ	
2.1. Графика өнері	23
2.2. Кескіндеме өнері	27
2.3. Мүсін өнері	30
2.3.1. Мүсінге пайдаланылатын материалдар мен құралдар	33
2.4. Сәндік-қолданбалы өнер	38
2.5. Мүсіндік сәулет өнері	43
III ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ	
3.1. Дизайнерлік өнер	85
3.2. Медиадизайн	92
3.3. Web-дизайн	103
3.4. Этнодизайн	107
3.5. Фотография өнері	111
IV ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР	
Шығармашылық жұмыстар (мүсін, кескіндеме, дизайн, графика)	129
4.1. Мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалар.....	137
ҚОСЫМША	
Өнер-білім, ұста-шебер, құрал-сайман туралы мақал-мәтелдер	159
Танымал тұлғалар тағылымы	165
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ОРЫСША-ҚАЗАҚША ТЕРМИНДІК СӨЗДЕР	168
КӨРНЕКІЛІК СУРЕТТЕРДІҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ ТІЗБЕСІ	177
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	188

АЛҒЫ СӨЗ

*Нұрдәулет Еркінұлы Исабек,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, суретші-дизайнер*

Өнер – құдіретті күш. Өнерді сезіну, өнерді сүйу, өнермен өмір сүру адамзатты бақытқа кенелтері хақ. Замана көшіндегі әрбір құбылыс – өнердің ажырамас бөлшегі. Өнердің жауһарларын тудыру – дарындылардың ісі.

Ежелгі ата-бабамыздың бай мұрасын, асыл қазынасын, тарихын білмей, жаңа өмір талабына сай туынды жасау мүмкін емес. Тың туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терең астасқанда ғана мазмұны тұщымды, ғұмыры мәңгілік болмақ.

Әрбір туынды ғасырдың үнімен үндесіп, сол ортаның идеологиялық санасынан хабар беретіні белгілі. Сан ғасырлардан бері түрлі өркениеттер дәуірі өтті. Сол дәуірлерден құнды жәдігер, ерекше тәбәрік болып қалған қадірлі дүниелер – ол өнер туындылары. Шын таланттар өз дәуірінде болған қоғамдық оқиғаларды ағашпен, таспен, металмен және т.б. материалдармен бейнелеп бізге жеткізді.

Тарих толқынымен жарыққа қалқып шыққан қазақ халқының төлтума өнерінің өсу кезеңі, өзіне тән даму тарихы бар. Ұлт тәуелсіздігін алған сәттен бері, яғни ХХІ ғасырдың басында қазақ өнерінің дамуы тіпті серпіле түсті. Ел тарихы да осы өнер туындылары арқылы танылып, ата-бабамыздың тарихы екендігі мойындалып, бүгінде затына сай ардақталуда. Бірақ ұлан-байтақ жерімізде қоныс тепкен халқымыздың өнері әлі күнге толық зерттеліп біткен жоқ, талай құнды дүниелер жер астында көміліп, мұрағаттарда шаң басып жатқаны шындық, қордаланған мәселелер де жеткілікті. Оларға сәл кейінірек тоқталатын боламыз.

Халықтың ұлттық мәдениетінің негізі – оның өнері. Сан ғасырлық тарихы бар төл өнеріміздің бұдан әрі өрістеп дамуы, заманға сай жаңғыруы келешек жастарға байланысты. Еркін елдің өнері тұрақты дамуы қоғамның өркениеттілігі, ондағы жас ұрпақтың рухани өресі мен мәдениеттілігі, ой еркіндігі мен шығармашылығы, кәсіби білімі мен біліктілігінен көрініс табады.

Өнер – өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында қалдырмай, өзгертіп, көркем бейнелерді түрлендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи оқиғаның жарқын көрінісі, ондағы жеке адамның тағдыры мен оның қоғамдық қатынастары тұрады. Олар суретші қиялы арқылы өңделіп, көркем бейнелер түрінде беріледі. Өнердің мақсаты – адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру.

Өнер көркем шығармаға негіз болатын материалдық арқауына байланысты мынадай негізгі үш түрге бөлінеді: натуралық немесе пластикалық, көркем бейнені кеңістікте сомдайды (кескіндеме, мүсін, графика, фотоөнер, сәулет өнері және т.б.); мезгілдік, көркем бейнені уақыт кеңістігінде түзеді (сөз және музыка өнері); натуралық-мезгілдік, көркем бейнені белгілі бір уақытта кеңістікте жасайды (би, актерлік өнер және осыған негізделген аралас түрлер – театр, кино, телевизия, эстрада, цирк және т.б.).

Өнерлі адам – дарынды, қадірлі адам. Халқымызда мұндай адамдарды «он саусағынан өнер тамған» деп әспеттеген. Дарынды адамның шығармашылық әрекеті сан алуан қалыпта дамып, ол өнердің түрлері, тектері, жанрлары ретінде тармақталады. «Жоқтан барды, бардан нарды» жасай білу шынымен де екінің бірінің қолынан келе бермес іс екені белгілі. Талантты адамды «жаратқанның сүйікті құлы», «нысаналы адам» деп тегін айтпаса керек. Қолы епті ер адам қолына кез келген затты алып, ойлана отырып, одан тұрмысқа қажетті затты жасап шығарады, ол мейлі ат әбзелі, ыдыс-аяқ және т.б. болуы мүмкін. Ал ісмер әйел қолына ине-жібін алып, матадан, жүннен кестелі орамал, оюлы сырмақ, түкті текемет, сәнді киім-кешек және т.б. жасап алады.

Осы еңбекке өзек болған бейнелеу өнері, әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісі ретінде өзіне тән ерекшеліктер мен өзіндік сипатқа ие. Өнердің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады. Әрбір тарихи кезеңнің, сондай-ақ әрбір халықтың өзіне тән эстетикалық талаптары мен ұлттық талғамдары болады.

Бейнелеу өнері күні бүгінге дейін әлемдік өркениеттерде сан салалы болып әлдеқашан дамыған болса да, әлі күнге қазақ тілінде бейнелеу өнеріне қатысты, тіпті жалпы өнерге қатысты оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, әдебиеттер жоқтың қасы. Сондықтан да материалдық мәдениетті дамытамыз десек, бұл туынды осы олқылықтың орнын толтыруға арналған қадамның бірі десек те болады.



*Ескен Аманжолұлы Сергебаев,
ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Парасат» орденінің иегері,
профессор, суретші-мүсінші*

Бүгінде ел тарихын бейнелейтін ескерткіштер болса, оған үстірт қарайтын шенеуніктердің кесірінен олардың сапасы өз деңгейінде болмай келеді. Ескерткішті жасауға берілген уақыттың аздығынан, талғамның жоқтығынан, ізденістің болмауынан шала-жансар мүсіндер өмірге келуде. Сондықтан да елімізді басқарып, жерімізді қорғаған бабаларымыздың тұлғалық образдары қажетті шешімін таппай жасалуда.

Мұның себебін қазіргі маман-кадрлардың білім деңгейінің төмендігінен іздеу керек. Кезінде біздер Кеңестік кезеңде қажетті білімді өз деңгейінде орыс тілінде алдық. Ол тілде мүсінге байланысты көркем әдебиеттен бастап, салалық ғылыми оқулықтар өте көп. Орыстар өздерінің аты шыққан әрбір мүсіншісін, олардың шығармашылығын зерттеп, түрлі сериялы кітаптар жазуда.

Еліміз тәуелсіз болғанына отыз жылға жуықтаса да мүсін саласында терең, кәсіби сарапталған ғылыми жұмыстар жоқ. Тәуелсіздік алғалы бері жарық көрген мүсіндік – пластикаға, образға, композицияға, жанрларға арналған отандық зерттеу еңбектер жоқтың қасы. Әсіресе қазақ тілінде бұл салада оқулық жазу өте өткір мәселе күйінде қалып келеді. Сауатты жазатын өнертанушылар мен өнер зерттеушілерінің еңбектерін әлі күнге көре алмай келеміз. Терминдер мәселесі өз алдына бөлек әңгіме. Қазіргі жастарымыз білімді өз ана тілдерінде алғылары келеді. Бұл заманға сай өмірлік қажеттілік. Соған сәйкес әрекет етуіміз қажет.

Бейнелеу өнері – өнердің ең құнды түрлерінің бірі. Ол қоғамдық сана-сезімнің айшықты көрінісі. Сана – адамға ғана тән шындық болмысын қайта сәулелендіретін психологиялық

ең жоғары белгі. Өнер қоғамды, ондағы адамды, оның балаларын өзіне еліктіріп тартатын, тәрбиелеуші құрал бола білуі керек.

Ұлы ойшыл Абай: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі, ата-анадан, екіншісі, ұстазынан, үшіншісі құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады» дейді. Сондықтан да қаладағы жастардың көп уақыты қоғамдық ортада өтетіндіктен, рухани орта соған сай болып, көркем безендірілуі керек.

Шәкіртім Дәурен Мұхамеджановтың «Дизайнердің көркемдік шығармашылығы» атты бұл кітабы оқырманға ой салып, жоғарыда сөз еткен мәселелерді шешуге себепкер болады деп сенемін. Себебі мүсін өнері жайлы тек сол саланы толық меңгерген жан ғана тұщымды еңбек жаза алады.



*Сағатбек Медеубекұлы,
журналистика факультетінің деканы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, өнер зерттеуші*

Өнер – өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында қалдырмай, өзгертіп, көркем бейнелерді түрлендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Шығарманың өзегінде адам, қоғам, тарих, табиғат суретші қиялы арқылы өңделіп, көркем бейнелер түрінде беріледі. Өнердің мақсаты – адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру.

Халықтың ұлттық мәдениетінің негізі – оның өнері. Сан ғасырлық тарихы бар төл өнеріміздің бұдан әрі өрістеп дамуы, заманға сай жаңғыруы келешек жастарға байланысты. Еркін ел өнерінің дамуы, жас ұрпақтың рухани өресі мен мәдениеттілігі, ой еркіндігі мен шығармашылығы кәсіби біліктілігі мен білімділігінен көрініс табатыны белгілі. Сондықтан қазақ тілді оқырманның санын көбейту, олардың санасын рухани жағынан байыту бүгінгі күннің басты талабы болып қала бермек.

Ұлттың өзегі – тіл. Қазір ұлтымыздың болмысы осы тілімізге тіреліп тұр. Тілімізді сақтап қалмасак, басқа қаракеттің бәрі бекер. Тіл үшін күрес – мылтықсыз майданға шығып, ақпараттық айкасқа түсу. Оған қолдан келер бар күшті жұмсап, әркім өз саласында үздіксіз атсалысуы қажет.

Егер шынымен де ұлт тағдырын ойласак, расында ұлтымыздың ертеңі үшін алаңдасак, қазақтың әр сөзін ұлттық құндылық әрі байлық деп қабылдап, сол байлықтың бір түйірі аяқтың астында қалмауы үшін әрекет етуіміз керек.

Термин жасауда өз тілімізде бар, бірақ қолданысқа ене алмай жүрген сөздерді ең бірінші қаперге алып, сырттан енген сөздің ұлт тіліндегі баламасын ұсынып, сәтті табылған сөздерді қолданысқа енгізуге күш жұмсасак, сонда ғана тіліміз дамиды, өркендейді.

Осы ретте Дәурен Мұхамеджановтың «Дизайнердің көркемдік шығармашылығы» кітабында шашырап жүрген өнерге қатысты терминдерді, танымал тұлғалардың даналық сөздерін бір жинаққа біріктіруі ұтымды шешім деп білемін.



*Сабыр Балтабекұлы Байзақов,
(PhD) философия докторы, суретші-кескіндемеші*

Біз, Дәурен Мұхамеджанов екеуіміз 2000 жылы Қазақтың Көркемсурет академиясы мен Театр институты бірігіп, Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік Өнер академиясы болып қайта құрылған кезде танысып, осы оқу орнын бірге бітірдік.

Өнерді жан-тәнімен сүйетін, ол студент кезінен-ақ «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Өнер отауы» сынды газеттерде өнерге, тілге қатысты мәселелердің шешімін табуға ат салысып мақалалар жазып, өз азаматтық пікірін білдіріп келеді.


Қазіргі компьютерлік байланыс қалыпты жағдайға айналған заманда, өкінішке орай ұлы бейнелеу өнерін, адамның қолымен, ойымен, жан-тәнімен, жүрегімен беріліп жасаған жұмыстарын бағалай алмай барамыз. Халықта мынадай тәмсіл бар, «адам егер бақытты, ауқатты әрі рухани бай болғысы келсе, қажетті 10 кітап оқуы керек, ал ол 10 кітапты табуы үшін мың кітапты ашып оқуы қажет», – дейді.

Бұл еңбекте өнердің әр саласы түрлі-түсті көркем суреттермен ерекшеленеді. Мұнда өзінің мақалалары мен терминдік түсіндірме сөздіктері, сонымен қатар өнер-білім, ұста-шебер, құрал-сайман туралы мақал-мәтелдер, танымал тұлғалардың даналық сөздері барлығы ұтымды топтастырылған.


«Дизайнердің көркемдік шығармашылығы» атты аталмыш кітап, өз оқырманын тауып, оның өз мақсатына жетуіне дәнекер болады деп шын жүректен үміттенемін.



I БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ



Дәстүрлі және заманауи бейнелеу өнерінің түрлері, салалық ерекшеліктері, жанрлары, мектептері мен өнер бағыттары



1.1. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақ халқының бейнелеу өнері өте ертеден белгілі. Еліміздегі осы өнер түрлерінің алғашқы белгілері – Балқаш өңіріндегі жартастан қашалған мүйізтұмсық пен өгіздің, Орталық Қазақстанда табылған аюдың тас мүсіндері және т.б. Олар отандық өнер ескерткіштерінің палеолит дәуіріне жататындығын дәлелдейді. Ертедегі ескерткіштер дерегі, көркем шығармалар дамуында екі бағыттың болғанын байқатады. Біріншісі – мифологиялық сипаттағы балбал тастар (Шығыс Қазақстанның Алтай, Аякөз, Үржар өңірлері және еліміздің өзге де аймақтарында), құлпытастар (киелі Маңғыстау жерінде және еліміздің өзге өңірлерінде) болса, екіншісі – мүсін ескерткіштері («Отырған адам» тас мүсіні, неолит дәуірі, Қостанай облысы; «Тараз бишісі» қола мүсіншесі. Ежелгі Тараздың гүлдену кезеңі, IX – X ғ.; «Малдас құрып отырған қазақ» қола мүсіншесі. Тараз маңы, XVII – XVIII ғ.).

Қазақстан аумағындағы ең құнды да қасиетті жартас бейнелерінің бірі – петроглифтер. Оларды атап айтсақ, Ақсу-Жабағылы, Айтбай, Айтпақты, Арпаөзен, Бұғытас, Бүкентау, Ешкіөлмес, Жасыбай, Қаратау, Қараүңгір, Маймақа, Таңбалы, Тарбағатай, Теректі, Тесіктас, Обалы, Өлеңті, т.б. көптеген үңгір мен жартастардағы петроглифтер болып табылады. Бұл тастағы бейнелер өз бастауын тас дәуірінен алады. Сол заманнан бері сақталып келе жатқан жартастардағы суреттерден адам өміріндегі өзгерістерді, аңшылық, құдайға табыну билерін, сыйыну сәттерін, өлгендерді жерлеу рәсімдерін, жабайы аңдар мен үй жануарлары – жылқыға, түйеге жеккен арбалардың, қысқасы өз дәуірінің есте қалар сәттерін қалдырғанын көреміз. Сондай-ақ бұл аталған бейнелік көріністер әр кезеңде өзіндік ерекшеліктерімен танылады.

Өнер тарихына «аңдық стильді» енгізген сақтар десек, олардың өнерінің өзін үш кезеңге бөліп қарастырған жөн. 1-кезең – б.з.д. VIII-VI ғасырлар немесе археологиялық кезең. Бұл кезеңнің ерекшелігі – жануарлардың статикалық бейнеленуі, яғни жыртқыш аңдардың стилизацияланып, дөңгеленген күйдегі тау ешкісі, қабан, бұғылар бейнеленген көріністер. 2-кезең – б.з.д. VI-IV ғасырларда көркем туындылардың композициялары күрделеніп, құрылымдарында қозғалыс (динамика) пайда болады. Жыртқыш аңдардың шабуыл жасау көріністері бейнеленіп, ирек тәрізді пішіндерге қол жеткізіп, түрлі геометриялық элементтер қолданыла бастады. Ал 3-кезең – б.з.д. III-II ғасырларда аңдық стиль құлдырап, өнерде, оның орнына ою-өрнектік нақыштардың пайда болу кезеңі.

Б.з.д. III-IV ғасырларда Еуразия даласын мекен еткен әр түрлі мәдени орталықтар арасында да жан-жақты және тұрақты байланыс орнағаны анық. Мысал үшін Қарағанды облысындағы Беғазы бейітінен табылған қыш сауыттар (б.з.б. X-VIII ғ.), Алматы маңындағы атақты Қарғалы алтын тәтісі (диадема) мен сырғалар (б.з.б. II ғ. мен б.з. III ғ.) т.б. көне дүниелер – шебер мүсінделген өнер туындылары. Қожа Ахмет Йасауи, Айша бибі, Баба Әже Қатын кесенесі, Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласынан 25 шақырым жердегі XIX-XX ғ. Бейсенбай қорымы күмбездерінен қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан өрнектер мен әшекей түрлерінің неше түрін ұшыратуға болады.

Табиғатпен етене араласып, бар сұлулығын бойына сіңіріп өскен далалықтар – қазақтардың, қолданбалы өнері де жақсы дамып отырған. Халық шеберлерінің қолынан шыққан кез келген бұйым философиялық ойға, астарлы мағынаға құрылған мәні болған. Мысалы, қобыздың дыбыс шығаратын ойығында айна орналастырылған. Осы айнаны

бұрынғы бақсылар екі өмірдің көпірі десе, түйенің терісі тартылған шанағын көктөбе деген. Ал мойны мен құлағы орналасқан жерді бәйтерек, ондағы тағылған сылдырмақтар жапырақты бейнелеген. Әрбір шебердің қолынан шыққан дүние халқымыздың ой-арманынан хабар беретін белгі ретінде жұмбақтап айтылып отырған.

Ұлттық материалдық мәдениет негіздерінің бірі – бейнелеу өнері үшін XVIII ғасырдың 30-жылдарында қазақ халқының тарихында болып өткен күрт өзгерістер өз ізін қалдырды. Саяси-экономикалық қыспақтың әсерінен Кіші жүз бен Орта жүздің көпшілігі Ресейдің құрамына кіруге мәжбүр болды. Осы бір дүрбелең шақ – Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісі XIX ғасырдың ортасына дейін созылды. Қазақстан жалпыресейлік экономика мен қоғамдық дамуына байланысты өзгеше өмір тірлігіне тартылды.

Осы кезден елімізде тарихи, этнографиялық, археологиялық және ғылыми танымдық зерттеу жаппай жүргізіле бастады. Ғылыми және елшілік сипаттағы керуендер қазақ даласын кезіп кетті. Көптеген экспедициялар құрамында мекен-жайлардың топографиялық бейнесін түсіретін, картографиялық басқа да жұмыстарды орындайтын суретшілер де болды. Осындай себеппен елімізде суретші-график ағылшын Джон Кэстль, кескіндемеші В. Верещагин, майлы бояу шеберлері орыс Н. Каразин, Н. Хлудовтар алғашқы болып қазақ даласымен танысты. Қазақтар бұлармен жай ғана танысып қойған жоқ, олардың өнерлерін меңгеруге зейін қойды. Бұған жарық жұлдызымыз – Шоқан Шыңғысұлының өнерін айтсақ та жетерлік. Сондықтан да сырттан келген өнер ағымдары қазақ бейнелеу өнерінің бүгінгідей сала-сала болып дамуына өз әсерін тигізді.

Жоғарыда сөз болған әр түрлі өнер түрлері болса да барлығынан далалық өнердің өзіндік мектебі қалыптасқанын сезініп, олардан бір-біріне деген ұқсастықты, сабақтастықты байқауға болады.

Сан салалы өнер түрлері адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйініп, қайғысына күйініп, толғанып, эстетикалық ләззатқа бөлей алады. Ол ерекше көркем бейнелі нақыштар арқылы, айрықша көркем тіл ретінде көрініп, адамдардың санасына жол табады. Хас шеберлерге өзінің ой-қиялынан туындайтын шығармаларды ою-өрнекті келістіре отырып жасауға мүмкіндік туса, ол нағыз өнер туындысына айналып шыға келер еді.

Бейнелеу өнері ұлттық қолөнермен біте қайнасқанда ғана көрерменнің жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоциялық күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді.

Бейнелеу өнері (немісше *Bildende kunst*) – пластикалық өнердің бір тармағы. Ол көрнекі бейнелерге деген көрермен қалауы негізінде пайда болып, әлем бейнесін жазықтық пен кеңістікте жасай алады. Оған көркемдік қажеттіліктер ретінде сурет, түс, пластика және өңді (палитра) қолданады, сонымен қатар ол кескіндеме, мүсін, графика (дизайн) мен фотоөнерді біріктіреді.

Бейнелеу өнерін пластикалық өнер деп түсініп, уақыт ағымымен өзгермейтін әрі кеңістіктегі өнердің бір түрі деуге болады. Оның заттық мәні бар әрі материалдарды өңдеу жолымен жүзеге асады. Оны көрермен тікелей және визуалды қабылдайды. Бейнелеу өнерінің бүгінде төмендегідей тармақтары бар: кескіндеме, мүсін, графика, фотоөнер, сәулет, сәндік-қолданбалы өнер және дизайн (дизайнның өзі бірнеше тармаққа бөлінеді, оған кейінірек жеке тоқталатын боламыз).

1.2. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бейнелеу өнері туындылары негізгі екі түрге қондырғылы (станоктік) өнер және монументалды-сәндік өнер болып бөлінеді. Қондырғылы өнер – кескіндеме, мүсін және графика туындыларының төмендегідей мәні бар: өзіндік жеке мағынаға ие, тікелей пайдакүнемдік қызметтен ада және құрамдас әрі оның ажырамас бөлігі ретінде ансамбльге кіруге арналмаған. Қондырғылы өнер туындысы жан-жағын қоршаған ортадан тыс, олардың мағынасы тұрған орнына байланысты өзгермейді.

Аукцион (латынша *auction* – бұқаралық сауда-саттық) – өнер туындыларын байқау негізінде ашық саудалауды қамтамасыз етеді. Ол әдетте «ағылшындық» немесе «голландтық» тәсілмен өткізіледі. Бұл сауданың өзгешелігі, туындыларды саудалауда өте күрделі әрі көптеген факторларға байланысты өнер туындыларының нақты бағасы мен көркемдік құнын сәйкестендіруге байланысты болады. Мұнда өнертанушылардың жүргізген кәсіби сараптамасы аукционның басты жұмысы саналады.

Багет (французша *Baguette*) – графика, фотосурет және басқа да туынды картиналарға жақтау жасау үшін тегіс немесе арнайы дайындалған ағаш тақтай.

Байқау (латынша *concursus* – қақтығыс, жарыс, сайыс) – көркемдік үдерісте көнеден бері келе жатқан суретшілер арасында өзара кіл мықтыны анықтайтын сайыс. Дәстүрлі түрде қоғамдық маңызы бар ескерткіштерді жасау кезінде байқау ұйымдастырылады. Оған көркемсурет оқу орнында оқитын шәкірт, кәсіби және әуесқой суретшілер қатыса алады. Байқау «ашық», яғни байқаудың әрбір кезеңі мен қорытындысы жария түрде өтеді және «жабық», бұған тек таңдамалы суретшілер (инкогнито) қатыстырылады.

Бау-бақшалық өнер (ландшафтты сәулет өнері) – табиғи және жасанды элементтерді қолдана отырып, бау-бақшалық композицияларды жасау өнері. Бау-бақшалық өнер табиғи және өзге де материалдарды қолдануда композиция, өріс (перспектива) заңдылықтарын, жарық пен түс теориясын қолдана білуге негізделеді. Бау-бақшалық өнердің тарихи үдерісінде бақтық кеңістікті ойластыруда әр түрлі композициялық тәсілдер дайындалды.

Бау-бақшалық өнердің стилі – композициялық-жобалаушылық, құрылыстық-агротехникалық қағидаттар мен тәсілдердің тұрақты жиынтығының осы және өзге де тарихи кезеңінде басымдыққа ие. Негізі басты екі стильмен ерекшеленеді: тұрақты және пейзаждық. Бау-бақшалық өнерде көгалдандыруды жоспарлау тәсілдері басты рөл атқарады. Көгалдандыруды жоспарлау тәсілдері – нысандар, өсінділер, жол-соқпақтық жүйелер мен тоғандарды мынадай сәйкестікпен орналастыру тәсілдері: көгалдандыру нысандарының қызметтік міндетіне және экологиялық, эстетикалық, инженерлік-техникалық және басқа да талаптарға сәйкестендіру. Негізгі жоспарлау тәсілдері: ландшафттық композиция, тұрақты және еркін жоспарлау.

Биеннале (итальянша *biennale* – екіжылдық) – екі жылда бір рет ұйымдастырылатын көркемдік көрмелер, фестивальдар, форумдар. Ең атақтысы – өз тарихын сонау 1895 жылдан бастайтын венециялық биеннале. Венециялық биеннале 1956 жылдан бері өнердегі халықаралық заманауи тенденциялардың, жаңалықтардың, жетістіктердің олимпиаалық деңгейдегі таныстырылымы өтетін жерге айналды.

Вернисаж (французша *vernissage* – лажымен (лак) әрлеу) – суретшілер, мәдениет пен өнер қызметкерлері, журналистер, өнер сүйер қауым арнайы шақырылатын көрменің салтанатты ашылу рәсімі.

Галерея (французша *galerie* – жабық өткел). Галерея – кең мағынада ұзындығы енін бірнеше еселейтін жартылай ашық жарық ғимарат. Галерея – тар мағынада тірек қабырғаларға, бағаналарға, аркадаларға жалғасатын, ғимараттың сыртқы аумағында орналасқан жабық өткел.

Гильдия (немісше *gilde* – жиналыс, «отырыс», сұхбаттасу) – саяси, діни, кәсіби және мүдделестік негізге қарай біріккен адамдардың қауымдастығы. Алғашында бұл ұғым батыстық орта ғасырда көбірек таралып, келе-келе цехқа айналды. Гильдейлік қызмет көбіне қолөнершілердің, ерікті кәсіп мамандары өмірінде көбірек білінді, олар өздерінің жарғысын бекітіп, соған сәйкес әрекет етіп, қажет кезінде өз әріптестеріне әлеуметтік және қаржылай көмек көрсетіп отырады.

Дизайн (ағылшынша *design* – жобалау) – кең мағынада түрлі нәрсені көркем құрастыру; заттық ортаны тиімді құрастырудың үлгілерін әзірлеу. Дизайн – XX ғасырдағы шығармашылық қызметтің жаңа түрі. Дизайн – тар мағынада өндірістік бұйымдардың қарапайым сапасын анықтайтын шығармашылық қызмет /оның ішінде/: бұйымның сыртқы пішіні; әсіресе құрылымдық және қызметтік өзара байланысы дайындаушы мен тұтынушы көзқарасы тұрғысынан қарағанда өнімді біртұтасқа айналдырады.

Жауһар (французша *chef-d'oeuvre* – басты жұмыс, орысша – шедевр) – бұл батыстық орта ғасырдағы ұстахана шеберлерінің туындыларды мықты қолөнерші атану үшін жасауы немесе жаңа бастаған авторлардың үйренуі үшін біліктілігі жоғары үздік туындылар. Кейіннен Қайта өрлеу дәуірінен бері жауһар – өзіндік соны мазмұнымен әрі келісті пішінімен жасалған керемет қайталанбас көркем жұмыс.

Зергерлік өнер (французша *bijouterie*; немісше *juwel* қымбат бағалы тас) – сәндік-қолданбалы өнер түрі, қымбат бағалы металдардан зергерлік бұйымдар жасау. Зергерлік өнерде соғу, құйма, көркемдік шекілеу, бастырмалау, ою немесе нақыштау, көздеу, қаралау, сырлау, құрау, өңдеу, жалтырату және өзге механикалық өңдеу тәсілдері қолданылады.

Идея (грекше *idea*) – 1) бір нәрсенің адам санасындағы бейнесі, сол нәрсе жөніндегі теориялық таным, ұғым, түйсік, түсінік; 2) адам ойының, білімнің іске асуын қамтамасыз ететін логикалық үдеріс, жоспар, жоба; 3) белгілі бір ой, пікір, мақсат, мұрат. Көркем идея – туындының мазмұнын айқындайтын негізгі басты ой, түпкі ниет.

Канон (грекше *kanon* – ереже, қағида) – өнерде, өнердің тарихи кезеңдерінде, әдеби бағыттарда пайда болған. Өнер түрлерінің негізгі құрамдық заңдылықтарын орнықтыратын дәстүрлі қағидалар мен ережелер жүйесі. Канон әдетте өнерде, әдебиетте, логикада, эстетикада және дінде кең таралған ұғым.

Композиция (латынша *compositio* – құрастыру) – мәні мен мазмұнына сәйкес жан-жақты екшелетін көркемдік туындының құрылымы. Композиция туындыға бірлік пен тұтастықты беретін көркем пішіннің басты элементі. Композициялық құрылым: композицияның өзегін тауып, оған туындының өзге бөліктерін бағындыру; туындының жекелеген бөліктерін үйлесімдік бірлікке біріктіру; туындының пластикалық біртұтастығы мен көрнекілігіне қол жеткізу үшін бағындыру әрі топтастыру.

Композициялық баланс – композицияның тепе-теңдігін немесе үйлесімін қамтамасыз ететін бейнедегі үлкен және кіші нысандардың, сонымен қатар ашық және қою бөліктердің, түсті элементтердің кеңістіктегі орналасуы. Композицияның мән-мағынасына қарай таспа және орталықтанған өрнектер болып бөлінеді. Өрнек қолдануына байланысты – геометриялық, өсімдік тектес, аңдық, геральдикалық, гротескілік және арабескілік.

Коллаж (французша *collage* – жабыстыру, жапсырма) – көбінесе кескіндеме, графика және фотографияда қолданылатын бейнелеу өнеріндегі орындау техникаларының бірі. Суретші белгілі бір жазықтықтың үстіне түрлі материалдардың бөлшегін, қиындысын орналастырады, ал фотографияда, түрлі тақырыпта түсірілген фотоларды қиюластыру арқылы бір туынды шығарады.

Көздеу (зер салу) – ұсақ алтын, күміс немесе мыс бүршіктер, олар зергерлік бұйымдарға дәнекерленіп қойылады. Көздеу баяғы заманнан белгілі, сәуле мен көлеңкенің және фактураның әсерлі ойнақылығын туғызады әрі бұйымның өрнектік ырғағын байытады.

Көмбе – ғылыми маңыздылығы бар, кездейсоқ табылған металдар мен тастардан жасалған бұйымдар және өзге де құндылықтар. Ел аумағында табылған көмбелер мемлекет меншігі саналады.

Көрме. Көрмеге тұрақты немесе жәдігерлер (экспонат) құрамы әрдайым ауысып тұратын уақытша сипаттағы көркемөнердің, сауданың, өндірістің, мұражайлардың немесе өзге де кез келген саланың экспозициялары жатады. Көрме тұрақты (стационарлық) немесе жылжымалы болып бөлінеді.

Қазылар алқасы (французша jury, латынша juris – құқық, заң) – бейнелеу өнері саласында, туындыларды бағалауға, оларды көрме, байқау, аукциондарға шығарып, марапаттар тағайындап, дипломдар беру үшін сенім білдірілген немесе өздері құқық иеленген адамдар тобы. Қазылар алқасының құрамына өнерді түсінетін мемлекеттік орган өкілі, өнертанушы, суретші, қоғамдық ұйым өкілдері болуы мүмкін.

Қазақтың байырғы өлшемдері.

Қазақ халқының өзге халықтар сияқты өзіндік өлшем бірліктері болған. Өкінішке орай, бұл өлшемдер қазір сирек қолданылады, тіпті ұмытылып барады. Бейнелеу өнеріне қатысы болған соң Ж. Кейкіннің «Қазақы атаулар мен байламдар» кітабынан төмендегідей ақпаратты ұсынып отырмын.

Өлшем – мөлшер, мөлшердің бірлігі. Мөлшерсіз дүние жоқ. Өлемнің де, табиғаттың да өзіндік өлшемі, мөлшері болады.

Ұзындық өлшемдері. *Адым, қадам* – жай жүргендегі екі аяқ арасының алшақтығы, 60-70 см; *аршын* – шынтақтан саусақ ұшына дейінгі ұзындық; *аттам* – адымның созылыңқы шегі; *кез* – 71,12 см; *кере құлаш* – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының аралығы, 140-142 см.; *қарыс* – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралық, 5-6 см.; *кере (жырта) қарыс* – бас бармақ пен ортаңғы саусақты керіңкіреп созғандағы аралық; *қолдың қары* – білек пен иін аралығы, 80-85 см.; *құлаш* – иық деңгейінде созылған екі қол ұшының аралығы; *сала (көш) құлаш* – үш құлаш; *сажын* – 2,13 метр, үш кезге пара-пар; *сүйем* – бас бармақ пен сұқ саусақты жазғандағы аралық, 17-18 см.; *сынық сүйем* – бас бармақ пен сұқ саусақтың екі буыны бүгілгендегі аралық, бір сүйемнің төрттен үш бөлігі; *тұтам* – бес саусақты жұмғандағы көлденең ұзындық. Ұзындыққа есік пен төр аралығы, қамшы сабы, арқан, желі бойы, бір көйлектік мата өлшемдері де алынған.

Қалыңдық өлшемдері. *Елі; қыл елі; шынашақ елі; пышақ сырты; жарты елі; бармақ елі; табан елі; сере; білем.* Қалыңдық өлшемге *тұтам, сүйем, қарыс* сияқты ұзындық өлшемдері және *күрек бойы, құрық бойы, кісі бойы* тәрізді тереңдік өлшемдері сөз қисынына қарай қабылданады.

Көлем өлшемдері. *Өте шағын* – ине жасуындай, алақандай, жапырақтай, ат төбеліндей. *Десте* – бір байлам; *Ұыс* – қол саусақтарын жұмдастыра бүккенде шұңқырайған алақан аясының іші, алақанға сиярлық мөлшер; *жұмбаз* – қос уыс; *құшақ* – қауышқан екі қолдың ішкі жағын қамтитын адамның алдыңғы иіні, қойын; *қолтық* – қолдың басы мен қолтық аралығы; *ұлтарақтай* – адам табанының көлемі; *табақтай* – жалпақ, ас салатын ыдыстың көлемі; *тулақтай* – мал терісінің көлемі; *үй орнындай* – киіз үйдің ішкі көлеміндей; *бөлтөк* – бір бөлек, азғана жер; *бір тана жер* – гектардың алтыдан бір бөлігі; *бір атыз жер* – гектардың төрттен бір бөлігі; *бір сала, тақта, мойын жер* – ширек гектар; *бір кесім жер* – гектардың 1/8 бөлігі; *бір қос айдам жер* – бір гектар; *көлдей* – өте көлемді, кең.

Салмақ өлшемдері. *Мысқал* – 5 грамға жуық салмақ өлшемі; *қадақ* – 400 грамға жуық салмақ өлшемі; *пұт* – 16 кг-ге тең салмақ өлшемі; *батпан* – 10 пұтқа тең салмақ өлшемі.

Уақыт өлшемдері. *Уақыт* – материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы, мезгіл, мерзім. *Маусым* – белгілі бір кезең, мезгіл, мерзім. *Тоқсан* – жылдың үш айға бөлінген кезеңі, шаруашылық жылдың төрттен бір бөлігі. *Тәулік* – уақыттың күн мен түнді қоса есептегендегі жиырма төрт сағаттық бөлігі. *Мезет* – уақыт аралығындағы бір сәт, кез.

Тәулік мезгілдері. Таң – түн қараңғылығы ыдырап, күн шығар алдындағы мезгіл. Күн (күндіз) – таңның атуы мен күннің бату аралығы. Күн көтерілді – тұсау бойы, құрық бойы, қом арқан бойы, желі арқан бойы, таңертең, ертеңгісін, ерте, азанда. Сәске – күн әбден көтерілген кез. Түс – күннің орта тұсы. Жалған түс, Шалшық түс, Қозы түс, Зауал түс, Талтүс, Тапталтүс, Сиыр түс, Шаңқай түс, т.б. Кеш – күн еңкейіп, ымырт жабылған, қасқарайған шақ. Күн іргеге түсті, Күн кешкірді, Күн еңкейді, Екінді, Күн қызылы семді, шам жамырады, намаздыгер, намазшам, ақшам, кешкі зауал шақ, қаракөлеңке, іңір, қызыл іңір, ымырт, т.б. Түн – кештен таңертеңгілікке дейінгі қараңғы аралық. Түн жамылды, Жұлдыз толғанда, Жұлдызды түн, Зілқара түн, Керең түн, Түн ортасы, Түн ауа, Түн көрпесі түрілді.

Мадонна – Тәңірананың атауы және оның кескіндеме немесе мүсіндегі бейнесі.

Медальдік өнер – шақа, монета және медальдар жасау өнері, оған: композициялық тәсілдер мен иконографикалық түрлердің тұрақтылығы; нақты әрі ықшам пластикалық шешімдерді іздеу; символдар, эмблемалар, аллегорияларды кең қолдану жатады.

Мектеп (латынша *schola*) – өнерде тақырыптық, стилистикалық және техникалық сипатына байланысты көркем туындылардың жиынтығы немесе суретшілер тобы.

Металды көркемдеп өңдеу өнері – адамның эстетикалық сұранысын қанағаттандыратын металдан бұйым дайындау өнері. Металды көркемдеп өңдеу: металл бұйымдарға көркем құндылық, талғампаздық, көз тартарлық көрнекілік береді, сонымен қатар оған фигуралық құйма, соғу, шеку, бедерлеу, нақыштау, бұжырлы өрнектер салу, сырлы бояу және өзге де тәсілдер жатады.

Меценат (латынша *maecenas*) – Октавиан Августтың кезіндегі римдік бай өнер қамқоршысының есімі. Ежелгі дәуірден бастап меценаттық – суретші мен оның демеушісінің белсенді әріптестігі арқасында өнер туындысын тудырып әрі оны соңына дейін аяқтау. XIII-XIV ғасырларда жекелеген меценаттық алдыңғы планға шықты. Өнер шеберлерінің өзіне және оның жобаларына еш қайтарусыз материалдық көмек көрсеткен әр түрлі саланың өкілдері болды: Еуропада банкирлер мен ел басқарушылар (Козимо мен Лодовико Медичи, Людовик XIV, Фуггер, Ротшильд), орыстарда I Петр патша, II Екатерина патшайым, дворяндар мен көпестер, П.М. Строганов, С.М. Третьяков, С.И. Мамонтов және т.б. болса, қазақтардан Жәңгір хан, Құнанбай қажы, хазірет Нұрфайыз Байғарин, Тәбей Барлыбаев, Нұрмұхамет Зәбіров. Қазіргі заман меценаттары: Мұхтар Құл-Мұхаммед, Амангелді Ермағияев, Өмірзақ Сәрсенов, Нұртай Сабильянов, Бауыржан Оспанов сынды атымтай жомарттар бар.

Миниатюра – миниатюра (көркемдік тәсілдерінің нәзіктігімен ерекшеленетін шағын көлемді бейнелеу өнерінің туындысы). Миниатюраның бірнеше түрлері бар (бағдаттық, ежелгі мысырлық, үнділік, орыстық және т.б.).

Модель – модель, үлгі (бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерде – 1) бейнеленуші нысан – натурашы, «натура»; 2) басқа материалға көшіру үшін қажетті қалып-пішін алынатын бұйым; 3) көркем құрастыруда жаппай өндіріс үшін эталон, стандарт болып есептелетін үлгі).

Монументалды-сәндік өнер (латынша *monumentum* – ескерткіш) – монументті (сұңғақ) өнер – бейнелеу өнерінің түрі. Мұндай туындылар пішінінің жалпылығымен және идеялық мазмұнының айқындылығымен ерекшеленіп, нақты сәулеттік ортаға сай жасалады әрі сәулеттік ансамбльден пластикалық және мағыналық жағынан үстем тұрады.

Монументалды өнерге жататындар: ескерткіштер мен монументтер; ғимараттар үшін мүсіндік, кескіндемелік, мозаикалық композициялар; витраждар; қалалық және саябақтық мүсіндер; фонтандар (субұрқақтар) және басқалары.

Муза. Музалар ежелгі грек мифологиясындағы әр салада адамдардың рухани әрекеттерін (поэзия, өнер, ғылым) жебеуші құдайлар, Зевс пен Мнемосинаның қыздары. 9 муза алғаш Гесидоттың «Теогониясында» (б.з.б. VII ғ.) аталады. Мысалы, Мельпомена трагедияның, Талия комедияның, Терпсихора бидің, Полигимния гимндердің жебеушілері саналған.

Еуропа кескіндемесінде (С. Боттичелли, Я. Тинторетто, Дж. Тьеполо, т.б.) көрнекті орын алды, ал олардың кейбіреулерінің аттары әр түрлі жанрларда синоним ретінде (мысалы, Терпсихора – «балет» мағынасында) пайдаланылды.

Муляж (французша moulage) – мұражайлық заттың сыртқы пішінінің көлемді көшірмесі, оның түрін, көлемі мен түсін дәл береді.

Нобай (французша esquisse – эскиз) – көркемсурет (кескіндеме мен мүсінде) туындыларының, құрылыстардың, механизмдердің тұтас немесе жеке бөліктерінің алдын ала жасалған жобалық суреті. Нобай болғанымен, ол мейлінше тыңғылықты еңбектің жемісі. Онда суретші өзі ойға алған шығарманың не тұтас композициясын, не белгілі бір бөлшегі мен басты кейіпкерін егжей-тегжейлеп көрсетуге тырысады. Оны еркін әрі жылдам тәсіл-мен салады.

Өнер мұражайлары – негізінен, бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, зерттеу және насихаттау жұмыстарымен шұғылданатын ғылыми, ғылыми ағарту мекемелері.

Өнер тоғыстығы (грекше synthesis, орысша синтез искусств – жалғасым, тоғыстық) – тұтас сәулеттік көркем туынды (құрылыстар ансамблі, интерьер) жасауда бейнелеу өнері мен сән және қолданбалы өнер шығармаларының сәулетпен ұштастырылуы. Өнер тоғыстығы ұғымы шығарманың композициялық құрылым бірлігін, масштаб, пропорция және барлық бөліктерінің стильдік үйлесімін білдіреді. Бұл үйлесім бірлігі шығармашылық тәсілдің де біртұтас тоғысуы әрі сәулетшінің алдына қойған мақсатын мүмкіндігінше күшті әрі айқын көрсету құралы болып табылады.

Ракурс – бейнеленуші заттардың перспективалық қысқаруы.

Раритет (немісше rarität) – құндылығы ең алдымен бірегейлігімен анықталатын сирек кездесетін зат.

Репродукция (латынша reproductio – көшірме) – полиграфия немесе фотосуреттің көмегімен көркем суретті немесе баспа мәтінін бейне (репродукция) түрінде көшірме жасау.


Сәуле мен көлеңке (орысша светотень) – жарықтың әсеріне байланысты көлемдік форманың бетіне сәулені бөлу немесе үстіңгі бедерді байқау мүмкіндігін тудыру. Кескіндемелік және графикалық бейнелерде сәуле мен көлеңке нұсқаны бедерлі немесе көлемді нәрсе ретінде қабылдау қасиетін тудыратын жарықтағы сан алуан түстердің немесе бір ғана түстің реңін айыра білуді білдіреді. Ежелгі Шығыс кескіндемесі мен миниатюраларында кеңінен пайдаланылады. Олардың көркемдік әсер-күші бейненің психологиялық-эмоциялық қуатын арттыру мақсатында қолданылады.

Таңбалы тас (орысша петроглиф) – үңгір қабырғаларында, таулы жер жартастарында немесе жеке бір тастарға шекілген суреттер мен белгілер. Қазақстанның әр аумағында таңбалы тастар көптеп кездеседі.

Телнұсқа (латынша duplicatio – телнұсқа) – құжаттың екінші немесе одан кейінгі түпнұсқасы сияқты бірдей заңды күшке ие данасы. Әдетте телнұсқа құжаттың түпнұсқасы жоғалған кезде сол түпнұсқаны жасап берген мекеме береді.

Топтамашы (орысша коллекционер) – өзінің әлеуметтік дәрежесіне, эстетикалық талғамының қажеттілігіне және өзге де мақсат-мүдделеріне сай өнер туындыларын жинақтаушы. Топтамашы өз жинағын бір шебердің көркемдік жұмыстарынан немесе жәдігерлерді дәстүр, мектеп, өнердің түрлері бойынша сараптап әрі сұрыптап, жинақтауы мүмкін.

Этюд (французша etude – зерттеу) – алдағы уақытта іске асып, жасалатын көлемді шығарманың шағын суреті, нобайы, мүсіннің кішігірім нобайы.



1.3. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЖАНРЛАРЫ

Жанр (французша Genre – түр, сала) – туындылар жиынтығы, оларды біріктіретіні: бейненің тақырыбы мен мәнінің жалпылығы, затқа, бет-бейнеге немесе көрініске авторлық қарым-қатынас. Оған қосымша карикатура, шарж немесе мән-мағынасын түсіну арқылы аллегория мен фантастика жатады.

Жанрға бөліну қағидаты көркемдік шығармашылықтың әр саласына қатысты. Әрбір жанрға телінген ерекшелік анықталған, көркемдік мәнділік заттары тек соған ғана тән.

Жанрлар былайша бөлінеді: тарихи, тұрмыстық, соғыс (батырлық) және анималдық (хайуан) жанрлар, сонымен қатар портрет, пейзаж, натюрморт және басқалар.

Анимал (хайуандар) жанры (латынша animal – хайуан) – хайуандарды бейнелеуге арналған бейнелеу өнерінің жанры. Анимал жанры табиғи-ғылыми және көркемдік қайнарды үйлестіреді. Әдетте суретші-анималистің басты міндеті хайуанды айнытпай бейнелеу болып табылады. Хайуандарды бейнелейтін суретшіні немесе мүсіншіні анималист деп атайды.

Жылқы жанры (грекше hippos – жылқы) – негізгі мәнері жылқыны бейнелеу болып табылатын бейнелеу өнерінің түрі.

Натюрморт (французша nature morte – өлі натура) – композициялық жағынан бір топқа біріктірілген және адамның айналасындағы, нақты тұрмыстық өмірмен біте қайнасқан заттарды суреттейтін бейнелеу өнерінің жанры. XVII ғасырда натюрморттың сүйікті тақырыбы гүлдер, жеміс-жидектер мен көкөністер, теңіз сыйы, асхана аспаптары және т.б. болды.

Ню (французша nu – бәден, жалаңаш) – жалаңаш әйел денесін бейнелеу, бейнелеу өнерінің жалаңаш әйел денесін бейнелеу арқылы сұлулық туралы ұғымды ашып көрсететін жанры.

Пейзаж (французша paysage, немісше landschaft) – кескіндеме мен графиканың бір жанры; табиғи және адам қолымен табиғатты, тау, өзен, орман, дала, қалалар, тарихи ескерткіштер және т.б. дүниелердің бейнеленуі. Пейзаж жанры ішіндегі табиғаттың мінезі мен ондағы басты бейнеленетін заттарға байланысты былайша ерекшеленеді: қала және ауыл пейзажы; сәулеттік және өндірістік пейзаж; теңіз бен өзен пейзажы.

Портрет жанры – белгілі бір адамның немесе топты адамдардың бейнесін сомдауға арналған бейнелеу өнерінің жанры.

Соғыс (батырлық) жанры (французша bataille – шайқас) – соғыс пен әскери өмір тақырыптарына арналған бейнелеу өнерінің жанры. Соғыс жанрына арналған туындыларда шайқас көріністері мен өткен кездегі немесе заманауи соғыс жорықтары, ондағы батырлар басты орынды алады.

Тақырыптық жанр – бейнелеу өнерінде бейненің тақырыбы немесе мәнінің ортақтығы біріктірілген көркемдік туындылардың жиынтығы.

Тарихи жанр – тарихи оқиғалар мен қайраткерлерге, сонымен қатар қоғам өміріндегі айшықты оқиғаларға арналған бейнелеу өнерінің жанры.

Тұрмыстық жанр – күнделікті жеке және қоғамдық өмірге арналған бейнелеу өнерінің жанры.

1.4. МЕКТЕПТЕРІ МЕН ӨНЕР БАҒЫТТАРЫ

Бейнелеу өнері әр кезеңде үздіксіз дамып келе жатуының себебі, оның түрленіп, сан салалы ерекшеліктердің пайда болуына өнердегі мектептер мен өнердің бағыттары өз әсерін тигізіп келеді. Мектеп (латынша *schola*) өнерде тақырыптық, стилистикалық және техникалық сипатына байланысты, көркем туындылардың жиынтығы немесе суретшілер тобы деген түсінікті білдіреді.

Арс-нова (латынша *ars nova* – жаңа өнер) – арнайы мағынада XV – XVI ғасырлардағы Солтүстік қайта өрлеу дәуіріндегі нидерландық кескіндеме мектебі.

Барбизон мектебі – француздық кескіндемеші-пейзажшы тобы: Т. Руссо, Ж. Дюприе, Н. Диаз, Ш.Ф. Добиньи, К. Труайон. Бұл суретшілер 1830-1860 жылдары Париж түбіндегі Барбизон ауылында жұмыс істеді; жарық пен ауаға, табиғаттың төл туындысына арқа сүйеді; шынайы пейзаждың дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Болон мектебі – италиялық кескіндеме мектебі: XIV ғасырда қалыптасты; бейнелердің шынайы әрі мінезділігін көрсете білді.

Венеция мектебі – XV – XVI ғасырларда қайта өрлеу дәуіріндегі италиялық кескіндеме мектебі, оның ерекшелігі: кескіндеме бастауының басымдылығы; майлы бояулы кескіндеменің мәнерлі мүмкіндігін толық меңгеруі; түс мәселелеріне назар аударуы; дүниенің керемет әдемілігі мен дархандығын сезінуі.

Венециановтың мектебі – XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс кескіндемешілерінің бір тобы А.Г. Венециановтың оқушылары. Венецианов мектебінің ерекшелігі: қоғамдағы демократиялық топтардың өмірін бейнелеуі; пейзаждар, интерьерлер, натюрморттар. Шығармалары қоршаған ортаны ақынжандылықпен іске асыруымен белгілі болды.

Сиендік мектеп – италиялық кескіндеме мектебі, XIII ғасырда готикалық кітап миниатюрасы мен италиялық-византиялық пұт жазушылар дәстүрлері әсерінен пайда болған. Сиен мектебі туындыларының ерекшелігі: бейнелердің асқан сыршылдығы; жергілікті жұмсақ эмоциялық түстердің қанықтығы; бағыттық ырғақтың нәзіктігі.

Умбрийлік мектеп – орталығы Перуджа қаласындағы Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия кескіндеме мектебі. Умбрий мектебіне тән ерекшеліктер: нәзік сыршылдық; бағыттық ырғақтың әуезділігі мен жатықтығы; адам мен табиғаттың әсемдік үйлесімділігін сезіну; түстік шешімдердің жұмсақтығы.

Феррарлық мектеп – Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия кескіндеме мектебі, А. Мантеньи, Пьеро делла Франческалардың әсерімен пайда болып, XV ғасырдың екінші жартысында ерекше өркендеді. Феррар мектебіне тән ерекшеліктер: бейнелердің эмоциялық экспрессиялығы мен нәзік сәнділігі, соңғыготикалық және ерте ренессанстық үрдістердің үндесуі; ынталы суреттің айқындылығы.

Кескіндеме мектебі өркендеген кезеңдер: Джорджоне мен Тицианның шығармашылығында (XVI ғасырдың алғашқы жартысы); П. Веронезе мен Я. Тинтореттоның шығармашылығында (XVI ғасырдың екінші жартысы); Дж.Б. Тьеполоның шығармашылығында (XVIII ғ.).

Дадаизм – «баланың түсініксіз былдыры» деген ұғымды білдіреді. Батыс Еуропада негізінен француз, неміс өнерінде 1916-1924 жылдары модерндік бағыттағы әдеби-көркемсурет ағымы. Онымен сюрреализм, экспрессионизм сабақтас келеді.

Импрессионизм (французша *impression* – әсер алу) – өнердегі XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы бағыт. Импрессионизм: қас-қағым сәтте, аяқ асты болған және қозғалыстағы бейнені бекітеді; бейненің тірі шынайылығына ұмтылады.

Караваджизм – XVII ғасыр басындағы Еуропа кескіндемесіндегі көркемдік жүйе, бұған тән ерекшеліктер: натурализм; христиандық асқақтаған сюжеттердің әуезді түсіндірілуі; ірі пландардың қолданылуы; көлемдерді жарық пен көлеңкенің көмегімен әсерлі сомдау.

Метафизикалық кескіндеме 1910-1920 жылдардағы Италия кескіндемесіндегі бағыт: неоклассицизм үрдісінің ізін жалғаушы; әлемнің семуімен шошытатын, «тазартылған» кеңістіктің қамыққан тақырлығын сипаттауға ұмтылу; нақты заттарда қандай да бір құпия сырды ашатындай әсерлі.

Неоимпрессионизм (французша *neoimpressionisme*) – 1885 жылдары пайда болған француз кескіндемесіндегі ағым. Неоимпрессионистер картинаны таза түстердің жекелеген жақпаларынан жасалған сәндік мозаикаға айналдырып, гүлді нүктелермен дұрыс пішінде жазды.

Постимпрессионизм (французша *postimpressionisme*) – XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы француз өнерінің бағыты, олар импрессионизм эстетикасы мен оның соңынан туындаған ағымдарды да қабылдамайтынын байқатты. Постимпрессионизм: импрессионизмнен түстердің әуезділігі мен тазалығын қабылдады; тұрмыстық бастамада тұрақты материалдық және рухани болмыс орнықтылығын іздеуді импрессионизмге қарама-қарсы қойды.

Регионализм (ағылшынша *regional* – жергілікті) – 1930 – 1940 жылдардағы америка кескіндемесіндегі ағым. Регионализм өкілдері: өз туындыларында немістердің «жана заттығы» мен америкалық анайылыққа тән белгіні біріктірді; Америка ландшафтына тән, АҚШ-тың тұрмысы мен тарихынан қарабайыр көріністерді бейнеледі; пішіндерге өткір экспрессия немесе салқынқанды-аландаулы оқшаулықты таңды.

Фотореализм. Гиперреализм; Радикалды реализм; Суперреализм. *Hyperrealism*. Фотореализм – XX ғасырдың екінші жартысындағы АҚШ-тағы неореалистік кескіндеменің көркемдік ағымы. Фотореализм өкілдері өз картиналарында қоршаған ортаны әрбір бөлшегіне дейін айнытпай салып, тіпті фотосуреттегі бейнелерден кем түспейтін болды.

Тарау бойынша қорытынды:

Бұл тарауда жалпы бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуына және оның салалық ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама жасалды. Сонымен қатар бейнелеу өнерінің жанрларына және негізгі өнер мектептері мен өнердегі бағыттарға қатысты түсініктер келтірілген.

Сұрақтар:

1. Бейнелеу өнері дегенді қалай түсінесіз, өнердің басқа түрлерінен айырмашылығы қандай?
2. Бейнелеу өнерінің шығу тегіне шолу жасаңыз.
3. Бейнелеу өнерінің қандай салалық ерекшеліктерін атай аласыз?
4. Бейнелеу өнеріндегі қандай жанрларды білесіз?
5. Қандай танымал өнер мектептерін білесіз, мысал келтіріңіз.
6. Бейнелеу өнерінде кең таралған қандай бағыттарды білесіз, мысал келтіріңіз.

II ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ



*Графика, кескіндеме, мүсін,
мүсіндік сәулет өнері,
сәндік-қолданбалы өнер*



2.1. ГРАФИКА ӨНЕРІ

Графика (грекше *graphike*, латынша *grapho* – сурет саламын) – заттарды контурлық сызықтар және штрихтар арқылы бейнелеу өнері. Бейнелеу өнерінің бір саласы. Графикаға сурет және оның сан түрлі баспалық түрлері жатады: нақыш (гравюра), литография, монотипия және басқалары. Графика мазмұны мен маңызына қарай былай бөлінеді: қондырғылы; дайындық: нобай (эскиз), долбар, сызбалар; кітаптық және газет-журналдық; қолданбалы графика: өндірістік графика, грамота, марка, жапсырма (этикетка), жарнама, плакат және т.б.

Графикаға кескіндеме сияқты портрет, натюрморт, пейзаж, тарихи, анималистік және т.б. жанрлар тән. Графиканың маңызды салаларының бірі – кітап графикасы. Кітаптың ішкі және сыртқы дизайны тұтас өнер туындысын құрайды. Әсіресе суретші-иллюстраторлардың рөлі зор.

Бұл өнердің кейбір түрлеріне түстерді пайдалану үшін қарындаш, акварель, тушь сынды қолайлы әрі ыңғайлы материалдар қолданылады. Графикаға гравюраның барлық түрі жатады, суреттен айырмашылығы оларды көп дана етіп көбейтуге болады. Көркем гравюра өнері шамамен VI ғасырда Қытайда пайда болды. Еліміздің үстімен өткен Ұлы Жібек жолының арқасында ол XIII – XIV ғасырларда Батыс Еуропаға таралып, XVI ғасырда кемеліне жетті.

Отандық суретшілер: Салихитдин Айтбаев, Исатай Исабаев, Мақұм Қисамединов, Николай Гаев, Евгений Сидоркин, Темірхан Ордабеков және т.б. бұл жанрдың дамуына елеулі үлес қосты.

Акватинта (итальянша *aquaforte* – офорт + *tinto* – бояулы) – үңгімелі нақыш түрі, қышқылмен өңделген металл тақтаға негізделген, оған асфальт немесе канифоль тозаңы ажырамастай жабысып, реңкті суретке ұқсайтындай әсер береді.

Афиша (французша *affiche* – хабарлау) – бұл алдағы уақытта болатын мәдени-бұқаралық шараның өтетіндігінен алдын ала хабар беретін ақпараты бар бейне мен мәтін, графикалық өнердің бір түрі.

Баспа – қағаз, картон, таспа (пленка), қаңылтыр, пластмасса және өзге де баспаға жарамды материалдың бояулы бетіне баспа машинасының көмегімен бейне салу.

Баспа графикасы (немісше *druckgraphik* – тираждық графика) – графикалық туындыларды теңгерімді данада (экземпляр) көптеп таратуға мүмкіндік беретін графиканың жиынтық түрлері. Қондырғылы баспа графикасын (эстамп), кітап, газет-журналдық, қолданбалы және плакатты мақсатына қарай ажыратуға болады.

Баспахана (немісше *drucker*; французша *imprimeur*) – құжаттарды, өнімдерді басуда өндіру үдерісімен айналысатын мекеме.

Баспатаңба (бедерлеме) – нақыш, литография немесе монотипия беті: көркем баспа графикасының аяқталған туындысы немесе көркем баспа графикасы туындысын жасау процесіндегі аралық кезең ізі ретінде болуы мүмкін.

Боллштихель (радиусты штихель) – дөңгеленген жүзі бар, радиусы 0,3-тен 0,5 мм штихель түрі. Боллштихель: 20 түрлі өлшемі бар; сызба жазбаларды нақыштау мен таза кезде қолданылады.

Грабштихель – қыры ромб тектес штихель: иілген сыналы имегі – 3-8 мм; шығыңқы қабырғалы; тура жүзді; жүзінің бұрышының үшкірлігі – 30-90 градус. Грабштихельдер қысы жерлерді және үлкен жазықтықтарды өңдеу үшін қолданылады.

Гравюра (французша *graver* – қашау, тырнау) – бетіне сурет ойып салынған тақта және одан алынған басылым. Гравюралар бірнеше тақтамен басылады. Гравюраның түрлері өте көп, олар: офорт, ксилография, линогравюра, литография және т.б. болып бөлінеді.

Дөңес нақыш – айқын баспаға арналған нақыш техникасының түрі. Оған қосымша: ксилография, линогравюра, металдағы бедерлі нақыш. Дөңес нақышта баспа тақтасының үсті тазартылып, бедер ақ түспен боялады, ал суреттің сызықтары мен жазықтығы оның үстіне шығыңқы бедер болып шығады. Қысыммен қағазға көшірілетін бедерге жүгіртпемен бояу жағылады. Шығыңқы нақышқа сызықтық суреттер және сәуле мен көлеңкенің текетіресі тән.

Жоғары баспа – баспа түрі, онда басылатын бөлшектердің пішіні немесе тақталар бір жазықтықта жатып, ара-арасы ғана шығыңқы болып келеді. Жоғары баспаға дөңес нақыштың барлық түрі, цинкография жатады.

Жылтыр лажы (лак) – көркем графикада суретші жұмысының бастауы алдында балауыз, асфальт, канифоль немесе өзге де металл тақтаны көмкеретін қышқылға төзімді қабат. Лажының құрамы нақыш техникасы мен қашаушының мақсатына байланысты болады.

Изография – қолтаңба, қолжазба және т.б. дәлме-дәл келтіру. Изография бейнелеу жарнамасында көркемдік тәсіл ретінде қолданылады.

Кескіленген нақыш (немісше *grab stichelmanier*; французша *gravure au burin* – классикалық нақыш) – мысқа ыңғайланған металға арналған қашаудың көмегімен жасалатын үңгілеу нақышының ескі түрі. Кескіленген нақышқа қосақтаса қатар түзетін немесе қиғаш тор құратын қатаң ырғақты сызықтар тән.

Кесілген нақыш – алмұрт, шиі және өзге де ағаштың жұмсақ түрлерінен бойлай кесілген тақтайларда жасалатын ксилография. Кесілген нақышта сызықтар және суреттің дақтары бәкімен және қашаумен ойылады, ал арасындағы ағаш бұдыр қашаумен өңделеді. Кесілген нақышқа тән ерекшеліктер: суреттің жалпыламалығы; ақ пен қара қарама-қайшылығы; көтеріңкі әсерлік үндестік; және бедердің жарқын ойылуы.

Көлбеулі нақыш (немісше *hoizstich*) – пальма, самшит және басқа да ағаштың қатты түрлерінен көлбеулей кесілген тақтайшада дайындалатын ксилография. Көлбеу нақышта штрихельмен жіңішке сызықтар ояды, нәтижесінде бедер ақ болып шығады. Штрихтардың бағытталуынан әр түрлі көрнекілікті бере отырып, кескіндеме мен реңктік суретті көшіруге болады.

Көлбеулі нақыш (немісше *hoizstich* – көлбеу сызық) – пальма, самшит және басқа да ағаштың қатты түрлерінен көлбеулей кесілген тақтайшада дайындалатын ксилография. Көлбеу нақышта штрихельмен жіңішке сызықтар ояды, нәтижесінде бедер ақ болып шығады. Штрихтардың бағытталуынан әр түрлі көрнекілікті бере отырып, кескіндеме мен реңктік суретті көшіруге болады.

Ксилография (грекше *xylon* – ағаш + *grapho* – жазу, ағаштағы нақыш) – нақыш түрі, онда баспа пішіні (клише) қолмен ойылып, жоғары баспа тәсілімен жасалады. Ағаш клише бейнелер арасы жонылып, терең бойламайтын бояумен көмкеріледі. Кесілген және дөңбек ксилография ерекшеленеді.

Кьяроскуро (итальянша *chiaroscuro* – сәуле мен көлеңке үйлесімділігі) – түсті ксилографияның бір түрі, онда түсті нақыштар бірнеше ұқсас реңктермен көмкерілген ағаш тақтайшаларда басылады. Сонымен қатар бейне сәуле мен көлеңке үйлесімділігінің үдеуімен және пішін жалпыламалығының иілімділігімен ерекшеленеді.

Кітап иллюстрациясы (латынша *illustratio* – көрнекі сурет) – графикалық бейне: негізгі мәтінге түсінік беруші немесе қосымша; және құжаттың пагинациясы мен фолиациясының беттеріне немесе парақтарына орналасады. Иллюстрациялар кітаптағы көлемі мен орналасуына байланысты былайша бөлінеді: фронтиспис, бет басы мен соңы; жарты беттік, бір беттік, айқара ашылатын иллюстрациялар, сәйкесінше беттің жартысына, толық бір бетке және екі бетке орналасады; қорғаныс иллюстрациясы; жазықтықтағы суреттер.

Қағаз графикалық жұмыстар үшін ең басты материал болып саналады. Қағаз шамамен б.з.д. II ғасырда ең алғаш рет Қытайда ағаш қабығынан, жібектен дайындалды, бірақ ол өте нашар, сынғыш болды. Еуропада XI – XII ғасырларда талшықты шүберектен жасай бастады, ол қалың, беті бұдыр болып келді. Қазіргі қағаздар целлюлозадан жасалады, оның түсі ақ, көркемсуретке арналған бірнеше сұрыпты түрлері (ватман, торшон) бар.

Қарындашты мәнер – қарындаш, көмір, сангина немесе пастельмен салынған суреттей көзге елестейтін металдағы үңгілмелі нақыштың пунктирлі мәнерінің бір түрі. Бұл әсерлер тегістелген (грунт) тақтаға ұсақ нүктелі сызықтарды салып, одан әрі өңдеу жолымен жүзеге асады.

Қондырғылы графика – графика өнерінің түрі: мақсаты мен пішініне орай өзгеше, альбом мен кітаптар шоғырына қосылмаған, қоғамдық интерьер немесе көше мазмұнынан бейтарап, қолданбалы мақсаты жоқ көркем туынды. Қондырғылы графиканың негізгі түрлері: қондырғылы сурет және баспа графикасының қондырғылы беті (эстамп). Қондырғылы графиканың негізгі пішіндері көрме топтамалары мен қойылымы және мұражайлық болып келеді.

Құрғақ ине (французша *pointe-seche*; немісше *kaltnadel*) – металда нақыштау техникасының түрі, онда сурет металл тақтада инемен тырналады. Құрғақ ине техникасымен жасалған нақыш үшін заусенц (барбам) инесімен пайда болған барқыт штрихтар тән. Құрғақ ине офорт техникасына қосымша ретінде жиі қолданылады.

Лавис – нақыштың металдағы түрі, мұнда бейне қышқылға араласқан тақтаға бояу жаққышпен тікелей басылады, бейне басу кезінде өңделген терең қабатқа орналастырылады.

Литография (грекше *lithos* – тас + *grapho* – жазу) – мынадай жұмыстармен байланысты графикалық техника түрі: таста (қатты әктас) немесе металл тілікте (қалайы, алюминий). Суретші литографияны майлы литографтық қарындашпен және арнайы сиямен (тушь) тастың бетіне орындайды. Қышқылмен тас өңделген соң сурет шайылып, орнына типографтық бояу жағылады. Басу арнайы қондырғыда жүргізіледі. Литографияны түрлі техникасына байланысты былай ажыратады: хромолитография, қыру, шаю, тастағы нақыш.

Матуар – металда нақыштауға (пунктирлік мәнер) арналған құрал. Матуардың түрі, шар бейнелі немесе ілгек тәрізді құрыш сабы мен кертгігі бар кішкене келсапқа келеді.

Мессерштихель (*жармалы штихель*) – қыры сына тәрізді штихель: аздап дөңестенген жүзі бар; жүзінің ұшының үшкірлігі 15-30 градус; Ерекшелігі: жіңішке мессерштихельдер өте жіңішке сызықтарды салу үшін, жуан мессерштихельдер өткір және айқын сызықтарды салу үшін қолданылады.

Меццо-тинто (итальянша *mezzo-tinto* – жартылай боялған қарабайыр мәнер) – металдағы үңгімелі нақыштың бір түрі, онда суретші реңдік дақтарды, жарық болуға тиісті жерлерді көлеңкеден жарыққа қарай ойыстыра отырып, ойып алады.

Нақыш (французша *gravure*; орысша гравюра – кесіп, ойып алу) – нақыштаудың түрлі тәсілдерімен өңделген баспа тақтасымен жасалған туынды. Нақышты жасаудың негізгі кезеңдері: 1-дайындық, суретті қағаздан тақтаның үстіне көшіру; 2-нші нақыштау және 3-інші басу. Автонақыш – композицияның баспа пішінін ағашта, линолеум мен металда суретші-автор жасайтын нақыш.

Нақыштайтын ине – ұшы конус тәрізді немесе соңы кесілген жіңішке металл шеге (штифт). Нақыштайтын ине металдағы нақыш пен литографияда қолданылады.

Офферта – тұңғыық нақышты металл тілімшенің үстіне химиялық өңдеу жолымен жасау тәсілі.

Өңдеу (немісше *atzung*) – үңгімелі нақыш пен литографияда – баспада графикалық ойластырылған туындыны алу мақсатымен металл тілімшелері мен литографиялық тасты химиялық жолмен өңдеу. Суретші жасалған бөлшектерін қышқылға төзімді жылтыр сырмен көмкеріп және сынамалы бедерлер көмегімен жұмыс барысын қадағалай отырып, металл тілімшені өңдеу үдерісін ұсынады.

Пунктирлік мәнер (латынша *punctum* – нүкте) – металдағы үңгімелі нақыш түрі, онда бейне түрлі тереңдік пен үлкендікте нүктелі үңгу арқылы жасалады. Бұл үңгулер қыш-

қылға төзімді жылтыр лажымен көмкерілген металл тілімшенің үстіне пунсон, матуар, ине және басқа да құралмен түсіріледі. Пунктирлік мәнерде орындалған нақыштар сәуле мен көлеңке үдемесінің жұмсақтығымен ерекшеленеді.

Пунсон – шеге пішініндегі құрыш құрал. Пунсон металды нақыштауда нүктелер салу үшін қолданылады.

Рама (немісше *rahmen*) – графикалық жақтау, фотосурет және басқа да туындылардың картиналарын жан-жақты ұзындығымен безендіру. Рама, көрерменнің назарын композицияға аударып әрі оған тұтастық беріп, бейнені қоршаған ортасынан оқшаулауға арналған.

Резерваж – металдағы нақыш түрі, ол – қышқылға төзімді грунтпен көмкеріп, тақтаға арнайы сиямен салынған сурет. Сия сумен өңделген соң ісініп, оның үстіндегі грунтты көтеріп, металды жалаңаштап, оны одан әрі өңдеуге мүмкіндік туғызады.

Рулетка (французша *roulette* – дөңгелекше) – құрыштан жасалған тісті дөңгелекше: білігінің иілген ұшы айналмалы және металда нақыштауға арналған құрал.

Тегістегіш (*жылтыратқыш, шұқығыш*) – құрыш құрал: білікті пішіні бар, ұштары жылтыраған конус және күрекше тәрізді болып келеді. Үңгімелі нақыш техникасында қолданылып, бедердегі бейненің ашық түсті бөлігіне жауап беретін металл тақтаның бұдырын жұмсарту үшін қызмет етеді.

Төрттен үш бағана – қабырғадан өз диаметрінен $\frac{3}{4}$ -і шығып тұрған, байланған бағана.

Тұңғық баспа (орысша *глубокий печать*) – баспа түрі, онда бояумен толтырылған басылатын заттың пішіні немесе тақта әр түрлі тереңдікте болады да, ол реңнің түсін реттеуге өз септігін тигізеді; жарықтан көлеңкеге қарай ақырын көшуге болады. Тұңғық баспа пішінін жасаудың түрлі тәсілдері бар: механикалық: кесілгіш нақыш, құрғақ ине, меццо-тинто; химиялық: офорт және өзге де өңдейтін нақыш түрлері; аралас: қарындашты мәнер, пунктирлік мәнер.

Үңгімелі нақыш – тереңдетілген баспа үшін қолданылатын нақыштық техника түрі. Бейне үңгілген, жыртылған, бұжырланған баспалық металл тақтаға түсіріп, оған тампонмен бояу жағылады. Бедерге бояу арнайы қондырғыда қатты қысымның әсерімен сіндіріледі. Қатты қысудың әсерінен қағаздың шеті жоғары көтеріліп кетеді. Үңгімелі нақышқа сәуле мен көлеңкенің нәзік алмасуы тән деп есептеледі.

Шабер (немісше *schaben* – қыру) – құрыш құрал: ұшы өткір жүзді металл өзекті болып келеді; үңгімелі нақыш техникасында реңін ашуға мұқтаж жерді, сонымен қатар заусенцтарды алып тастау үшін тақтаның қажетті жерін қырып алуға пайдаланылады. Шабер, сонымен қатар сүйек пен ағаштың қатты түріне де қолданылады.

Шимайлы суреттер (орысша *древние образцы рисунка*) – суреттің көне түрлері. Жалпы шимайлы суреттер – ежелгі дүниенің тірлігінен, мәдениетінен, тілінен және жазу үлгілерінен мағлұмат беретін тарихи құнды деректер. Бұлар құрылыс орындарының іргелерінде, әр түрлі металл бұйымдар мен ыдыс-аяқ беттерінде кездеседі. Шимайлы суреттер археологиялық қазба кезінде көптеп табылады және бұлар жер шарының түкпір-түкпіріне жаппай тараған. Қазақстанда мұндай мұралар ортаға сырлық қалалардан (Отырар, Талғар, Тараз, т.б.) табылған.

Экслибрис (латынша *exlibris* – кітап белгісі) – кітап иесін көрсететін кішігірім көлемді графикалық композициялар. Экслибрис кітап тысының ішкі жағына немесе мұқабасына жапсырылады. Елтаңбалық, вензельдік және сюжеттік экслибрис деп бөлінеді.

2.2. КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ

Кескіндеме (немісше *malerei*) – бейнелеу өнерінің түрі, туынды түрлі-түсті материалдардың көмегімен белгілі бір жазықтықта жазылады. Кескіндеме қондырғылы, монументалды және сәндік болып бөлінеді. Кескіндеменің ерекше түрлері мыналар: пұтжазу (икона), миниатюра, сәндік кескіндеме, диорама және панорама.

Кескіндеме өнерінің тарихы палеолит дәуірінен (б.з.д. 40-8 мыңжылдық) бастау алады. Оған Оңтүстік Франциядағы Фон-Де-Гэм, Солтүстік Испаниядағы Альтамир үңгірлеріндегі жартаc бетіне салынған кескіндер дәлел бола алады.

Қазақ жеріндегі кескіндеме өнері бастауын палеолит және неолит дәуіріне жататын Қаратау, Хантау, Жасыбай және т.б. үңгірлердегі кескін-бейнелерден, сонымен қатар Жамбыл облысындағы Таңбалы тас шатқалы мен Шығыс Қазақстандағы Бұғытас қорымындағы жан-жануарлар кескінінен алады.

Ежелгі кезде жерден табиғи шығатын сары, қызыл, қошқыл бояулармен қатар, минералдық көк, жасыл бояулар да кескіндемеге қолданылған. Көне Шығыс елдерінде, Қазақстан мен Орта Азия және Америкада күрделі кескіндеме өнері (құлпытастарды, күмбездер мен үйлерді безендіру) жақсы өркендеді.

Кескіндемеге майлы бояудан өзге, гуашь, сулы бояу (акварель), тушь, пастель молынан қолданылады. Кескіндеме өнерінің жарық жұлдыздары ретінде Қайта өрлеу дәуірінің ең ірі суретшілері: Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, Тициан, Джорджоне, Боттичелли және т.б. атауға болады. Ал отандық танымал кескіндемешілерден: Әбілхан Қастеев, Әбубәкір Ысмайылов, Орал Таңсықбаев, Молдахмет Кенбаев, Гүлфайрус Исмаилова, Қанафия Тельжанов, Айша Ғалымбаева, Бексейіт Түлкіев, Кәміл Моллашев, Ерболат Төлепбай, Жұмақын Қайрамбаев және т.б. атауға болады.

Гризайль (французша *gris* – сұр) – бір түстің (сұр) түрлі реңктерімен дайындалатын сәндік кескіндеме. Гризайль бейненің бедерлілік әсерін береді, тіпті толықтай мүсіндік бедерге ұқсатады.

Грунт (немісше *grund* – негіз) кескіндеме технологиясында – негіздің үстіне суретшіге қажетті түстік немесе фактуралық ерекшелік беру ниетімен және араласатын заттарды шамадан тыс сіңірмеуі үшін жағылатын арнайы қоспаның жұқа қабаты. Грунт, әдетте астыңғы желімдік және жоғары грунттық қабаттан тұрады; кескіндеме қабатын сақтай отырып, араласатын заттың бір бөлігін сіңіреді; кескіндеменің негізбен біте қайнасуына әсер етеді. Құрамына қарай желімдік, бояулық, эмульсиялық және синтетикалық грунт деп ажыратылады. Түсіне қарай ақ, реңкті және түсті грунт деп бөлінеді.

Ғарыштық пейзаж. Астральды пейзаж. Ғарыштық пейзаж – Жерден көрінетін немесе ойдағы жұлдызды кеңістік, сонымен қатар алыс ғаламшарлардың бейнеленуі.

Диорама (грекше *dia* – арқылы + *horama* – көрініс) – дөнес пландағы подрамникте оқиғаны сол қалпында көз алдыға әкелетін әсер беретіндей алдыңғы планда бутафорлық және нақты заттармен, нысандармен бейнеленген (соғыс тақырыбындағы) таспа бейнелі картина. Диорама: жасанды жарыққа есептеледі; арнайы павильондарда орналасады.

Картина (немісше *gemalde* – кенепті мата) – қондырғылық кескіндеме туындысы: өзіндік көркемдік мәнге ие; қадала көңіл аударуға арналған; аяқталған өзгешелікке ие; негіз, грунт және бояулар қабатынан тұрады. Картинаның еуропалық түрі, кескіндеме әлемін қоршаған ортадан оқшаулайтын жақтауды (рама) талап етеді. Картинаның киыршығыстық түрі еркін тұратын шиыршық қағаз сынды дәстүрлі пішінді сақтайды.

Кенеп (орысша – холст) кескіндемеде қатқыл зығыр (грубая льняная) немесе мақта-қағаз (хлопчатобумажная) маталарды арнайы өңдеген соң оған майлы бояумен сурет жазылады. Алдымен кенепті кергішке (подрамник) керіп, шетін шегемен бекітеді. Содан соң кенепті бор мен желімнің қоспасымен тегістейді.

Кескіндеменің мәндік құралдары – кескіндеменің көркемдік құралдары: 1-түс; 2-сурет; 3-композиция; 4-бояулы бетінің фактурасы; 5-жағыстарының (мазок) мәнділігі. Кескіндемеде көлем мен кеңістікті беру мынаған байланысты: сызықтық және ауа кеңістігіне; сәуле мен көлеңкеге қатысты модельдеу; жылы әрі суық түстердің кеңістіктік өзгешелігін және суреттің құрылымдық сапасын қолдану.

Қабырғалық жазбалар (орысша – роспись) – сылағы сүрілген қабырғаларда, ішкі төбелерде немесе сәулетті ғимараттарға бекітілген кенепте, қағазда және өзге де материалдарда бояумен орындалған композициялар мен өрнектер. Қабырғалық жазбалар фреска, желімді кескіндеме, темпера, балауызды немесе майлы кескіндемелер арқылы орындалады.

Қондырғылы кескіндеме (орысша – станковая живопись) – кескіндеме түрі, туынды жеке мағынаға ие әрі қоршаған ортасынан тыс назарға алынады. Қондырғылы кескіндеменің негізгі пішіні қоршаған ортадан бөліп тұратын жақтауы (рама) бар картина. Қондырғылы кескіндемеде түрлі техника қолданылады: балауыз бояулы кескіндеме, темпера, майлы бояулы кескіндеме; сонымен қатар (графикаға тартатын) акварель, гуашь, пастель.

Монументалды кескіндеме (орысша – монументальная живопись) – сәулеттің әшекейі және бірыңғай ансамбльдің бір бөлшегі ретінде қызмет атқаратын қабырға жазбалары (роспись), панно, плафондар және өзге де туындылар. Монументалды кескіндеменің тасымалдаушысы қозғалмайтын сәулеттік негіз бен арнайы құрылғылар. Монументалды кескіндеме техникасы бойынша фреска, мозаика, витраж және басқа да түрлер болып ажыратылады.

Қойыртпақ (орысша – колер) – алдын ала дайындалған түрлі-түсті бояу қоспалары.

Левкас – қабырға кескіндемесінде әктас сылағының жоғары қабатын ерекше мұқияттылықпен дайындау.

Мозаика (итальянша mosaico; латынша musivum – музаға арналған) – монументалды кескіндеме түрі; бір текті немесе әр түрлі: тас, смальта, галька және басқа да материалдардың бөлшектерінен жасалған өрнек немесе бейне. Мозаика таңдалған суретке сәйкес, материалдың кіші көлемдерін немесе үлкен бөліктерін бір-біріне кіріктіріп, өзара және астындағы затпен байланыстырылып құралады. Мозаикада түстердің кейбір бөліктерінің оптикалық араласуынан және мозаика текшелерінің жарыққа әрі бір-біріне қатысты орналасуына байланысты арақашықтықтан пайда болатын әсерлері есепке алынады. Әдетте мозаика ғимараттарды безендіру үшін қолданылады.

Марина (латынша marinus – теңіздік) – теңізді бейнелейтін картина. Марина теңіздің нақты және ойдағы көрінісін, сонымен қатар онымен адамның көркем байланысын суреттейді.

Натюрморт (французша nature morte – өлі натура) – композициялық жағынан бір топқа біріктірілген және адамның айналасындағы, нақты тұрмыстық өмірмен біте қайнасқан заттарды суреттейтін бейнелеу өнерінің жанры. XVII ғасырда натюрморттың сүйікті тақырыбы гүлдер, жеміс-жидектер мен көкөністер, теңіз сыйы, асхана аспаптары және т.б. болды.

Өрісті кескіндеме (орысша перспективная живопись) – XVII – XIX ғ. басындағы терминологияда кескіндеменің бір түрін білдірген ұғым. Өрісті кескіндеме бір-бірінен алшақ мынадай терминдердің басын біріктіреді: 1) негізінен, XVII – XVIII ғасырларда Италияда (Каналетто, Б. Белотто, т.б.) дамыған сәулеттік көріністі пейзаж және фантастикалық сәулеттік пейзаж. Санкт-Петербург Көркемсурет академиясында XVIII – XIX ғ. басында өрісті кескіндемеші-суретшілерді даярлайтын арнаулы класс болды; 2) интерьер кескіндемесі. XVII ғасырда Голландияда (Э. Де Витте, т.б.) дамыды; Ресейде Венецианов мектебі өкілдері осы салада көп еңбек етті.

Пинакс – тақтайшадағы ежелгі грекиялық қондырғылы кескіндеме.

Пленэр (французша *plein air* – ашық ауа) – табиғат жағдайында ауа мен күн жарығы әсерімен табиғи түрде пайда болған бай натураның көркемдігін кескіндемеде беру.

Пленэрлік кескіндеме – таза ауадағы сан түрлі түстердің құбылуын бақылайды және натураны, қоршаған ортаны, рефлексті, реңктердің өзгеруін зерттеумен байланысты ашық ауа астындағы кескіндеме.

Полиптих – композициялық құрылым мен түстік бірреңктік, сонымен қатар ортақ тақырыппен байланысқан бірнеше картина.

Пұт (грекше *eikon*; орысша *икона*) – өнер тарихында ғұрыптық зат болып табылатын, діни кескіндеменің қондырғылық туындысы. Әдетте пұтжазба қасиетті жазбалардағы көріністерден немесе әулие, христиандық құдайлардың символикалық келбетін ұсынады.

Сграффито (итальянша *sgraffito* – тырналау) – монументалды кескіндеме және фасадтарды сәндеу кезінде қабырғаның үстіне сылақтың түрлі-түсті екі қабатын қондыру және кепкен соң сылақтың беткі қабатын төменгі (фондық) қабатына дейін металл құралмен тырналау.

Тарихи пейзаж – кенепте байырғы кездегі жер әлемінің бейнеленуі.

Үштаған (грекше *triptychos*; орысша *триптих* – үш есе күрделі) – ортақ тақырыпқа құрылған үш жеке бөліктен тұратын кескіндеме туындысы. Әдетте үштағанның ортаңғы бөлігі көлемі және мазмұнымен ерекшеленеді.

Фантастикалық пейзаж. Футурологиялық пейзаж. Фантастикалық пейзаж – болашақ әлемнің картинасы.

Фреска (итальянша *fresco* – балғын) – жаңадан жағылған шикі сылаққа сулы бояулармен кескіндеу. Бояуларды таза немесе әктастың суымен араластырады. Сылақ кепкен соң қабырғада фресканы ұзақ сақтайтын қабыршақ пайда болады.

2.3. МҮСІН ӨНЕРІ

Мүсін (латынша *sculptura, sculpo* – қашау, ою) – мүсіндеу, пластика (иілімділік) – үш өлшемді пішіні бар, көлемді, иілімді немесе қатты материалдардан жасалатын бейнелеу өнерінің түрі. Мүсіннің негізгі түрлері – жұмыр мүсін және бедерлеме (рельеф). Өз мақсатына қарай мүсін мынадай тармақтарға бөлінеді: монументалды; монументалды-сәндік; бау-бақшалық, қондырғылы және шағын пішінді мүсіндер.

Мүсін өнерінің тарихы өте ертеден бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылым кезінде жауынгерлерді, балалы ананы бейнелейтін тас мүсіндер кеңінен таралса, б.з.д. VIII – II ғасырларда дамыған «аң стилі» қазақ жеріндегі ежелгі мүсін өнерінің көрнекті мысалы бола алады. Қайта өрлеу дәуірінің жарық жұлдыздары Микеланджело, Донателло, Гужон, Пилон және т.б. туындылары соңғы орта ғасырларда және жаңа дәуірде Еуропаның қала камалдарының іші-сыртын көркемдеу үшін кеңінен қолданылды. XVIII – XIX ғасырларда мүсін өнері адам бейнелері мен ескерткіштер тұрғызу бағытында өркендеді.

Қазақ жеріндегі кәсіби мүсіншілер – Хәкімжан Наурызбаев (Абай ескерткіші, Алматы), Бек Төлеков, Төлеген Досмағамбетов (Сәтбаев ескерткіші, Алматы), Ескен Сергебаев (Әл-Фараби ескерткіші, ҚазҰУ қалашығы), Еркін Мергенов, Әділет Жұмабаев және т.б. халқымыздың ұлы тұлғаларының бейнесін сомдауға өз үлестерін қосты.

Мүсін, мүсіндеу, пластика – сөздің кең мағынасында саз, балауыз, тас, металл, ағаш, сүйек, өзге де материалдардан адамды, жануарды және табиғатта кездесетін басқа да бейнелерді өзіндік дене тұрқына сәйкес пішіндеу. Оның басты жанрлары – портрет, тарихи, тұрмыстық, нышандық (символдық), аллегориялық бейнелеу, анималистік және мифологиялық жанр. Мүсін материалға және орындау тәсіліне қарай бірнеше салаға бөлінеді: сомдау немесе модельдеу – саз, балауыз (қазіргі кең тарағаны ермексаз) сынды жұмсақ заттармен жұмыс істеу өнері; құйма ісі немесе торевтика – балқытылған металдан мүсіндеу өнері; глиптика немесе нақты мағынадағы мүсін – тас, металл, ағаш және өзге де осындай қатты материалдардан бейне қашау өнері; мүсін жанрына, сондай-ақ бағалы әрі қатты тастарды қашау және тиындар мен медальдарға (медаль жасау өнері) мөр жасауды да қосуға болады.

Акролит → мәрмәрдан жасалған статуяның жалаңаш бөлігі, ал оның киімі алтындаған немесе сырланған ағаштан жасалған болып келеді.

Акротерий – классикалық ордерді қолдана отырып жасалған сәулеттік ғимараттың маңдайша бұрыштарының үстіне қондырылған мүсіндік әшекей.

Атлант – аңыздағы Атланттан (Атлас) бастау алып, ғимараттар мен жиһаз бұйымдарында бедерленетін күшті, сом денелі ерлер бейнесіндегі төбенің жиынтық күшін көтеретін тірек бағаналары.

Атты мүсін (статуя) – атты ескерткіш – ат үстіндегі адам бейнеленген статуя.

Аполлон Бельведерский – б.д. IV ғасырдағы статуя: ежелгі грек мүсіншісі Леохарға (Leochares) тиесілі; римдік мәрмәр көшірмелер арқылы бізге дейін жетіп, танымал болған; академиялық салқынқанды образымен және сыртқы әсерімен ерекшеленеді.

Бедер (французша *relief* – шығыңқы ойма) – мүсіндеу түрі; бейненің фоны әрі физикалық негізі болып табылатын, жазықтықтағы мүсіндік бейне. Бедерде күрделі көп фигуралы көріністер, сонымен қатар сәулеттік және пейзаждық сарында орын алады. Ерекшелігі: фон жазықтығының үстіне шығыңқы бедер, оның өзі контррельеф және

койланаглиф болып бөлінеді; фон жазықтығының ішіне қарай ойылған бедер, оның өзі шығыңқы бедер (барельеф) және дөңес бедер (горельеф) болып бөлінеді.

Бига (латынша *bi* – екі + *jugum* – көсем (қосақтап) жегу) – ғимараттың үстіндегі немесе аркадағы қос аттың арбаға көсем жегілген мүсіндік бейнесі. Астанадағы «Астана-Опера» театрының үстіне сақ падишасының осындай мүсіндік композициясы қойылған.

Герма – XVIII ғасырдағы саябақ пен бақшадағы төртқырлы негіз-тіректегі бас немесе кеуде мүсін түріндегі мүсіндік бейне.

Десюдепорт (французша *dessus* – үстінде + *porte* – есік) – есіктің үстінгі жағына орналасып әрі жалпы безендірумен байланысқан кескіндемелік немесе мүсіндік панно.

Дискобол (*диск лақтырушы*) – б.д. V ғасырдағы ежелгі гректік мүсінші Миронның статуясы: композициясының үйлесімді саралануымен ерекшеленеді; атлетті күрделі позада, дискті лақтыруға ыңғайланған кезде, күші бұлқынған сәтінде бейнелеген; нағыз үйлесімді дамыған адам жайындағы керемет көріністі береді.

Ескерткіш (ағылшынша, французша *monument*) – замандастары мен келешек жадында сақтау үшін елге еңбегі сіңген айрықша тұлғаға арналған мүсіндік туынды немесе арт-нысан. Ескерткіштер мықты материалдардан, көлемі жалпылығымен ерекшеленіп, әдетте символдық мәнге ие болады. Олар кең мағыналы көркемдік маңызға ие: кеуде мүсіндер, жеке тұрған немесе отырған фигуралар, атты мүсіндер, мүсіндік топтар, сәйкес жазулары бар бедерлі тақталар және т.б.

Жұмыр мүсін – мүсін түрі, өзіне тән үш өлшемді көлемі бар туынды, кеңістікте еркін орналастыруға болады; фон жазықтығымен байланысы жоқ; негізінен оны айнала қарауды талап етеді. Жұмыр мүсіннің басты түрлері мыналар: мүсін (статуя), мүсінше (статуэтка), кеудемүсін (бюст), денелік (торс) және мүсіндік топ. Жұмыр мүсін (мүсін, мүсінше, кеуде мүсін, топтық), оны жан-жағынан қарауға болады, сол сияқты бедерлеме (мүсіннің бір түрі, онда бейне негізгі фон жазықтығына қарағанда шығыңқы немесе дөңес болып келеді, негізгі түрлері – шығыңқы бедер (барельеф) және дөңес бедер (горельеф)).

Жылтырату (немісше *schleifen* – егеу, тегістеу) – тастан мүсіндер қашау үдерісін аяқтау, сәндік бұйымдардың үстінгі қабатын тегістеп өңдеу. Тегістеу сипаты мүсіншінің қиялына сәйкес әрі көркемдік әсерге байланысты болады.

Канефора – әйел фигурасы кейпінде ғимарат сәулетімен біте қайнасқан мүсіндік бейне. Құрылым жағынан канефоралар бағаналар (колонна) қызметін атқарады.

Кариатида – тігінен тұрған әйел фигурасындағы мүсіндік бейне, ғимараттың көлбеу таяқшасына тіреу ретінде қызмет атқарады. Әдетте ол қабырғамен қабаттасып немесе одан сәл шығыңқы болып орналасады.

Кеуде мүсін (французша *buste*; италянша *busto* – кеуде) – адамды иығынан, кеудесінен, белінен бейнелеген жұмыр мүсін түрі. Кеме тұмсығының әшекейі – ағаштан жонылған кеудемүсін, ол кеме тұмсығының ұшар басына орналастырылады. Баяғы уақытта бұл бейнеде кемеңің рухы сақталады деп саналды.

Колосс – өнер тарихында ғаламат үлкен статуя.

Колосс Родосский – Родос аралындағы портты қалада б.д. шамамен 285 жылы тұрғызылған Күн құдайы Гелиостың қола фигурасы, биіктігі шамамен 37 метр. Құрылыс аяқталған 50 жылдан соң Колосс жер сілкінісі салдарынан құлап, 900 жылдан астам уақыт жатып қалды.

Кора (грекше *kore* – бойжеткен қыз) – ежелгі Грекия өнеріне тән, ұзын киімде тігінен тұрған қыздың статуясы.

Коне (латынша *antiquus* – ежелгі) – ежелгі (антикалық) мүсін туындылары немесе оның бөлшегінің түпнұсқадан болмаса сомдамадан көшірмесі.

Курос (грекше *kuros*) – б.д. VII ғасырда идеал болған нағыз батырды, атлет немесе жауынгерді бейнелейтін, тігінен тұрған бозбала-атлеттің жалаңаш фигурасы. Ежелгі Грекияда куростар зиярат ететін жерлер мен зираттарға қойылды әрі ерекше мемориалды маңызға ие болды.

Қалыптау (орысша формовка) – мүсіндік технологияда түпнұсқа немесе гипстік үлгіден (модель) іші қуыс қалып-көшірмесін жасау үдерісі. Ерекшелігі: қарабайыр қалыптау, мұнда түпнұсқа бөлініп, жойылады; желімденген қалып арқылы қалыптау, түпнұсқаның әрбір бөлшегін мейлінше нақты әрі дәл бере алады; гипстік қалыптау, ол бірнеше ұсақ бөлшектерден құралады.

Қондырғылы мүсін – мүсін түрі: көрмеге, мұражайға, қоғамдық және тұрғын үйлердің интерьерлері үшін; сонымен қатар көркемсурет нарығында сату үшін дайындалады. Қондырғылы мүсін, ортаға бағынбайды, натураға жақын немесе кіші көлемі бар және оның нақты терең мазмұны болады. Қондырғылы мүсін: жақын қашықтықтан қарап көруге есептелген; қоршаған заттар мен сәулеттік нақты интерьерге байланысы жоқ; көрерменін ұзақ қарауға тәнті етіп, оны бірлесіп әсер алуға итермелейді.

Құйма мүсін – мүсіндік технологияда әрі қарай өңдеу үшін қалыпқа ерітілген металды құйып толтыру жолымен жүзеге асатын құйма тәсілі. Құйма мына жағдайда қолданылады: мүсіндік шығарманы металға көшіру үшін; сонымен қатар металл ыдыстарды, үстел заттарын, шамшырақтарды және т.б. дайындау үшін.

Құйылған мүсін – көрмеге немесе бір жерге орнату үшін қызмет ететін нақты құйма әдісімен алынған түпнұсқа мүсін. Көбіне құйма мүсіннің жіңішке металл қабырғалары болады және олар ішінде қалады.

Құйынды – түпнұсқа мүсінді немесе оның гипстік көшірмесін, осы үлгіден (модель) алдын ала алынған қалыптың ішіне сұйық әрі уақытымен қатаятын затты құю жолымен жүзеге асатын үдеріс. Көбіне құйынды құюшы-мамандардың көмегімен, түпнұсқа авторының қадағалауымен жүзеге асады.

Маскарон (итальянша maschtrone) – бас бейнесі немесе бетперде (маска) түрінде жасалған бедерлі мүсіндік бөлшек. Маскарон көбінесе қорғандардың есік аркалары мен терезелерінде, консольдарында, қабырғаларында және т.б. орналасады.

Материалда (орысша в материале) – автордың ойымен қатты материалда жасалған мүсіндік туынды. Материалға көшіру жұмсақ материалда дайындалған соңғы нұсқадан жүзеге асады.

Монументалды мүсін – нақты сәулеттік кеңістікке немесе табиғи ортаға есептелген; көпшілік көрерменге бағытталған; сәулеттік образды нақтылауға және сәулеттік пішіндердің айқындылығын жаңа реңктермен арттыруға бағытталған мүсін түрі. Монументалды мүсін (ескерткіштер, монументтер) сәулет өнерімен байланысты анағұрлым ойлылығымен, жоғары деңгейдегі жалпылығымен, ірі көлемімен ерекшеленеді; монументалды-сәндік мүсін сәулетті ғимараттардың барлық бөлшектерін қамтиды (атланттар), кариатидалар, фриздер, маңдайшалар, фонтандар, саябақтық мүсіндер).

Мүсін (статуя) – адам денесінің еркін тұрған, сонымен қатар жануарлар мен фантастикалық дүниенің көлемді толық тұлғасы. Әдетте статуяны негізтастың (постамент) үстіне орналастырады.

Мүсінше (французша statuette) – шағын пластика түрі; үстелдік (кабинеттік) мүсіншенің көлемі натуралық өлшемнен айтарлықтай кішкене болады, онымен интерьерді безендіреді.

Мүсіннің материалдары – ағаш, гипс, тас, саз, металл және басқалары. Оларды өңдеу әдістері сомдау, қашау, жону, құю, соғу, шекілеу және т.б. болып келеді.

Мүсіннің көркемдік-мәндік құралдары – көлемді пішінді тұрғызу, пластикалық модельдеу (сомдау), сұлбасын (силуэт), фактурасын, кейбір жағдайда тіпті түсін әзірлеу.

Негізтас (немісше postament, латынша postamentum – тірек, негіз) немесе мүсіндік шығарманың сәулеттік негізіне баланып, түрлі сәулеттік, мүсіндік нақыштармен, ою-өрнектермен безендірілген сандықша-негіз, немесе қондырғылық мүсін шығармасы қондырылатын негіз. Кез келген мүсіндік көркем туындыны орнату үшін жалпылама көркемдік және техникалық шешімін дұрыс табуда оның негізі басты мәселе саналады.

Обелиск (грекше obeliskos – шағын істік) – жоғарғы жағы оның негізімен салыстырғанда жіңішке мемориалдық құрылыс. Обелиск ежелгі Мысыр құрылыстарынан бері белгілі.

Өңдеу (орысша тонировка) – мүсіндік технологияда пластикалық пішінін толық әрі нақтырақ көрсетуге септесетін түрлі химиялық заттардың көмегімен металдан жасалған мүсінді өңдеу. Түрлі бояғыштармен өңдеуге көбінесе фактуралар мен өзге материалдардың түстеріне ұқсастыру үшін гипс сомдаулар ұшырайды.

Пандатив – ғимарат күмбезінің ұшар басына орналасқан, сомдалған мүсіндік әшекей.

Палеолитикалық венералар – жоғарғы палеолиттің археологиялық қыртыстарынан табылған тастан, сүйектен және күйдірілген саздан жасалған әйелдер мүсіншелері.

Протома – бұқа, жылқы, өзге де жануарлар мен адамның алдыңғы бөлігі мүсінделген бейне.

Сәндік мүсін қондырғылы және монументалды мүсіннен сәулеттік ескерткіштермен, ғимараттың іші-сыртымен, бау-бақшалық ортамен пластикалық-мағыналық байланысына қарай ерекшеленеді. Қолдану аясы өте кең. Монументалды-сәндік мүсіндер бау-бақша мен қала ортасына (қоршаулар, субұрқақтар, көпірлер сәні және т.б.), сәулеттік кешендер мен жеке құрылыстарға тек сән беріп қана қоймай, солардың арасында «дәнекер» болып, өнерлерді тоғыстырады.

Сомдау (орысша слепить) – жұмсақ материалдардан пластикалық массаны өсіре отырып немесе керсінше азайта отырып мүсін жасау. Сомдау тәсілімен болашақ мүсіннің нобайы, сонымен қатар келешекте басқа материалға аударуға арналған үлгісі (моделі) дайындалады.

Табиғи тот басу – қола және мыстан жасалған мүсіндік туындылар мен түрлі сәндік бұйымдардың үстіңгі қабатына ауа қысымының әсерінен пайда болатын арнайы қатпар.

Тоттану (итальянша patina) – мыс, қола, жез сынды металдардың таттануы әсерінен, бұйымның үстіңгі қабатында түзілетін түрлі өңдердің (жасылдан қоңырға дейін) қабыршығы. Табиғи және жасанды патиндер ерекшеленеді.

Тотықтандыру – химиялық заттармен қола құйманы ескі қолаға ұқсатып өңдеу.

Тұғыртас (французша pedestal – іргетас) – мүсін, ваза (гүлсауыт), ескерткіш немесе бағаналар үшін көркем безендірілген тұғыр.

Хиазм (грекше chiasmus – крестбейнелі орналасу) – тіке тұрған адам фигурасының бейнесі: дене салмағы бір аяққа (тірек) түскен; осыған орай көтерілген жамбасқа төмен түскен иық сәйкес келеді; ал төмен түскен жамбасқа көтерілген иық сәйкес келеді.

Шекілеу (орысша чеканка) – мүсінде жаңа құйылған көркем бұйымдардың (мүсіннің) қалыптан шыққан сәтінде, бөлшектерін, тегіс емес жерлерін, тігісін жатқызып, өңдеу. Шекілеу – металды көркемден өңдеу түрінің ең көнелерінің бірі әрі шекілеуге арналған арнайы балғамен ерекше иілмелі шайырдың үстіне төселген металл тілімшенің үстіне жасалады. Шекілеу – жапырақша металда (қаңылтыр) бедерлі бейнелер салу. Механикаланған және қолмен шекіленіп жасалған болып бөлінеді.

Экорше (французша esorche – терісі сылынған) – анатомиялық модель – 1767 жылы француздық жас мүсінші Жан-Антуан Гудон «Қасиетті Иоанның» бейнесін жасау үшін нобай ретінде дайындаған жалаңаш (тері жамылғысы жоқ), бұлшық еттері көрінген адамның мүсіні. Осыны жасау мақсатымен ол аурухананың мәйітханасында жұмыс істейді. Экорше (гудон) Еуропа мен Америкада XVIII ғасырдан бастап осы күнге дейін көркемсурет оқу орындарында адамның пластикалық анатомиясын оқып үйрену үшін қолданылып келеді.

2.3.1. Мүсінге пайдаланылатын материалдар мен құралдар

Мүсіндік материалдар, олардан мүсіндік туындылар дайындалады: сомдауға қызмет ететін саз, балауыз, ермексаз және өзге де жұмсақ заттар; материалдың артық бөліктерін алып тастап, ақырындап қажетті көлемді пішінді шығару жолымен өңделетін тас, ағаш және өзге де қатты заттар; жұмсақ күйден қатты күйге ауыса алатын және арнайы

дайындалған қалыптың көмегімен мүсін шығармасын құюға болатын металл, гипс, бетон, пластмасса және өзге де заттар.

Ағаш – ежелден келе жатқан материал. Оның түсі мен сақиналық текстурасы бар. Оны бояуға, алтындауға және оған өң беруге де болады. Ағаштың жұмсақ (жөке, терек) және қатты (емен, мойыл) тұқымдарын пайдалануға болады. Ағашты түрлі қашаумен, бұрғымен, сүргімен өңдейді. Монументалды, көп тұлғалы композиция сияқты шағын жұмыстарды да орындауға болады.

Ақ балшық – каолин (каолин – Қытайдағы осы материал табылған жердің атауы) – қыш өндірісінде шыны (фарфор) немесе фаянс бұйымдарын жасауға, сонымен бірге қағаз бетін жылтыратуға қолданылатын материал.

Алтын – сары түсті асыл металл. Балқу температурасы – 1063 °С. Алтын өндеуге ыңғайлы әрі сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді. Сондықтан таза алтыннан немесе оның қоспасынан түрлі әшекей заттар, зергерлік бұйымдар, мүсіндер жасалады. Сонымен қатар алтынмен басқа металдардың бетін жалатады.

Алюминий – ақ түсті және майысқақ, жұмсақ металл. Алюминий өнерде сән және қолданбалы өнер бұйымдарында, ірі және ұсақ пластикалы мүсін құюда қолданылады. Материал серпінді, иілімді болғандықтан қуысты жеңіл құймалар құюға мүмкіндік туғызады. Алюминий бедерлеуге, жалтыратуға, нақыштауға икемді келеді.

Балауыз (латынша *wiscum* – желім) – табиғи зат, ежелден бері мүсіншілер оны түрлі көркемдік мақсаттарға пайдаланады. Ермексаз бен балшық сияқты балауыз да нобай мен модельдің бастапқы кезеңіне қажет дүние. Металдан құйылатын туындылардың модельдеріне де қолданылады. Ежелгі Грекиядан бері балауызбен боялған мәрмәр мүсіндерге өң беру – ганозис техникасы белгілі.

Балшық, сазбалшық (грекше *glinos*, орысша глина) – мүсін жасауда нобайда және аяқталатын жұмысты істеуге өте ыңғайлы, жабысқақ, икемді материал. Оның құрамы – тау жыныстарынан шөккен шөгінді, каолинит, органикалық заттар, металдардың таты және өзге де қоспалардан тұратын топырақ. Мүсінші оны нобайдан бастап күрделі туындыны жабыстырып сомдауға пайдаланады. Балшық құрамына және өңделу ерекшелігіне байланысты бірнеше түрге (шамот, барботин және т.б.) бөлінеді.

Бетон (французша *beton*; латынша *bitumen*) – жабысқақ құйма материалдардың қоспасынан алынатын мықты әрі берік құрылыс материалы. Бетонды өндіріс пен қатар монументалды ескерткіштерді, саябақтық мүсіндерді жасауда да қолданады.

Гипс (грекше *gipsos* – бор, әктас) – негізгі құрамы кальций тұзы және өзге қоспалармен араласқан табиғи материал. Суда езілген гипс ұнтағын құйма қалыптарды жасау үшін әрі құйма материалы ретінде де пайдаланылады. Ертедегі мысырлықтар тірі модельдерден жаратылысты зерттеу үшін гипс құймаларын қолданды. Қайта өрлеу дәуірінде алғаш рет коллекционерлердің топтамаларына арнап және жас суретшілерді үйрету үшін статуялардан гипстің көмегімен құймаларын жасай бастайды. Ақ, алтын, қызғылт түсті болып келеді. Гипс құймаларына қола, шойын, терракота сияқты өң беруге болады.

Гранит құрамында 20-30 % кварц бар қатты тас. Түсі әр алуан – ашық сұр түстен қара қоңырға, ашық қызғылттан күрең және қара түске дейін болады. Өнерде көбіне майда қиыршық пайдаланылады. Монументалды ескерткіштер мен қондырғылы туындылар жасау үшін қолданылады.

Ермексаз (латынша *plasticus* – жабысқақ, иілімді, орысша – пластилин) – балшық сияқты жұмсақ, мүсін сомдауға өте ыңғайлы материал. Ермексаздың құрамы тазартылып, балауыз араласқан балшық, май және өзге де түзгіш заттардан тұрады. Оның балшықтан бір артықшылығы кеппейді, балшықта мүмкін болмайтын беткі қабаттағы өте кішкене, нәзік бөлшектерді жасауға болады. Ол миниатюра және медаль соғу жұмыстарында нобайын жасап, кейін басқа материалға көшіру үшін ыңғайлы зат.

Жасанды тотық – қола ескерткіштердің үстіне арнайы химиялық құрамды қолдану салдарынан пайда болған қабыршық. Жасанды тотық ескерткіштерге қажетті түс бе-

ріп, оны заманауи қалалар мен өндірістік орталықтарда тарайтын улы газдалған ауадан бұзылудан сақтайды.

Жез – мыстың мырышпен (50 %-ға дейін) және басқа элементтермен (темір, қалайы, корғасын) араласқан қорытпасы. Түсі сары, мысқа қарағанда қаттырақ болып келеді. Жезден түрлі зергерлік бұйымдар, ыдыстар, мүсіндік туындылар және т.б. жасайды.

Күміс – ақ түсті жұмсақ, қымбат металл. Күміс – сәндік қолданбалы өнерде түрлі зергерлік бұйымдарды, ыдыстарды, мүсіндік туындылар және т.б. жасау үшін пайдаланылады. Сонымен қатар күміспен басқа металдардың бетін жалатады.

Қола (французша bronze) – өнерде сән және қолданбалы өнер бұйымдарында, ірі және ұсақ пластикалы мүсін құюда көне заманнан бері қолданылып келеді. Материал серпінді, тұтқырлық пластикалық қасиеттері көлемді (ауқымды) композицияларды қосалқы тіреуішсіз-ақ жасауға, қуысты жеңіл құймалар құюға мүмкіншілік туғызады. Олар қару, әсемдік заттар және қоңырау жасайтын болып бөлінеді. Қола – құрамында корғасын мен мырыштың қоспасы бар қалайы мен жездің қоспасы. Құрамдас заттардың әрқайсысының құрамы мен мөлшері қоланың сұрыбын анықтайды. Ең көне металды б.д.д. III ғасырда ойлап тапқан. Шыңдауға оңай, кесуге, сұйық түрінен құйма жасауға болатын берік материал. Қоладан жасалған мүсін тотығып, жасыл, көгілдір, қоңыр немесе кара рең алады. Бұл – табиғи құбылыс. Кейде әдейі химиялық тәсілдермен бояйды. Қола алтын жалатуға, бедерлеуге, жалтыратуға, нақыштауға икемді келеді.

Мәрмәр – әктастың ерекше түрі. Құрылымы берік, әр алуан түсті гаммада (аппак түстен кап-қара түске дейін) болады. Тастың «тұңғиығын» көрсетіп тұрғандай әсер беретін кейбір мөлдір түрлері де болады. Мәрмәр тастың үшкіл үлгілерімен қатар, сәуле мен көлеңкенің жұмсақ үйлесетін үлгілері де бар. Мәрмәр барлық заманда ежелгі дәуірден осы күнге дейін қолданыстан түскен жоқ. Монументалды және қондырғылы мүсінде қолданылады.

Мыс – созылғыш, жұмсақ, жабысқақ қасиеті бар, қызғылт сары түсті металл. Мысты түрлі тұрмыстық заттарды жасауда, бейнелеу өнерінің түрлі салаларында, сонымен қатар өндірісте көп пайдаланады.

Стук (итальянша stucco – әрлеу) – мүсін жасауға арналған материал. Гипс пен мәрмәр тастың ұнтағын желім мен әктас негізінде қосып араласқан жеке және сәндік мүсіндерді жасауда қолданылады. Стукқа мәрмәр ұнтағынан басқа туындыға әдемі өң беру үшін түрлі өң беретін бояғыштарды да қосады, мүсін кепкен соң оның беткі қабатын кейбір кезде тегістейді. Стукті, негізінен, Шығыс, оның ішінде Орта Азия халықтары ойлап тауып, оны жұмыр мүсіндер мен бедерлемелерді жасауда пайдаланған.

Сүйек (орысша кость) – ежелгі материал, ол бейнелеу өнерінде сонау ежелгі дәуірлерден бері пайдаланылады. Мүсін және өзге де сәндік бұйымдар жасауда, көркемдеп өңдеуге жарайтын пілдің, мамонттың сүйектері, морждың, қабан немесе сусиырдың, кашалоттың азу тістері, бұланнның, бұғының және т.б. жабайы жануарлардың мүйіздері, сонымен қатар қойдың, ешкінің, сиырдың тоқпан және асықты жіліктері қолданылады. Мұндай сүйектердің түсі де әр түрлі болып келеді (ақ түстен қызыл қоңыр түске дейін). Сүйек әдетте ұсақ пластикада, бедерлемеді қолданылады.

Терракота (итальянша terra – балшық және cota – күйдірілген) – түсті қыш ыдыстардың сынықтарымен (зертаспен) әйнектелмеген, көркемдік әрі тұрмыстық мәні бар бұйымдар. Күйдірілгеннен кейін терракотаның түсі ақ сарыдан қызыл қоңыр және қараға, ал тұрқы ірі киыршықтан жұқа қабатқа дейін өзгереді. Қазіргі кезде мүсіндеуде шағын үлгідегі заттарды сомдау үшін пайдаланылатын ең көп қолданылатын материал.

Фарфор (арабша fahfuri; қытайша сіні – теңіз бақалшығы) – шағын мүсіндік пішіндер жасауда қолданылатын материал. Фарфордың негізгі құрамы: кварц пен далалық сазбалшықтың каолинмен қоспасы. 900 градус ыстықта күйдірілгенде бұл қоспа таза аппак өң береді. Фарфорды түрлі түспен бояуға, сыртқы қабатын шынымен сырлауға болады. Фарфор VII ғасырда Қытайда пайда болған.

Шамот (французша chamotte) – иілгіштік қасиеті жойылғанша жоғары температурада күйдіріліп, белгілі дәрежеде біріктірілген отқа төзімді саз балшық немесе каолин. Шамоттан

жасалған туындылар әдетте боялады. XX ғ. ортасынан бастап сәндік және қондырғылы мүсін өнерінде көп қолданылады.

Мүсіншінің құралдары:

Аталғы – ағаштан жасалатын мүсіндерді және ағаш бұйымдарын үнгілеп, қуыстап оятын (астау, табақ, т.б.) сайман. Жүзі жартылай доға тәрізді болып келеді.

Балға – ағаш шеберлері балғаның екі түрін пайдаланады: темір және ағаш балға. Ағаш жұмысына көбіне тоқпақты пайдаланады.

Балта – мүсін сомдауда үлкен, кіші көлемді балталар пайдаланылады. Балтамен көбіне ағаш бұйымдарды алғаш өңдеуден өткізеді, жүзі өткір, сабы ұзын, қарапайым құрал.

Бучарда (французша boucharde) – пирамидалы тісті, ұруға ыңғайлы екі жағы бар, металл балға. Мүсіншілер мен тасқашаушылар бучарданы тастың түрлерін көркем бедерлеп өңдеуде қолданады.

Бұрғы – ағаш, сүйек, мүйіз, металл бұйымдарды тесуге арналған сайман. Бұл құралды металдан жасап, екі жағына қарама-қарсы жүз шығарып істейді. Бұрғының үлкен, кішкене, жуан түрлері болады.

Біз – сүйек, шегелердің орнын белгілеп тесуге арналған сайман. Біздің пішіні үш қырлы, жұмыр, жалпақ, имек, кейде төрт қырлы болады. Біздің жұмыс бөлігін қақталған темірден, сабын ағаш, мүйізден саптауға болады. Шеберлер қолданатын біздің түрлері өте көп.

Егеу – ағаш, сүйек, мүйіз, металл бұйымдарды егеуге арналған сайман. Бұл құралдың жұмыс бөлігі беті тырналған металдан жасалады, сабы ағаштан, темірден, т.б. жасалады. Егеудің тырналған бүрлеріне орай үлкен, кішкене, жуан түрлері болады.

Жоңғы – үй ағаштарының сыртқы кем-кетігін тегістейтін құрал. Мұны ұзындығы екі сүйем, ені екі елідей темірден соғады. Екі шетінде ағаш саптары бар, өткір жүзді аспап. Мұның түзу жоңғы, қуыс немесе ойыс жоңғы, тісті немесе ыру жоңғы деп аталатын үш түрі болады. Түзу жоңғының жүзі де түзу, өткір болады.

Имек қашау – ұзындығы 25-30 см, сабынан жүзіне дейін темірден жасалған, имектелген жеріне өткір жүз шығарылған. Бұйымдардың ішін оюға арналған құрал. Екі арасы айыр қашау – ағаштың ортасын алып, шетін қалдырып отыратын құрал. Сыза түсіретін бір шеті түзу, бір шеті кетік қашау болады. Қуыс шөміш қашау – ағашты науалап оятын құрал.

Имек ыңғыру – қолға ұстауға ыңғайлы, жұмыс істейтін бөлігі имек, өткір жүзі бар, сабы ағаштан жасалған, қуыс бұйымдардың ішін әрлейтін сайман.

Қайрақ – құрал-саймандардың жүзінің өткірлігін арттырып қайрау үшін пайдаланылатын құрал. Сонымен қатар оны темірдің, тастың, ағаштың бетін тегістеуде қолданады. Қайрақтың табиғи түрі өте көп (малта қайрақ, шарық қайрақ, т.б.) және өндірістік жолмен де жасалады. Әдетте бұлар қондырғыда айналатындықтан, дөңгелек, бүршіктеріне байланысты сан түрі болады.

Қашау – қашаудың көлеміне қарай түрі өте көп болып келеді. Жұмыс бөлігі металдан істеліп, жүзі жоғары қарай ойысқан, өткір болып келеді. Сабы ағаштан, мүйізден, металдан, сүйектен жасалады. Ағаш бұйымдарына ойыс бедер түсіруге арналған құрал. Ойық бедерлердің бетін қырып, тегістеп, өңдейтін аспап. Жұмыр қашау затқа дөңгелек ойық түсіру үшін қолданылады. Жалпақ қашау ағашты үлкен мөлшерде көзеген (тескен) кезде қолданылады. Тіке қашау жұқа етіп көзеуге арналған аспап.

Құс тұмсық ыңғыру – бұл ыңғыру ою-өрнекті ойып салуға арналған құрал. Біз тәріздес жүзі өткір, тұмсықты. Имек тұмсығының екі жағында да өткір жүзі бар, жұмыс бөлігі металдан, сабы ағаштан жасалады.

Мүсіндік қондырғы – үстінде жұмыр мүсінді жасауға болатын айналмалы дөңгелек немесе төртбұрышты тақтайшасы бар үш аяқты ағаштан жасалған құрал. Тақтайшаны айналдыра отырып, мүсінші, болашақ шығармаға түскен жарықты өзгертуге және оған көрермен әр қырынан қарағанда жақсы әсер алатындай өзгертулерді айқындауға мүмкіндік алады.

Пунктирлік машина – пунктирлік өлшеуіш – мүсін технологиясында мүсіннің түпнұсқасын дәлме-дәл қайталауда пропорциялар мен көлемін тексеруге арналған құрал. Әдетте пунктирлік машина гипстік түпнұсқадан тасқа аударуда және көшірме жасауда қолданылады.

Пышақ – жұмыс бөлігі металдан, сабы ешкі мүйізінен, ағаштан, сүйектен жасалатын, бір жағынан, жүз шығарылған өткір сайман. Пышақтың сабын сақиналайды, яғни сабына темір жүгіртіп, өрнек әшекей салады. Пышақты қынға салады. Қынды былғарыдан, ағаштан істейді.

Скарпель – қашау – бір ұшына қарай күрек сынды өткір ұшталып, кеңейе түскен құрыштан жасалған дөңгелек немесе қырлы қашау. Скарпельдітасты өңдеуде мүсіншілер; және тас қалаушылар тас қабырғалардан ойықтар тесу үшін және түтін арналарын салуда қолданады.

Стека (итальянша *stessa*) – ұштары қалақшадай кеңейтілген ағаш, сүйек немесе металл таяқшалар. Мүсіншілер стеканы саздан және өзге де жұмсақ материалдан сомдау үшін қолданады.

Сүргі – ағаш тақтайдың бетін сүргілеп тегістеу үшін қолданылатын сайман. Сүргінің негізі ағаштан немесе металдан, асты әрі жан-жағы тегіс, тікше келген ағаштан жасалады. Оның үстіңгі жағынан ұстайтын тұтқасы болады, ал оның өткір темір жүзі оған көлбей орналасады.

Троянка – үшкір ұшы үшке бөлінген құрыш кескіш. Мүсіншілер троянканы мәрмәр және өзге де жұмсақ негізді тастарды өңдеу үшін қолданады.

Түрпі – ағаштың, былғарының бетін тегістеп егеудің алғашқы сатысын өткізетін темірден жасалған құрал. Ағашты өңдеу үшін, әсіресе мүсін шабуда, темір бүрлерімен ағаштың қалыңдығын жұқартумен қатар, әр түрлі пішінге келтіруге ыңғайлы. Сабы ағаштан, пластмассадан, басы металдан жасалады әрі түйіршік тәрізді бүрлерінің көлемі әркелкі болып келеді. Түрпінің жалпақ, жұмыр және төрт қырлы түрі болады.

Шапқы – темір кесетін, темір және өзге жұмсақ металдардың бетін шауып, бедер, сызықтар түсіретін қақталған қатты металдан жасалатын құрал. Шапқының жалпақ, жұмыр және қырлы түрлері болады.

Шот – түзу ағашты сидамдап жону үшін әрі қалыңдығын жұқартумен қатар әр түрлі пішінге келтіріп жөндейтін құрал. Басы сабына көлбеу келіп, қақталған металдан жасалады әрі жүзі өте өткір келеді. Шот әдетте қолдан істелінеді, басында сабы киілетін ұңғысы, бүкір имек сабы болады. Шаппашоттың үлкен, тікше сияқты түрлері қолданылады немесе қол шот – қысқа сабы бар шот, аяқ шот – ұзын сабы бар, түрегеп тұрып шабатын шот.

Шпунт – үшкір ұшы бар төрт қырлы немесе дөңгелек өзекше келген құрал. Мүсінші шпунтты тасты алғашқы өңдеу кезінде қолданады.

2.4. СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Сәндік-қолданбалы өнер (латынша *decorare* – әшекейлеу) – көркемдікпен орындалған: сыдыс, жиһаз, кілем, мата, көркем әйнек, шыны (фарфор), фаянс, зергерлік бұйымдар, еңбек құралдары, ат әбзелдері, қару-жарақ және басқа да тұтынушылық мақсаттағы заттар саналатын шығармашылықтың бірнеше саласын қамтыған сәндік өнердің бөлімі.

Сәндік-қолданбалы өнер деп тек тәжірибелік жағынан ғана емес, эстетикалық сапамен белгіленген әрі көркемдік әсерге есептелген және тұрмыс пен интерьерді безендіруге қызмет ететін өндірістік немесе қол өнер арқылы өмірге келген көркем туындыны айтады.

Ежелгі заманда адамдар өз тұрмысын өздері әсемдеуге тырысқан. Себебі адам өмірінде сәндік қолданбалы өнер шығармалары өте маңызды орын алады. Уақыт өте келе қазақ жерінде шамамен XV ғасырдан бастап, қол өнеріне ұлттық дәстүр тұрғысынан мән беріліп, қарқынды дами бастады. Халық өнерінің бұл түрі өзінің тәрбиелік мән-мазмұны мен мүмкіндіктерін бүгін де жоғалтқан жоқ, керісінше, заман талабына орай, оның өзектілігі бұрынғыдан да артып келеді. Оны өнертану, этнография, педагогика ғылымдары саласында жарық көрген еңбектер дәлелдеуде. Сәндік-қолданбалы өнер деген ұғым XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми айналымға енді. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде «қол өнер» ұғымының аясында болып келді. Сондықтан «сәндік-қолданбалы өнер» қол өнерінің өңделіп жетілген пішіні деуге болады. Екі ұғымды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, себебі екеуі бірін-бірі мазмұндық жағынан толықтыра түседі.

Сәндік-қолданбалы өнер саласы материал бойынша, металл, қыш (керамика), мата, ағаш, киіз және т.б.; орындау техникасы бойынша, ою, бояу, кесте, нәлі, құйма, шекіме, интарсия және т.б. түрінде ерекшеленеді.

Кестеші, тігінші, тері илеуші, бояушы, зергер, бәдізші, музыка аспаптарын жасаушы, ұста, шебер және т.б. – осы өнерге тән мамандар тізімі. Кәсіби шебер деңгейіне көтерілген Дәркембай Шоқпарұлы, Аманжол Найманбай, Сабыркүл Асанова, Сәуле Бапанова, Ырза Тұрсынзада, Дәулет Дәркембайұлы, Сайлау Ботабеков, Есен Мұхтарұлы және зергер Алмас Серікұлы, етікші Самғау Нәсіпхан және т.б. атап айтуға болады.

Ажарлау – зергерлік бұйымдардың бетін жалтыратып, әдемілеп өң беру тәсілі.

Алаша – түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақ жасап немесе әр түсті теріп, түрлі өрнектер түсіріп тоқылған төсеніш. Олар өрнегіне қарай «жолақ алаша», «терме алаша» деп аталады. Алаша еңсіз, жолақша болып тоқылатындықтан, оны тұсқа ұстағанда, жерге төсегенде және өзге де тұрмыстық мақсаттарға пайдаланғанда олардың бірнешеуін біріктіреді.

Айыл, өмілдірік, құйысқан – қалың былғарыдан, бірнеше таспа қайыстан жалпақталып өріліп, ер-тоқымды аттың белінде қозғалтпай ұстап тұратын ат әбзелдері. Айыл ер-тоқымды аттың белінен аунатпай, түсірмей қысып ұстаса, құйысқан ат қатты жүргенде, желігенде, шапқанда ер-тоқымды алға жібермейді, ал өмілдірік – ер-тоқымды аттың сауырына жібермейтін ат әбзелдерінің бірі. Бұлардың бәріне темірден айылбас жасалып, күміспен әшекейленеді әрі тоқымға, жүгенге қолданылған ою-өрнек түрлері, өру әдістері қолданылады. Асыл тастардан, шыныдан әдемі көздер салынады.

Алагрек (меандр) – өрнектің иілген күрделі тұзу және толқын тектес сызықтары. Алагрек – кескіндемелік немесе ғимаратқа әшекей ретінде сомдалған өрнек.

Алтын ат (орысша золотой конь) – XIII – XIV ғасырларда Алтын орда ханы Бату хан өзінің жақсы көретін жүйрік аты өлген соң оның құрметіне сол аттың нағыз денесімен сай келетін екі алтын сәйгүліктің тұтастай мүсінін жасатып, оны өз елінің астанасы – Сарай қаласының қақпа алдына орнатады. Бұл алтын сәйгүліктер, бір жағынан, қақпаны көріктендірсе, екіншіден, елдің әлеуетін, байлығын көрсетіп тұрған. Олардың жалпы салмағы 15 тоннаға жуықтаған-ды. «Алтын атты» деген сол кезден қалған түсінік.

Анфас (французша, ағылшынша face) – беттің тура алдыға қараған түрі.

Аңдық нақыш (орысша звериный стиль) – Азия мен Еуропадағы ежелгі сәндік-қолданбалы өнердегі сәндеудің кең таралған түрі, оның ерекшелігі – стильденген жекелеген хайуандардың, олардың денесінің бір бөлігі немесе аңдар айқасының көрінісі. Аңдық нақыш темір дәуірінде пайда болды (б.д.д. I мыңжылдық); ат әбзелдері мен қару-жараққа катысты; алқа, білезік, қол айна және т.б. кездеседі.

Апликация – ою-өрнекті немесе басқа да бейнелердің, заттардың шағын бөлшектерін негізгі фон жазықтығына орналастыру тәсілі. Мысалы, жиһазға металдан (қола, жез және т.б.) қиылған өрнекті орналастыру.

Байтесе – шаңырақ ағашын беттеп, шауып белгілі қалыпқа келтіретін құрал.

Батик – матаға балауыздың көмегімен сурет салынады, сонан соң оны бояуға салады, боялатын мақта-мата кездемелерге, матаның балауыз жағылмаған жерлеріне қолмен сурет салу техникасы. Батик салқын және ыстық болып бөлінеді.

Батырма (орысша тиснение) – көркемдеп өңдеу техникасы, былғары, металл тілімшесі, барқыт немесе өзге де материалдардың үстіңгі қабатына бастыру арқылы бедерлі бейне салу. Металды батырмалау бедерлі суреті бар тас немесе металл қалыптамаға (матрица) металл тілімшесін төсеп, ұрғылау арқылы жүзеге асады. Былғарыны батырмалау (кітап түптеу үшін) қыздырылған металл қалыптамамен жасалады. Барқытты батырмалау қыздырылған темір штамптар арқылы өрнектерді шығарумен жүзеге асады.

Бәдізші (тасшы) – тас қашау өнерімен айналысатын адамдарды жалпыға бірдей ұста (шебер) деген сөзден басқа ауқымды мағынасы. Бұл түсінікке тас қашаушы, тас өрнектеуші, шабушы шебер деген ұғымдар кіреді.

Будуар (французша boudoir) – әйелдердің қонақ бөлмесіне арналған жиһаз.

Витраж (латынша vitrum – әйнек) – әйнектегі картина немесе тегіс металл тордың ішіне әйнектің сынықтарынан (түрлі түсті) орындалған өрнекті немесе сюжетті композиция. Витраждар: күн сәулесін өткізіп, көркемдік әсер береді; терезенің немесе есіктің араларына қойылады, кейде жеке жақтауға салынады.

Галтель – жиһаздың шығыңқы жерлері мен саңылауларын жабатын профилирленген төрткілдеш таспа (тақтайша).

Гротеск – бейнелеу мен көркемдеу сарынындағы үйлесім тапқан қиял мен елеске құрылған өрнек.

Гирлянда (итальянша ghirlanda – алқагүл) – таспамен және масақпен өрілген жапырақ, гүл, жеміс-жидек және сол сияқты сәндік әшекейде қолданылатын бейнелер.

Гризайль (французша gris – сұр) – бір түстің (сұр) түрлі реңктерімен дайындалатын сәндік кескіндеме. Гризайль бейненің бедерлілік әсерін береді, тіпті, толықтай мүсіндік бедерге ұқсатады.

Гриффон – қиялдағы денесі арыстанға, басы мен қанаты бүркітке ұқсас хайуан.

Гротеск – бейнелеу мен көркемдеу сарынындағы үйлесім тапқан қиял мен елеске құрылған өрнек.

Дөдеге – киіз үйдің сыртын айналдыра үзік етегіне салатын түрлі ою-өрнек, әшекей. Ою-өрнек матаға немесе жұқа ақ киізге төгіледі. Жалпақтығы сүйем, қарыс мөлшерінде болады.

Жақып (орысша жакоб) – қызыл ағаштан жасалған жиһаздың стилі, оны қола немесе жезбен безендіруге болады.

Жиһаз (латынша mobilis furniture – жылжымалы) – ғимарат, бөлме, бау-бақша және көше жабдықтарының түрлері: үстел, орындық, кебеже (шкаф), төсек, диван және т.б.

Өзінің құрылымдық және технологиялық ерекшелігіне байланысты жылжымалы, біріктірілген, төбелік және қабырғалық, бөлшекті және бөлшекті-жиналмалы болып бөлінеді.

Жоңғы – үй ағаштарының сыртқы кем-кетігін тегістейтін құрал. Мұны ұзындығы екі сүйем, ені екі елідей темірден соғады. Екі шегінде ағаш саптары бар, өткір жүзді аспап. Мұның түзу жоңғы, қуыс немесе ойыс жоңғы, тісті немесе ыру жоңғы деп аталатын үш түрі болады. Түзу жоңғының жүзі де түзу, өткір болады.

Жүген – қайыстан өріліп, былғарыдан бедерленіп, көркемделіп жасалатын, аттын басына киіліп, оны бағындырып, бағдар беретін ат әбзелдерінің бірі. Ол бірнеше таспадан өріліп, күмістеліп, алтындалып әшекейленеді. Жүгеннің негізгі бөлігі қайыстан өріледі. Оған ноқта, ауыздық, сағалдырық, тізгін, шылбыр жатады.

Зембіл – топырақ, тас сияқты ауыр заттарды салып, екі кісілеп көтеруге арналған жабдық.

Зерен – ағаштан жасалған қымыз, шұбат құятын сырлы ыдыс (шара, сырлы ожау, тостаған).

Зергер – алтын мен күмістен сәндік бұйымдар мен әшекей заттарын жасайтын шебер ұста. Ол зергерлік өнердің күрделі техникалық тәсілдерін жете меңгерген. Зергерліктің құю, соғу, шабу, шеку, керту, оймалау, зерлеу, қарайту, қаптау, аптау сынды түрлерінің бәрін үйлесімді қолдана білген.

Зуһра – зергерлік бұйымдарда пайдаланылатын асыл тастардың бірі.

Интарсия (итальянша intarsio) – Қайта өрлеу дәуіріндегі сәндік-қолданбалы өнер, негізі ағаш бөренеге басқа түсті ағаштың тақтайшаларын немесе басқа материалдар: қола, сүйек, перламутра және т.б. тілімшелерін енгізу тәсілі.

Кабинет – әсемделіп жасалатын шкаф. Ол қағаздар мен құжаттарды сақтау үшін қойылып, бюро қызметін де атқарады.

Кабриоль – жиһаздың иілмелі аяқтары, оларды кейде аңдар мен құстардың аяғына ұқсатып жасайды.

Камея – кесіліп, үсті дөңестелген және сурет бейнеленген жартылай асыл тас.

Кемер – алтын, күміс шауып әшекейленген былғары белбеу.

Кесе (орысша пиала) – сырты әшекейленген ыдыс. Дәстүрлі қазақ қоғамында ыдыстардың барлығы ағаштан жасалған. Шыны (фарфор) ыдыстар кейіннен кірген. Оны шай, сұйық тамақ ішуге қолданады. Кесенің беті ашық дөңгелек етіп жасалады. Ағаштан жасалған үлкен кесені кесе демей, әдетте тостаған дейді. Шыныдан, қыштан жасалып, сырты түрлі-түсті ою-өрнекпен мүсінделіп, әсемделген ыдысты кесе дейді.

Кесте. Тігу. Кестелеу – сәндік-қолданбалы өнердің түрі, онда өрнек пен бейне матада, былғары және өзге де льян, мақта-мата, жүн, жібек, металл жіптермен, сонымен қатар қылмен, моншақпен, інжумен немесе жылтырауықпен жасалады. Кестелеу қолмен немесе кестелеу машинасымен орындалады. Кестелеу тұрмыстық заттар мен киімдерді сәндеу және сәндік панно жасау үшін қолданылады. «Тігу» термині Ресейде XVIII ғасырға дейін кестелеудің барлық түріне қолданылды.

Кереге – киіз үй сүйегінің қабырғалық бөлігі, талдан, жіңішке мойылдан, қайыңнан жасалады. Кереге көздерінің көлеміне қарай тор көзді (кішкене), жел көзді (үлкен) болып бөлінеді. Тор көзді керегеде уық байланатын басы 25, жел көзде 17 бас болады.

Керту (орысша насечка) – металды немесе ағашты металмен кертіп отырып, құрастыру. Заттың үстіне алдымен сурет нақышталады, сонан соң оның орнына жіңішке (алтын немесе күміс) сым кертіліп орналастырылады.

Кескіленген нақыш (немісше grab stichelmanier; французша gravure au burin – тырналау нақышы) – классикалық нақыш – мысқа ыңғайланған металға арналған қашаудың көмегімен жасалатын үңгілеу нақышының ескі түрі. Кескіленген нақышқа қосақтаса қатар түзетін немесе қиғаш тор құратын қатаң ырғақты сызықтар тән.

Киім – адам денесінің жасанды жамылғысы. Киім – адамның отбасылық және қоғамдық жағдайының көрінісі, еңбегі мен тұрмысының мәні, сонымен қатар этникалық әрі жалпыұлттық

ерекшелігі; қоғамның эстетикалық идеалын білдіреді; сән үлгісінің қысқа мерзімдік өзгерісіне ұшырайды.

Консоль (французша console) – қабырғаға бекітілген немесе гүлге арналған тумба сынды тұрғын жайлы интерьердің бөлшегі.

Көздеу (зер салу) – ұсақ алтын, күміс немесе мыс бүршіктер, олар зергерлік бұйымдарға дәнекерленіп қойылады. Көздеу баяғы заманнан белгілі, сәуле мен көлеңкенің және фактураның әсерлі ойнақылығын туғызады әрі бұйымның өрнектік ырғағын байытады.

Көксауыр (орысша кожа высокого качества) – жақсы иленіп, көкбояуға салынған сапалы көн, былғары. Көксауырмен кебіс, мәсі, етік, белдік, былғары тоқымдарды оюлап әшекейлеген. Көксауырдың бетіне арнаулы бедер түсіріп, матадан жапсырып, түсті жіптермен кесте өрнектеуге болады. Кескіндемедегі құш-қон техникасы осы негізде жүзеге асады.

Көркем қыштың (орысша керамика) арнайы құрамы мен жасалуы ерекше: шыны (фарфор), фаянс, майолика, терракота, гончарлық өнімдер сынды күйдірілген саздан дайындалатын көркемдік бұйым.

Көркемдеп соғу (орысшаковка) – көркем туындыға жататын соғылған әшекейлер, жиһаздар, қоршаулар және өзге де темірден соғылған бұйымдарды жасау. Көркемдеп соғудың үздік түрлері, ірі әрі ауыр металл бұйымдардағы бұдырлы өрнектердің елесі көрген жанның танданысын тудырады.

Кілем – көркем тоқыма (көптеген өрнектері бар) бұйымы, оны нысанды сәндеп және жылыту және шуылды басуды қамтамасыз ету үшін қолданады. Матаның фактурасына қарай түкті, түксіз және жүнді (қалы) кілем болып ерекшеленеді. Ортасындағы композициясына қарай медальонды, саятшылық, аңдық, бақшалық, вазалық әрі өсімдік тектес, геометриялық және басқа да кілемдер болып бөлінеді.

Қабырғалық жазбалар (орысша роспись) – сылағы сүрілген қабырғаларда, ішкі төбелерде немесе сәулетті ғимараттарға бекітілген кенепте, қағазда және өзге де материалдарда бояумен орындалған композициялар мен өрнектер. Қабырғалық жазбалар фреска, желімді кескіндеме, темпера, балауызды немесе майлы кескіндемелер арқылы орындалады.

Қамшы – атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстардан көркемдеп өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың аяқ, мүйіздерінен әшекейлеп жасалатын, атты айдап жүргізетін құрал. Оның өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болуы керек. Қамшы құрал болуымен қатар қару ретінде де қолданылған.

Қаңқа (орысша каркас; италянша carcassa – қаңқа) – мүсіндік шығарманың, бұйымның немесе ғимарат құрылысының негізі. Мүсіннің не өзге заттың жасалуы осы қаңқаның түзіліміне байланысты анықталады.

Қобылау – ыдые-аяққа, сәндік қолданбалы өнер түрлеріне қобы салып, сайлы сызық жүргізіп, ойыш шабу тәсілі.

Матуар – металды нақыштауға (пуниктирлік мәнер) арналған құрал. Матуардың түрі шар бейнелі немесе ілгек тәрізді құрыш сабы мен кертiгi бар кішкене келсапқа келеді.

Медальон (французша medaillon) – сопақ немесе дөңгелек пішіндегі бейнелік немесе өрнектік композиция. Медальондар жақтаудың сәндік әшекейлері мен интерьерде қолданылады.

Оюшы – өрнек, бедер жасаушы шебер. Ою өнері қазақта ежелден бері (б.з.б. VIII – I ғ.) дамыған. Өрнек үй жиһазына, киім-кешекке, қару-жарақ және т.б. талап пен талғамға сәйкес қазір де қолданылады.

Папье-маше (французша papier mache – езілген қағаз) – ұсақталып, суланған қағаз, картон және өзге де толықтырушы-қоспалар: бор, балшық, гипс немесе желім сынды қосындылары бар талшықты материалдардан тұратын пластикалық масса. Папье-маше негізгі бутафорлық материал саналады; тұрмыстық және көркемдік модельдерді жасау үшін қолданылады.

Пышақ – жұмыс бөлігі металдан, сабы ешкі мүйізінен, ағаштан, сүйектен жасалатын, бір жағында жүзі бар өткір сайман. Пышақтың сабын сақиналайды, яғни сабына темір жүгіртіп, өрнек әшекей салады. Пышақты қынға салады. Қынды былғарыдан, ағаштан істейді.

Резерваж – металдағы нақыштың түрі, ол қышқылға төзімді грунтпен көмкеріп, тақтаға арнайы сиямен салынған сурет. Сия сумен өңделгеннен соң ісініп, оның үстіндегі грунтты көтеріп, металды жалаңаштап, оны одан әрі өңдеуге мүмкіндік туғызады.

Самиян ыңғыру – іші қуыс ойылған, имек тұмсығынан имек артпа иыққа дейін өткір жүзі бар аспап. Жұмыс бөлігі металдан, сабы ағаштан, мүйізден жасалады.

Сүйек (орысша кость) – ежелгі материал, ол бейнелеу өнерінде сонау ежелгі дәуірлерден бері пайдаланылады. Мүсін және өзге де сәндік бұйымдар жасауда, көркемдеп өңдеуге жарайтын пілдің, мамонттың сүйектері, морждың, қабан немесе сусиырдың, кашалоттың азу тістері, бұланнның, бұғының және т.б. жабайы жануарлардың мүйіздері, сонымен қатар қойдың, ешкінің, сиырдың тоқпан және асықты жіліктері қолданылады. Мұндай сүйектердің түсі де әр түрлі болып келеді (ақ түстен қызыл қоңыр түске дейін). Сүйек әдетте ұсақ пластикада, бедерлемде қолданылады.

Тістеуік – ағаш, мүйіз, металл шегелерді қысып, суырып алуға арналған шағын қысқыш құрал. Бұл сайман металдан жасалады. Жұмырауыз сым темірді иеді, ұзын тұтқа тістеуік зергерлерге қажет. Балық ауыз жай нәрсені қысу үшін, кемпірауыз затты қысып, айналдыру үшін қолданылады. Бұрын тістеуікті қолдан соққан.

Ұңғуыр – ағаштан жасалған ыдыстар мен домбыраның ішкі қуыстарын әрлеп, жонуға арналған, жұмыс бөлігі қайқы, имек металдан жасап, өткір жүз шығарылған сайман. Аузын тар, ішін қуыстап ою үшін имек ыңғыру керек.

Царга – үстелдер мен орындықтардың аяқтарын біріктіретін тақтайдан жасалатын қаңқа.

Шапқы – темір кесетін, темір және өзге жұмсақ металдардың бетін шауып, бедер, сызықтар түсіретін қақталған қатты металдан жасалатын құрал. Шапқының жалпақ, жұмыр және қырлы түрлері болады.

Шеврон – өрнектері ырғақпен қайталанып отыратын сынық сызықтар.

Шпон – әр түрлі ағаштан аршып шығарылған жұқа ағаш беттері, одан көп қабатты фанер мен түрлі ағаш бұйымдары жасалады.

Эфес – «суық» қарулардың (қылыш, қанжар) саптары.

2.5. МҮСІНДІК СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Сәулет өнері (латынша *architectura*) – кез келген нысанды жобалап, салу және оған көркемдік бейне беру өнері. Сәулет өнерінің туындысы әрбір адамның күнделікті тіршілік ортасын қалыптастыратын нысан. Олар – атқаратын қызметіне қарай әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар және түрлі өнеркәсіптік нысандар. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамдар ерте заманнан бері құрылыс салып, баспана тұрғызумен айналысқаны бізге тарихтан белгілі. Уақыт өте келе техника мен технология дамыған соң түрлі ғимараттарды тұрғызып, оларды әрлеп, сәндеп, түрлі бедерлер жасау күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Мүсіндік сәулет өнері әлемдік техника жетістіктері, өткен күн мен бүгінгінің өзара үндестігін және дүниежүзіндегі мүсіндік өнер саласындағы жетістіктерді бейнелеуге бағытталған. Сонымен қатар ел мақтанышы – хандар мен билер, батырлар мен сұлтандар, ақындар мен жазушылар, қоғам қайраткерлері мүсіндерін сомдап, оның қоршаған ортамен үйлесімділігін табуға арналған: Абылай хан (Алматы вокзалы), Кенесары (Астана, Есіл жағалауы), Мұхтар Әуезов (Алматы, театр), Мұқағали (Алматы, акын саябағы) және т.б.

Аванзал (французша *avant* – алды, алғызал) – үлкен шерулік залға бастайтын зал. Аванзал әр түрлі мақсатқа арналған жайлар қатарынан кейін немесе шерулік баспалдақтан соң орналасады.

Акустикалық материалдар – шуылдан қорғау үшін қолданылатын құрылыс материалдары. Акустикалық материалдар дыбыс өткізбейтін және дыбыс жұтқыш болып бөлінеді. Акустикалық материалдар орама, тақтайша, блок, мақта немесе себетін заттар түрінде дайындалады.

Бағана (французша *colonne*; латынша *columna* – дөңгелек бағана) – тіктелген салмақты көтеретін сәулетті өңделген діңгек. Бағана классикалық сәулетті композицияларда: капитель, діңі және базадан тұрады; және энтазисі бар және көрерменге жақсы көріну қажеттілігінен капительге сай жіңішкертіледі. Кейде бағана тұғыртасқа қондырылады.

Бағана өзегі (итальянша *Fusto*) – орташа, шамамен колоннаның цилиндрлік бөлігі, база мен капительдің арасында орналасқан.

База (французша *base*) – бағана, пилястр немесе діңгектің профилирленген асты. Базалар биіктігі мен қырына байланысты ерекшеленеді.

Балюстрада – ионикалық капительдерде екі валюта арасындағы белдікше. Балюстрада ұзын жапырақтармен әшекейленіп, ортасы профилирленген тетіктермен тартылады.

Байланған бағана – өз диаметрінің жартысына жуығы қабырғадан шығып тұрған бағана. Байланған бағана жартысы қабырғамен біріккен, толық тірек ретінде немесе сәндік бөлік ретінде болуы мүмкін.

Бестас, бестін (орысша – особый вид ступенчатого памятника из камня) – тастан жасалған баспалдақ пішіндес ескерткіштердің ерекше түрі. Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Үстірт, Ембі аңғары аймағында кең таралған.

Бұғат (сәулетте) – үй қабырғасының төбесімен түйіскен жері. Ауылдағы қарапайым тұрғын үйлерде бұғат деп итарка сырғауылдарының (шабақтарының) қабырға жанындағы ұшы шығып тұрған белдеуді де айтады.

Бұрыштық гриф орта ғасырлық сәулет өнерінде сәнді безендірілген базаның бөлшегі, ол бағана өзегінен плиттің төрт бұрышына шығып орналасқан.

Вилла (латынша villa – мекенжай, қоныс) – қала сыртында арнайы салынатын бау-бақшалы үй. Алғашқы виллалар б.з.б. III ғасырда Италияда пайда болды.

Волюта (латынша voluto – домалату) – ортасында көзі бар шиыршық тәрізді сәулеттік деталь. Волютамен консольдардың ернеуін, порталдардың жақтауын, есіктерді, терезелерді және т.б. безендіреді.

Вотивтік бағана (латынша votum – серт) – діни ғимараттағы жеке тұрған бағана: антикалық шіркеудің қасиетті жерінде құдайларға арналған вотивтік заттар бейнеленген. Вотивтік бағаналар өтінішті қанағаттандыруға, арылу мақсатына немесе берілген сертті орындауға қолданылған.

Галерея (французша galerie – жабық өткел) – кең мағынада ұзындығы енін бірнеше еселейтін жартылай ашық жарық ғимарат, тар мағынада тірек қабырғаларға, бағаналарға, аркадаларға жалғасатын, ғимараттың сыртқы аумағында орналасқан жабық өткел.

Дандана – қазақтың дәстүрлі сәулет өнеріндегі құрылыс жасау әдісі. Ғимараттың қабырғалары мен баспалдақтарының жиектеріне кірпішті тігінен қойып, көлбеу бағыттап, қатарымен біркелкі қалау әдісі. Ол ғимарат құрылысының аяқталғанын көрсетеді. Дандана әсемдік пен қатар ғимараттың берік болуына да ықпал етеді.

Дарбаза – биік, кең, екі жаққа жарылып ашылатын есік. Дарбазаны кейде қақпа деп те атайды. Дарбазаның екі жақтауы белгілі қашықтықта орналасып, маңдайшасы мен жақтаулары ою-өрнекпен безендіріледі.

Дуал (парсыша – там үйдің қабырғасы) – аула, мал қора, бау-бақшаның соқпа қоршауы. Ерте замандағы Шығыс қалалары көбінесе биік дуалдармен қоршалған.

Дыбыс өткізбейтін төсеніш материалдар – орама немесе тақтайша түріндегі акустикалық материалдар, олар қабатаралық бөлгіштің құрылымында, ішкі қабырғалар мен аралықтарда, діріл өткізбейтін төсеніш ретінде машина мен құралдардың астына қолданылады. Дыбыс өткізбейтін материалдар қаңқасының серпілмелі ерекшелігі және оның арасында бос ауаның болуы, соққының қуаты мен дірілді азайтуды қамтамасыз етеді.

Дыбысжұтқыш материалдар – дыбыс жұтқыш қаптамада қолданылатын акустикалық материалдар: техникалық құрылғы және өндірістік нысандағы шудың деңгейін азайту, сонымен қатар қоғамдық ғимараттардағы акустикалық қасиетті жақсарту және жағымды естілетін жағдайды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Діңгек (орысша столб) – сәулет өнеріндегі діңгек, мұнара тәрізді биік шеңберлі құрылыс немесе құрылыс көлемінің бұрыштарына сән беру үшін салынған жұмыр ұстын. Ежелгі сәулет мәдениеті ескерткіштері Сараман Қоса, Бегім ана, Көтібар батыр кесенелерінде қолданылған.

Жарты бағана (ағылшынша wall column) – диаметрінің жартысына дейін қабырғадан шығып тұрған бағана. Құрылым жағынан жарты бағана нысанның беріктігін арттыратын контрфорсқа ұқсайды.

Желдеткіш – тұрғын жай және ондағы қызметтік аумақтың метеорологиялық жағдайы мен ауасының гигиеналық әрі техникалық талаптарға сәйкес тазалығын қамтамасыз етуге арналған қондырғы және шаралар жүйесі.

Жиектас (орысша бордюр) – бір түзу сызықтың бойымен қайталанатын, бірдей пішіндердің жиынтығынан тұратын өрнекті тас әшекей.

Зал (ағылшынша hall) – бір мезетте көптеген адамды сыйдыруға есептеліп, тамаша безендірілген үлкен жай. Ерекшелігі: дене шынықтыру, акт, концерттік немесе көрермендер залы.

Импост (французша imposte – арканың тірегі, таяныш) – қабырға немесе бағаналарды аяқтайтын бөлік: түрі сөреге немесе фигуралы ернеуге ұқсас және одан жоғары орналасқан арқаға тірек болады.

Интерьер (французша interieur – ішкі жарық) – ғимараттың ішкі жайын сәулеттік және көркем безендіру. Интерьер: сәулеттік шешімдерді: жайдың өлшемін, пішінін, терезе, тірек, өзге де шығыңқы заттардың орналасу үйлесімін әрі олардың бір-бірімен үйлесімін; безендірудің мән-мағынасын: жиһаздары мен жарактандыруды қалыптастырады.

Каннелюра (французша *cannelure*) – бағана немесе пилястрдің ұшындағы тік науашық. *Канделябр бағанасы* – әр түрлі кесіндісі бар балюстралық бағана.

Картиналық галерея (грекше *pinax* – картина + *theke* – орын-жай) – картиналарды жинауға арналған сарай залы немесе ірі мұражайдағы кескіндеме бөлімі; немесе кескіндеме туындылары ілінетін көркем мұражай. Картинаның еуропалық түрі, кескіндеме әлемін қоршаған ортадан оқшаулайтын жақтауды (рама) талап етеді. Картинаның Қиыршығыстық түрі еркін тұратын шиыршық қағаз сынды дәстүрлі пішінді сақтайды.

Капитель (латынша *capitellum* – бас) – құрылымдық – көлденең арқалықтың жүгін қабылдайтын тік тіреудің жоғарғы бөлігі. Көне сәулетте капительдің төрт негізгі түрі белгілі: дорикалық; ионикалық; коринфтік және ионикалық пен коринфтікті біріктіретін композиттік.

Кенерелік – ғимарат едені мен қабырғасының жапсарындағы саңылауды жауып тұратын құрылыстық бөлік. Кенерелік жылу және дыбыс өткізбейді әрі бөлме ішіне сән береді, сондықтан да оны қырлап, әшекейлеп жасайды. Еден қандай материалдан төселсе, кенерелік те содан (мыс, ағаш, бетон, қыш, т.б.) жасалады.

Кесене (орысша мавзолей) – 1) қабір, бейіт, зират, мола басына салынатын күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш; 2) түркі халықтары үйді, қоныс-тұрақты, төбесі жабылған құрылыстарды да кесене деп атаған.

Колоннада (французша *colonnade*) – қатар немесе көлденең арқалықпен біріктірілген бағаналар қатары. Бағаналар көлденең жалпылама жазықтықта орнатылады: төменге қарай үлкен тепкішектер түрінде кеңейе түседі немесе жалпылама тұғырға ұқсайды. Әдетте колоннада шерулік залды жиектейді; кейде жеке нысан болады.

Коттедж (ағылшынша *cottage* – шаруа үйі) – жанында шағын жері бар, жеке отбасыға арналған екі қабатты тұрғын үй. Төменде ас-су және шаруашылық орналасса, жоғарыда демалатын бөлмелер орналасады. Бөлмелері бір-бірімен ішкі басқыш арқылы жалғасады. XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстан қалаларында да коттедждер бой көтере бастады.

Күмбез (арабша құббаз; парсыша томбэд – төңкерілген аспан, дөңес шатыр) – жалпы жобасы шеңберленіп келген (кейде көп қырлы, эллипске ұқсас, т.б.) ғимараттар мен құрылыс нысандарының төбесін жабуда қолданылатын құрылымдық бөліктің бір түрі. Күмбез ғимарат төбесін құрсаулай бүріп тұрумен бірге үстіңгі салмақтың қабырғаға біркелкі түсуін қамтамасыз етеді. Күмбез жасау б.з.б. III ғасырдан белгілі. Ең алғашқылары солқылдақ жас шыбықтарды иіп, балшықпен салынған күрке тәрізді жасалды. Ежелгі дәуірде ол тастан немесе қызыл кірпіштен салынды.

Қызметтік бағана – сәулеттік жинақтың өкшесіне дем беретін қосымша бағана немесе нервюра және бүкіл қабырға биіктігімен жалғасқан жарты бағана.

Қызыл сызық (орысша красная линия) – көше, алаңдардың құрылысын жүргізуге арнайы бөлінген шежараның нормалық сызығы.

Мансарда (французша *mansarde*) – ғимарат шатырының ішінен жасалатын қосымша бөлме. Мансарда үй бөлмесінің санын арттырумен қатар, оған сән беретін сәулеттік мәні де бар. Мансарда сөзі XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бас кезінде үй құрылысында шатырдан бөлме шығару тәсілін тұңғыш қолданған француз сәулетшілері Ф. Мансар мен Ж. Ардуэн Мансардың есіміне байланысты аталған. Қазақстанда мансарда жасау XX ғасырдың екінші жартысында кең өріс алды.

Моншак. Шытыра моншак; інжу бауы. Моншак – шытыра және сопақтау бөліктерден тұратын бедерлі өрнек.

Муфтирленген бағана – діңінің ұшы үшбұрышты бөлшектерге бөлінген бағана.

Ордер (бейнелеу және сәулет өнерінде) – тірек қызметін атқаратын бағана тәрізді тіреулер мен діңгектерден құрастырылған сәулеттік композициялардың бір түрі. Олар негізінен дорлық (жұпынылық пен беріктікке негізделген сәулеттік шешім), иониялық (әсемдік пен салтанатқа негізделген сәулеттік шешім) және коринфтік (көркемдік жағынан өте бай сәулеттік шешім) ордерлер болып бөлінеді.

Орын-жай (ағылшынша apartment) – ғимараттың ішіндегі кеңістік: арнайы қызметтің мақсаты анықталған және жан-жағынан құрылыстық құрылымдармен қоршалған: қабырғалармен (есік және терезелерімен), жабынды және еденмен қамтылған. Жылжымайтын мүлікті кешеннің бөлшегі: натурадан ажыратылған; тұрғын және тұрғындық емес мақсатта өзбетінше қолдануға арналған; жеке немесе заңды тұлғалардың меншігінде болады.

Өрнек (латынша ornamentum – әшекейлеу) – қатарласып ырғақпен қайталанып отыратын бөліктерден құралған оюлар. Өрнектерді белгілі бір пішінмен кеседі немесе қатты кестелеп, нақты бір сарынға нақыштайды. Өрнек жазықтықты толықтыру үшін бөлікке бөліп, жиектеу үшін; ғимараттың жақтауы мен ішкі қабырғасы, төбесін безендіру үшін қолданылады.

Пагода (португалша pagoda. Санскриттік bhagov – қасиетті) – Шығыс Азиядағы сәулет өнеріндегі көп қабатты шатырлы күрке немесе мұнара тәрізді құрылыс.

Пандатив – ғимарат күмбезінің ұшар басына орналасқан, сомдалған мүсіндік әшекей.

Пандус (французша pente douce – еңкіш жазық) – баспалдақ орнындағы түйетабан көлбеу жолақ. Бүгінде пандус «мүгедектерге» арналған баспалдақ деген түсінік қалыптасқан. Еліміздегі тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар пандуссыз салынса, пайдалануға рұқсат берілмейді.

Панно (французша panneau – жазықтық) – 1) сәулеттік құрылыстың қабырғасына не төбесіне өрнекті таспамен, сомдалған жақтаумен жиектелген, майлы бояумен немесе мүсіндік бедермен салынған әшекей; 2) құрылыс интерьеріне арналған суретшінің аяқталған картинасы.

Плафон (французша plafond, plat тегіс, fond – ішкі төбе) – ішкі төбе мен күмбез астындағы кеңістікті кескіндеме мен бедерлеу арқылы сәулетті ғимараттарды сәндеудің бір түрі. Плафон жазбасы әдетте сюжетті, ою-өрнекті немесе сәулеттік пішінді алмастыратын бейне болып келеді. Композициялық ерекшелігіне орай, бароккода кеңістік елесіне (иллюзия), классицизмде ғимарат ішінің сәулетіне бағынды.

Плинт – бағананың негізіне қойылған шаршы массалық тақта; бағана базасының төменгі бөлігі.

Портал (латынша porta – кіреберіс) – монументті ғимараттың сәулетті бейнеленген және есіктері ойылмалы өрнектерімен сәнделген шерулі кіреберісі.

Протодорилық бағана – каннелирленген капительсіз бағана.

Ростральдық бағана (латынша columna rostrata) – жеке, өзінше тұрған бағана, ұшы кемелердің тұмсығындағы мүсіндік (тұлғалық) бейнелермен безендірілген. Ростральдық бағаналар теңіздегі жеңістердің құрметіне немесе елдің теңіздік мықтылығының нышаны ретінде тұрғызылды.

Сағана (түрікше сак – сақтау) – сәулет өнері мен мүсіндік шығармаға ортақ түсінік. Неолит дәуірінен табылған мингирлер, тас обалар, ағаш бағандар түріндегі сағаналар ежелгі дәуірден белгілі. Тақта тас, көктас, мүсін түрінде Ежелгі Египет пен Жерорта теңізі жағалауында, Қытайда кең тараған. Қазақстан мен Орта Азияда күмбез түрінде кірпіштен тұрғызылады. Оның беті сырланып, өрнектеледі, майоликамен қапталады.

Сахна порталы (латынша portale – қақпа) – сәулетті портал: сахнаны жоғарыдан және қырынан көрермен залынан бөліп тұрады және порталдық жақтауды бейнелейді (сахна айнасы). Әдетте сахна порталы жоғары жағы доғалданған тік бұрышты пішінді болып келеді. Портал аркасының ішкі жағынан көтерілетін немесе қозғалатын шымылдық орналасады. Порталдың көлемі, оның құрылымына, көрермен залының сыйымдылығына, қойылымның мән-мағынасына байланысты болып келеді.

Субұрқақ (латынша fons; орысша фонтан – қайнар) – сәулетте негізгі ғимарат жанына салтанатты сипат беру әрі ауаны жақсарту мақсатында орнатылатын су атқылайтын қосымша құрылыс. Алғаш (көне дәуірде) фонтандар ауыз су көзі ретінде пайдаланылды. Сылдырап аққан кәусар су бірте-бірте сәулет өнерінің туындысы мен мүсін ескерткіштерінің ғажайып сұлулық беретін сәндік құралына айналды. Қалалар мен саябақтарда кеңінен қолданылады.

Спира (латынша *spira* – имек) – бағана базасының маңызды емес бөлігі: торустың астында орналасқан және төмен иілген кейіптегі цилиндр тәрізді.

Сүмбіл (немісше *spille*; голландша *spil*) – ғимараттың жоғарғы жағынан пирамида не конус тәрізді болып аяқталатын биік бөлімі. Әдетте оның биік үшкір ұшына жалау немесе мүсін орнатылады.

Төрттен үш бағана – қабырғадан өз диаметрінен 3/4 шығып тұрған, байланған бағана.

Тыстаматас – сәулеттік ғимараттардың сыртын сәндеп, әрлеу үшін қолданылатын түрлі-түсті тастар.

Тік тіреу – ішкі қабырғаны алмастыратын тірек, бағана, пилястр.

Хауыз (хаус) – шығыстық құрылыс салу тәсілі, су жиналатын тоғандарды, бөгеттер мен бассейндерді атайды.

Цитадель (итальянша *cittadella* – шағын қала) – 1) қорғанның бекініс құрылыстарымен қоршалған орталық бөлігі; 2) байырғы қалалардың ішінен тұрғызылатын бекініс құрылысы; 3) ауыспалы мағынасында тірек, кіндік, негізгі табан тіреп орын.

Іргемас (латынша *fundamentum*) – сәулеттік құрылыстың, мүсіндік монументтің беріктігі үшін төселетін мықты негіздеме.

Шошала – қарапайым табиғи материалдардан, негізінен, тастардан, иленген саман кірпіштен, тығыздала буылған қамыс бөліктерінен тұрғызылып, жаз және қыс айларында ет және басқа да азық-түлік өнімдерін сақтауға арналған құрылыс түрі.

Энтазис – ғибадатханалардың эмоциялық сипатын арттыру үшін жасалатын сәулеттік әдіс. Бағана өзегінің ортаңғы бөлігінен төмен қарай жуандауы әдетте оның төменгі 1/3 бөлігінде орналасқан. Энтазис өзектің қисаюын болдырмайды.

Тарау бойынша қорытынды:

Бұл тарауда дәстүрлі бейнелеу өнерінің негізгі жанрлары графика, кескіндеме, мүсін, мүсіндік сәулет өнері және сәндік-қолданбалы өнер салаларына қысқаша сипаттама жасалған. Сонымен қатар орыс, ағылшын, түрік тілдерінде жария болған ғылыми еңбектерден аударылған терминдердің түсіндірме сөздіктері келтірілген.

Сұрақтар:

1. Дәстүрлі бейнелеу өнері дегенді қалай түсінесіз, басқа өнерден қандай айырмашылықтары бар?
2. Графикалық өнер дегеніміз не?
3. Кескіндеме өнерінің негізгі терминдеріне шолу жасаңыз. Түсінгеніңізді баяндаңыз.
4. Мүсін өнерінің қандай салалық ерекшеліктерін атай аласыз?
5. Бейнелеу өнеріндегі портрет деген сөзді қалай түсінесіз?
6. Қондырғылы мүсіндер жайлы не білесіз?
7. Қайдай танымал дәстүрлі бейнелеу өнері шеберлерін білесіз, мысал келтіріңіз.
8. Сәндік-қолданбалы өнер дегенге мысал келтіріңіз.
9. Дәстүрлі бейнелеу өнерінде кең таралған қандай жанрды білесіз, мысал келтіріңіз.

ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ



КӨЗАЙЫМ БОЛҒАН КӨРНЕКІ СУРЕТТЕР

*Графика, кескіндеме, мүсін,
сәндік-қолданбалы өнер,
мүсіндік сәулет өнері*






Қолына бақыт құсын қондырған қыз. сулы бояу. С. Попова
«Қазақстан барысы» қазақ күресі жобасы. Логотип. Авт. белгісіз, мат. галамтордан алынды



Қазақ халқының батырлары. Плакат. Авт. белгісіз, мат. галамтордан алынды
Мұстафа Өзтүрік атындағы таеквондо қалалық біріншілігі. Банер. Д. Мұхамеджанов
Қазақ халқының зиялылары. Плакат. Авт. белгісіз, мат. галамтордан алынды



«Өрнек.kz» граффити фестивалінің өрнектері. Авт. белгісіз, галамтордан алынды
«9-мамыр» сахнаның графикалық долбары. Д. Мұхамеджанов



«Аңшы дастарханы» картинасы. Сызбалық нобай. Д. Мұхамеджанов

Ет турайтұн тақтай. Нобай. Д. Мұхамеджанов


«Шал» көркем фильмінің банері. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды



Сәулеттік ғимараттың графикалық өрнегі. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды

«Ат омырауластыру» ұлттық ойын. Марка. Д. Мұхамеджанов


«Тымақ ұру» ұлттық ойын. Марка. Д. Мұхамеджанов



«Қырғыз-қазақ сарбазы» графикалық сурет. Авт. белгісіз, ғаламтордан алынды

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің графикалық өрнегі. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды

Кимешек киген қазақ қызы. Түсті графикалық сурет. С. Попова




«Жас Абай», кенеп, майлы бояу. Ә. Қастеев
«Абылай хан», кенеп, майлы бояу. Ж. Қайрамбаев
«Келін», кенеп, майлы бояу. Б. Зәуірбекова



«Тумар ханым», кенеп, майлы бояу. А. Дүзелханов
«Қазақ вальсі. Биші Шара Жиенқұлова», кенеп, майлы бояу. Г. Исмаилова
«Күлтегін», кенеп, майлы бояу. Д. Қасымов



«Еркіндік», кенеп, майлы бояу. Ж. Қайрамбаев
«Дастархан», кенеп, майлы бояу. А. Ғалымбаева




«Ара», кенеп, майлы бояу. Е. Төлелбай

«Бақыт», кенеп, майлы бояу. С. Айтбаев

«Бұрымдылар», кенеп, майлы бояу. Г. Исмаилова



«Бата», кенеп, майлы бояу. Н. Қарымсақов



«Мизам шақ», кенеп, майлы бояу. Ө. Жұбаниязов


«Кездесу», кенеп, майлы бояу. Д. Қасымов





«Көктем», кенеп, майлы бояу. К. Қыстаубаев
«Ата жолы», кенеп, майлы бояу. Ө. Жұбаниязов



«Қыз қуу», кенеп, майлы бояу. Ө. Жұбаниязов
«Көкпар», кенеп, майлы бояу. Қ. Телжанов




«Көш», кенеп, майлы бояу. Е. Ким
«Әл-Фараби даңғылы», кенеп, майлы бояу. Б. Тұрғымбай




«Сәтті күн», кенеп, майлы бояу. Б. Тұрғымбай

«Қызыл түйені сауу», кенеп, майлы бояу. Ө. Сыдыханов




«Алаш», кенеп, майлы бояу. Б. Тұрғымбай

«Таулар», кенеп, майлы бояу. К. Қыстаубаев



«Бурабай көлі», кенеп, майлы бояу, көшірме. Д. Мұхамеджанов

«Қарасай батыр», кенеп, майлы бояу. А. Дүзелханов



«Шаңқай түс», кенеп, майлы бояу. Д. Мұхамеджанов

«Көк жайлау», кенеп, майлы бояу. Б. Тұрғымбай




«Қызды күшпен алып кету», кенеп, майлы бояу. Ө. Қастеев

«Ана мейірімі», кенеп, майлы бояу. К. Муллашев



«Қыз ұзату», кенеп, майлы бояу. Е. Төлепбай


«Кездесу», кенеп, майлы бояу. Ө. Жұбаниязов



«Абылай хан», кенеп, майлы бояу. А. Дүзелханов

«Ақшамдағы балықшы», кенеп, майлы бояу. Д. Мұхамеджанов

«Неке батасы», қағаз, сулы бояу. С. Попова



«Абылай хан - 1711-1781», кенеп, майлы бояу. А. Дүзелханов

«Аға портреті», кенеп, майлы бояу. Ж. Қайрамбаев

«Дала әуені», қағаз, сулы бояу. С. Попова




«Композиция», кенеп, майлы бояу. Р. Әмірзақ

«Қыз Жібек», кенеп, майлы бояу. А. Дүзелханов



«Абай» ж.б. 13,7 м., қола, гранит. Мүсіншісі: Хәкімжан Наурызбаев, сәулетшісі: И. Белоцерковский. Алматы, 1961 ж.
 «Шоқан Уәлиханов» б. 8 м., қола, габбро. Мүсіншісі: Хәкімжан Наурызбаев, сәулетшісі: Ш.-А. Уәлиханов. Алматы, 1969 ж.
 «Нұркен Әбдіров», қола, гранит. Мүсіншілері: Ю.В. Гуммель, А.П. Билык, сәулетшісі: Л.Е. Воробьев. Қарағанды, 1967 ж.
 «Ғани Мұратбаев» б. 2,5 м, т.б. 1,85 м., қола, гранит. Мүсіншісі: аты-жөні белгісіз ленинградтық мүсінші, сәулетшілері:
 С. Сапарғалиев, Г. Ускова. Қызылорда, вокзал алды, 1975.



«Мұхтар Әуезов – 1897-1961», қола, лабрдорит, гранит. Мүсіншісі: Ескен Сәргәбаев, сәулетшілері:
 О.Ж. Баймұрзаев, А.С. Қайнарбаев. Алматы, 1980 ж.
 «Ильяс Жансүгіров», қола, гранит. Мүсіншісі: Төлөген Досмағамбетов. Талдықорған, 1994 ж.
 «Жамбыл», қола, гранит. Мүсіншісі: Бақытжан Әбішев, сәулетшілері: С. Баймағамбетов, Т. Ералиев, С. Фазылов. Алматы, 1996 ж.




«Үш би: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би», қола, гранит. Мүсіншілері: Мұрат Мансұров, Асқар Нартов. Нұрлан Далбай, сәулетшісі:
 Қ. Жарылғапов. Нұр-Сұлтан, 1998 ж.
 «Мұхамед Хайдар Дулати», қола, гранит. Мүсіншілері: Д. Әлдеков, Н. Рүстемов, сәулетшісі: О. Әуезов. Тараз, 1998 ж.
 «Қаныш Сәтбаев – 1899-1964», қола, гранит. Жоба авторлары, мүсіншілер: Төлөген Досмағамбетов, Ольга Прокофьева, сәулетшілері:
 А. Қайнарбаев, Б.Ф. Досмағамбетов. Алматы, 1999 ж.
 «Қарасай батыр – Ағынтай батыр», қола, гранит. Мүсіншісі: Болат Досжанов. Петропавл, 1999 ж.



«Ахмет Байтұрсынұлы», қола, гранит. Мүсіншісі: Төлеген Досмағамбетов. Қостанай, 2000 ж.

«Сұлтан Бейбарыс», гранит. Мүсіншісі: Қадырхан Хәкімов, сәулетшілері: Қ. Жарылғапов, К. Жұмабай. Атырау, 2000 ж.

«Мұқағали Мақатаев – 1931-1976», қола, гранит. Мүсіншісі: Нұрлан Далбай. Алматы, 2002 ж.




«Темірбек Жүргенов», гранит. Жоба авторы, мүсіншісі: Ескен Сергәбаев. Алматы, 2002 ж.

«Ауған соғысы қаһармандарының рухына арнау», қола, гранит. Мүсіншісі: Қазыбек Сатыбалдин, сәулетшілері:

Т. Ералиев, В. Сидоров. Алматы, 2003 ж.

«Әбілхан Қастеев», қола, гранит. Мүсіншісі: Нұрлан Далбай. Алматы, 2004 ж.



«Әлия Молдағұлова», қола, гранит. Мүсіншілері: Бақытжан Әбішев, Ескен Сергәбаев, сәулетшісі: Ж. Айнабеков. Нұр-Сұлтан, 2008 ж.

«Әлкей Марғұлан», гранит. Мүсіншісі: Нұрлан Далбай. Алматы, 2010 ж.

«Сүйінбай Аронұлы», қола, гранит. Мүсіншісі: Мейрлан Әзмағамбетов, сәулетшісі: Қ. Жарылғапов. Талдықорған, 2010 ж.



«Керей мен Жәнібек хандар» ж.б. 12 м., қола, гранит. Жоба авторы, мүсінші: Ренат Өбенов. Нұр-Сұлтан, 2010 ж.

«Қазыбек би», қола, гранит. Мүсіншісі: Мұрат Мансұров. Қарағанды, 2011 ж.

«Нұргиса Тілендиев» ж.б. 9 м., қола, гранит. Мүсіншісі: Мейірлан Әзәмағамбетов, сәулетшісі: Қ. Жарылғапов. Алматы, 2011 ж.




«Жүсіпбек Елебеков», гранит. Мүсіншісі: Мәлік Жүнісбаев. Алматы, 2011 ж.

«Бәйдібек» қақталған мыс, қола, гранит. Мүсіншісі: Н. Рүстемов. Шымкент, 2012 ж.

«Мағжан Жұмабаев», қола, гранит. Жоба авторы: Қазыбек Сатыбалдин. Петропавл, 2012 ж.

«Кенен Әзірбаев», қола, гранит. Мүсіншілері: Бақытжан Әбішев, Ескен Серғәбаев,

Ақылбек Орманбеков, сәулетшісі: Ж. Айнабеков. Алматы, 2013 ж.



«Амангелді Иманов – 1873-1919» б. 6,3 м., қола, гранит. Мүсіншісі: Х.Б. Асқар-Сарыджа, сәулетшісі: Т.К. Бәсенов. – Алматы, 1950 ж.

– Еліміздегі алғашқы атты ескерткіштердің бірі.

«Өтеген батыр» б. 4,1 м. т.б. 7 м., бетон, қақталған мыс, мәрмәр. Мүсіншісі: Д. Жолшиев, сәулетшісі:

М. Ким. Жамбыл облысы Қордай кенті, 1999 ж.

«Абылай хан», қола, гранит. Мүсіншісі: Қазыбек Сатыбалдин, сәулетшілері: С. Баймағамбетов, Т. Ералиев,

В. Сидоров, М. Еркенов. Алматы, 2000 ж.

«Әбілқайыр хан», қола, гранит. Мүсіншісі: Ескен Сергәбаев. Ақтөбе, 2000 ж.



«Кенесары хан», қола, гранит. Мүсіншісі: Нұрлан Далбай, сәулетшісі: Ш.-А. Уалиханов. Нұр-Сұлтан, 2001 ж.

«Алпамыс батыр», б. 15 м., қақталған мыс, мәрмәр, гранит. Жоба жетекшісі: Асқар Әбдешев, мүсіншілері:

Әлімжан Абылаев, Құралбек Қосыбақов. Шымкент қаласына кіреберісте, 2014 ж.

«Исатай-Махамбет», кешені. Қола, гранит. Мүсіншілері: Бақытжан Әбішев, Ескен Сергәбаев, сәулетшілері:

С.Т. Бөкебай, Б.Ж. Тайталияев. Атырау, 2003 ж.




«Наурызбай батыр», қола, гранит. Мүсіншісі: Нұрлан Далбай, сәулетшісі: Қ. Жарылғапов. Алматы облысы Қаскелең қаласы, 2006 ж.

«Қабанбай батыр», қола, гранит. Мүсіншілері: Мәлік Жүнісбаев, Болат Құсайынов. Талдықорған, 2010 ж.

«Райымбек батыр», қола, гранит. Мүсіншісі: Едігө Рахмадиев. Алматы, 2012 ж.

«Сұраншы мен Саурық батырлар», қола, гранит. Мүсіншісі: Мейірман Әзмағамбетов, сәулетшісі:


Қ. Жарылғапов. Алматы облысы Ұзынағаш кенті жанындағы төбе, 2013 ж.




«Еркіноі», қола Бауыржан Жуасбаев. Алматы
«Райымбек», қола, тас. Бауыржан Жуасбаев. Алматы
«Толқын», ағаш. Бауыржан Жуасбаев. Алматы



«Материнство», ағаш. Қазбек Дулатов. Алматы
«Аңшы», қола, тас. Қазбек Дулатов. Алматы
«Утро», өңделген гипс. Қазбек Дулатов. Алматы



«Сағыныш», ағаш. Дәурен Мұхамеджанов. Алматы
«Жаңғырық», қола, габбро. Дәурен Мұхамеджанов. Алматы
«Шабьт», қола, габбро, мүйіз. Дәурен Мұхамеджанов. Алматы
«Ерікті», ағаш. Бек Телеков. Алматы





«Кездесу», алюминий. Еркін Мергенов. Алматы.

«Мансфельд мадоннасы», ағаш. Төлеген Досмағамбетов. Алматы.

«Хабаршы», ағаш. Төлеген Досмағамбетов. Алматы.

«Ару», қола, тас. Шоқан Төлеш Нұр-Сұлтан.





«Ғашықтар», өйнек. Шоқан Төлеш Нұр-Сұлтан.

«Түйе мінген адам», өйнек. Шоқан Төлеш Нұр-Сұлтан.

«Таң сәрі», қола, тас. Еркін Мақұлбаев. Алматы.

«Ән қанатында», қола. Еркін Мақұлбаев. Алматы.




«Келін», қола, тас. Еркін Мақұлбаев. Алматы.

«Зәмзәм суы», қола. Талғат Серікбаев. Алматы.

«Қиялдағы ару», қола. Талғат Серікбаев. Алматы.

«Шабандоз», қола, габбро. Нұркен Дәукенов. Алматы.






«Томирис», қола. Бақытжан Әбішев. Алматы

«Торс», шамот. А. Андрющенко. Алматы

«Нежность», еңделген гипс. Әсем Абдуллаева. Алматы


«Вечер», қола. Әсем Абдуллаева. Алматы



«Вечность», қола, тас. Әсем Абдуллаева. Алматы

«Дождик», қола. Мәлік Жүнісбаев. Алматы

«Мираж», ағаш. Мәлік Жүнісбаев. Алматы



«Торс», мәрмәр, тас. Мәлік Жүнісбаев. Алматы



«Мұхтар Әуезов», шойын, гранит. Мүсіншісі: Төлеген Досмағамбетов, сәулетшісі: Малбағар Меңдіқұлов. Алматы, 1967 ж.

«Ораз Жандосов», қола, гранит. Мүсіншісі: Н.С. Жураев, сәулетшісі: Т.Е. Сүлейменов. Алматы, 1969 ж.




«Жамбыл Жабаев», гранит. Мүсіншісі: Хәкімжан Таурызбаев, сәулетшісі: Малбағар Меңдіқұлов. Алматы, 1971 ж.

«Д.А. Қонаев», қола, гранит. Мүсіншілері: Т. Досмағамбетов, А.Б. Татарин, сәулетшілері:

А.К. Қаланов, Ш.Ы. Уәлиханов, И.Я. Токар, Б.В. Дмитриевский. Алматы, 1979 ж.


«Абай», гранит. Мүсіншісі: Мәлік Жүнісбаев. Алматы, ҚазҰПУ ғимараты, 1991 ж.



«Ахмет Байтұрсынұлы», гранит. Мүсіншісі: Әділет Жұмабай. Алматы, 1996 ж.

«А.С. Пушкин», қола, гранит. Мүсіншісі: А. Бичугов, сәулетшілері: Т. Ералиев, А. Анчұзов. Алматы, 1999 ж.



«Сәбит Мұқанов», қола, гранит. Мүсіншісі: Н.Ф. Соболев, сәулетшісі: Т. Жанысбаев. Алматы, 2000 ж.




«Тарас Шевченко», гранит. Жоба авторы: В. Рыжик, Алматы, 2000 ж.
«Ғабит Мүсірепов», қола, гранит. Мүсіншісі: Қазыбек Сатыбалдин, сәулетшісі: В. Кацев. Алматы, 2002 ж.




«Қайрат Рысқұлбеков», гранит. Мүсіншісі: Мұратбек Жанболатов. Семей, 2002 ж.
«Жұбан Молдағалиев», қола, гранит. Мүсіншісі: Ю. Баймұқашев, сәулетшісі: А. Кононов. Орал, 2002 ж.
«Нұрғиса Тілендиев», қола. Мүсіншісі: Мейірлан Өзмағамбетов, сәулетшісі: Қазыбек Жарылғапов. Талдықорған, 2010 ж.





«Күләш Байсейітова», өңделген бетон. Жоба авторы: мүсінші: Тілеуберді Бинашев. Алматы, 2011 ж.
«Орал Таңсықбаев», гранит. Мүсіншілері: Қазыбек Дулатов, Тапғат Серікбаев, Еркін Мақұлбаев. Алматы, 2013 ж.




«Тәуелсіздік» монументі, қола, гранит. Мүсіншілері: Әділет Жұмабай, Нұрлан Далбай, Азат Баярлин, Мұрат Мансұров, Қайрат Сұраншиев. Сәулетшілері: Шота-Аман Уалиханов, Қазбек Жарылғапов, Қалдыбай Монтахаев, құрастырушысы: С. Қапамқаров. Алматы, 1996-1998 ж.
«Тәуелсіздік» монументі, үзінді. «Абыз», қола – Алматы.
«Тәуелсіздік» монументі, үзінді. «Алтын Адам», қола, алтындалған мыс. – Алматы.



«Отан – Ана» стелласы, б. 24 м., қола, мыс, гранит. Мүсіншілері: Азат Баярлин, Тілеу Мырзагелдин, сәулетшілері: А. Бексұлтанов, Н. Конопольцев, М. Сүлейменов, А. Кенжетеев, А. Ордабаев. Нұр-Сұлтан, 2001 ж.
«Халықтар достығы» монументі, қола. Мүсіншісі: Серік Нарынов, сәулетшісі: Ж. Айдар. Нұр-Сұлтан, 2003 ж.



«Сүйінші» монументі, қола. Мүсіншілері: ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Комсомол Ленин сыйлығының лауреаты Ж. Молдабаев, А. Молдабаев, сәулетшілері: ҚР Сәулетшілер одағының мүшелері Г. Баймырза, Е. Шахеев, К. Жанәбілов. Қарағанды, 2003 ж.
«Астана жұлдызы» монументі, б. 40 м., қола, алтындалған мыс, гранит. Мүсіншілері: А. Нартов, С. Бекебай, сәулетшілері: С.И. Свистунов, Ю. Флейшман. Нұр-Сұлтан, 2007 ж.




«Астана жұлдызы» монументінің бір бөлігі, жылқылар, қола, алтындалған мыс, гранит. Мүсіншілері: А. Нартов, С. Бөкебай, сәулетшілері: С.И. Севистунов, Ю. Флейшман. Нұр-Сұлтан, 2007 ж.

«Қазақ Елі» монументі, мәрмәр, қола. Жоба авторы – Сембіғали Смағұлов. Мүсіншілері: Нұрлан Далбай, Мұрат Мансұров, Қанат Нұрбатыров – самұрық құс, Дәурен Досмағамбетов – бедерлі мүсіндер. Сәулетшілері: Сәрсенбек Жүнісов, Бақтыбай Тайталиев, Ерлан Жақылбеков. Нұр-Сұлтан, 2009 ж.




«Қазақ Елі» монументі, үзінді. «Самұрық құс» қола, алтындалған мыс. Мүсіншісі: Қанат Нұрбатыров, Нұр-Сұлтан, 2009 ж.





«Өмір дарағы» фонтан, қола. Жоба авторы: А. Баярлин. Нұр-Сұлтан, 2000 ж.

«Білезік», темір. Нұр-Сұлтан



«Арулар», қола. Нұр-Сұлтан



«Бақытым менің», қола. Жоба авторы: Ерболат Төлелбай. Нұр-Сұлтан, 2005 ж.



«Түйелі көш», қола, Нұр-Сұлтан

«Көкбері-Ана мен Ашина», қола. Жоба авторы: Төлөген Досмағамбетов. Нұр-Сұлтан, 1999 ж.


«Балдақ жүзіктер», темір. Нұр-Сұлтан



«Жауынгер», қола. Нұр-Сұлтан

«Алдар көсе», қола. Нұр-Сұлтан




«Жер-Ана», қола, жез. Мүсіншісі: Д. Намдаков. Нұр-Сұлтан, 2008 ж.



«Арқар» келір сәндік мүсіні, қола. Нұр-Сұлтан

«Жылқы» келір сәндік мүсіні, қола. Нұр-Сұлтан




«Барыс» келір сәндік мүсіні. Жоба авторы: Төлеген Досмағамбетов. Нұр-Сұлтан, 1998 ж.



«Бұғы» келір сәндік мүсіні, қола. Нұр-Сұлтан

«Қобыз», бетон, темір. Өскемен

«Құс тұмсық жүзік», фибробетон, темір. Өскемен




«Торсық», бетон, темір. Өскемен

«Сағыныш», бетон. Алматы

«Қазақ аруы» (Абитуриентка), бетон. Алматы

«Еуразия. Алтын ару», алтындалған қола. Қарағанды



«Қобыз», қола. Қарағанды


«Қозы Көрпеш Баян Сұлу», қола. ШҚО, Аякөз қаласы

«Құлағер», қола, гранит. Ақмола обл. Ерейментау кенті



«Гимнаст қыз», қақталған темір. Жезқазған қаласы


«Қыз Жібек пен Төлеген», қола. Тараз



Қазақ өнерінің жауһары - киіз үй. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Киіз үйдің әшекей өрнектері. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.


Киіз үйдің ішкі жабдықтары. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қазақ мұражайындағы жәдігерлер. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Мүйізден жасалған орындық. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.


Қазақы ер, өмілдірігімен. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қазақы әйелдер ері, үзеңгісімен. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Қазақы қалқан мен торсықтар. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Темірден әшекейленіп соғылған есік тұтқасы. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Саба. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Торсық. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Ағаштан ойылып жасалған сандық. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Ағаштан ойылып жасалған ыдыстар. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Ағаштан ойылып жасалған ожау. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Ұлттық нақышта жасалған табақша-кәдесый. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Кентавр. гобелен. М. Мұқанов, Алматы



Қазақ келіні. шыныдан жасалған кәдесый. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.




Қорқыт. қоладан құйылған қобдиша-кәдесый. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Қазақ күресі. шыныдан жасалған кәдесый. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қүміспен күптелген былғары белдік. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.




Тоғызқумалақ ойыны. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
Қазақ шеберлері жұмыс үстінде. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды. ҚХР
Қазақстанның көк байрағы - шеберліктің үлгісі. Шәкен Ниязбеков. Алматы



Елдіктің белгісі - Елтаңба. Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Алматы
Зергерлік өнер түрі: көздері бар қос күміс сырға, сақина. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
Зергерлік өнер түрі: қос күміс сырға, алқа, балдақ жүзік. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
Зергерлік өнер түрі: алтын өңіржиек. «Ақтасты» қорымы. Б.з.д. III-V ғғ. ҚР MOM Қорынан.





Зергерлік өнер түрі: күміс білезік. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
Арх. олжа: сақина. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
Арх. олжа: қос бұғы пішініндегі алтын тоға. Кездейсоқ олжа. Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаулы ауылы. Б.з.д. VIII-VII ғғ. ҚР MOM Қорынан.



Арх. олжа: таудағы барыс, «Алтын Адам» бас киімінің бөлшегі. Алматы обл.

Арх. олжа: бұғы бейнелері бар алтын өңіржиек. Кездейсоқ олжа. Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаулы ауылы. Б.з.д. VIII-VII ғғ. ҚР MOM Қорынан.



Арх. олжа: алтын тәті (диадема). Кездейсоқ олжа. Алматы обл. Қарғалы шатқалы. Б.з.д. II-I ғғ. ҚР MOM Қорынан.



Арх. олжа: алтыннан жасалған бұғы бейнесі (жақтау). Кездейсоқ олжа. Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаулы ауылы. Б.з.д. VIII-VII ғғ. ҚР MOM Қорынан.

Арх. олжа: көне күміс теңгелер. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Арх. олжа: қанатты таутеке пішініндегі қазан әшекейі. Қола. Кездейсоқ олжа. Алматы маңы. Каменск үстірті. Б.з.д. V-III ғғ. ҚР MOM Қорынан.




Арх. олжа: қола шырағдан. Үстіңгі жиегін бойлай 16 бұқашық және ортасында екі атты садақшы бейнеленген. Кездейсоқ олжа. Алматы маңы. Б.з.д. V-III ғғ. ҚР MOM Қорынан.

Арх. олжа: қола қазан. Үш тағанында арқар бейнелері бар. Кездейсоқ олжа. Алматы маңы. Б.з.д. V-III ғғ. ҚР MOM Қорынан.


Ұлттық аспаптарда ойнап отырған өнерпаздар. Фото - Алмас Әлімжан.

«Алтын Адам» алтындалған мүсінше-кәдесыйы. Фото - Алмас Әлімжан.





Қазақи өрнекпен жасалған ғимарат. Алматы

«Сұңқар» шаңғы трамплиндер кешенінің түнгі көрінісі. Алматы



Метро станциясы. Алматы



ҚР Президентінің резиденциясы – Ақорда. Нұр-Сұлтан





Астана ғимараттарының түнгі көрінісі. Нұр-Сұлтан

«Мәңгілік Ел» салтанатты қақпасы. Нұр-Сұлтан



«Қазақстан» қонақ үйі. Алматы





Ақорда алаңы. Нұр-Сұлтан
Елорданың биік те сәулетті ғимараттары. Нұр-Сұлтан




«Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы. Нұр-Сұлтан
Есіл өзенінің жағасындағы үйлер. Нұр-Сұлтан




Жасыл желекті гүлзар. Нұр-Сұлтан
Елорданың қазіргі көрінісі. Нұр-Сұлтан



Бірім Сұлтан мешітінің түнгі көрінісі. Нұр-Сұлтан
Аспанмен таласқан үйлер. Нұр-Сұлтан




«Нұр-Асман» мешіті. Нұр-Сұлтан
«Астана-Опера» опера және балет театрының ішкі көрінісі. Нұр-Сұлтан




Арыстан баба кесенесі. Түркістан облысы
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Түркістан қаласы



Қарахан әулие мазары. Тараз
Айша бибі мазары. Тараз





Өскемен қаласының орталық мешіті. Өскемен
Домалақ ана кесенесі. Түркістан облысы



Мәшһүр Жүсіп мешіті. Павлодар
Қозы Көрпеш – Баян Сұлу мазары. ШҚО. Аяқоз ауданы



Ежелгі Отырар қаласының орны, XIV-XV ғ. Түркістан облысы
Ежелгі Сарайшық қаласының орны. Атырау обл.




Қабанбай батыр мазары. Ақм. обл.
Телегетай кесенесі. Қызылорда обл. Жаңақорған ауданы




Қорқыт Ата көшені. Қызылорда обл. Қармақызы ауданы
Балтабек қажы кесенесі. ШҚО, Аякөз ауданы

III ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ



*Дизайнерлік өнер, медиадизайн,
web-дизайн, этнодизайн,
фотография өнері.*



3.1. ДИЗАЙНЕРЛІК ӨНЕР

Дизайнер (ағылшынша – design; италянша – disegno – сурет пен идея, жобалау) – сурет салушы, жобалаушы, сызу сызушы. Дизайн термині 1600 жылдардан бері белгілі. Ол – шығармашылық, жобалық іс.

Мысалы, бұған дейін орындық жасайтын қолөнерші өзі шебер, өзі дизайнер, өзі дайындаушы болатын. 1800 жылдарға қарай фабрика жұмысшылары арнайы дизайнер әзірлеген дизайн бойынша көптеген орындықтар шығарды. Ақын және дизайнер Вильям Морис 1880 жылдары фабрика бұйымдарына қарсылығын білдірді. Ол қол өндірісіне қайта көшу үшін «Өнер және қолөнер» қозғалысын бастады. Шаңсорғыш сияқты алғашқы электр құралдары көрер көзге кескінсіз болды. Қазіргі уақытта біз үй құралдарының тек жақсы жұмыс істейтініне ғана емес, үй ішіне үйлесімділігіне де мән беріп жатамыз, сондықтан дизайн – қазіргі тауарларды шығарудың маңызды қасиеті («Сұрақ және жауап» энциклопедиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2000).

«Дизайн» термині қазақ тілінде салыстырмалы түрде алғанда жақында ғана пайда болғанымен, оның негізі ерте замандарда-ақ қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқының қолөнер бұйымдарының (қобыз, домбыра, сандық, ожау, торсық, қару-жарақ, сәндік әшекейлі бұйымдар, т.б.) қайталанбас түрлері этнодизайндық үлгіде жасалған. Disegno италян тілінен аударғанда көптеген мағынаға ие. Оның негізінде композиция, ой, ниет, мақсат, жоспар, сызба, сурет, нобай, долбар, кескін, өрнек, үлгі жатыр.

Безендіру өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі кең қолданылады. Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады. (http://old.aikyn.kz/ru/articles/show/13301-bezend_ru_ner_nde_b_s_m_z_t_men)

Қазақ кәсіби дизайн өнерінің бастауында Тимур Бимашұлы Сүлейменов тұр. Ол 1981 жылы елімізде ең алғаш болып дизайн шеберханасын ұйымдастырып, заманауи бейнелеу өнерінің жаңа бағытын бастады. Тимур Бимашұлының бастамасымен 1987 жылы Қазақстан Дизайнерлер одағы құрылды. Тәуелсіз елдің рухани және материалдық байлығының келбеті ретінде алғашқы ұлттық валюта – теңгенің дизайнын жасауға осы Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшелері: Тимур Сүлейменов, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжалилов, Меңдібай Ахин, Досбол Қасымов және т.б. атсалысты.

Сонымен қатар бүгінде әлемге танымал түрлі саладағы дизайнерлер легі көбейіп келеді: Сұлтан Баймағамбетов, Тоқтар Ералиев, Ақмырза Рүстембеков, Болат Құспанғалиев, Ермек Асылханов, Шоқан Матайбеков, Сағындық Жанболатов, Серік Рустамбеков, Бейсен Серікбай, Бөпеш Жандаев, Салтанат Баймұхамедова, Бауыржан Құрманбеков және т.б.

Қазіргі қазақ қоғамында әсемдікке, ыңғайлылық пен жайлылыққа ұмтылған жандар саны күн санап артып келе жатқаны қуантады. Осы әсемдік пен ыңғайлылықты туғызатын дизайнерлер бүгінде барлық жерде қажет мамандыққа айналды. Яғни бүгінгі Қазақ елін дизайнерсіз елестете алмайтын күйге жеттік. Себебі ешбір қызмет саласы дизайннан тыс қете алмайды.

Дизайнның түрлері: *өндірістік дизайн* (1 – машина жасау, көлік, қару-жарақ жасау; 2 – тұрмыстық құрал-жабдықтар мен ыдыс-аяқтар, аппаратуралар, жиһаз, интерьер бұйымдары, медицинаға қолданылатын құрал-жабдықтар және т.б.), *графикалық дизайн* (кітап, жарнама, өндірістік графика мен орауыштар, фирмалық стиль мен белгілер,

кино мен телевизиядағы жарнама), *компьютерлік дизайн* (интернеттегі web-дизайн, game-дизайн, интернеттегі барлық графикалық бейнелеу), *сәулеттік дизайн* (экстерьер және интерьер дизайн), *ландшафтық дизайн* (саябақ, саябақтық өнер, флористикалық дизайн, сәулеттік ландшафт), *көрме эспозициясы* (мерекелік безендірулер, түрлі шараларды әрлендіру), *киім дизайны* (кутюре, прет-о-парте, сыртқы және ішкі киімдер, күнделікті және арнайы киімдер) және этнодизайн (әлемдегі түрлі этностардың салт-дәстүріне байланысты заттар) бұлардың барлығы бүгінгі біздің өмірімізбен тығыз байланыста.

Айдентика – компанияны жан-жақты қабылдауды қамтамасыз ететін констант жүйесі. Визуалды айдентика – бұл әдетте компанияның атауын (компания атауы), таңбасын (логотип), әріптері мен реңктік сызбаларын қосатын визуалды сәйкестендіру жүйесі. Компанияның сәйкестік визуалды элементіне баспа түрлерін де (бланк, қорап, каталог пен брошюра), сонымен қатар электронды түрлерін де (сайтта, мобильдік қосымшаларда, почта бланкілерінде) табуға болады. Вербалды айдентиканың элементіне слоган, сөзді логотип, фирмалық сөзді джингл жатады.

Апликация – ою-өрнекті немесе басқа да бейнелердің, заттардың шағын бөлшектерін негізгі фон жазықтығына орналастыру тәсілі. Мысалы, жиһазға металдан (қола, жез және т.б.) қиылған өрнекті орналастыру.

Афиша (французша affiche – хабарлау) – алдағы уақытта болатын мәдени-бұқаралық шараның өтетіндігінен алдын ала хабар беретін ақпараты бар бейне мен мәтін, графикалық өнердің бір түрі.

Баннер – әдетте, ақпараттық немесе жарнамалық мазмұндағы графикалық немесе мәтіндік ақпараты бар тік бұрышты мата кездемесін білдіреді. Полиграфиялық баннерлер – жарнамаға арналған түрлі қондырғыларда орнатылған керме (перетяжка), ұрандық (транспарант) іскерлік ортада оның синонимі саналады. Бұл бұйымдардың барлығы сыртқы жарнаманың тиімді әрі әсерлі құралдары саналады және кең пішінді баспа тәсілімен басып шығарылады. Оларды өндіру үшін негізгі материал ретінде қалың, полихлорвинилді құйылған қабықша, жиі қолданылатын баннерлік мата қолданылады. Ғимаратты, мінбені, бұқаралық шараларды безендіру сынды талаптарды орындау үшін баннерлік матаны баннерлік торға алмастырады, себебі ол құрылғының жалпы салмағын азайтып, салбыраңқы қатпарлар әсерін болдырмайды.

Баспа – қағаз, картон, таспа (пленка), қаңылтыр, пластмасса және өзге де баспаға жарамды материалдың бояулы бетіне баспа машинасының көмегімен бейне салу.

Баспатаңба – нақыш, литография немесе монотипия беті: не көркем баспа графикасының аяқталған туындысы; не көркем баспа графикасы туындысын жасау процесіндегі аралық кезең ізі ретінде болуы мүмкін.

Баспахана (немісше drucker; французша imprimeur – баспахана) – құжаттарды, өнімдерді басуда өндіру үдерісімен айналысатын мекеме.

Батик – матаға балауыздың көмегімен сурет салынады, сосын оны бояуға салады, боялатын мақта-мата кездемелерге, матаның балауыз жағылмаған жерлеріне қолмен сурет салу техникасы. Батик салқын және ыстық болып бөлінеді.

Билборд (ағылшынша billboard – афиша, тақтадағы жарнама) – халық көп жүретін жолдарда, күре жолда, алаңдарда орнатылатын, оқшау тұратын жарнамалық қалқандар. Жарнамаға арналған билбордтардың ең көп қолданылатын танымал әрі ең тиімді көлемі – 3 × 6 м («еуростандарт») және 3 × 12 м. Билбордтар немесе жарнамалық қалқандар – жарнамалық құрылымдардың бір түрі. Ең үлкен құрылым болғандықтан, мұнда түрлі өнімді немесе қызметті тиімді әрі әсерлі жарнамалауға болады. Негізінде бұл жеке тұратын жарнамалық салмақты металқұрылғы. Адамдар мен көліктер көп жүретін көшелерге, арнайы орындарға қойылады. Билборд өзінің ірі көлеміне сай, ұсынылған материалдардың жақсы көзге түсетіндігін қамтамасыз етіп, жарнаманың тиімділігін арттырады.

Билбордтың негізгі артықшылығы: ірі жарнамалық қалқан, олар жарнамалық акциялардың кез келген түрін өткізуге қолданылады; кез келген жерге – автомагистралдарда,

калада да орнатуға болады; жаяу жүргіншілер мен көліктер ағынын әсерлі қамтиды; билбордты бағыттаушы көрсеткіш ретінде де қолдануға болады. Өндірістегі билбордтар технологиялық ерекшелігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: жарнамалық ақпарат ілінетін беттеріне қарай бір, екі, үш немесе төрт жақты болып келеді; қалқанның пішіні тегіс, V бейнелі немесе үш бұрышты болуы мүмкін. Металды құрылымдар түріне қарай жиналмалы және жиналмайтын билбордтар болып бөлінеді. Сонымен қатар жарнамалық қалқанның мырышпен немесе фанермен қапталған түрі де ұсынылады. Мұндай құрылымның қалқанды жағымсыз ауа райынан, күнге шағылысудан, дымқылдықтан қорғайтын арнайы қоспасы болады.

Брендмауэр – тұрғын үйлер мен ғимараттардың тұтас қабырғаларына орнатылатын, үлкен көлемде керілген керме немесе ілінген қалқаншалар түріндегі жарнамалық хабарландырулар. Брендмауэр сыртқы жарнама құралы ретінде пайда болғанына аз уақыт болса да оның танымалдығы күн сайын артуда. Бұл жарнамалық пішін ең алдымен соңғы уақытта жоғары сапалы кез келген көлемдегі төсемдерді оңай басып шығаратын баспа технологиясының дамуына, сонымен қатар, өз жобаларында баспалдақсыз, балконсыз және терезесіз тұтас қабырғалардың болуын ойластырған сәулетшілердің арқасында мүмкін болды.

Бриф (немісше *brief* – хат) – әріптестік орнатуды жоспарлаған тараптардың алдын ала жасалатын хатталған келісімі. Онда келешектегі графикалық, бағдарламалық, медиалық немесе басқа да жобалардың барлық негізгі бағыттары көрсетіледі.

Брошюра (французша *brochure* – тігу, тікпе) – қатты түптемесі жоқ, мұқабалы шағын кітапша. Жарнама өнімінің бір түрі. Әдеттегідей, жүйелі басылып шықпайтын, көлемі 4-тен кем емес, бірақ 48 беттен аспайтын мәтінді кітаптық шығарылым. Беттері бір-бірімен жіппен тігіліп, қапсырманың, бұрағыш сымның немесе басқа да тәсілдердің көмегімен біріктіріледі. Брошюра-каталог фирманың тауарлары мен қызметі жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Олар қажеттілігіне қарай газеттік қағазға басылған мәтінді брошюрадан бастап, алуан түрлі болып келеді.

Бүктеме (орысша буклет) – жарнамаға арналған баспа өнімі. Бүктеме сырттай қарағанда брошюраға ұқсайды. Әдетте, бүктеме – А3 немесе А4 көлемінде, бірнеше ақпараттық жолаққа бүктелген парақ. Ұтымды құрастырылып жасалған бүктеме жақсы нәтижелі жарнама әкелуі мүмкін. Бүктеме өзіне көп мәліметтерді сыйғыза алады әрі парақшаға қарағанда ұзағырақ қызмет етіп, өз құнынан арзанырақ болып келеді. Бүктеменің тағы бір артықшылығы – мәліметтерді бөліп салу мүмкіндігіне ие.

Бэклит (ағылшынша *backlit* – қабықша) – жарықөткізгіш және жарықшашқыш жақсы тәсілеті бар, түрлі (баннерлік мата, қағаз, арнайы жабындысы бар қабықша (пленка)) материалдардың жалпылама атауы. Бэклиттің түрлері: өзі жабысатын баннерлік мата, транслюцентті баннер, қағаз, ПЭТ-бэклит (бұл негізінен бэклитке бастыруға тапсырыс бергендегі түсінік).

Визитка – жарнама өнімдерінің ең тартымды түрлерінің бірегейі әрі алғашқылардың бірі. Бұл туралы алғашқы мәліметтер ежелгі Қытайда б.з.д. II-III ғасырлардың аралығында кездеседі, онда қытай шенеуніктеріне аты-жөні мен атқаратын қызметі жазылып, қызыл қағаздан жасалған жеке карточкасы болуды міндеттеген-ді. Міне содан бері визиттік карточка, негізгі байланыс ақпаратын тасымалдаушы болып келеді. Біріншіден, ол көп орын алмайды, әмиянға, визитка салғышқа тіпті қалтаға да оңай сыйып кетеді. Екіншіден, визиттік карточка керексіз ақпараттармен мезі қылмайды, онда тек сіздің білуіңізге тиісті нақты мәліметтер ғана болады. Үшіншіден, визитканың көз тартатындай безендірілуі де елеулі рөл атқарады.

Винилдағы баспа – жарнамалық немесе дизайнерлік мақсатта қолдану үшін жазбаларды немесе суретті иілгіш материалға көшіру тәсілі. Мұндай баспа түрінің пайда болғанына көп уақыт болмаса да, бүгінде өте танымал. Бұл – жарнама тасымалдағыштың кез келген түріне жапсыра отырып, ерекшеленудің тиімді тәсілі. Өнімнің соңы түрлі пішінде болуы

мүмкін, барлығы оның қолданылатын жабдығына және қандай мақсатқа арналғанына байланысты болады. Винилдағы баспаның қолданылу аясы өте кең. Оны мына мақсатта қолданады: көлік құралдарына жапсырма (автобус, жүк және жеңіл көлік); кәдесыйлық, имидждік, жарнамалық магниттер (оның ішінде көлемділері де бар); жарнамалық стендтер; балалардың ой дамытатын ойындары, пазлдар; ақпараттық белгілер, панелдер; магниттік визиткалар, күнтізбелер, блокноттар; дүкендер мен кеңселер үшін жарнамалық жапсырмалар; интерьерлік бұйымдар мен тұрмыстық техникаларға арналған сәндік салпыншақтар мен әшекейлер.

Винилді баспаның материалдары. Виниль – полимер негізіндегі иілгіш материал. Оның бірнеше түрі болуы мүмкін: 1. Қарапайым. Қолдан жасалған полимерлі жұқа материал. 2. Магнитті, винил мен ферриттен жасалады. Соңғысы жабыспалығын қамтамасыз етеді. Жапырақша неғұрлым қалыңдау болса, оның магниттік жабыспалығы өте әсерлі, сонымен қатар бұйым металды жазықтықтың бетінде солғұрлым мықты бекітіледі. Мұндай материал тозбайды, өте берік, оның бетіндегі суреттер сарғаймайды, сызылмайды. Ультракүлгін сәулелерге, ауа температурасының өзгеруіне, дымқылға төзімді. Токсині жоқ болғандықтан, экологиялық қауіпсіз саналады.

Витраж (латынша vitrum – әйнек) – әйнектегі картина немесе тегіс металл тордың ішіне әйнектің сынықтарынан (түрлі-түсті) орындалған өрнекті немесе сюжетті композиция. Витраждар күн сәулесін өткізіп, көркемдік әсер береді; терезенің немесе есіктің араларына қойылады, кейде жеке жақтауға салынады.

Диодсәулелі жүгіртпе жолды табло – тауар мен қызметті тиімді жарнамалау құралы. Жарнаманың мұндай түрі жарқын динамикалық пішінде, аз ғана жарнамалық орын алып, ақпаратты тұтынушыға молынан жеткізеді әрі оның назарын өзіне аударады. Жүгіртпе жол таблосы бүгінде сыртқы жарнаманың ең ұтымдысы. Динамикалық қозғалысы бар жарықтағы жарнама мен ақпарат, өзгелерден ұтымды ерекшеленіп тұрады. Электронды таблодағы жарнамалық ақпаратты тұрақты әрі тегін жаңартып тұруға болады.

Диорама (грекше dia – арқылы + horama – көрініс) – дөңес пландағы подрамникте оқиғаны сол қалпында көз алдына әкелетін әсер беретіндей алдыңғы планда бутафорлық және нақты заттармен, нысандармен бейнеленген (соғыс тақырыбындағы) таспабейнелі картина. Диорама: жасанды жарыққа есептеледі; арнайы павильондарда орналасады.

Жапсырма (стикер) – қарапайым, әсерлі әрі тиімді жарнама тәсілі. Жапсырмалар тауарлар мен қаптамаларда сәнді безендірудің элементі, сонымен қатар автокөліктің визуалды тионинінің бір элементі ретінде кең қолданыс аясына ие болды. Жапсырмалардың пішіні мен көлемі сан түрлі болып келеді. Олардың көмегімен барлық нәрсені безендіруге болады.

Жарнама (ағылшынша advertising) – қаржыландыру көзі анық көрсетілген, БАҚ нысаны арқылы жүзеге асатын, жеке көрсетілмейтін, тауар мен қызметті жылжыту тетігі. Жарнама сөзінің түсінігі өте кең, оны таралу көлеміне қарай ғаламдық, мульти – ұлттық, аймақтық, қалалық, жергілікті; сезім мүшелеріне қарай: визуалды көру, есту (ауызша), иіс сезу, дәм сезу, түйсік сезу және т.б. жіктеуге болады.

Жарнама құралдары – оларды бес үлкен топқа бөлуге болады: баспасөз, телевидение, радио, жарнама, кино. Көркем безендірілу жағынан ақ-қара, бір түсті, екі түсті, түрлі түсті, мәтін, бейне, фотосурет пайдаланған және затты жарнамалар: салпыншақ әшекей, оттық, қалам, кәдесый және т.б. болып жіктеледі. Сондай-ақ «тірі» және «жылжымалы» жарнамалар түрі бар: тірі – модельдердің дүкендерде жүріп, фирманың киім үлгілерін көрсетуі, ал жылжымалы жарнамаға – жеке, қоғамдық және арнайы мақсаттағы автокөліктер, кемелер, ұшақтар және т.б. жатқызылады.

Жоғары баспа – баспа түрі, онда басылатын бөлшектердің пішіні немесе тақталар бір жазықтықта жатып, ара-арасы ғана шығыңқы болып келеді. Жоғары баспаға дөңес нақыштың барлық түрі, цинкография жатады.

Журнал – тұрақты айдарлары бар және түрлі қоғамдық-саяси, ғылыми, өндірістік мақалалар немесе өзге де мәселелер бойынша әдеби-көркем шығармалар жарияланып тұратын баспа басылымы.

Изография – қолтаңба, қолжазба және т.б. дәлме-дәл келтіру. Изография бейнелеу жарнамасында көркемдік тәсіл ретінде қолданылады.

Каталог – қызметтер, тауарлар немесе басқа материалдарды ұсынуға арналған баспа өнімі. Сондықтан да ол – бизнестің маңызды бір бөлшегі, оны клиенттер алдында ұялмай көрсету үшін оған ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы құрастырылған каталог компанияның қызметі мен өнімдерін клиентке таныстыруда маңызды рөл атқарады.

Кенеп (жарнамада – сәнді тұсқағаз). Бейнені кенепке басып шығару – кескіндеме мен көркемдік фотосурет тәсілдері тоғысатын бейнелеу өнеріндегі жаңаша ағым. Шығармашылықтың мұндай түрі танымал картинаның сапалы көшірмесін алып қана қоймай, сонымен қатар басты кейіпкері болып табылуы мүмкін өзіндік бірегей өнер жауһарын жасауға мүмкіндік береді. Бұл стиль өз өмірінің жарқын сәттерінен ұзақ жылдар бойына естелік ретінде қайталанбас әрі бірегей сый жасап қалдыруға және заманауи бейнені классикалық сюжетке өзгертуге мүмкіндік бере алатындығымен де қызықты.

Көгалдандыруды жоспарлау тәсілдері – нысандар, өсінділер, жол-соқпақтық жүйелер мен тоғандарды мынадай сәйкестікпен орналастыру тәсілдері: көгалдандыру нысандарының қызметтік міндетіне және экологиялық, эстетикалық, инженерлік-техникалық және басқа да талаптарға сәйкестендіру. Негізгі жоспарлау тәсілдері: ландшафттық композиция, тұрақты және еркін жоспарлау.

Көліктегі жарнама (орысша реклама в транспорте) – заманауи технологиялардың ерқасында тез дамып келе жатқан сыртқы жарнама түрі. Бүгінде көліктегі жарнама басқа жарнама тасымалдаушыларға қарағанда арзанырақ. Сонымен қатар ол «жылжымалы» әрі ерекше дизайнмен жасалғандықтан, оның визуалды тиімділігі де жоғары. Көліктегі жарнаманың негізгі бағыты мынадай: қоғамдық көліктегі жарнама (автобус, троллейбус, трамвай, метро вагондары), жеке және жүк көліктеріндегі және ұшақ, тікұшақтар мен суда жүзгіш қайықтар мен кемелердегі имидждік жарнама. Бұл жарнама түрінің мынадай үш түрі бар: 1) қоғамдық көлік салоны ішіне ілінетін планшеттер; көлік құралдарының алдыңғы және артқы бөліктеріне, сондай-ақ бүйірлеріне орналастырылатын сыртқы жарнамалық тақтайшалар; қоғамдық көлік бекеттерінде және олардың төңіректерінде орналастырылатын бекеттік таблолар.

Күнтізбе – көлемі шағын болып келетін қашан да сұранысқа ие санаулы баспа өнімдері түрлерінің бірі. Адамдар ежелгі өркениеттерден бері күнтізбелер шығарып келеді. Әлемге әйгілі Майя күнтізбесін еске түсірсек те жеткілікті. Бірақ біз өткен тарихымызда қиын кезеңді бастан өткердік, ал күнтізбелер әлі де шығарылуда. Күнтізбенің көптеген түрлері бар: тоқсандық, кеңселік, салалық, қалталық және т.б.

Қағаз графикалық жұмыстар үшін ең басты материал болып саналады. Қағаз шамамен б.з.д. II ғасырда ең алғаш рет Қытайда ағаш қабығынан, жібектен дайындалды, бірақ ол өте нашар, сынғыш болды. Еуропада XI – XII ғасырларда талшықты шүберектен жасай бастады, ол қалың, беті бұдыр болып келді. Қазіргі қағаздар целлюлозадан жасалады, оның түсі ақ, көркемсуретке арналған бірнеше сұрыпты түрлері (ватман, торшон) бар.

Қасбеттік жарнама (орысша фасадная реклама) – сыртқы жарнама және маңдайшалық шығынқы жазуларды көптеп жасатады, себебі сыртқы жарнама нарықтағы қызметтер мен тауарларды өткізуде ең тиімді тәсілдердің бірі саналады.

Қозғалмалы стелла (орысша мобильная стелла) – жылжымалы стелла, оны негізінен сауда залдары мен көрмелерде қолданады. Стеллалардың негізгі орны кеңсе, жанармай қалың бекеті, супермаркет, мейрамхана, бар, кафе және т.б. Стелла тегіс немесе жұмыр (дөңгелек пішінді) болуы мүмкін. Дөңгелек панел тегіске қарағанда жасалу уақыты ұзағырақ және бағасы да қымбатырақ болып келеді. Бірақ жарнама берушілерге бұл бөгет бола алмайды, ірі компаниялар әдетте жұмыр стелланы қалайды, себебі олар тегіс стеллаға

қарағанда анағұрлым әсерлі көрінеді. Кейде жарнама берушілер алынып-салынатын панелі бар стеллаларға тапсырыс береді, себебі бұл өте ыңғайлы, бетіндегі ақпаратты ауыстыру қажеттігі туындаса немесе қосымша ақпарат ілу керек болса бетіндегі ескі панелді жаңасына ауыстыра салады.

Лайтбокс (ағылшынша lightbox – сәулелі қорап) – сыртқы жарнаманың ең қажетті түрлерінің бірі. Оның қатты металдан қаңқасы, үстіне жарнама материалы жабыстрылған сәулелеткізгіш қабаты бар, ал жарықтың қайнары осы қораптың ішінде болады, сондықтан лайтбокстағы ішкі жарықтың әсерінен жарнама түнгі уақытта жарқырап көрінеді. Сәулелі қорап – сауда алаңдарын жарнамамен безендіруде ең көп қолданылатын құрылғылардың бірі. Бұл – брендті жарнамалау жүйесінің ажырамас бөлшегі. Лайтбокстарды кез келген дүкенде, ірі сауда орталықтарынан бастап шағын навильондарға дейін кездестіруге болады. Жарнаманың бұл түрі өзінің бағасына сай тиімділігімен, әсерлілігімен кең қанат жайған. Қолданылатын мақсатына қарай қасбеттік және жарнамалық қорапша болып бөлінеді. Лайтбоксқа әдетте өте қатты талап қойылады, оның ұзақ уақыт бойы өңі сақталуы керек, себебі ескірген, ажары қашқан лайтбокстар, иесінің деңгейінің қандай екендігін көрсетсе керек. Егер лайтбокс ғимараттың сыртына қою үшін сатып алынған болса, ол кез келген жерде орнатуға ыңғайлы әрі ауа райына да төзімді болуы керек. Тартымдылық, ұзаққа шыдамдылық, монтажға ыңғайлылық мұның бәрі сәулелі қорап – лайтбокстың арзан әрі тиімді жарнама құралының табыстылығын құрайды.

Көлемді әріптер (орысша объемные буквы) – сәулелі көлемді әріптер сыртқы және ішкі жарнамалық безендірудегі ең әсерлі тәсілдердің бірі. Үстіңгі қабаты түсті сәулешашқыш акрилден немесе полистиролдан жасалады. Өте үлкен көлемде (3-5 м.) сәулешашқыш баннерлер қолданылуы мүмкін. Көлемді әріптердің қаңқасы пластик, алюминий немесе металдан болуы мүмкін. Осы және өзге де материалдарды қолдану, сәулелі әріптердің қарібіне (шрифт), қолданылатын жеріне оңтайлы болып келеді. Интерьердегі мұндай әріптер әдеттегідей түсті немесе ақ акрил жабыстырылған, қырлы жағы сәулелі немесе сәулесіз болуы мүмкін. Сәулелі әріптер оңай оқылады, тез есте сақталады әрі өте әсерлі көрінеді. Көлемді әріптер ішкі сәулелі немесе сәулесіз де болуы мүмкін. Диодсәулелі техниканың қарқынды дамуы нәтижесінде соңғы уақытта сәулелі әріптердің ішкі жарығының орнына ыңғайлы диодсәулелер қолданылады. Сонымен қатар көлемді әріптерді сәулелендіруде сыртқы жарнамада айтарлықтай орынға ие болған неон қолданылады.

Ландшафтық дизайн – табиғи және жасанды компоненттердің бір-бірімен өзара әрекет етуінен әрі бір-біріне лайықталған табиғи аймақтық кешеннің дизайны мен оны жасау жолдары.

Матадағы жоғары сапалы кең пішінді баспа түрлі қиындықтағы бейнені, тіпті фотосуретті де айнытпай көшіре алады. Безендірудің түрлі саласынан бастап сыртқы жарнамаға дейін және қайталанбас дизайнмен бұйымдар жасауда қолданылады.

Мәзір (орысша меню) – кафе, бар, мейрамхана немесе өзге де дәмді тамақтар мен дәмді тіл үйретін сусындар ұсынатын мекемелерде келушілерге ең бірінші ұсынылатын жарнама түрі. Мәзір асхананың тек визиттік карточкасы ғана емес, сол мекеменің бірегей стилін көрсететін ерекше құжаты саналады. Есіңізде болса, мейрамханаға арналған мәзірде сол мекеме туралы мынадай негізгі мағлұматтар болуы керек: байланыс құралдары, мекенжайы, жұмыс күндері мен уақыты, той-думандар мен банкеттер өткізетіндігі туралы ақпараттар және т.б.

Оракал – су өткізбейтін қасиеті бар, қорғаныш қабатын талап етпейтін жылтыр және күңгірт жабынды. Монтаждаушының біліктілігі мен жазықтықтың сапасына тәуелді. Бір жолақтың ені – 1,45 м, ұзындығы 50 метрге дейін (кескіштің ұзындығына шамалас). Олар жарнамалық акциялардың кез келген түрін өткізуге қолданылады.

Офсет – жалпақ баспа түрі, онда бояу металл баспалық пішіннен қысымның әсерімен резеңке цилиндрге, одан әрі қағазға түседі. Офсет көпбояулы көшірмелерді (репродукция) үлкен тиражбен басуға мүмкіндік береді.

Парақшалар (орысша листовки) – қызметтер мен ұсынатын тауарлар жайлы әлеуетті сатып алушыларды құлақтандырудың ең қарапайым тәсілдерінің бірі. Парақшалар ежелден бері қолданылып келеді. Басында олар саяси немесе қоғамдық ақпараттарды тасымалдаушы ретінде ғана қолданылды. Кітап басу өмірге келген соң парақшаларды жаппай қолдану белең алды. Парақшалар бүгінгі таңда – қарапайым әрі тиімді жарнама тасымалдағыш.

Паспарту (французша passe-partout – бәрінен өтеді) – графикалық туындыны көрмеге қою немесе сақтау үшін оның шетін картон немесе өзге де қатты қағазды ойып безендіру. Паспарту ойған кезде туындының шетіндегі басылған фасеті мен автордың аты-жөні көрініп тұратындай есеппен жасалуы керек.

Плоттерлік кесу – жабысқақ, астында қосарлана жабысқан қабықшасы бар материалға басылған векторлық компьютерлік бейнені дәлме-дәл кесу тәсілі. Кесетін пышақтың жүзіне дәл бағытталған қысымның әсерінен тек үстіңгі қабықша ғана кесіледі. Үстіңгі қабат тілінген соң астыңғы қабықшадан бейнені мұқият ажыратып алады.

Полиптих – композициялық құрылым мен түстік бірреңктік, сонымен қатар ортақ тақырыппен байланысқан бірнеше картина.

Репродукция (латынша reproductio – көшірме) – полиграфия немесе фотосуреттің көмегімен көркем суретті немесе баспа мәтінін бейне (репродукция) түрінде көшірме жасау.

Рулетка (французша roulette – дөңгелекше) – құрыштан жасалған тісті дөңгелекше: білігінің иілген ұшы айналмалы және металда нақыштауға арналған құрал.

Стелла – панелі бар екі жақты қорап түріндегі тік тұратын жарнамалық құрылғы. Стелла ішкі жарықпен немесе сыртқы жарықпен қамтылып жасалуы мүмкін. Оның қолданылатын мақсатына қарай дизайны, көлемі және өзге де сырт пішіні таңдалады. Сыртқы жарнаманың мұндай түрі қондырғылы (стационарлы) және қозғалмалы (мобильді) болып келеді. Қондырғылы – бетон негізге бекітілетін биік стелла (көлемі 1,2 × 8 м). Негізінен қондырғылы стелла жанармай құю бекеттерінде қолданылады.

Сыртқы жарнама (визуалды) – далада арнайы құрылғыда орналасқан уақытша немесе тұрақты бекітілетін мәтін, графика түріндегі жарнама, сонымен қатар ғимараттардың, үйлердің жоғары бөлігінде, көше жабдықтары бөліктерінде, көшенің жүретін бөлігі немесе жол бойларында орналасқан түрлері.

Тампонды (тығынды) баспа – баспа түрі. Кәдесыйлық өнімдерге логотип енгізу үшін қолданылады.

Термобаспа – жоғары температураның әсерімен бейнені (матаға) көшіру.

Тор. Шұрықтесікті (перфорирленген) орақалдағы (тордағы) толық түрлі-түсті кең пішінді баспа. Ғимарат ішіне күн сәулесінің түсуін болдырмайды, бейне терезенің, айнектің және т.б. сырт жағында әдемі күйінде қалып, жалпылама көрінеді.

Шатырлық құрылымдар. Бұл жарнама берушілер үшін өз компаниялары жайлы жалпақ құртқа сенімді түрде жар салудың жақсы амалы болса, сыртқы жарнаманы өндіруші компаниялар үшін жарнама бизнесіндегі биік шыңның бірі. Шатыр қондырғысы өзінің негізгі атқаратын қызметі – бренд немесе тауар (қызмет) жарнамасынан бөлек: жарнама берушінің тұрақтылығы жайлы ақпаратты өзінің мақсатты аудиториясына жеткізеді; мұндай ерекшелігі бар жарнама сыртқы қоршаған сәулетті көрініске өзгеріс әкеледі және қараған жанның назарын өзіне еріксіз аудартады.

3.2. МЕДИАДИЗАЙН

Медиадизайн (немісше mediendesign) – бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) дизайны, яғни медиаөндірістегі коммуникацияның жаңа ортасы. Медиадизайн – БАҚ-тағы ақпаратты мақсатты аудиториясына дұрыс жеткізуші негізгі құрал.

Заманауи медиа саласы телевидение, радио, газет, журнал, кітап, музыкалық клип және кино сынды бірнеше дәстүрлі элементтерді біріктіреді. Бірақ жаңа технологиялардың дамуымен бұл сала кеңейе түсіп, қазіргі кезде интернет, видео және компьютерлік ойындар, мобильді құрылғылар мен смартфондарды да жатқызуға болады.

Медиадизайнер БАҚ-тың атауынан бастап, ондағы әрбір ақпараттың қандай әріппен жазылатынына және қандай түспен берілетініне дейін жауапты. Медиаорта көпсалалы болғандықтан тақырыбы мен орындалу техникасы сан түрлі, сондықтан медиадизайнның профильді қатарына web-дизайн, арт-дизайн, ландшафт-дизайн, теледизайн жатады.

Медиадизайнер – графика, кескіндеме, мүсін сынды дәстүрлі бейнелеу өнерінен базалық білімі бар, композиция мен перспективаны түсінетін, түс тани алатын, үш өлшемді сезіне алатын адам. Сонымен қатар баспа, фото, аудио-бейне монтаж бен түрлі әсерлерді жасауға арналған Corel DRAW, Adobe InDesign, Photoshop, Audio Video Interleaved, Adobe After Effects және т.б. компьютерлік бағдарламаларды меңгерген, заманауи техника мен технология көмегімен телевизия, кино және өзге де мультимедиялық туындыларды (бейне-фото және аудио өнімдер, жарнамалар, сайттар, ойындар және виртуалды әлемнің өзге де туындылары) жобалайтын және сол үдерістерді жүзеге асыратын маман.

Медиадизайнер негізінен мына бағыттар бойынша маманданады: локальді және желілік басылымдар дизайнері (білім беру, ойын-сауық, танымдық және т.б., компьютерлік ойындар дизайнері (тек ойын-сауық үшін ғана емес, білім беру және тәрбиелеуге арналған түрлі компьютерлік ойындар), интерактивті телевизиялық бағдарламалар дизайнері. Заманауи медиадизайнер – бағдарламашы және контент бойынша маман, әрі суретші, әрі психолог, әрі режиссерлікті меңгерген адам болуы керек.

Adobe – медиадизайн саласында 1982 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан америкалық алпауыт компания. Графикалық дизайн, web және полиграфия саласын Photoshop, Illustrator, Acrobat, InDesign, GoLive, Premier сынды бағдарламалармен қамтамасыз етеді. Компания корпоративтік құжат айналымы мен баспа саласында стандартқа айналған Postscript тілі мен PDF форматын дайындаушы.

Adobe After Effects – видео және өзге де динамикалық бейнелерді редакциялауға, түрлі композицияларды (композидинг), анимациялар мен түрлі компьютерлік әсерлерді жасауға арналған Adobe Systems компаниясының бағдарламасы. Түсірілген видеоматериалдарды өңдеуге (түстүзету, пост-продакшн), жарнамалық роликтерді, музыкалық клиптерді түсіруде, түрлі цифрлық анимацияларды (телевизия және web-сайт) жасауда кеңінен қолданылады.

AVI (Audio Video Interleaved) – аудио және бейне жазбалардың кезектесуі. Microsoft компаниясының сандық бейнефайлдарды жазу үшін қолданылатын стандартты кодек және файл форматы.

DSP (Digital Signal Processing) – цифрлық сигналдарды сандық өңдеу үдерісі.

DVE (Digital Video Effects) – сандық бейнеәсерлер үдерісі.

GPI (General Purpose Interface) – монтаждық белгілермен жұмыс істеуге арналған жалпы мақсаттық интерфейс. Әдетте қарапайым байланыстардың импульстар түсетін қажетті уақытта тұйықталу ұстанымы бойынша жұмыс істейді.

Windows Movie Maker – дыбыс (аудио) және бейне (видео) материалдар арқылы фильм жасауға арналған бағдарлама.

Аудиодизайн (саунд-дизайн) – дыбыстық элементтерді анықтау, басқару және жасап өңдеу үдерісі. Бұл мына салаларда қолданылады: телевизия, киноөндірісі, театр, дыбыс жазу, табиғи ән орындау, пост-продакшн және компьютерлік ойындарды әзірлеу және т.б. Дыбыстық әрлеу әдетте бұрын жазылған немесе жаңадан жазылған аудио өнімдерді қажеттілікке сай дыбыстық әсер беру.

Айқасқан монтаж (ағылшынша *cross-cutting / Inter-cutting*) – бірнеше оқиғаның немесе сюжеттік желілері кезектесетін параллельді монтаждың күрделі түрі.

Айна (ағылшынша *mirror*) – әсер, бейнені қабаттауда горизанталды жазықтықта кескінді қарама-қарсы жаққа өзгертеді.

Алғы сөз (орысша *подводка*) – жүргізушінің сюжет алдындағы сөзі. «Студия» немесе «ауызша» сөздерімен көрсетіледі. Бейнемонтажды жазба – мәтінін тілші емес жүргізушінің өзі оқитын шағын сюжет. Мұнда сюжеттің бір бөлігі әдетте бейнемен жабылады. Кейде синхронмен және синхронсыз да болады.

Альфа-канал (ағылшынша *Alpha-channel*) – кесіннің «мөлдірлік» дәрежесін белгілейтін қосымша сигнал.

Анимация (мультипликация) – суреттерді жандандыру. Суреттерді магиялық сиқырдың немесе ұзақ та көп еңбекті талап ететін жұмыстың нәтижесінде суретші-аниматорлардың көмегімен жандандыруға болады. Қазіргі заманғы кинематографияда екінші нұсқасы жиі қолданылады.

Анимэ – мультфильмдерді салудың покемон тәрізді тәсілі. Мультіктерден басқа, жапондық эротика – хентайда қолданыс табатындықтан, қазір онсыз интернетті елестету мүмкін емес.

Аңдатпа (шпигель) – бағдарламада алдағы уақытта не болатынын көрсететін анонс. Әдетте, бағдарлама басында немесе жарнамаға кететін кезде айтылады.

Асинхрон (ағылшынша *Asynchronous/Non-sync*) – бейнематериалда сурет пен дыбыс үйлеспеген кезде пайда болатын ақау.

Ассоциациялық-бейнелік монтаж (ағылшынша *Associative montage*) – кадрлардың тікелей логикалық тәуелділігін емес, ішкі өзара қарым-қатынасын, ұқсастығын, қауымдас-тығын көздейтін монтаждау түрі.

Ашықтық – кескіндер жайлы ақпаратты құраушының бірі. Ү-мен белгіленеді.

Ашықтық рип-кескін (ағылшынша *Luma key(ing)*) – бір бейнедегі нақты бір ашықтық жұмағын басқа бір бейнеге ауыстыру үдерісі.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) (ағылшынша *Mass media*) – көпшілік аудиторияға хабар таратуға арналған баспасөз, радио, телевизия, кинематография, дыбыс және бейнежазу, бейне және телемәтін, жарнамалық қалқандар мен панелдер, сондай-ақ өзге де телевизиялық, телефониялық, компьютерлік байланыс желілері.

Баяндау монтажы / Бір сызықты монтаж (ағылшынша *Continuity editing*) – кадрлардың себеп-салдарлық байланыстары, сюжеттің логикалық дамуы және болып жатқан оқиғалардың хронологиялық негізінде құрылуын көздейтін монтаж түрі.

Баяулату / тездету – әсер, монтаждық жобадағы бейнені қабаттауда сол бейнені оқиғаның жылдамдығын баяулатады немесе тездетеді.

Бейне жазу – телевизия бағдарламаларын, электронды-сәулелік аспаптардың экранынан көрінетін ақпаратты және т.б. бейнелерді сақтау және қайта көрсету мақсатымен жазып алу үдерісі.

Бейнекамера – телевизиялық материал жазуға арналған құрылымы кассеталық бейнемагнитофонмен біріктірілген, шағын әрі тасымалдауға ыңғайлы электрондық

құрал. Бейнекамерада бейне және дыбыс сигналдарын жазу үшін ені 12,7 немесе 8 мм магниттік таспа, диск және флешкарта қолданылады. Сондай-ақ онда жазылған бейнені қайта көруге мүмкіндік беретін электронды бейнеіздегіш те болады.

Бейнеклип (ағылшынша Videoclip) – белгілі бір әннің, жарнаманың оқиғасын ашып көрсету үшін сюжетті және сюжетсіз болып келетін көлемі жағынан шағын көркемсуретті фильм.

Бейнемагнитофонмен монтаждау (A/B-Roll) – белгіленген монтаждық үзінді шеңберінде материалды ойнатуға жұмыс істейтін екі бастапқы бейнемагнитофонмен монтаждау. Бір бейнекөзден рекордерге ақпарат жазылып жатқан уақытта, басқасы берілген белгілер бойынша келесі үзіндіні іздеу жағдайында немесе «пауза» (still) режимінде тұрады. Бір көзден екінші көзге жазу үшін екі көзде тек ауысуы сәтінде ғана ойнатуға жұмыс жасайды.

Бейнередактор (ағылшынша Video editing software) – бейнефайлдарды компьютерде редакциялауға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету.

Бейнеролик – көлемі 30 с 1 минутқа дейінгі шағын фильм әдетте көптеген монтаждық құбылмалы әсерлі пландары болады. Бейнероликтер өз кезегінде компьютерлік, мультипликациялық және түрлі ойындарға арналған болып келеді.

Бейнесигналдардың қабаттасуы (ағылшынша video overlay) – қарапайым аналогты бейнесигналдардың дербес компьютердегі бейнелену тәсілі.

Бұлыңғырлау (ағылшынша Blur) – кескіннің барлығын немесе оның кейбір бөлігін бұлыңғырлататын әсер.

Бэкграунд (ағылшынша background «фон», «артқы план») – 1) тарих, астары бар қандай да бір оқиғаны егжей-тегжейлі білетін тілші тарапынан айтылатын құбылыс; 2) бағдарлама кейіпкерінің биографиялық мәліметтері, шығу тегі.

Вертикалды монтаж (ағылшынша vertical montage) – фильмдегі әр түрлі тетіктердің, ең алдымен бейне мен дыбыстың монтажы. Яғни визуалды қатардың дыбыспен үйлесімділігі дәлме-дәл келуі, бұл көрнекі және дыбыстық бейнелердің бір-бірін толықтырып, нығайтуына мүмкіндік береді.

Генлок (ағылшынша genlock) – сыртқы синхрондау. Екі бейнесигналдың ТВ кадрымен толық қабаттасуы (синхрондалуы). Бірнеше камераны синхрондау үшін қолданылатын ТВ сигналдың көзі генератор, компьютер немесе жүйеде негізгісі болып саналатын камералардың бірі болуы мүмкін.

Географиялық әсер / Географиялық тәжірибе (ағылшынша Creative geography / Artificial landscape) – кезектескен кадрлар әр түрлі жерде түсірілуіне қарамастан бірыңғай жердің иллюзиясын білдіретін монтажды әсер.

Геотитр – телевизия мен киноөндірісінде қолданылатын оқиғаның қандай географиялық аймақта болып жатқанын кадрда анықтап тұратын қосымша титр.

Долли-зум (dolly) – камера қозғалатын арбаша.

Дыбыс режиссері – телевизия мен радиода жұмыс істейтін дыбыстық материалдарды дайындауды ұйымдастыруға басшылық жасайтын, фонотекалық материалдарды таңдайтын, дыбыстың техникалық, көркемдік сапасын бақылайтын, дәл уақытында дыбыстық әсерлерді қосып, тоқтатып тұруды, микшерлеуді, фонограмма жазуды бақылайтын шығармашылық қызмет-кер.

Әлеуметтік медиа – түрлі ақпараттарды (мәтіндік, аудио, фото және бейнеконтент) бір-бірімен өзара бөлісетін қолданушылары бар интернет-ресурстар. Әлеуметтік медиалар: әлеуметтік желілер, блогтар, микроблогтар, фото және бейнехостингтер, еркін энциклопедиялар, әлеуметтік жаңалықтар қызметі, форумдар, геәлеуметтік желілер және басқа да интернет-ресурстар.

Жабыстыру (орысша склейка) – медиадизайнда бір планның басқа планмен түйісуі.

Жапсырма (ағылшынша Join/Joint/Splice) – медиадизайнда екі таспаның (пенка) механикалық бірігуі; қазіргі таңда екі кадрдың байланысы және монтажды ауысудың нүктесі ретінде қолданылады.

Жарық – қуаттың бір түрі. Жарықтың арқасында тірі жаратылыстардың барлығы, оның ішінде адам баласы да айналасындағы әлемді көре алады. Жарықтың өзі көзге көрінбейді, алайда өзі басқа заттардың барлығын көруге себепші болады. Ол түзу сызық бойымен қозғалады, жолында мөлдір емес зат кездесе, сол заттың көлеңкесі пайда болады. Жарық пен қараңғының бейнемонтажда алатын орны ерекше.

Жасанды адам – иллюзияның пайда болуын көздейтін монтаждың әсері, яғни біз экранда әр дене бөлігін салыстыратын кадрлар арқылы бір адамды көріп тұрамыз; бұл әсерді Лев Кулешов анықтаған, ол әр түрлі әйелдердің «бөліктері» арқылы, яғни «бір әйелдің арқасы арқылы, басқа адамның көзі, тағы басқа адамның ауызы, үшіншісінің аяғы арқылы және т.б.» жасанды адамды жасап шығарған.

Жасыл / көк фон (ағылшынша green / blue screen) – кино және телевизиялық түсірілімде біріктірілген түсірілім жасауға арналған аркалық ренді мата. Актерлер қандай да бір қиын трюктерді жасыл (көк) түсті фонда түседі де, кейін ол фонды компьютердің көмегімен басқаша өңдеп қояды.

Жүгіртпе титр – бағдарламаны жасауға қатысқан адамдардың аты-жөндері бағдарлама соңында тез жүгіріп өтетін титр. Ал кейде эфирдегі жаңалықтарда кадрдың астыңғы бөлігінде жіңішке жолақпен берілетін ақпараттар легі.

Жүйелі монтаж / Сызықтық монтаж (ағылшынша linear editing) – бейнелер қалай жазылды тура сол ретпен монтаждау түрі. Яғни бір уақытта әр түрлі жерде түсірілген, хронологиялық бірізділігі сақталған кадрлардың монтажі. Телеарна жаңалықтарында, мәселен, тікелей эфирде бірнеше камерамен түсірілген оқиғаны көрсететін кезде жиі қолданылады.

Жүйесіз монтаж / Сызықтық емес монтаж (ағылшынша non-linear editing) – түсірілген бейнематериалдың үзінділерін нақты хронологиялық маңыздылығына қарамастан, қажеттілігіне қарай монтаждау түрі.

Зияткерлік монтаж (ағылшынша intellectual montage / collision montage) – идеялар мен тұжырымдардың қайшылықты тіркестерін көздейтін және сол себепті эмоционалды тұлғаға емес, саналы ойлауға бағытталған монтаж.

Интершум. 1. Тілші мәтінінің астында жүретін, пушкаға басылған екінші дыбыстық орнадағы дыбыс. 2. Лайв, яғни түсірілім жасау кезінде бейнекамераға жазылатын табиғи дыбыс (стадиондағы жанкүйерлердің гуілі немесе мектеп асханасындағы шуыл).

Кадр (французша cadre – рама; латынша – quadrum – төртбұрыш) – 1) кинокадр – киноға түсірілген нысан қозғалысының бір сәтін немесе орнықты қалпын бейнелейтін кинотаспадағы жеке кескін (пленка); монтаж кадры – қандай да бір әрекет сәтін қамтитын, фильмнің бір бөлшегі; сценарлық кадр – сценарийде сипатталған, түсірілетін әрекет; реактивті кадр – басты кейіпкердің оқиғаға реакциясын көрсететін ірі пландағы сәтін көрсету сәті; 2) телевизиялық кадр – бір дүркіндік телевизиялық толық кескін. Ол кадры кадр деп аталатын, толық емес екі кескіннен тұрады; 3) фотографиялық кадр – белгілі бір өлшеммен түсірілген нысанның жеке дара кескіні.

Кадраралық монтаж – әр түрлі кадрлардың байланысын көздейтін монтаж түрі.

Кадршілік монтаж – түсірілген материалдың құрылымдық үдерісіне қатысы жоқ, оператордың әр түрлі түсіру әдістерін қолдануын білдіретін монтаж түрі (фокустық көшу, камераның бұрылуы, камера көлбеуі, келу, кету және камера қозғалысының өзге де түрлері).

Камео – танымал тұлғалардың эпизодтық рөлі. Жарқын мысал – «Тақиялы періште» комедиялық фильміндегі өзін-өзі ойнаушы Ш. Аймановтың пайда болуы.

Кашеленген фильм – не толық экранға, не кең экранға арналмаған, экранның жұмыс ауқымын азайтатын кашенің (маска) – қалқаның көмегімен дайындалған фильм.

Келу (орысша наезд) – бағытталған бейнекамераның нысанға қарай қозғалысы.

Кескін ішіндегі кескін (PIP) – бір бейнені басқа бейнеге қабаттау әсері.

Кескінді монтаж / Қысқа бөліктерден құралған монтаж (ағылшынша MTV style editing) – белсенді қимылдарды бейнелейтін қысқа кадрлардың кезектесуі, осының

нәтижесінде экранда пластикалық бейнелердің каскадын қалыптасуын сипаттайтын монтаж түрі; көбінесе жарнамада, музыкалық роликтерде кинематографияда кеңінен таралған; кескінді монтаж, әсіресе 1990-2000 жылдары танымал болған.

Кету (орысша отъезд) – бағытталған бейнекамераның нысаннан кері қайтуы.

Колоризация – атақты «Амангелді» фильмінен бері дәстүрге негізделген үрдіс – ақ-қара кинотаспаны түрлі түске бояу.

Компрессия (ағылшынша compression) – бейнетехникадағы деректердің қажетті жиілік жолағының енін немесе ондағы мәліметтерді беру жылдамдығын азайтуға мүмкіндік беретін үдеріс.

Контроллер (Jog-Shuttle) – қолайлы орналастырылған батырмалары бар және өте анық жіңішке корпуста орнатылған құрылғы. Jog-Shuttle-таймлайн кезінде ағымдағы уақытта индикатормен және бейне қосуды басқаратын дөңгелек. Контроллер монтаждаушының күнсайынғы жұмысын едәуір жеңілдетеді әрі арзан жүйесіз монтаж бағдарламаларының кәсіби мүмкіншіліктерін береді.

Контропункт (ағылшынша counterpoint) – көрші кадрлардың контрасты соқтығысуы немесе қарама-қарсы қойылуы – көрнекі және дыбыстық бейнелердің соқтығысуы.

Көлеңке – жарық көзіне қарама-қарсы жақта пайда болатын қараңғы аймақ.

Көп реттік экспозициялау – бұрынғы кинооператорлар түсірілген таспаны қайталап (көп рет экспозициялап) көрсетіп, көркемөнер тәсілі ретінде бірнеше кескінді бір-бірімен қабаттастырып, кейіпкердің сезімін күшейту үшін қолданған. Қазіргі таңда көп реттік экспозициялауды компьютерлік монтаж ығыстырды.

Қабаттау (ағылшынша blur – «шайып кету») – монтаждау кезінде белгілі бір арнайы эсерлерді қабаттап қою.

Қантау (ағылшынша dissolve/Lap dissolve) – бірінші кадрдағы бейне экспозицияның көмегімен ақырындап екінші бейнеге айналатын монтажды ауысудың түрі; әдетте қаптаудың ұзақтығы 2-3 секундты құрайды.

Қарабайыр монтаж (ағылшынша Assembly/Rough cut/First cut) – фильм дайындығының ең алғашқы кезеңі, бұл кезеңде монтаждаушы фильмнің ең алғашқы нұсқасын жасап шығарады, бұл нұсқа сценарийге неғұрлым жақын нұсқа болып табылады.

Қараңғылау (ағылшынша fade) – монтаждық ауысудың бір тәсілі, бейнекадрдың ақырындап бір реңкке айналып, қара фонда жоғалып кетуі («қараңғылауға кету – fade out / fade to black»), ал келесі кадр сол қара фоннан шығады («қара фоннан шығу» – fade in); көбінесе бұл тәсіл екі көрініс арасындағы уақыттық немесе географиялық қашықтықты білдіреді; «қараңғылықтың» ұзақтығы әдетте 1-2 секундты құрайды.

Қашықтық монтаж (ағылшынша distance montage) – «кадрларды басып шығару» ұстанымына құрылған монтаж түрі, яғни екі тіректі кадрлардың мағынасының анықталуы олардың соқтығысуында емес, бір-бірінен алшақтауында және де аралық кадрлар арқылы өзара әрекеттесуінде; қашықтықтық монтаждау теориясы 1960 – 1970 жылдары Артавазд Пелешянмен жасап шығарылған.

Қиғаш жапсырма / Қабаттау (ағылшынша L cut/J cut/Split edit/Audio bridge/Delayed edit) – бірінші кадрда келесі кадрдың дыбысы немесе керісінше бірінші кадрдың дыбысы екінші кадрда жалғасып тұратын вертикалды монтаждың тәсілі және монтажды ауысудың түрі.

Қосақтау / қор (орысша зеркалирование) – материалды эфирге жіберу үшін бір плейлисте қатар жұмыс істейтін екі хабар таратушы серверді (негізгі және қордағы) қолдану. Бір сервер істен шыққанда, екіншісі хабар тарата береді. Сервердің бағдарламалық қамтылуы аталған қызмет режимін игере алуы керек.

Құлақ – құлаққап, бұл арқылы сценарист немесе шеф-редактор жүргізушіге қажетті ақпаратты жеткізеді. «Құлаққа жеткізу» – құлаққап арқылы ақпаратты хабарлау.

Құрамдық бейне / компоненттік бейне (ағылшынша component video) – жарығы мен түсі берілетін бейнесигналдарға арналған термин, мәселен, Betacam форматындағы ұқсас

құрамдас, CCIR 601 стандартындағы сандық құрамдас. Сонымен қатар RGB-де құрамдас компонентті сигнал болып табылады.

Қырылдауық (орысша хрипушка) – ньюсмейкердің телефон арқылы ақпараттық хабарламасы немесе түсініктеме беруі, әдетте жаман сапада.

Линейка – аптаның әр күніне бөлініп қойған бағдарламалардың эфирге шығу кестесі. «Шер» (ағылшынша share «үлес»), «рейтинг» және «тотал» деген сөздерімен бірге типтік телевизияның лексиконын құрайды.

Мамықша (орысша мохнатка) – микрофондағы желден қорғайтын мамық қондырма.

Масштабтап қию (ағылшынша Crop) – кескіннің масштабын өзгерте отырып қию.

Медиа – аудио-, теле- және визуалды коммуникация құралдарының жиынтығы. Ол, сонымен қатар жарнама тарату құралы.

Медиаплан – іс-шараның жарнамалық хабарларының орналасу жоспары. Бұл құжатта іс-шараның қашан, қай жерде өтетіндігі, қамту аудиториясы, қайталану жиілігі және оған қанша қаржы шығындалатыны көрсетіледі.

Метрілік монтаж (ағылшынша metric montage) – монтаж түрі, үзінді кадрлардың ұзақтығына қарай олардың бірізділігін білдіреді. Монтаждалатын үзінділердің ұзақтығы белгілі бір сызбаға сәйкес бірдей немесе өзгеруі мүмкін.

Микроплан – бір планның басқа планға ауысып жатқанында болатын видеомонтаждағы шау.

Монтаж (ағылшынша film editing) – түсірілген материалдарды өңдеудің және қайта қарылымдаудың техникалық және шығармашылық үдерісі, пост-продакшн кезеңінде іске асады.

Монтаж режиссері (ағылшынша director-editor) – монтаж үдерісін басқарушы маман.

Монтаждаушы редактор (ағылшынша editor-montage) – режиссердің және продюсердің нұсқауымен, сценарийге сәйкес фильмнің монтажымен шұғылданатын маман; сондай-ақ синхрондауды, дыбыстауды және т.б. дайындықты жүзеге асырады.

Монтажды ауысу (ағылшынша scene transition / editing transition) – монтажды жасаудың жеке үзінділерін байланыстырудың әр түрлі түрлері.

Монтажды бет (EDL) – монтаждың бір сеансында жүзеге асырылған монтаждың барлық операциялар тізімі.

Монтажды қағаз (ағылшынша dope sheet / crib sheet) – фильмнің егжей-тегжейлі сипаттамасы берілген бақылау құжаты, оның ішінде кадр мазмұны және фонограммалар және т.б. бар.

Монтажды фраза (ағылшынша cutting phrase) – кадрлардың құрастырылған бірізділігі, олардың үйлесуі жаңа бір мән жасайды.

Монтаждық кадр (ағылшынша Shot / Scene / Take) – түсірілген материалдың бір жапсырмадан келесі жапсырмаға дейінгі үзіндісі.

Монтаждық пульт (ағылшынша video editing system / video editing workstations) – сандық кинода жүзеге асыру үшін қажет құрылғылар мен жабдықтар кешені.

Монтаждық үстел (ағылшынша film splicer / film joiner / cutting table / editing bench) – таспалармен (пленка) жұмыс істеуде монтаждауға қажетті құралдар мен жабдықтар кешені; әдетте, желімделген пресс, проекциялық құрылғы, көмескі жарық, конденсор және т.б. қамтиды (қазір бұл процестің бәрі бір монтаждық компьютерге енгізілген).

Монтаждық шешімдердің парағы (ағылшынша editing decision list, EDL) түпнұсқалық дыбыстық жолақтардың деңгейлері мен дыбыстау жолақтарының, монтаждық ауысулар, арнайы әсерлер параметрінің түсірілген түпнұсқалық материал үзінділерімен өзара үйлескенін сипаттайтын жүйесіз монтаждағы қызметтік файлға қолданылатын түсінік.

Мультимедиа – дыбыс, графика, анимация (қимыл-қозғалыс), көріністік үзінділерді және мәтіндерді қатар пайдалана отырып, динамикалық түрдегі бейнелер мен дыбыстық элементтер алу мүмкіндігін беретін арнайы жабдық.

Мэшап (ағылшынша mashup – «араласу») – негізіне шынайы тарихи тұлға немесе шынайы тарихи оқиға алынған фантастикалық немесе мистикалық жанр.

Отыз градус (30-degree rule) – түсірілімдегі және монтаждағы базалық ереже, осыған сәйкес келесі кезектесе орналасқан кадрлардағы бір нысанды көру бұрышы 30°-ден көп өзгермеуі тиіс; ереже бір-бірінен ерекше тамаша кадрларды алуға және артық күрт «өзгерістерді» болдырмауға, сондай-ақ пландардың ауысуын жұмсартуға мүмкіндік береді.

Өзекті монтаж (ағылшынша Axial cut) – кадрдағы нысанның ірілігін күрт өзгертетін монтаждау тәсілі, мәселен, орташа планның ірі планға ауысуы.

Параллельді монтаж (ағылшынша parallel editing) – бірнеше іс-қимылдар бір-бірімен кезектесе отырып монтаждалатын монтаж түрі.

Пасхалық план – кадрдағы адамды белден сәл төмен түсіріп орындалатын операторлық план.

Перебивка (қима) – алдыңғы және кейінгі кадрларда түспеген, дамып жатқан сахнаны монтаждағанда: ірі план, интервью алынып жатқан адамның көзі, қолы, сағаты, микрофон және тағы сол сияқты бөлімдерден тұратын кадрдың түрі.

Перспектива – 2D кескінде 3D кеңістіктің тереңдігін сезіну. Нақты бар кеңістік үш өлшемді, оның тереңдігін қарапайым камерада көрсету мүмкін емес, бірақ көрермендерде сәтті таңдалған түсіру нүктелері, жарықты дұрыс таңдау және т.б. арқылы көлемді сездіруге болады.

Пилот – бағдарламаның жарыққа шығу технологиясын айналдыру үшін түсірілетін бағдарламаның сынақтық шығарылымы.

Пионерлер – бірінші қоңыраудан-ақ бағдарламаға келуге дайын, түсінік беріп, ток-шоуды қарап, интервью беруге дайын тұратын орта деңгейдегі танымал адамдар.

Плашка – телевизия және кино саласында жиі қолданылатын арнайы дизайнмен жасалатын әсер. Яғни бейнекадрдың (әдетте) төменгі жағында адамның аты-жөні және оның атақ-дәрежесі жазылатын көлемі шағын графикалық бейнежапсырма.

Постпродакшн – түсірілген бейнематериалдың соңғы өңдеу кезеңі, дайын бейнероликтің қандай болатыны осыған байланысты. Постпродакшн: монтаж, түсін реттеу (цветокоррекция), компоузинг, 3D графика, дыбыс пен музыканы қосу сынды кешенді жұмыс түрлерін қамтиды.

Прайм-тайм (ағылшынша Prime-Time) – бір тәулік ішіндегі теледидарды белсенді түрде көретін уақыт. Қазақстанда бұл уақыт әдетте кешкі 19:00-22:00 дейін. Радиода таңғы, түскі және кешкі прайм-тайм уақыты деген түсінік бар. Сонымен қатар көрермендер мен тыңдармандарды максималды түрде көп жинайтын телевизия мен радиода тікелей эфир де болады.

Приквел – коммерциялық қажеттілік нәтижесінде табысты фильмнің ерікті тарихы ретінде түсірілген кинокартина.

Продюсерлік монтаж (ағылшынша producer's cut / final cut/fine cut) – мұнда монтаждаушыға продюсерден, студиядан және алдын ала көрсетілімнен кейінгі түзетулер енгізілетін фильмнің дайындық кезеңі.

Проморолик – мақсатты аудиторияға нақты әсер етуге бағытталған жарнамалық бейнероликтердің бір түрі. Промороликтер әдетте нақты бір тауарды (қызметті) насихаттау үшін немесе фирма өміріндегі маңызды оқиға жайында құлақтандыру үшін түсіріледі.

Пушка – камераға қойылған микрофон.

Пэк-шот – жарнамалық роликтің финалдық кадры (немесе қозғалмалы слайд). Терминнің кинематографияға қатысы шамалы. Кейде бір тауардың таңбасын немесе өндірушінің логотипі бар жерін ірі планмен көрсету үшін камераны қасақана бұрған сәтті білдіреді.

Радиодағы жарнама (аудиожарнама) – телевизияға қарағанда арзан болғанымен, жарнаманың бұл түрі бірнеше себептерімен әлі күнге өте өзекті саналады: 1) жалықтырмайды, теледидар жарнамасын тұтынушы көрмей басқа арнаға ауыса салуы мүмкін. Радио жарнама тұтынушыға жағымдырақ, сонымен бірге есте тез жатталады, адам оны аз

да болса тыңдай алады; 2) икемді, радиода жасалған жарнаманы біз кез келген ақпарат тасымалдаушыға көшіріп ала аламыз. Жақсы безендіріліп жазылған аудиоролик арқылы әлемі бейнетүсірілім жасап, оны теледидарға шығаруға болады. Ал керісінше істеу мүмкін емес; 3) есте сақталады, яғни белгілі бір естіген сөздер санамызда жатталып қалады. Фонемалды қасиетке ие; 4) жылдамдық. Радио бұл шапшаң ақпарат, жоғары дәрежедегі коммуникация құралы.

Ракурс, ракурс (французша rассourсіг – «қысқарту») – операторлық өнерде жарық пен көлеңкеге орай түсіретін адамды, затты немесе сәулеттік нысанды кадр композициясында перспективамен сәйкестендіре отырып түсіру. Нысанның төбесінен, астынан немесе жанынан қарағанда қысқарып көрінуін де ракурс деп атайды. Түсірілім нүктесін өзгерту тәсілі. Яғни объектив жазығында камераның қисаюынан пайда болатын перспективалық өзгеріс ракурс деп аталады.

Ратид – өте жылдам болатын үдерістің тым шапшаң түсірілімі (жарылыс, тамшының тамуы және т.б.), нәтижесінде таспаны қалыпты екпінмен айналдырғанда баяу әрекеттің жоғары сапалы ойнатуын алу үшін қолданылады.

Редактор – баспада, радио мен телевизияда мәтінді әдеби тілдің стильдік нормасына сәйкес, басылымның (хабардың) мақсаты мен сипатына сай етіп өңдейтін қызметкер немесе журналист. Редактор – арнаның бағыт-бағдарына, жоспарына сай эфирге (теле және радио-эфир) шығуға тиісті хабардың сценарийін құруға, жанрын анықтауға жауапты адам. Егер хабар басқа адамның авторлық бағдарламасы болса да тиісті бөлімнің редакторы тексереді, эфирге рұқсат береді. Хабар барысында қатысатын журналистерге тапсырмалар беріп, бағыттайды.

Режиссер (французша regisseur; латынша reго – «басқарамын») – таспаға жазылған материалдың басты компоненттері дауыс, оқиғаның дыбыстық бейнесі, музыка, шу, т.б. көркемдік тетіктерді біріктіріп, үйлестіріп отыратын бірден-бір маман.

Режиссерлік монтаж (ағылшынша director's cut) – фильмнің дайындық кезеңі, монтаждаушы режиссермен бірге монтаждың алғашқы нұсқасына түзетулер енгізеді. Фильмнің продюсерлік монтаждан кейін алынған нұсқасына қарағанда режиссер неғұрлым қолайлы деп санаған нұсқасы. Әдетте продюсер нұсқасынан кейін прокатқа жеке шығады.

Рендеринг – барлық эсерлер мен графикалық кескіндерді қолданғаннан кейінгі бейнені түзу үдерісі. Рендерлеу нақты уақытта түрлі эсерлердің есебін білуге компьютердің қуаты жетпеген кезде қажет болады.

РИР (rear) – біріктірілген түсірілім үшін қолданылатын жасыл немесе көк фон (аркалық). Әдетте ТВ-да ауа райының түсірілімі үшін қолданылады.

РИР-проекция – құрама түсірілімнің ежелгі тәсілі – алдын ала түсіріліп қойған материал фонында актерді түсіру. Кинопроектор ғажап жайманың немесе еденде жатқан актердің артқы жағына орналасады.

Сараптамалық редакциялау (ағылшынша analytical editing) – қандай да бір нысанның, кейіпкердің, оқиғаның және т.б. бөліктерін дәйекті түрде көрсететін, кейін сол бөліктерден бұрынғай бейне қалыптасатын баяндау монтажының бір түрі.

Саундтрек (ағылшынша soundtrack) – дыбыстық жолақ – қандай да бір материалдың: фильм, аниме, телехабар, мюзикл, компьютерлік ойындар, сонымен қатар музыкалық альбомдар мен кітаптардың музыкалық сүйемелденуі.

Сиквел – коммерциялық қажеттілік нәтижесінде табысты фильмнің ерікті жалғасы ретінде түсірілген кинокартина.

Символдар генераторы (ағылшынша character generator) титр және тақырыптарды жасау үшін қолданылады.

Синхрон – тікелей сұхбаттасушының сөзінен алынған үзінді.

Ситком «ситуациялық комедия» деген тіркестің қысқартылуынан шыққан. Әдетте оқиғасы бір отбасы төңірегінде жүзеге асатын және кейіпкерлерінде аса қиын емес кенісзідіктер туынадайтын «Айналайын» секілді сериал.

Слэшер – қандай да бір ессіз қанішердің орындауындағы күшті әрі шынайы пышақтасу сахнасы бар қорқынышты фильм («Хэллоуин», «Айқай»).

Стендап – сюжеттегі тілшінің кадрда пайда болған сәті көрінетін бөлігі.

Стоп-кадр / кадрларды көбейту (ағылшынша freeze / freeze-frame / stop-motion trick) – бір кадр қайта-қайта қайталанып, соның арқасында қатып қалу иллюзиясы пайда болатын тәсіл, әрекеттің тоқтауы фильм титрларында жиі қолданылады.

Сына / арасына сыналап кіргізу (ағылшынша cutaway shot / insert / intercut) – әдетте көріністер арасындағы уақыттық алшақтықты көрсету үшін қызмет ететін көрнекі кадрды білдіретін кадраралық монтаждың тетігі.

Стоп-камера (ағылшынша stop-motion / single frame technique / arret) – екі кадрдың монтажы, бір-бірінен белгілі бір тетіктері (зат, кейіпкер және т.б.) бар немесе жоқтығымен ерекшеленеді, нәтижесінде кенеттен пайда болу немесе жоғалып кету әсеріне қол жеткізіледі. Әдетте комедиялық немесе сиқырлы әсерге қол жеткізу үшін қолданылатын тәсіл. Бұл әсерді жүзеге асыру үшін камераларды тоқтату қажет болады. Көрермендерге мұндай кадр монтаждан кейін тоқтамастан көрсетіледі.

Субтитр – бұл фильмдегі немесе телехабарлардағы диалогтардың мәтін түріндегі нұсқасы, әдетте экранның төменгі бөлігінде көрсетіледі. Фильм шыққанға дейін адамның қайтыс болғаны белгілі болса, онда қорытынды титрда оның есімі мен тегі жақшаның ішіне жазылады.

Сығу (ағылшынша squeeze) – бейнені әр түрлі жақтан сығуға мүмкіндік беретін әсер.

Таглайн – фильмнің жарнамалық ұраны. Мысалы, «Бетперде» фильмінің таглайны – From Zero to Hero.

Тақырыптық монтаж (ағылшынша thematic montage) – кадрлар тақырыптық жақындық ұстанымы бойынша байланыстырылатын баяндау монтажының бір түрі; көбінесе деректі фильмдерде қолданылады.

Тездету / баяулату – монтаждағы жобалық бейнені қабаттауда оның ойнау жылдамдығын тездететін немесе керісінше баяулататын әсер.

Телеарнадағы жарнама (орысша телевизионная реклама) – бұл жарнама таратудың ең қымбат әрі теориялық жағынан тиімді түрі. Жарнаманың бұл түрі екі факторды анықтайды: кең ауқымды аудиторияны қамтиды және кешендік әсер қалдырады (визуалды, дыбыстық және мәтіндік). Жарнамалық бейнероликтің қандай болатыны ең алдымен жарнама берушінің мақсатына байланысты. Телевизиялық жарнама құны қымбат көрерменді өзіне бағындыратын құрал деуге болады. Сондықтан мұндағы қате немесе жалған ақпарат, жарнама берушіге кері әсер етуі мүмкін.

Телеоператор – студиядағы (бағдарламалық) және студиядан тыс (жаңалықтар) түсірілімдерді бейнекамераның көмегімен бейнетаспаға жазатын маман. Ол композициялық құрылымға сәйкес кадрдағы жарық пен көлеңкенің үйлесімін, камера қозғалысы мен оның түрлі жоспарларын (план) өзгертудің түрлі тәсілдерін білуі керек. Телеоператор жанқиярлық әрекетті талап ететін мамандық. Телеоператордың да кей мамандар секілді бүкіл бір тәулік бойына жұмыс істейтін кездері аз емес.

Телесуфлер, телепромтер (ағылшынша teleprompter prompt-тан «сыбырлап айту», autocue) – көрерменге байқалмайтын актер немесе диктор үшін сценарий немесе сөйлейтін сөздің мәтіні көрінетін дисплей.

Телехикая – отбасы мәселесі жайлы орташа кластағы үй шаруасындағы әйелдерге арналған сентиментальді фильм (сериал).

Тизер (ағылшынша teaser «мазақ, желіктіру») – өнім толық көрсетілмей, тек ол жайлы ақпараттың бір бөлігі ғана бейнеленіп, жұмбаққа құрылған жарнамалық хабарлама. Тизерлер әдетте тауарды насихаттаудың бастапқы кезеңдерінде пайда болып, соның айналасында дақпырттың пайда болуына қызмет етеді.

Титр – бұл фильмдегі жазу, бастапқы немесе кіріспе, аралық және қорытынды титр, сондай-ақ кадр ішіндегі жазулар субтитр болып бөлінеді. Кіріспе титр мәтін түрінде таза

экранға, статикалық кадрларға немесе фильмнің кадрлары басталғанда жазылады. Әдетте кіріспе титрда басты рөлдегі актерлер, продюсер және режиссер жазылады. Қорытынды титрда түсірілім тобы мен актерлік құрамның толық тізімі жазылады.

Тональді монтаж (ағылшынша Tonal montage) – кадрлардың ұзақтығы мен реті олардың эмоциялық «дыбысталуымен» анықталатын монтаж түрі.

Трансфокактор, зум-объектив (ағылшынша zoom – масштаб) – айнымалы фокусты қашықтығы бар объектив. Камераның қозғалмай тұрып «келіп-кету» мүмкіндігін, сондай-ақ зумды өзгерту арқылы құрама іс-әрекеттер жасау әсерлерін береді.

Трансфокакторлы келу – нысан бір орнында тұрған сәтте, фонды жақындату әсері. Контра-зум бір мезгілде түсірілім нысанынан камераның қозғалысы арқылы зумның қиыстырулары көмегімен (келу) жасалынады (немесе керісінше камераның нысанға қарай жүруімен іске асады).

Трейлер – киноматографистердің өз фильмдерін көрсету үшін жасалған жарнамалық роликтері.

Триллер – сюжеті адам өліміне, апат немесе басқа ірі көңілсіз жағдайға қарай дамитын фильм. Детективке қарама-қарсы. Соңғы кездері бұл сөз тым жалпы болып кетті: апаттық фильмдер, хоррор және жай шытырман оқиғалы киноларды да біріктіріп жіберді.

Түзулену – оқиға орнынан тікелей қосылып репортаж жүргізу. Сонымен қатар кей кезде оқиға орнынан алдын ала жазылып қойылатын «қисық репортаждар» да бар, ондағы жүргізуші шын тікелей эфирге шығып жатқандай «түр» жасайды.

Түстілік (ағылшынша Chrominance) – түстік фонмен және қанықтылықпен байланысты, бірақ ашықтыққа қатысы жоқ сигналдың рендік бөлігі. Яғни қара, сұр, ақ нүктелер түске емес, ал басқа кез келген «түрлі-түсті» нүкте түске және ашықтыққа ие.

Түстүзету (орысша цветокоррекция) – бейненің бастапқы түсіне өзгерістер енгізу. Бейнені монтаждауда түсін түзетуді негізінен ақ түстің балансын өзгерту үшін қолданады.

Уақыттық код (ағылшынша TC Timecode) – ойнату режимінде қажетті бейне орналасқан нақты уақыт сигналы.

Уақыттық сызық (ағылшынша Timeline) – нақты бір уақыттық нүктеде әр түрлі сигналдар болатын уақыт аралығы – ауыспалы ұзақтықтың тіректі уақыттық сигналы.

Үзікті монтаж / «Секіру» (ағылшынша Jump cut) – кадрдағы нысанның аздаған хронологиялық әрекеті мен іс-қимылдың бірқалыптылығын бұзатын монтаждау тәсілі.

Үзілген монтаж (ағылшынша Smash cut / Shock cut) – қысқа әрі жиі контрасты кадрлардың кезектесуін көздейтін монтаж түрі.

Фильм (ағылшынша Film) – технологиялық (кино, телевизия) фильмде қозғалатын бейнелердің жиынтығы.

Футаж (ағылшынша Footage) – түсірілген материал (таспаның ұзындығы футпен өлшенеді, атаудың шығу тегі осыған байланысты). Кейде техникалық қолданулардан бөлек, «кинотаспа», «фильм» және т.б. сөздерге синоним ретінде қолданылады.

Хоррор көрермендерді тек қорқытып қана қоймау керек, сонымен қатар басты рөлдегі және екінші деңгейдегі жауыздардың іс-әрекеттерінің барлығы жай ғана алаңдатушылық туғызбастан, жүрек айнытатын эмоциялар тудыруы тиіс.

Хромакей (ағылшынша Chroma key(ing)) – нысанды бір ортадан алып, келесі фонға ауыстыруда қолданылатын кесу үдерісі. Түсірілім жарық жақсы түсетін арнайы жасыл нәтижеде түсіріледі. Сосын кадрдағы барлық жасыл түс хромакей функциясы арқылы өсіліп алынады да, басқа қалаған фонмен толықтырылады. Хромакейге жасыл немесе көк түс қолданылады, себебі бұл түстер адамның табиғи терісінде ең аз кездеседі.

Цейтрафер (немісше zeit – «уақыт» және raffen – «жинау») – белгілі бір нысанды бір орнынан біркелкі уақыт айырмасында сериялы кадрлар түсіру үшін қолданылатын кино-фото түсірілімнің арнайы түрі. Нәтижесінде қозғалу үдерісінің тездетілген «анимациясын» көруге болады.

Шапка – бағдарламаның атауы бар графикалық бастама. Егер театр ілгішпен басталса, бағдарламалар шапкадан басталады.

Ығыстыру (ағылшынша Wipe) – алдыңғы кадрды «пердешенің» көмегімен жаңа кадр ауыстыратын монтажды ауысудың бір түрі.

Ырғақ (ағылшынша Rhythm) – медиадизайнда кадрлар жиілігінің реттілігі және кезектесуі.

Ырғақты монтаж (ағылшынша Rhythmic montage) – кадр ұзақтығы оның мазмұнының ерекшелігімен анықталатын монтаж түрі. Әдетте көрерменге кадрды санауға қаншалықты көп уақыт қажет болса, кадр соншалықты ұзақ болады немесе керісінше.

Экрандалу – әдеби немесе басқа да шығарманың негізіндегі кинофильмнің көрсетілімі.

Эпизод (грекше epeizodio – қоспа, үстеме) – көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиғаның бір бөлішегі. Әрбір эпизод кейіпкердің белгілі бір уақыт аралығында өткен қимылын, екі не одан көп кейіпкердің арасында болып жатқан құбылыстарды көрсетеді. Эпизод кейіпкер мінезін ашып, оқиғаны ширата түседі.

3.3. WEB-ДИЗАЙН

Web-дизайн – көркемдік талғамға ие және интернет технологиялар саласында маманның кәсібі. Бүгінгі таңда дизайнерде мынадай маңызды сапалар болуы қажет: дамыған эстетикалық және көркемдік талғам; бейнелік ойлау дамуының жоғары дәрежесі; логикалық әрі сараптамалық ойлау; жасампаздық, жұмыстағы мұқияттылық, жүйелілік; зерделілік, төзімділік, ұқыптылық; ыждахаттылық, ынталылық, шыдамдылық, жадының жоғары даму деңгейі. Бір сөзбен айтқанда, ол бейнелеу өнері бойынша базалық білімі бар, өнер мен технологияны меңгерген шығармашылық тұлға болуы керек.

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуына байланысты дизайн жаңа, кеңірек мағынаға ие болды. Жарнамалық мақсатта web-сайттар жасау мүмкіндігі бар World Wide Web (WWW) – бүкіләлемдік тор – жаһандық компьютерлік жүйесі 1989 жылдары пайда болғанымен, web-дизайн тарихын біздер 1991 жылы алғашқы web-сайттың пайда болуынан бастағанымыз дұрыс болар. Дәл сол жылы 6 тамызда Тим Бернерс Ли алғашқы web-сайтты құрастырып, онда HTTP мәліметтерді тасымалдаушы, URL адресациялау жүйесі, HTML гипермәтіндік бейнелеу тілі негізіндегі World Wide Web (WWW) жаңа технологиясы туралы жазды. Осылайша, виртуалды шындықтың үш өлшемді кеңістігінің танымалдығы күн санап арта түсті. Өзіндік мақсаты бар жаңа сайттар пайда болды. Ақпараттық технологиялардың дамуы сайттарды жетілдіре түсіп, web-парақтың көркем безендірілуіне ерекше мән беріле бастады. Суреттік графикасы әдемі, композициялық құрылымы сапалы жасалуы бағаланды. Осының арқасында web-дизайн да дами түсті. Web-дизайн түсінігіне сайттың шаблонын жасау және оны графикалық безендіру жатады.

Қазіргі таңда web-дизайн өнері өз алдына бірнеше мақсат қояды: қолданушыға ұсынылған бейнесін оң қабылдату, сайт құрылымының қарапайымдылығы мен анықтылығы, қолданушы интерфейсінің оңай түсінігі, навигациялық жүйенің ығайлылығы және т.б. Осы мақсаттарға жету үшін сайт құрастырушысы компьютерлік графикамен жұмыс жстейтін бағдарлама құралдарының кең таңдауын, html және java кодтарын қолданады. Бұл оның әлі де даму үстінде екенін көрсетеді. Web-дизайн білім мен өнердің қосындысы екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Бүгінде дизайн жеке пән ғана емес, заманауи адам өмірінің барлық саласында қолданылатын толық бір бағытқа айналды. Сондықтан дизайнердің көптеген пән салаларында білімі болуы шарт және сол білімін іс жүзінде шығармашылық үдерістегі образды жасау үшін жобалай отырып, шебер қолдана білуі керек. Дизайн пәндік ортаның рационалды үлгілерін құрайтын, көркемдік құрастырудың заманауи өнері деп сенімділікпен айта аламыз.

Бүгінде мынадай негізгі web-сайт түрлері бар: *қоғамдық сайт*, мұнда мемлекеттік ақпараттар және жаңалықтар көрсетіледі; *қызықты сайттар*: мұндай сайттар ойындар немесе басқа да интерактивті қызықтау үшін құрылады.

Сайттарды ұйымдастыру негіздеріне байланысты бөледі. Олар қандай да бір жағдай-мен төлем төлейді немесе басқа да әрекеттермен қолдау көрсетеді. Мұндай түрлерге сайттың негізгі түрін басышылыққа алып салыстырамыз.

Сауда сайттары – сауда жасауға, елмен қарым-қатынас орнатуға, өз тауарларын жарнамалауға арналған сайттар және мұндай сайттардың көмегі бойынша электрондық коммерциямен тікелей айналыса алады.

Мемлекеттік сайттарға мемлекеттік жоғарғы органдардың web-сайттары жатады. Сайттың негізгі мақсаты – қоғамға немесе заңға бағынышты болу, қажеттілігін қанағаттандыру.

Білім сайттарына әр түрлі деңгейдегі білім беру орындарының, жоғары оқу орындарының web-сайттары жатады. Бұл web-сайт зерттеу және білім беру орындарын таныстыру мақсатында қолданылады.

Филантроптық сайттарына коммерциялық емес сайттар немесе жеке адамдар, қоғамдық қарапайым мекемелердің web-сайттары жатады.

Персоналды сайттар – бұл еркін тақырыптағы кез келген жағдайда болуы мүмкін, кез келген тұлға немесе адамдар тобына, кез келген мақсатта жасалатын web-сайттар.

Жалпы алғанда, сайттарды классификациялау – күрделі мәселе. Мысалы, білім сайттары кей жағдайда басқа да мемлекеттік сайттарға кіруі мүмкін.

Web-дизайн негізінде басқа да дизайн түрлерінің іргелі ұстанымдары бар: функционализм ұстанымы – «функционалдың бәрі әдемі»; конструктивизм ұстанымы, яғни композиция құру мақсат емес, оның құрылымын құру мақсаты маңызды болып табылады. Сонымен қатар техникалық мағынада ойластырылған сайт рухани идеяға енуі тиіс, тек сол кезде ғана осы бағыттағы басқа жұмыстармен бәсекелесе алады.

Web – бұл техника, өнер және психологиялық ойдың нәтижесі. Web-дизайнердің ерекше міндеті – интернеттің қыр-сырын ескере отырып, интернет-жобаны пайдаланушыларды барынша көп қызықтыра алатындай етіп стильдік безендіру. Яғни жобаның безендірілуі тек стильді болу ғана емес, сонымен қатар жүйе тарапынан берілетін стандартты талаптарға сәйкес болуы тиіс: графикалық элементтер (логотиптер, баннерлер, бейнелер және т.б.) оңтайланған болуы шарт, түс және қаріп таңдау барысында келесі маңызды фактіні ескеру қажет: қолданушы жобаның графикалық жүзеге асуын қағаз бетінде емес, монитордан көреді.

Мамандықтың ерекшелігі. Web-парақшаның дизайны бұл тек графикалық емес, ақпараттық дизайн. Жұмыс барысында web-дизайнер жасалатын жобаның болашақтағы сәттілігіне тікелей байланысты келесі мәселелерді қарастырады: сайт қолданушыларының мақсаттары мен міндеттерін анықтау; сайт құрылымын жобалау және жоспарлау; интерфейс пен навигацияны өңдеу; қолданушылар мен жүйе арасындағы өзара қатынасқа қамқорлық; мазмұнын дайындау және оның сапасын бақылау.

Web-дизайнердің негізгі қызметі – ол сайттарды безендіру, идеялар құру және серверлердің макетін өңдеу, сервер макетінің орындалу стилін құру; web-құжаттың монитор экранында құжаттардың жүктелу уақытын ескере отырып, ең жақсы қабылдауды, деректерді беру арнасының өткізу қабілетін, құжаттағы графикалық файлдардың көлемін, түстік полигра сапасын қамтамасыз ету; web-парақша тұтастыру ережелерін анықтау, безендіру тетіктерінің саны мен сапасын, форматын, фонын таңдау; web-құжаттардың стильдік үлгілерін жасау; Internet торабымен жұмыс істеу; беттің бағдарламалық бөлімін және кодын жазу; гипермәтінді құжаттарды басқару; www-те фирманың ақпараттық саясатын жүргізу; web-парақшаларды тексеру және дайындау құралдарымен жұмыс істеу және орнату; интерактивті web-қосымшаларын жасау; статистикалық өңдеу үшін қосымшаларды жасау және олармен жұмыс.

Web-дизайнер интернет-сайттың қалай көрінетініне және қалай қабылданатынына тікелей жауап береді. Ол сайтқа логотип, баннер және графиканың өзге де элементтерін ойлап шығарады, сайт бойынша навигацияны мұқият ойластырады, мәтінді қайда орналастыруды анықтайды. Дизайнер тек қызықты сайт жасап қана қоймай, оның жүктелу уақытын да ескеруі шарт. Интерактивті web-сайттарды жасау web-дизайнның ең жоғары пилотажы. Ондай сайт жасау үшін web-дизайнер тек HTML тілін меңгеріп әрі көркемдік сезімге ие болуы ғана емес, сондай-ақ қарапайым «классикалық» бағдарламалауды білуі және деректер қорын талдай алуы міндетті. Сайттардан бөлек web-дизайнер баннерлер, ғаламторлық ашық хаттар, элетронды таныстырылымдар жасайды.

Мамандықтың артықшылығы мен кемшілігі. Мамандықтың артықшылығы: еңбек нарығында тұрақты сұранысқа ие; жұмыс бір ғана елдің шекарасымен шектелмейді; қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі бар; кәсіби өсудің кең мүмкіндігі; кез келген идеяны қаржылық шығындарсыз жүзеге асыруға болады; лайықты еңбекақы төленеді. Ең бастысы, өз мамандығыңызды мықты меңгерген болсаңыз, сізде қашанда жұмыс болады. Жаңадан үйреніп жүрген талапты дизайнер болашақта келесі лауазымдарға үміттен алады: web-бағдарлама жасаушы, баннер-мейкер, жоба менеджері.

Мамандықтың кемшіліктері: тапсырыс беруші мен орындаушының көркем көріністерінің (кейде) сәйкес келмеуі, сол себепті кейде нақты дизайнерлік шешімнің қажеттілігіне сендіруге немесе түзетулермен келісуге тура келеді.

Web-дизайн алдына келесі мақсаттарды қояды: қолданушыларға жарнамалық өнімдегі нысан бейнесін оң қабылдауды қалыптастыру; сайт құрылымының қарапайымдылығы мен нақтылығы; интуитивті түсінікті қолданушы интерфейсі; навигациялық жүйенің оңтайлылығы.

Web-дизайнер мамандығы екі аспектіні қамтиды: арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдана білу және дизайнерлік қызмет. Білікті web-дизайнер компьютерлік бағдарламалар саласында да, графика саласында да сәйкес білімі болуы тиіс екендігін жоғарыда айтып өттік. Adobe Photoshop, HTML/CSS, Corel Draw, Illustrator, Macromedia Flash сынды бағдарламаларды мүмкіндігінше білуге міндетті.

Web-дизайнер өзін-өзі оқытуды қолға алуы керек. Яғни бәсекеге қабілетті мықты маман болғысы келсе, көптеген кітаптарды өз бетінше оқып, тұрақты рухани дамып отыруға тура келеді. Егер сіздің web-дизайнер болғыңыз келсе, алдымен html бойынша кітапты оқыңыз (HTML – гипермәтінді белгілер тілі. Оның көмегімен интернеттегі барша құжаттар жасалынады). Бірақ html әлі web-дизайн емес. Бұл – жай ғана web-парақша жасау тілі. Парақша әдемі әрі дұрыс көрінуі үшін талғам және стильді сезіну қажет. Бұған web-дизайн бойынша жақсы кітаптардың бірі Дмитрий Кирсановтың «Веб-дизайн» кітабы көмектесе алады.

CorelDraw document (CDR) – Corel-DRAW бағдарламасындағы векторлық графикалық файлдар форматы, оны векторлар мен растрларды сығымдау үшін қолданады және жеке шрифттер де ендірілуі мүмкін. CDR файлдарының жұмыс алаңы 45-те 45 метр, ол сыртқы жарнама үшін өте маңызды.

GIF-анимация – бір GIF-файлда сақталатын, растрлық бейненің берілген жиіліктен тәсіп бейнеленуі.

Graphic Interchange Format (GIF) – графикалық файлдар форматы: 256-ға дейін түсі бар бейнені сақтай алады; LZW сығымдауды (компрессия) қолданады; бір файлда бірнеше бейнені сақтауға мүмкіндігі бар және жол аралық жайылған GIF-анимацияның мөлдірлігін көтере алады.

Joint Photographic Expert Group (JPEG, JPG) – сығылған бейнелерді сақтайтын графикалық формат. JPEG форматы: аппараттарды жойып жіберетін қатты сығымдайтын алгоритмді қолданады; сығымдау деңгейін сұрауға мүмкіндік береді; анимация мен мөлдірлікте қолдануға мүмкіндік бермейді; әдетте жоғары сапалы фотосуреттерді сақтау үшін қолданады; 16 миллионға дейін түсті қолдануға мүмкіндік береді.

Tagged Image File Format (TIFF) – аппаратқа түстің барлық жиынтық моделдерін сақтайтын тәуелсіз графикалық файлдар форматы. TIFF форматы растрлық графиканы векторлық бағдарламаға импорттауда және баспа жүйесінде қолданылады.

Браузер (ағылшынша browse – қарау, көріп шығу) – интернет желісіндегі веб-сайттарды қарап шығуды қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтушы. Браузер қажетті парақшаның сұранымын орындап, оны қолданушының интерфейсі арқылы экранға шығарады. Көптеген браузерлердің көмегімен FTP серверден файлдарды жүктеуге болады.

Векторлық графика (ағылшынша vector graphics) – нысанды тікелей үзінділер (вектор) түрінде графикалық елестету тәсілі. Полиграфияда векторлық графика әдетте макеттерді жасау үшін қолданылады.

Векторлық графика (ағылшынша vector graphics) – нысанды тікелей үзінділер (вектор) түрінде графикалық елестету тәсілі. Полиграфияда векторлық графика әдетте макеттерді жасау үшін қолданылады.

Бейнені өңдеу (ағылшынша Image processing) – кіретін және шығатын мәліметтер бейне болып табылатын міндеттерді зерттейтін компьютерлік графика саласы.

Интернеттегі баннер – бұл өнім немесе қызмет туралы жарнамалық мәтіні бар графикалық бейне. Баннер қозғалмайтын немесе қозғалмалы (анимациялы) болуы мүмкін. Әдетте мұндай баннерлер GIF форматында болады. Заманауи технологияның арқасында баннерді дыбыстық сүйемелдемесі бар бейне (видео) форматында да жасауға болады, ал оның үстіне тышқанды апарсаңыз қозғалысқа енеді.

Компьютерлік графика (ағылшынша – computer graphics) – баспа және қолөнерлік графиканың қолдану аясына және технологиялық принципіне байланысты графикалық өнердің жаңа саласы. Мұнда компьютер құрал ретінде қолданылып, онда бейне салынып, визуалды ақпараттар әрі қарай нақты өмірден алынған түрлі мәліметтердің негізінде өңделеді. Компьютерлік графиканың өмірге енуі 1961 жылдан басталады, бүгінде техникалық ыңғайына және қолданылуына қарай екі деңгейлі, үш деңгейлі, анимациялық және инженерлік, сонымен қатар өзге де біліктілігіне қарай векторлық, растрлық және фрактальды деп бөлінеді. Компьютерлік графика қолданушы жасаған мәліметтер немесе көзге көрінбейтін мәліметтер негізінде алынатын бейнелердің тәсілін зерттейді. Мұндай машиналық графика графикалық дизайнның барлық түрінде, кино мен телевидениеде жеке көрініс ретінде, сонымен бірге жобалау жұмыстары үшін өнердің өзге салаларында да қолданылады.

Растрлық графика – нысанды көптеген нүктелер түрінде графикалық елестету тәсілі.

Үш өлшемді графика. 3D графика. Үш өлшемді графика – мультимедиа технологиясы: ұзындығы, ені және тереңдігі бар бейненің көмегімен жасалатын компьютерлік графика.

Фирмалық бланк – бұл компанияның корпоративті стилі форматында жасалған, сол компанияның нышандық бейнесі мен байланыс мәліметтері бейнеленген арнайы шаблондайындама. Компания қызметкерлері құжат алмасу және барлық хатхабар түрлерінде (электронды хаттар, қағаз хаттар, коммерциялық ұсыныстар және басқалары) пайдаланады.

3.4. ЭТНОДИЗАЙН

Этнодизайн (грекше этнос – тайпа, халық) – өнімдерді көркемдеу бағытындағы этникалық мәдениеттің бір бөлшегі саналатын өрнектеу дәстүріндегі жобалау-шығармашылық жұмыстардың бір түрі. Ол эстетикалық жағынан тартымды, үйлесімді, берген жанды еріксіз өзіне баурап алатын этномәдени сарында стильденіп безендірілген дизайн өнімі. Этнодизайн дегеніміз – сонымен қатар әсем үйлесіммен жасалған әрбір ұлттық нақыштағы заттан ұлттық ерекшелігі анық білініп тұруы, оны қазақ халқының ежелден келе жатқан қол өнеріне қарап аңғаруға болады.

Этнодизайнның тәсілдері деп дизайн мен барша пластикалық өнер түрлеріне тән бейнелеу-суреттеу құралдары: түс, пропорция, пішін, нүкте, көлем және кеңістік алынады, бірақ олар этникалық бірегейлік тұрғысынан қарастырылады. Бұл тетіктер композицияның тарихи тұрғыдан қалыптасқан қозғалыс пен ырғақ, симметрия мен ассиметрия, тепе-теңдік пен динамика негіздерімен астасады.

Бейнелеу өнері түрлеріне тән жарық пен көлеңке заңдылықтары мен ережелері: жарық, көлеңке, рефлекс және т.б. түсініктер этнодизайн бұйымдарын жобалауда да басшылыққа алынады. Өнердің негізгі тәсілдері ретіндегі қарама-қайшылық пен туыстас шешімдердің үйлесімі этнодизайнда да басты негіз саналады.

Этноөнімді көркемдеп жобалағанда ескеретін маңызды түсінік – өнім пішінінің қарылымға, пайдаланылатын материал мен өндіру технологиясына тәуелділігі, себебі ұлттық өнімдерді жасауда әдетте табиғи материалдар және өндірудің ерекше әрбір ұлттың өзіне ғана тән технологиясы қолданылады. Қазақ халқының кез келген ұлттық бұйымы ерекше ұқыптылықпен, талғаммен жасалады. Ұлттық стильде безендірілген аяқ-аяқ, қару-жарак, ат әбзелдері, музыкалық аспаптары, жиһаздары, сәулет құрылысы ерекше этнодизайнда жасалғанын көруге болады.

Барлық адам өзінің көңіл күйін, эмоциясын, талғамын киген киімі арқылы білдіреді. Әркім өзінің ойлау қабілеті, дүниетанымы мен қиялына қарай киінеді. Кез келген адамның киіміне қарап ішкі жан дүниесін сезінуге, не айтқысы келгенін білуге болады. Бірі ашық, көңілге түсетін киім кигісі келеді, мұндай көбінесе жастарда кездеседі, бірі қарапайым стильді жөн көреді. Сол сияқты ұлттық нақыштағы киім үлгісіне қарап та ол ұлттың жалпы сәнді халық екенін аңғаруға болады.

Дизайн түсінігі 1990 жылдарға дейін, яғни тәуелсіздік алғанша елімізде көркемдік қарастыру ұғымымен байланысты қарастырылса, қазіргі кезде ауқымы кеңейіп, жаңа модельдерді жасап қана қоймай, оны өндірістік жолға қойып, өндірумен де айналыса бастады. Негізінен алғанда, этнодизайн ел экономикасының қайнар көзі.

Қазақтың ұлттық нақыштағы дизайны дүние жүзіндегі ең прогрессивті дизайнға қатысуға болады. Бір ғана киіз үйдің өзі дизайнның классикалық формасы. Ұлттық өнімдеріміздің дизайны да ешбір елде жоқ. Дүниежүзінде 1954 жылға дейін ұйымдастырылған ұлттық киімдер көрмесінен 48 алтын медальді қазақтың ұлттық киімі алған. Бұл – әлемде бұрын-соңды болмаған жетістік.

Этнодизайнды дамыту барысында әрбір елдің мемлекетқұраушы ұлты басты эталон саналуы тиіс. Соған сәйкес елде негізгі ұлттық идеология қалыптасып, рухани жобалар жасалатын болса, ұлттық құндылықтар алдыңғы орынға өзінен-өзі көтеріледі. Сөнге айынады, отандық, ұлттық өнімге сұраныс артады.

Этнодизайн бейнелеу өнерінің дәстүрлі және заманауи түрін біріктіретін ерекше өнер саласы. Осы саладағы дизайнерлерді көркемдік ерекшеліктеріне қарай дизайнның жаңа түрін жасаушылар және өндірісшілер деп екі бағытта қарастырады.

Қазақстанда этнодизайнды дизайн өнерінің жеке бір саласы ретінде оқытып, үйрету үшін төменде көрсетілген пәндерді оқыту қажет: қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ою-өрнектері; этносимволдар (Қазақстандағы этностардың тотемдік белгілері); қазақ халқының дәстүрі мен тұрмыс салты; этнотүстану; заманауи баспа ісіндегі этностиль; жарнамадағы этностиль; полиграфиядағы этнографика; интерьердегі/эсктерьердегі этностиль; сәндегі (киімдегі) этностиль; сәндік-қолданбалы өнердегі этностиль.

Бүгінгі таңда этно бағытын таңдап, ұлттық нақыштағы дүниелерімен әлемді тамсандырып келе жатқан дизайнерлер бар: Дәркембай Шоқпарұлы, Аманжол Найманбай, Ырза Тұрсынзада, Қамбар Көшенов, Толғанай Елекбаева, Құралай Нұрқаділова, Ая Бапани және т.б. ерекше атап өтуге болады.

Бренд (ағылшынша brand – сауда белгісі, маркасы) – қызметтер немесе өнімдер жөніндегі белгілі бір компания жайлы толық мәліметтер жиынтығы, сонымен қатар сауда белгісінің толық бейнесін білдіреді әрі сонымен байланысты эмоциялық сезімдердің, стереотиптердің кешенді көрінісі. Қазіргі таңда компания не өнім ғана бренд болмайды, көптеген кәсіпқойлар өзінің жетістігі арқасында жеке брендін жасайтын деңгейге жетті.

Брендбук (ағылшынша brandbook – брендтік кітап) – бұл ең алдымен брендтің компанияның стратегиялық мәселелерін шешуге бағытталған идеясынан бастап, оның жүзеге асырылуын реттейтін барлық ережелердің жинағы. Компания қызметкерлері мен жарнамалық агенттіктер үшін жасалатын іште пайдалануға арналған баспа өнімі, үстел кітапшасы. Брендбукті брендтің визуалды байланыста екендігін сапалы қадағалайтын құрал ретінде есептеуге болады. Брендбук – маңызды әрі өте тиімді маркетинг құралы. Сондықтан да маркетинг пен жарнамалық қызметке жауап беретін компания қызметкерлері оны дәл осылай есептеуі қажет.

Брендинг (ағылшынша branding – сауда белгісін әзірлеп оның танымалдығын арттыру) – бұл брендті жасау және оны басқару үдерісі. Тұтынушының түсінігінде белгілі бір компанияның өнімі немесе жағымды қызметі жайлы ерекше сезімді қалыптастыру әрі оны сапасына сенімді одан ары арттыру әрекеті.

Дресс код (ағылшынша Dress code) – Ұлыбританияда ерекше әлеуметтік топтың немесе белгілі бір жағдайға байланысты киіну мәнері. Дресс код – АҚШ-та көпшілік шаралар үшін киілетін киімдер ережелерінің жинағы. Әдетте дресс-код туралы шараның шақыру қағазында жазылады.

Заманауи тұрмыстық киім стилі – өзінің таза көрінісін сирек қолданады. Көбінесе мұнда стильдер араласып келеді. Яғни электикалық құбылыс орын алып тұрады.

Инновация (жаңашылдық) – өнерде нарық талабы бойынша туындының немесе өнім сапасының артуына айтарлықтай әсер еткен енгізілген жаңашылдық (технология). Ол да адам қиялының, шығармашылық үдерісінің, жаңашыл идеясының, өнертапқыштығының, интеллектуалдық қызмет нәтижесінің соңғы жетістігі.

Инкрустация (латынша in-crusto – құрастыру жұмысы) – мозаиканың ерекше түрі: бір материалдың үстіне шетінен асырмай өзге материалдардың қиындысын құрастырып, жалпы бір суретті түзей отырып, затты сәндеу. Этнодизайнда және сәндік-қолданбалы өнерде қолданылады.

Киіз үй (орысша юрта) – көшпенді өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпенділер баспанасы. Киіз үй көшіп-қонуға ыңғайланып жасалады. Түйе мен жылқыға тиеу арқылы жеңіл көшіріледі, оның киіз туырлықтары мен үздіктерінен жазда жауын, ыстық, қыста суық өтпейді. Киіз үй – өзіндік баға жетпес өнер туындысы. Қазақ халқының өмір салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы.

Классикалық стиль (қатаң, іскерлік, талғампаз) – келісті, ыңғайлы, талғампаз, өзгермейтін стиль түрі. Бұл стильдегі заттар – ағылшын жәкеті, тік тар белдемше, ерлердікі

сияқты шалбарлар және т.б. Оған ғасырлар бойы еш өзгермейтін, тұрақты, таңдаулы, сәннен тыс өзгермейтін сән үлгілері жатады.

Костюм (французша costume – киім-кешек) – белгілі бір ұлттың, дәуірдің, қауымдас-тықтың тұрақты киім үлгісі. Сонымен қатар бірыңғай стильде әрі көркемдік жағынан өзара келісіле отырып, орындалған және киім компоненттері мен оны толықтыратын нәрселердің үйлесуінен жасалатын ансамбль. Костюм әр дәуірдің эстетикалық талғамын көрсетеді.

Қарқара – жас әйелдер мен қыздардың шошақ төбелі, қауырсын қадап, түрлі әшекей заттармен сәнделген бас киімі.

Құш-көн (қазақтардың бейнелеу өнеріне қосқан бір үлесі) – теріге бедерленіп салына-тын суретті картина, онда арнайы жақтауға (рамаға) керілген иленген тақыр терінің үстіне майлы бояумен сурет салынады, сонан соң ондағы бейнелер белгілі бір темпера-турада қыздырылған арнайы баспа құралымен басылады. Соңында дайын картинаның үстіндегі бейнелер бедерленіп, ерекше әсерлі болып шығады.

Пішім – белгілі бір бұйымның алдын ала ойластырылған үлгісін жасауға мүмкіндік беретін пішім сызықтары (бел сызығымен қиылған көйлек, реглан үлгісіндегі жеңдер, шұға көкірекше, тұтас пішілген жең және т.б.).

Пропорция – сән әлемінде көйлектің ұзындығы мен енінің, жәкет пен белдемше ұзындығының, бұйымның тұтас көлеміне қарай әр бөлшек қатынасы.

Романтикалық стиль – «еске алу», «қиял», «ізденістер» саласы, тарихи костюмді меңзейді және оның пішімін, сәндік әрлеуін алып пайдаланады. Киімде әйелдік қасиеттерді айшықтап тұратын бөлшектерді, жиектерді пайдаланады.

Сән (латынша modus) – өлшем, тәсіл, іс-қимыл әрекеті. Сән – белгілі бір талғамның уақытша үстемдік құруы. Ол әлеуметтік құбылыс. Себебі киім алдымен қажетті зат. Оны өндірумен өнеркәсіптің әр түрлі салалары айналысады, ал сатумен сауда желілері айналысады. Қазіргі кездегі сәнді демократияшыл деуге болады, себебі таңдау идеясы мен еркіндіктің көптігімен, яғни әр түрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен ерекшеленеді. Қазіргі сәнді айрықша екі бағытқа бөлуге болады: ретроспективалы (өткенге бағытталған) және перспективалы (болашаққа бағытталған).

Силуэт (французша – siluett) – ені мен ұзындығы бойынша адам тұлғасының пропорциясына сәйкес келетін геометриялық фигуралардың (тікбұрыш, үшбұрыш, трапеция, сопақ, т.б.) бірін беретін киімнің кез келген бөлігінің сыртқы кескіні. Силуэттің, сонымен қатар сәулеттік өнерге де байланысты мынадай бірнеше түрі бар: тік, белдес, сопақ, трапеция, жартылай жантайған және х бейнелі.

Спорттық стиль – (спорт үшін міндетті емес) қозғалысқа, түрлі жұмысқа және жемалыс, спорт, саяхат үшін ыңғайлы киім үлгісі.

Стиль (грекше stilos – мәнер, сипат, ерекшелік) – бейнелеу өнерінде белгілі бір уақыт ішінде адамзаттың ақыл-ойының жемісі ретінде пайда болған көркем безендіру сұрылымындағы ерекшелікті білдірудің белгілі бір түрі. Себебі өнердегі стильде шекара жоқ, ол – уақыт ағымына қарай өзгеріп, түрленіп, дамып отыратын құбылыс. Киім стилі, сәулеттік стиль, жиһаз стилі және т.б. Мысалы, киімде бірнеше классикалық, спорттық, романтикалық және ұлттық (этникалық) стильдер болып тармақталып кете береді.

Текемет – бетіне түрлі-түсті ою-өрнек салып басылған сәнді киіз, үй жиһазы. Түтілген жүн үстіне басқа түсті жүннен ою-өрнек салынып басылады. Текеметтің боялмаған түрі кара, ақ жүн тартып басылады.

Тренд (ағылшынша trend – талғам үрдісі) – белгілі бір оқиғаның талғамға сай даму бағытын, үдерісін білдіретін құбылыс. Сәндегі тренд сән үлгісі даму үдерісінің кезең-кезеңмен қайталанып отыратын өзекті (жақын уақыттағы, таяудағы) бағыты.

Тұскиіз – төсектің тұсына немесе керегеге жағалай тұтынатын үй жиһаздарының бірі. Ол жұқа, нығыз етіп басылған мықты киізден жасалып, оған бір түрлі маталардан сәнді өрнек салып тігіледі.

Ұлттық (этникалық) стиль – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл киімдер сәнділігімен ерекшеленеді. Себебі мұнда ұлттық құрастырмалы ою-өрнектер, кес-

телер, қол өнердің көптеген тетіктері қолданылады. Этностильге жататын киім әр түрлі халықтың және дәуірдің ұлттық рухын бейнелейді. Қазақстанның қазіргі сәнгерлері ұлттық киімдердің дәстүрлерін сақтап, дамытуда көненің құндылықтарын біздің замандастарымызға жеткізуге тырысады.

Фэши-өндіріс (ағылшынша fashion – сән) – сәнді киімдердің өндірісі.

Хай-тек (ағылшынша hi-tech, high technology) – дизайн мен сәулет өнерінде 1980 жылдары дүниеге келген стиль түрі. Хай-тек, сонымен қатар көлікте, саудада, өндірісте қолданылатын сапалы өңделген заттар мен бұйымдар, түрлі заттардың құрылымы, техника, металл, пластик сынды материалдарды жақсы меңгерген қазіргі заманғы ең соңғы үлгідегі технология түсінігі.

Шамайыл (орысша шамайль) – исламда ғұрыптық қорғау мағынасын беретін нақыл сөзді картиналардан тұратын қабырға панносы. Шамайыл өрнекті-кескіндеме фонымен үйлескен Құран сүрелерінен, философиялық нақылдардан, афоризмдер мен Шығыс жауһарларының ақынжанды дәйексөздерінен тұрады.

Ширма – жиырымалы, бөлме ішін бөлетін көтермелі перде. Ол қараңғыланған түрдегі матамен тартылады.

Шолақжең (орысша футболка) – компанияның логотипін, жарнамалық акция мәтінін немесе ұран сөзді, кез келген бейнені, тіпті өз фотосуретіңізді жарнамалауда таптырмас киім. Шолақжеңге түрлі тәсілмен жапсырып басу өте әмбебап болып келеді.

3.5. ФОТОГРАФИЯ ӨНЕРІ

Фотоөнер (ағылшынша photographic art) – көркемдік фотосурет. Фотоөнер – пластикалық өнер, онда туынды фотосурет құралдарымен түсіріліп, қажетті жабдықтарымен жасалады. Фото-арт – көркем шығармашылық түрі, онда фотосурет қалың көпшілікке көрсете алмайтын, кейбір көркемдік акцияны еске түсіру немесе инвайронменттің ерекше бір бөлшегін құрайтын тұжырымды нысанға айналады.

Фотографтардың негізгі құралы фотоаппараттың алғашқы нұсқасы кемінде 200 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған. XVII ғасырда белгілі астроном Йоганн Кеплер суретті тегіс беттің үстінде жобалау бойынша тәжірибелер жүргізіп, бұл мақсатта ол оптикалық әсерде жарықтың сыну заңын қолданды. Сол кезден бастап Гемфри Дэви, Томас Веджвуд, Жозеф Нисерфор Ньепс сынды өнертапқыштар алғашқы фотографияны алу жолында бірнеше эксперименттер жасады. Бұл оқиға XIX ғасырдың 20-жылдары болды. Суретті басып шығару үшін Жозеф материал ретінде асфальт лагын қолданды. Дәл осы құрылым тарихтағы бірінші фотоаппарат саналады. Оның өте күрделі болуы және көшіруге мүмкіндігі жоқтығы ғалымдардың бұл өнертабысқа деген қызығушылығын жоғалта алмады. Мәселен, Уильям Тальбот оның негативін алып, суреттің сапасын айтарлықтай жақсартып, жетілдіре түсті.

Ал 1835 жылдары бұл сынақты Луй Жак Даггер жалғастырды. 1865 жылы Т. Сэттон айналы линзалары бар объектив ойлап тауып, бұл оқиға фотоаппараттың дамуына ерекше үлес қосты. Ол құрастырған фотоаппарат біздің көзіміз үйренген модельге ұқсайды әрі сапалы сурет түсіруге мүмкіндік бере бастады.

1889 жылы Кодак пленкасы шықты. Ол, әсіресе 1990 жылдан 2010 жылға дейін өте кең тарады. Оның жолын цифрлық суреттер басты. Өткен ғасырдың 20-жылдары «Leica» сауда белгісімен фотоаппарат көптеп шығарыла бастады. Бұған 35 миллиметрлік фотопленканы қолданды. Мұндай пленкалар фотографтарға кішкентай көлемдегі негатив ала отырып, сапасы жақсы үлкен суреттерді алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар «Leica» фирмасының мамандары фокустау жүйесі мен түсірілім кезіндегі ұсталым механизмін ойлап тапты.

1963 жылы «Polaroid» компаниясы фотография саласында алға қарай үлкен қадам басты, фотосуретті дереу басып шығару мүмкіндігі туды.

Фотоөнер тарихындағы келесі елеулі оқиға цифрлық суретті алу болды. Бұл алғаш рет 1974 жылы мүмкін болды. Ал 1980 жылдары цифрлық камералардың өндірісі қарыштады. Қазіргі уақытта цифрлық фото және бейнекамералар түрлі құрылғыларда, қарапайым ұялы телефоннан бастап теледидарға немесе автомобильге дейін орнатыла бастады. Өнертапқыш ғалымдар әрдайым ең кіші әрі ең сапалы құрылғыларды шығарудан жарысып келеді. Олардың мүмкіндігі жоғары, оптика сапасы жақсы, суретті өңдеу жылдамдығы және өзге де сипаттамалары жетілдіріліп жатыр. Қазіргі уақытта фотокамераны біз сәтсәтте, көкке шыққанда және тұрмыста қолданып, өмірдің қызықты сәттерін естелік ете аламыз.

Фотографияның жанрлары – портрет, пейзаж, архитектуралық түсірілімдер, интерьер (бәлкі), жанрлық фотография (тақырыптары: балалар, спорттық, жануарлар туралы), фото-журнал. Бірақ тек бұлармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Себебі басқа да араласып, бір-біріне сіңіп кеткен түрлі жанрлар бар.

Аналогия – фотосуретте композициялық құрылымның қағидаты: бірыңғай элементтердің метрикалық кезекке негізделуі; контрастка қарама-қайшылық.

Балалар фототүсірілімі – фотоөнердің алғашқы кезеңдерінен бері балалар тақырыбы кең тараған. Өмірге жаңадан келген нәрестенің әр сәті өте қызық және табиғи. Балалар бір жағынан тез өсіп, өзгеріп отырады, осындай сәттерді ұстап, түсіре білу де бір ғанибет.

Жануарлардың фототүсірілімі кез келген жануарларды бақылаушы адам олардың қуанышқа, қайғыға, аналық қасиеттерге қаншалықты сезімтал екендігін жақсы біледі. Сол үшін жануарларды суретке түсіру кезінде оларға сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен қарау керек. Жануарлар әлемі – табиғаттың өте күрделі жаратылысы.

Жылдам қозғалыстың елесі (иллюзия) фотосуретте мынадай кезде пайда болатын қозғалыс әсері: тез түсірілген фондағы ақырын түсірілген нысан; немесе баяу түсірілген фондағы тез түсірілген нысан.

Интерьерлік фототүсірілім. Бұл жанрдың сәулеттік түсіріліммен көптеген ұқсастықтары бар. Көп жағдайда фотосуретші интерьерді көрсету үшін барлық заттарды нақты дәлме-дәл көрсеткісі келеді. Мұндай жағдайда фотоэтюды да қолдануға болады. Бұл жерде нақты көрсету қажет емес. Себебі жабық бөлменің ішіндегі қабырғаларды толық камту мүмкін емес, сол үшін тек бір көрініс (фрагмент) керек. Ол көрерменге ең қажетті, қызықты әрі негізгі бөлшектерді түсіндіре білсе болғаны. Фотографияда интерьер табиғи және жасанды жарық түсуіне байланысты бөлінеді.

Керезарлық тәсіл (немісше contrast) – фотоөнерде суретші жарық пен көлеңкенің түстің және қимыл-қозғалыстың карама-қарсылығын, керезарлығын көрсетуге тырысу.

Композициялық баланс – композицияның тепе-теңдігін немесе үйлесімін қамтамасыз ететін бейнедегі үлкен және кіші нысандардың, сонымен қатар ашық және қою бөліктердің, түсті элементтердің кеңістіктегі орналасуы.

Контраст – көркем фотосуретте карама-қарсы қоюға негізделген композициялық құрылымның қағидаты: кара мен ақтың; сынық сызықтардың нәзікпен көмкерілуі; симметрия мен асимметрия; статика мен динамика және басқасы. Контраст фототуындының эмоциялық үндестігін арттырып, оны одан да көрнекі етеді. Түсті контраст – негізгі және қосымша түстердің бір мезетте үйлесуі.

Қозғалыстың басты сызығы – көрерменге бір уақытта сезілетін фотокомпозиция мінездемесі: өткендегі қозғалыс (түсіргенге дейін); қазіргі қозғалыс (түсірген кездегі); болашақтағы қозғалыс (түсірілімнен соң).

Пейзаж. Қазіргі уақыттағы өте кең таралған жанрдың бірі. Бұл жанрда өзін байқап көрмеген фотосуретші жоқ шығар. Табиғаттың сұлулығын, ауыл мен қалалардың көрінісін, егіндік алқаптардың, өзен, көл, теңіздердің керемет құбылыстарын көріп тұрып түсірмеу мүмкін емес.

Сәулеттік фототүсірілім үш аспектіде қарастырылады: жеке шығармашылық, фотоөнер түрінде, қазіргі қалалық не өндірістік пейзаждың компоненті түрінде және құжат немесе естелік кескін түрінде. Көркемдік сәулет образында қоғамның мінезі, рухани өркендеудің деңгейі, эстетикалық толғамдары айшықталады. Фотографтың мақсаты – фотоөнердің терең үңіліп және оларды тиімді пайдалана отырып, эстетикалық талғаммен сәулеттік ғимараттың ерекшелігін көрсете білу.

Селфи (ағылшынша self өзі деген мағынада) – адамның фотоаппаратты немесе смартфонды қолына ұстап тұрып, өзін-өзі суретке түсіруі, яғни автопортреті. Әдетте селфилер әлеуметтік желілерде жария етіледі және соның арқасына бұл түсінік кең қолданысқа енді. Бір кадрға бірнеше адам кірген селфи «топтық селфи» деп аталады.

Спорттық фототүсірілім – негізі жанрлық фотографияға тиесілі, тек кейбіреулері ғана аса қажеттілікке байланысты фоторепортаж жанрына жатуы мүмкін. Спорттық жанрды түсіру кезінде қас-қағым сәттегі спортшы қозғалысының қызықты, әсерлі әрі тартымды сәттерін қалт жібермеуге тырысу қажет.

Факсимильді репродукция – фотомеханикалық репродукцияның көмегімен картинаны, суретті дәлме-дәл көшіру.

Фотоқағаз. Фотоқағаздағы баспа өте жоғары сапалы бейнені алуға мүмкіндік береді. Онда сияның сіңуіне жол бермейтін көп қатпарлы синтетикалық жабынды бар. Ол бейненің

өте жоғары сапасы мен ондағы реңдік түстерді беруде максималды дәлдікпен қамтамасыз ете алады. Фотоқағазды қолдану басылған бейненің жоғары деңгейдегі шынайылығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Фотоқағазды сәулелі ауыспалы фотосуреттерді және интерьерлік плакат, афиша, фототүсқағаз, күнтізбе, постерлер мен картиналардың фотокөшірмелерін басып шығару үшін қолдануға болады.

Фотографиялық портрет. Мұндағы фотосуретшінің мақсаты – жеке адамның ішкі жан дүниесі, мінез-құлқын, көңіл-күйін, т.б. сыртқы бет-әлпетімен үйлестіре отырып көрсете білу. Оларды жай адам байқамауы немесе көре алмауы мүмкін. Бұл, әрине, онай емес, бірақ шешімін таба білудің өзі үлкен өнер.

Фотокомпозиция үйлесімі – фотокомпозицияның жекелеген бөлшектерінің үйлесімді бірігуі: бірін-бірі толықтыратын көлбеу сызықтар мен тіктелген сызықтардың үйлесімі; бояулар үйлесімі; сәуле мен көлеңкенің және т.б. үйлесімі.

Фотомодель – суретті журналдар, жарнамалық фильмдер, бейнеклиптерге көңіл аударарлық қалыпта (позада) тұратын кәсіби манекенші қыз.

Фоторепортаж. Қазіргі фотография тәжірибесінде бұл жанр арнайы орын алады. Фоторепортаж – бүгінгі күннің фоторепортерларының негізгі жұмысы. Бұл термин журналистикадан келген. Ол белгілі бір оқиғаны жеткізу үшін фоторепортердің өз көзімен көргені. Фоторепортаждың принципі – болып жатқан оқиғаны өмірдің ағымына араласпай, сырттан бақылай отырып, қаз-қалпында беру, құжаттылықты (документальность) қатаң сақтау. Кейбір жағдайларды жасырын, байқатпай түсіруге, ал қалғандарын аппаратпен оқиғаның ортасында жүріп түсіруге болады. Негізгі сәттерді жіберіп алмау үшін әрдайым дайын болғаны дұрыс. Сәттердің күрт өзгеріп кетуіне байланысты қажет деген бір көріністерді жеке, үлкейтіп те түсіру керек, жалпы көрініс (қай жерде, қанша адам), яғни толық сипаттама беретіндей. Түсірілімнің өзі негізгі мақсат емес, маңыздысы не үшін жасалды соны көрсете білу.

Фотосуреттік композиция (орысша фотокомпозиция) – біріктіру: фотосуретшінің қиялынан тумаған, нақты көріністі көрсету және оған автордың философиялық, эстетикалық және қоршаған ортасына деген этикалық ой толғанысы, ішкі қарым-қатынасы. Фотосуреттік композиция түсіретін көріністегі нысандардың үйлесімді орналасуын, сонымен қатар негізгі нысан, бірінші панның бөлшектері мен фонының визуалды үйлесім талаптарымен сәйкес келуін қалайды.

Ырғақ (орысша ритм) фотосуретте – кеңістіктің қатаң логикалық жасалуындағы композициялық қағидаты. Фотокомпозицияның ырғақты қатары деңгейлес элементтердің кезектесуі немесе қайталануы; заттардың пішініне, көлемі, түсі, фактурасы және өзге де ерекшелігіне негізделуі мүмкін.

Тарау бойынша қорытынды:

Бұл тарауда заманауи бейнелеу өнерінің негізгі бағыттары – дизайн, компьютерлік графика, медиадизайн, web-дизайн және фотография өнеріне қысқаша сипаттама жасалды. Сонымен қатар бұл бөлімде орыс, ағылшын, француз тілдерінде жария болған ғылыми еңбектерден аударылған терминдердің түсіндірме сөздіктері келтірілген.


Сұрақтар:

1. Заманауи бейнелеу өнері дегенді қалай түсінесіз, дәстүрлі бейнелеу өнерінен қандай айырмашылықтарды байқадыңыз?
2. Дизайнерлік өнердің анықтамасы қандай?
3. Медиадизайнға қатысты негізгі терминдерге шолу жасаңыз. Түсінгеніңізді баяндаңыз.
4. Web-дизайнның қандай бағдарламалары бар?
5. Этнодизайнның негізі неде деп білесіз?
6. Фотография өнеріндегі пейзаж деген сөзді қалай түсінесіз?
7. Қандай танымал отандық фотографтарды білесіз, мысал келтіріңіз.

ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

КӨЗАЙЫМ БОЛҒАН КӨРНЕКІ СУРЕТТЕР

*Фотография өнері,
дизайн және жарнама.*



DIDAR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР КИНОФЕСТИВАЛІ





Қазақ өнерінің саңлағы Кәукен аға Кенжетәев «DIDAR» кинофестивалінің ашылуында сөз сөйлеп, батасын беруде. Алматы, 2006 ж.
Алматыдағы жастар мәселесі қапа басшылығы кеңесінде қаралуда. Алматы, 2007 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



Жастар саясатына қатысты жиында: солдан оңға қарай, қала әкімі И.Н. Тасмағамбетов, Н. Баймұханов, Д. Мұхамеджанов, А. Нұғманов.
Алматы, 2007 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

Спорттық шара соңындағы естелік сурет. Алматы, 2007 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



Наурыз мейрамын мерекелеуге жиналған қала жастары. Алматы, 2007 ж. Фото - Сабыр Байзақов.

Көк байрақты көкке көтерген жастар. Алматы, 2008 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

Қаламызда мың бұралып билейтін өнерлі жастар көп-ақ. Алматы, 2008 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



«Алматы – менің сүйікті қалам» атты әуесқой және кәсіби фотосуретшілер байқауының жеңімпаздары. Алматы, 2008 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

Жастар киносы барлығын қызықтырады. «DIDAR» кинофестивалінің баспасөз маспихаты. Алматы, 2008 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



Алматы ЖСДМҚ директоры Д. Мұхамеджанов қалада жаңадан ашылған демалыс орталығының тұсаукесерінде. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.

Қаладағы жастар арасында домбыраны сүймейтін жан кемде-кем. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.



«Тәуелсіздік тынысы» жас суретшілер көрме-байқауының жеңімпаздарымен бірге. Алматы, 2009 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

Талантты жас суретшілер өсіп келеді. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.



Ел спортының келешегі. Бауыржан Момышұлы атындағы еркін күрес турниріне қатысушылар. Алматы, 2009 ж. Фото - Руслан Дәулетбақов.
«Қазақша КВН» көңілді тапқырлар кешінің қазылар алқасы. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.



«DIDAR» кинофестивалінің баспасөз мәслихатында: солдан оңға қарай, модератор Роман Райфельд, жоба авторы, директоры Дәурен Мұхамеджанов, қазылар алқасының төрағасы, киносыншы Бауыржан Нәзәрбек, жобаның арт-директоры, кинотанушы Нәзира Мұқышева. Алматы, 2009 ж. Фото - Алмас Әлімжан.
9-мамыр – Жеңіс күнінде жастар бабалар рухына тағзым өтуде. Алматы, 2009 ж. Фото – Алмас Әлімжан.



Ел жастары - үнемі Ел басшылығы назарында. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты З.Я. Балиевамен. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.
«10-тамыз - Ұлы Абайдың туған күні» мерекесіне арналған футбол турнирінің жеңімпаздарына берілетін сыйлықтар. Алматы, 2009 ж. Фото - Арман Тайбеков.



«Қазақстан - біздің ортақ үйіміз» этно-фестивалінің жеңімпаздары. Алматы, 2009 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

«Жас Жұлдыз» қалалық жас орындаушылар байқауының жеңімпаздарын марапаттау кезі. Алматы, 2009 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



«Тәуелсіздік тынысы» жас суретшілер көрме-байқауы IV-маусымының ашылуында, солдан оңға қарай: жоба авторы Дәурен Мұхамеджанов, ҚР Суретшілер Одағының төрағасы Байтұрсын Әмірбеков, танымал суретші Сәуле Баланова алқызыл таспаны қиюда. Алматы, 2010 ж. Фото - Руслан Дәулетбақов.

«DIDAR» кинофестивалінің V мерейтойлық маусымын салтанатты ашу сәтінде: солдан оңға қарай, Алматы қалалық Жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы Бақтияр Мәкен, Т. Жүргенов атын. ҚазҰӨА проректоры Құдайберген Болатбаев, қазылар алқасының төрағасы Бауыржан Нәгербек және жоба авторы, Алматы ЖСДМҚ директоры Дәурен Мұхамеджанов. Алматы, 2010 ж. Фото - Алмас Әлімжан.



V «DIDAR» кинофестивалінің Бас Жұлдісі – арнайы мүсінше. Алматы, 2010 ж.

«Қара жорға» биі қай шараның болса да шырайын кіргізеді. Алматы, 2010 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

«DIDAR» кинофестивалінің моделі - Әйгерім Мұхаметжанова. Алматы, 2010 ж. Фото - Руслан Дәулетбақов.



«DIDAR» республикалық жастар кинофестивалінің жеңімпаздары: солдан оңға қарай, Эмир Байгазин, Әділхан Ержанов, Талғат Бектұрсынов. Алматы, 2011 ж.
«Ұлттық Дельфийлік ойындар» Халықаралық жастар шығармашылық фестиваліндегі Алматылық жеңімпаздар. Атырау, 2011 ж. Фото - Алмас Өлімжан.



«Наурыз-2011». Жастар отауындағы «тұсау кесу» рәсімі. Алматы, 2011 ж. Фото - Руслан Дәулетбақов.
Дәурен Мақсұтханұлы Қазақстан патриоттарының форумында. Қостанай, 2011 ж.





Ұлттың ұлы ұстазын жастар әр кез есте сақтайды. Алматы, 2012 ж. Фото - Арман Исмаилов.
Спортты серік еткен БАҚ құрамасы. Алматы обл. Бақанас кенті, 2012 ж. Фото - Алмас Өлімжан.




Өнерлі жастардан құралған футбол құрамасы. Алматы обл. Бақанас кенті, 2012 ж. Фото - Алмас Әлімжан.

Бақыт құшағында. Алатау бөктерінде. Фото - Жеңіс Ысқабай



Бейгеге шапқан шабандоздар. Алматы обл. Көкбастау атшабары. Фото - Жеңіс Ысқабай.

«Еуразия барысы - 2013» халықаралық турнирінің жеңімпазы Бейбіт Ыстыбаев. Тараз, 2013 ж. Фото - Жеңіс Ысқабай.



«Мисс Қазақстан» сұлулық жобасының банері. Плакат. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
 Қазақстанның ұлттық валютасы - теңгенің түрлі нұсқалары. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
 «Келін» көркем фильмінің банері. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
 Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
 Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.
 Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.


Қазақша стильдегі үй іші. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

Анимэ-фест банері. Плакат. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



«Қазақстан - бірліктің пен татулықтың мекені». Банер. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

«EL AMANATY-XXI» қоғамдық қоры. Логотип. Дәурен Мұхамеджанов



Түнгі жарнамалық жазу. Фото - Дәурен Мұхамеджанов


«Абылай хан - 300 жыл». Плакат. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.

«Лондон-2012» Олимпиадасының чемпионы – Серік Сәпеев». Банер. Авт. белгісіз, мат. ғаламтордан алынды.



«Жұлдыздар отбасы» журналының жарнамасы. Плакат. Авт. белгісіз, мат. галамтордан алынды.



Абайдың суреті бейнеленген панно. Авт. белгісіз, мат. галамтордан алынды.



Мұстафа Өзтүрік атындағы қалалық таяквондо біріншілігі. Банер. Дәурен Мұхамеджанов

Заманауи сен үлгісі. Фото - Алмас Өлімжан.


Мектептің ішкі безендірілуі. «Алматы-көркем» жарнамалық-өндірістік компаниясы.



Мектептің ішкі безендірілуі. Шаңырақ. «Алматы-көркем» жарнамалық-өндірістік компаниясы.

Сыртқы жарнама. Ғимарат қабырғасының безендірілуі. «Алматы-көркем» жарнамалық-өндірістік компаниясы.

IV ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР




КӨЗАЙЫМ БОЛҒАН КӨРНЕКІ СУРЕТТЕР


*Мүсін, кескіндеме, дизайн,
графика*

*Мерзімді баспасөзде
жарияланған мақалалар*









«Рожденные в любви», өңделген гипс. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 1999 ж.
«Қабанбай батыр», кеудемүсіні-1. өңделген гипс. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 2000 ж.
«Қабанбай батыр», кеудемүсіні-2. өңделген гипс. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 2000 ж.



«Махаббат жемісі», өңделген гипс. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 2000 ж.
«Сәрсен Аманжолов», өңделген гипс. Алматы, 2001 ж..
«Су тасушы қыз», өңделген бетон, көшірме. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 2005 ж.
«Таң» ағаш. Алматы, 2007 ж.



«Скрипачка», қола, габбро. Алматы, 2003 ж.
«Арқар», композиция, өңделген бетон. Алматы обл. Сарыөзек кенті, 2004 ж.
«Жаңғырық», қола, габбро-1. Алматы, 2004 ж.
«Жаңғырық», қола, габбро-2. Алматы, 2004 ж.




«Қазақ аруы», (Абитуриентка) -1, бетон. Алматы, 2004 ж.

«Қазақ аруы», (Абитуриентка) -2, бетон. Алматы, 2004 ж.

«Теңіз шуылы», өңделген гипс. Алматы, 2004 ж.

«Түн», әктас, үзінді. Алматы, 2004 ж.

«Шабьт», қола, габбро, мүйіз. Алматы, 2004 ж.




Суретші Мүсi:ші Дәурен Мұхамеджанов
жасаған «Мейірім» атты туындысының (26см х 105см х 28,5см)
жасау үстінде, 2009 ж.



«Мейірім», ағаш, аяқталмаған. Алматы обл. Боралдай кенті, 2004 ж.



«Сағыныш», ағаш-1. Алматы, 2003 ж.

«Сағыныш», ағаш-2. Алматы, 2003 ж.



«Табиғат сыйы», кенеп, майлы бояу. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 1999 ж.


«Шаңқай түс», кенеп, майлы бояу. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 2000 ж.



«Ақшамдағы балықшы», кенеп, майлы бояу. Алматы обл. Боралдай кенті, 2001 ж.

«Натюрморт», көшірме, картон, майлы бояу. Алматы, 2001 ж.


«Бөрілер», кенеп, майлы бояу. Австрия, 2002 ж.



«Бурабай көлі», көшірме, кенеп, майлы бояу. Испания, 2002 ж.

«Алакөл толқындары», кенеп, майлы бояу. АҚШ, 2003 ж.

«Қос аққу», кенеп, майлы бояу. Талдықорған, 2004 ж.




«Остров сокровищ», казиносының сыртқы безендірілуі, темір, бетон. Алматы, 2001 ж.

«DIDAR» кинофестивалі, авторлық жобасының афишасы. Алматы, 2007 ж.

«Тәуелсіздік тынысы», суретшілер көрмесі» жобасының афишасы. Алматы, 2008 ж.



«DIDAR», кинофестивалі» авторлық жобасының банері. Алматы, 2008 ж.



«Алматы - менің сүйікті қалам», фотобайқауы» жобасының банері. Алматы, 2008 ж.

«Тәуелсіздік тынысы», суретшілер көрмесі» жобасының билборды. Алматы, 2008 ж.

«Наурыз-2008», жастар концертінің афишасы. Алматы, 2008 ж.




Жастар публицистикалық байқауының афишасы. Алматы, 2008 ж.


«Айтыстың көркемдік әлемі» кітабының мұқабасы-1. Алматы, 2009 ж.

«Айтыстың көркемдік әлемі» кітабының мұқабасы-2. Алматы, 2009 ж.


Әлеуметтік жастар билборды. Алматы, 2009 ж.




«Алматы - заңдылықтар қаласы» шарасының афишасы. Алматы, 2009 ж.
 «Алматы қаласының Демалыс орталықтары» каталогінің мұқабасы. Алматы, 2009 ж.
 «DIDAR» кинофестивалі» авторлық жобасының афишасы. Алматы, 2010 ж.



«DIDAR» кинофестивалі» авторлық жобасының ұрансөзі. Алматы, 2010 ж.
 «Қайрат Рысқұлбеков атындағы грек-рим күресі» турнирінің банері. Алматы, 2010 ж.
 Жастар публицистикалық байқауының афишасы. Алматы, 2010 ж.




«Толғағай» алыптар сайысы» турнирінің банері. Алматы, 2010 ж.
 «Алматы – жастар қаласы» фестивалінің афишасы. Алматы, 2010 ж.
 «8-наурыз» шақыру билеті. Алматы, 2011 ж.



«Алматы қаласы Әкімінің байрағы» нобайы. Алматы, 2012 ж.

«Еуразия Ұлттық университетінің байрағы» нобайы. Алматы, 2012 ж.

«ҚР Төтенше жағдайлар министрінің байрағы» нобайы. Алматы, 2012 ж.



«Ғани Мұратбаев атындағы қоғамдық медаль» нобайы. Алматы, 2012 ж.


«Түгел түркі түбі бір, түп анасы - Көкбөрі» қоғамдық ордені» нобайы. Алматы, 2012 ж.

«Тұмар патшайым» қоғамдық ордені» нобайы. Алматы, 2012 ж.

«Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк» қоғамдық ордені» нобайы. Алматы, 2012 ж.




«Рақымжан Қошқарбаев атындағы қоғамдық медаль» нобайы. Алматы, 2012 ж.



«Ту тұмаршы» панносының нобайы. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 1998 ж.

«Тобылғы қамшы және дирижер таяғы» нобайы. Алматы обл. Қаскелең қаласы, 1998 ж.




«Қарасай ауданы» поготиінің нобайы. Алм. обл. Қаскелең қаласы, 1999 ж.

«Тәуелсіздік тынысы» суретшілер көрмесі» жобасының логотипі. Алматы, 2006 ж.





«Ғабит Мүсіреповке - 100 жыл медалі» бөреі бетінің (avers) нобайы. Алматы, 2002 ж.

«Ғабит Мүсіреповке - 100 жыл медалі» арғы бетінің (revers) нобайы. Алматы, 2002 ж.



«DIDAR» республикалық жастар кинофестивалі» жобасының логотипі. Алматы, 2010 ж.


«Универсиада-2017» логотипінің нобайы-1. Алматы, 2011 ж.



«Универсиада-2017» логотипінің нобайы-2. Алматы, 2011 ж.

«Универсиада-2017» логотипінің нобайы-3. Алматы, 2011 ж.

«Универсиада-2017» логотипінің нобайы-4. Алматы, 2011 ж.



«EL AMANATY-XXI» қоғамдық қорының логотипі. Алматы, 2012 ж.

4.1. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР

Мүсін өнерінің сәулет өнерімен үйлесімділігі (дизайнерлер үшін)

Адам баласы ес білген ескі заманнан бері өзіне жайлы да жылы, көрікті де кең баспана тұрғызуды ойлады. Сол үшін талмай еңбектеніп, уақыт өткен сайын өздерінің ойлау қабілеттеріне сай тұрғын үйлер, қызметтік, кәсіптік, өндірістік, т.б. ғимараттар тұрғызып келеді. Келе-келе ғимарат тұрғызушыларды қарапайым сарай тұрғызушылар емес, өнер адамы – сәулет өнерінің хас шеберлері деп таныды.

Тарихқа көз жүгіртсек, Ежелгі Мысырдағы Гиза пирамидалары, Перғауындар сарайлары, көне Грек қалалары, сондай-ақ өзіміздің еліміздегі көне шаһарлар Отырар, Сығанақ, Түркістан, т.б. қалалардағы ғимараттар ескі болса да көріктілігімен, ыңғайлылығымен естінің есін алады. Шығыстық үлгіде салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі мазары, Баба әже қатын моласы, т.б. айтқан сөзімізге дәлел болады.

Мүсін өнері – сәулет өнері сияқты көнеден келе жатқан киелі де күрделі өнер түрі. Хас шеберлер осы екі ұлы өнерді ғажап байланыстырып, үйлесімділігін таба білген. Мүсін – жоғарыда айтып өткендей көне өнер. Ол жекелей де және сәулет өнерімен байланыса да дамып келеді.

Сәулет өнерінде мүсін ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. Ғимараттың салтанатты жағындағы (фасад) бағаналарының жоғарғы жағына копительдер қойылады. Бағаналардың орнына кейде адам, жан-жануарлар (хайуандар) бейнесі сомдалады. Олардың өзі түрлі канонда болады.

Ғимараттың сыртына қосарлана жасалатын мүсін түрі, негізінен, бедерлеме (рельеф) болып келеді, мұның өзі жөн шығыңқы (барельеф) (французша *bas* – «төмен») және дөрекі шығыңқы (горельеф) (французша *haut* – «жоғары») болып бөлінеді. Сондай-ақ атланттар (Санкт-Петербурдағы әлемге әйгілі өнер мұражайы – Эрмитаждың кіре берісін еске түсіріңіз), саңылаулы (сквозной) бедерлемелер де көп қолданылады. Кейбір шеберлер жұмыр мүсіндерді де ұтымды үйлестіре біледі.

Тұрғын үйлердің, кенселердің ішін (интерьер) безендіру үшін түрлі ою-өрнектерді бедерлеме тәсілімен орналастыруға болады. Оларды көбіне ішкі төбенің жиектеріне, есік-терезелерге және жақтауларына қондырады. Жұмыр мүсіндерді қабырғаны ішіне қарай қуыс жасап, мүсіндер қою дәстүрі қалыптасқан. Ал жекелеген авторлардың кіші пішіндегі мүсіндерін (скульптура малых форм) бөлменің ішкі кеңістігіне орайластырып қояды. Олардың орны, негізінен, тірек бағаналарының тұсы, бөлме бұрыштары, астына арнайы материалдардан – мәрмәр, гранит, т.б. тастардан, ағаштан, темірден жасалған тұғырларға қойылады.

Қойылған туындылар (портрет, жұмыр мүсіндік композиция) көрер көз деңгейімен шамалас биіктікте қойылады, ал ұсақ пластикадағы жұмыстар тізеден төмен биіктікте астына жадағай тұғыр қойылып орналастырылады. Сондай-ақ тұрғын үйлердің ішіне орналастырылатын мүсіндердің тақырыбына қарай да мекені анықталады.

Айталық ас үй бөлмесіне кіші пішіндегі мүсіншелер – аңдар, құстар, жануарлар, қонақ үйге (зал) ұлы адамдардың (батырлар, билер, хандар) портреттері, қызықты композицияға құрылған жұмыр мүсіншелердің де орны осы болмақ.

Ал ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыптарына арналған мүсіндер – О. Роденнің «Мәңгілік көктемі», «Сүйісуі», А. Бернинидің «Апполон мен Дафнасы», т.б. жатын бөлменің көркін кіргізбек. Б. Микеланджелоның «Дәуіті», А. Майольдің «Үш аруы», Ш. Төлештің «Аруы», т.б. кіре беріс кең дәлізді (холл) көріктендірмек.

Ал шаршағанда күш-жігер, қайрат беретін тақырыптарға арналған Қ. Сатыбалдының «Абылай ханы», Н. Далбайдың «Батыры», Миронның «Дискоболы», Х. Наурызбаевтың «Құрманғазысы» сынды мүсіншелер жұмыс бөлмесіне негіз болады.

Көп қабатты үйлердің қылтималарын (балкон) өрнектермен немесе шығыңқы мүсіндермен ұштастырып безендіруге болады. 2-3 қабатты үйлердің мансарды, төбелеріне де (тақырыбы ғимараттың негізгі қолданылатын аясымен сәйкес болса) мүсіндерді орналастырса тіпті жарасып кетеді.

Мүсін өнері ерекше дамыған елдерде ғимараттың дизайнына, безендірілген мүсініне, оның тақырыбына қарап-ақ қандай мақсаттағы және иесінің қандай адам екенін де қиналмай түсінесіз. Мүсін өнері тұрған ортасымен үйлесуі үшін жарықтың (табиғи, жасанды) әсері мол. Жарық арқылы мүсіннің композициялық шешімі, материал қатпарларындағы жарық пен көлеңке тамаша үйлесім табады.

Сәулет өнеріндегі басты бөліктің бірі (деталь) – баспалдақ. Ол ғимараттың сыртында да, ішінде де болуы мүмкін. Сыртқы баспалдақтардың жанында Ежелгі Мысырдан келе жатқан ғұрып (канон) бойынша, хайуанаттардың (арыстан, жолбарыс, піл, т.б.) мүсіндерін қою дәстүрі қалыптасқан. Ол хайуандар белгілі бір тотемдік белгіні білдіреді.

Арыстан, жолбарыс, қасқыр – жауына сес көрсетуді, айбат шегуді білдірсе, піл, сиыр, барыс, т.б. белгілі бір елдің пір тұтатын киелі жануары екендігінен хабар береді. Сөз орайы келгенде айта кетейін, ата-бабаларымыз – жылқы малын пір тұтқан. «Ат – адамның қанаты», «...атына ауыр жүк артпа» дегендей тіркестер тудырып, жылқы санымен байлығын салыстырған. Ендеше неге алдыға қарай арындаған жылқы мүсінін өзіміздің кеңсеміздің алдына орнатпасақ?!

Баспалдақтың тіректеріне, негізінен, жұмыр мүсіндер қондырылады. Ал шарбақтарына саңылаулы бедерлер пайдаланылады. Бұл жерде де тақырыптарына байланысты ерекшеленеді. Адам немесе жануарлар тірекке тақырып болса, шарбақтарға ою-өрнектер, гүлдер, өсімдіктер, т.б. негіз болады.

Қазақстанда мүсін өнері сәулет өнерімен көнеден келе жатқан дәстүрлі ұштасуын ислам дінінің үстемдік етуімен дамуын біраз уақытқа үзіп алды. Тек Кеңес үкіметі кезеңінен бері қарай ғана тұрақты дамып келеді. Өнерді сол кездегі ел басқарғандар саясатпен жақсы байланыстыра білді.

Мысал үшін айтсақ, тың игеру кезіндегі ауа көшкен қаптаған халықтардың Қазақстанға келіп тұрақтауы, миллиард пұт астық алуымыз, ақ алтын – мақта мақтанышы осы және өзге де саяси науқанның ізі сол кезде тұрғызылған мәдениет үйлері мен сарайларында сайрап жатыр. Еліміздің «қан тамыры» – темір жолдың бекеттері де саясатқа жұмыс істеді. Қызылорда, Ақмола, Орал, Алматы-2 теміржол бекеттерінің безендірілуі осыған дәлел.

Біздегі зәулім сарайлар мен кең үйдегі баспалдақтардың тірек басына жылқы, арқар, барыс бейнелерін қондырса тіпті жарасып кетер еді.

Біздің экономикамыз да, рухани жан дүниеміз де күннен күнге байи түсуде. Бұл замана талабымен келетін қалыпты жағдай әрі уақыт өте келе материалдық жағынан толық қамтылған адам, рухани жан дүниесін молайтуға көшеді. Жаңашаға жаны әуес жандардың үй ішін безендіруге (интерьер дизайны) қандай таңдау жасарын білмей дағдарып, тығырыққа тірелетін кездері болады. Басына бақ-дәулет қонып, байлыққа кенелген жұртымыздың үйінің (сарайының) дәрежесіне сай болуы заңдылық. Сол үйдің ішінде жиһаздар, түрлі мүсіншелер (статуэткалар), кәдесыйлар (сувенирлер), қажетті керек-жарақтар орынды үйлесім табуы керек. Әрқайсысын өз орнына қоя білсек, жып-жинақы, мұнтаздай тап-таза кең сарайда отырып, бар байлықты орынды игере алғандығымызды білдіретініміз хақ.

Алматыдағы сәулет өнерінің мүсін өнерімен байланысына келсек, алдымен, Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театры ауызға алынады. Театрдың сыртқы маңдайшасындағы (фриз) бедерлемедегі әнші-күйші, жырышыларға арналған сюжеттік бейнесі ғимараттың қандай мақсатқа арналғандығын жақсы ашып тұр. Тәуелсіздік алған соң қайта жаңғыртылған опера және балет театрының іші кірсе шыққысыз.

Ұлттық десе дегендей, Ақсай, Есік қорғандарынан табылған бастырмаларды ұтымды үйлестіре білген. Лоджалары барыс кейпіндегі мүсіндермен безендірілген. Дизайнерлік шешімде қазақтың ою-өрнектерін де мейлінше ұтымды қолданған. Есіктің жақтауларында, сахна жиегінде өсімдік тектес өрнектерді қолданған. Ішкі төбесіндегі шамшырақта (люстра) Есік қорғанынан табылған бастырманың көшірмесі сәтті көрініс тапқан. Осындай үлгіде өзге де мемлекеттік маңызы бар сарайларымызды безендірсек, ұлттық құндылықтарымыздың бірінің көрініс тапқаны болар еді. Салып жатқан үйіңіз немесе басқа да құрылысыңыз сәтті шықсын десеңіз, уақыт тауып, көріп қайтуға болады. Осындай үлгіде өзіңіздің ардақ тұтар сарайыңызды безендірсеңіз, ұлттық құндылықтарымыздың бірінің орынды көрініс тапқаны болар еді.

Алматыдағы 1950-1970 жылдары тұрғызылған ғимараттар, әсіресе қаланың «алтын төртбұрышы» атанған орталық көшелеріндегі үйлер шығыстық үлгідегі мүсіндермен безендірілген. Бөгенбай батыр көшесі мен Желтоқсан көшесінің қиылысындағы үйдегі («Zepher» компаниясы орналасқан) жұмыр мүсіндер ұтымды қойылған. Астана алаңындағы бүгінгі ҚБТУ ғимараты, Абылай хан даңғылы мен Төле би көшесінің қиылысындағы үйдің маңдайшасындағы бедерлерінен бұл ғимараттардың бұрын қандай қажетке жаратылғанын білуге болады. Абай даңғылының бойындағы ҚазҰАУ-дың оқу ғимараттары, Қазақстан Медицина институты бәрі-бәрі «қылышынан қан тамған» кеңестер заманында ұлттық ерекшелікті, шығыстық үлгіні сақтап қалғанына риза болып, қайран қаласың. Әрине, мұның бәрі жоғарыда айтып өткенімдей саясатпен байланысты. Мұның бәрі ел басқарған ағаларымызға, солардың өз халқының өнеріне, мәдениетіне құрметі мен қамқорлығының қаншалықты екеніне байланысты.

Мемлекет мәдениетінің мәйегіне айналған ару қала – Алматының осы деңгейін түсірмей рухын одан әрі асқақтату – қала басшылығының және осы қаланы мекендейтін әрбір тұрғынның азаматтық борышы.

Сонымен, еліміз тәуелсіз әрі экономикамыз жылдан-жылға өсу үстінде. Құрылыс «жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай» қаптап, салынып жатыр (уақытша дағдарысты айтпағанда). Бүкіл Қазақстан – құрылыс алаңына айналып, қалалары түлеу үстінде, жарамсыз үйлер бұзылып, орнына жаңа зәулім ғимараттар көтеріліп жатқанын көріп жүрміз. Бұл, әрине, бір жағынан жақсы, ел-жұрт баспаналы болады, екіншіден құрылыстың санына емес сапасына қарайтын уақыт жеткенін мойындауымыз керек. Жан-жақтан құрылысшылар, сәулетшілер келіп, өз ой-жоспарларын осы жерде қалдырмақшы болады және өздерімен бірге жақсы-жаман өнер ағымдарын ала келетіні сөзсіз. Осы сәтте сақ болып, намысты қолдан бермей, ұлттық нақышты басты назарда ұстауымыз қажет.

Осыған тақырыптас «Өнер отауы» газетінің 2003 ж. №9 (2) саны, 2-бетінде «Санкт-Петербург саздары» атауымен мақалам жарық көрді. Ондағы айтқан пікірім әлі де өз мәнін жойған жоқ, керсінше өзекті бола түсті. Сол мақаламның үзінділерін тағы да тізіп кетуді жөн санадым.

«...Петербордың негізін қалап, тұрғызған Петр әрі әскери сардар, әрі мемлекет қайраткері ғана емес, осы арада ол өзінің ғажайып ақыл-ойдың иесі, тамаша сәулетші-суретші екендігін көрсете білді. Осы арқылы орыс халқының жарық жұлдызы, ғұламасы ретінде танылды. Ал Петербор оның керемет туындысы іспетті. Сол туындысында небір ғажайып өнер інжу-маржандарын жарыққа шығарды...

Бұл енді, меніңше, Нұрағаның нұрлы жолының бастамасы болған сияқты. Алғаш астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы сыбыс шыққаннан-ақ «жылы інінен шыққысы келмеген тышқан сияқты» жылы Алматыдан Сарыарқаның төсіне, «сары шұнақ

аязына» беттегілері келмегендер көп болды. Қайтсе де астананы Алматыда қалдыруды ойлағандардың ойларын тұңғыш Президент – Назарбаевтың табандылығы жеңді. Ол да орыстың алғашқы патшасы Петрдей тәуекелдің жел қайығына отырды...

Бұйыртса, Еуразияның кіндігіндегі Астанамыз әлемнің ешбір шаһарына ұқсамай өзінше бет-бейнесін көрсетіп, Петр заманындағыдай емес, бүгінгідей ғылым-білім, техника заманында сәулет өнерінің соңғы үлгілері осы қаладан табылып, ғаламат шаһар орнаса?!

Петр қаласында сәулет еуропалық үлгіде болса, Астанадағы сәулет өнері тек еуропалық қана емес, азиялық үлгімен де салынса нұр үстіне нұр болар еді. Мұнда әрбір ғимарат жылтылдаған қаңылтырдан емес, өзгеше мүсіндермен өрнектелген болса жөн болар еді. Шетелдіктер сол мүсіндер арқылы тарихымызды талдап, ескерткіштеріміз арқылы елдігімізді танып білер еді. Петербордағыдай «Жазғы Бақ», «Таврия Бағы», т.б. көпшілік тынығатын жерлер көп болса, солғұрлым халықтың жадында жақсы сақталып, әсер алады. Әлемдегі атақты мүсіншілердің басын қосып, тақырыбын тарихымызға байланыстырып, ірі халықаралық симпозиум өткізсек, ол өз жемісін береді.

Астана – тек басқару аймағы емес, мәдени-рухани орталығымыз да болмақ, ендеше жылтыраған, жып-жылмағай ғимараттар көрген жанды тез жалықтырады, сондықтан өзімізде де мүсіншілер жетерлік қой, тамаша мүсіндік композицияларды көбірек орнатсақ қала сәулетімен жарасып кетер еді.

Өнерге жаны жақын Нұрсұлтан Әбішұлы мүсінге, мүсіндік ескерткіштерге, жалпы өнерге шекеден қарамайтындығын талай рет дәлелдеген. Ендеше Есілдің жағасынан «Астана Бағы», «Нұрлы Бақ» неге жасалмаса, онда қазақ халқының аңыз-ертегілеріне негізделген мәрмәр мүсіндер қойылса, болашақ жас ұрпақ үшін берері мол болар еді. Сонда Астана өнерді бағалаушы шетел саяхатшыларының сүйікті мекені болып, туристік орталыққа айналар еді. Оған дәлел Санкт-Петербурдағы өнер мұражайлары Қысқы Сарай – Эрмитаж, Орыс мұражайы, «Жазғы Бақ», т.б. күніне миллиондаған саяхатшылардың ағылып келетініне куә болдық. Бұл табыс көзі, қала қоржынына қаржы құяды...».

Иә бүгінде Алматыда қалталы азаматтардың жеке тұрғын үйлері, дүкендері, кеңселері, т.б. құрылыс материалы – аликобондты ауыстырып, орнына бедерлі кескіндермен безендіруге көше бастады. Абылай хан даңғылы мен Шевченко көшелерінің қиылысындағы дүкендер, Фурманов көшесі мен М. Мақатаев көшесінің қиылысындағы «Намедни» мейрамханасы, С. Сейфуллин даңғылындағы «Жерұйық» мейрамханалары осының куәсі.

Жаңадан тұрғызылған көп қабатты тұрғын үйлердің, бизнес орталықтарының, спорттық-мәдени кешендердің бірінші қабаты міндетті түрде мүсіндік композициялармен безендірілсе, ғасырлардан жеткен ұлттық құндылықтарымыз – аңыз-ертегілердегі, эпостық жырлардағы кейіпкерлер бейнеленсе, еліміздегі сәулет өнерінің мүсін өнерімен тамаша үйлескені болар еді және де ұлттық мәдениетіміздің деңгейінің қаншалықты екенін көрсеткен болар едік.

20.02.2006 ж.

Алматы келешекте қандай болуы керек?

Шынымен де жақын және алыс болашақта Алматы шаһары қандай болуы керек?! Әрине, бұл сауалға әркім әр түрлі жауап айтар, әркімнің оған құқығы да бар екенін және білеміз. Айтпағымыз, ару қаламыз Алматы дамуы жағынан елордасы Астанадан бір елі де қалыс қалмауы керек.

Алматы – мың жылдық қилы да қызықты тарихы бар көне шаһар. Ежелгі Жібек жолы мен қазіргі Жібек жолының («Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізі) негізгі аялдамаларының бірі. Ұлтымыздың негізгі мәдени-рухани орталықтары осы жерде орналасқан.

Бірақ та заманына сай басшыларының таным түсінігіне орай бірде қирап, бүлініп, бірде құлпырып, абаттанып отырған.

Бұл тақырыпты қозғауға мұрындық болған осы алып шаһардың қазіргі Әкімі Ахметжан Есімов мырза бастаған Қалалық абаттандыру кеңесі ұсынған Алматы қаласын одан әрі көркейту туралы жоспар және осының аясында қаладағы Фурманов көшесі пен Достық даңғылының жаңа келбетін жасауға байқау жариялауы болды.

«Алматы өңі – Лик Алматы» атты бұл халықаралық байқау жобасы қала басшысының бастамасымен биылғы жыл мәдениет жылы атанғанына және ҚР Дизайнерлер Одағының 25 жылдығы құрметіне орайластырылған.

Қазақстан Дизайнерлер одағымен бірлесіп жарияланған, бұрын-соңды болмаған екі сатыдан тұратын мұндай байқауды (жалпы жұлде қоры 2 500 000 теңге, ал, көшелерге қатысты ерекше дизайн үлгісін ұсынған авторға бір миллион теңге сыйақы!) көптеген өнер адамдары естімеген де болуы керек. Естісе де екек аяңмен жүретін қазекөбіз ғой, естуімізше әлі тұщымды жобалар жоқтың қасы екен.

Дегенмен де уақыт та аз қалыпты, «Almaty Design Week» Алматыдағы Халықаралық дизайн апталығы фестивалі аясында жеңімпаздар анықталып, үздік жұмыстар көрмесі Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында үстіміздегі жылғы қарашаның 22 мен 24 аралығында өтеді деп күтілуде.

Сондықтан да әлі бұл жобадан бейхабар әріптестерім тезірек мына сілтеме арқылы толық мағлұмат алуына болады: <http://www.adw.kz/konkurs.html>.

Нақты мәселеге көшсек, қаладағы осы екі даңғылдың қала дамуында алар орны ерекше екендігіне толық қосыламын. Сәті түскенде мән-маңызын түсіне отырып, маман ретінде сүйікті қаламыздың өркендеуіне байланысты өз ойымды ортаға салмақпын.

Себебі осы екі күре жолдың халқымыз үшін, тіпті еліміз үшін маңызы ерекше деп білемін. Бірімен, яғни Фурманов көшесімен (келешекте Тұңғыш Президент даңғылы аталуы мүмкін, ол ұсынысты да толық қолдаймын) Алматы халықаралық әуежайынан түсіп, қала орталығына жетесің, ал екіншісі Достық даңғылымен қаламыздың төріне, яғни әлемге әйгілі мұз айдыны Медеу мен аспанмен астасқан шаңғы курортының базасы Шымбұлаққа жетесің.

Алып шаһардың осы екі күретамырына уақыт талабымен санаса отырып, жаңаша көзқараспен қарап, заманауи мән берілуі керек деп білемін. Алғашқысы көбінесе ресми тұлғалардың жүретін жолы болғандықтан, осы даңғылдың бойына халқымыздың егемендігі жолында еңбек етіп, құрбан болған ел басқарған билеріміз бен батырларымыздың тұлғалары бейнеленсе, екіншісіне халқымыздың меймандостығынан, қонақжайлығынан сыр шертетін, достыққа адал екендігімізді білдіретіндей тұжырым жасалып, осы негізге сәйкес тұлғалар сомдалуы қажет. Түсінікті болуы үшін жеке-жеке жіктеп көрейік.

Өзімізше сипаттап өтейік, екеуі де қала ортасында әрі таудан төмен қарай орналасқандықтан (таудың саф ауасын қала тұрғындарына үздіксіз жеткізетін күретамыр іспеттес), көлденең жатқан көшелермен (даңғылдармен) қиылысады.

Ұсыныс ретінде айтарым, осы көлденең қиылысқан көшелердің тұсында атау немденген тұлғалардың ескерткіштері мүмкіндікке орай кеудемүсін (бюст) немесе толық тұлғалы мүсіндері (ескерткіш) бой көтерсе ғанибет болар еді.

Олар соншалықты құрмет көрсететіндей кімдер еді, қандай тұлға еді дегенге келсек, нақты айғаққа жүгінейік. Фурманов атындағы даңғылдың бойында орналасқан халқымыздың тарихымен тығыз байланысты әлгі көшелердің атауларына назар аударайық (жоғарыдан төмен қарай):

Қазақ жерінен шыққан ғұлама ғалым, ойшыл – Әл-Фараби даңғылы қиылысында осы тұлғаның толық тұлғалы ескерткіші, күй атасы – Құрманғазы көшесінің қиылысында кеудемүсіні, дарабоз, хаң батыры атанған – Қабанбай батыр көшесінің қиылысында толық тұлғалы ескерткіші (бұл қиылыста ескерткіш қоюға жететін үлкен бос орын бар, дәл қазір ол жерде ешқандай эстетикалық талғамға сай келмейтін арка мен минн-аллеясымақ тұр), халқына қиын-қыстау кезеңде қолына қару алып, жауға шапқан ер – Қарасай батыр көшесінің қиылысында кеудемүсіні, қисынын келтіріп толық тұлғалы ескерткішін де қоюға болады («Сая» қонақ үйі мен «Транстелеком» ғимаратының арасында кішігірім аллея жасауға да болады, бұл жер қазір түсініксіз көлік тұрағы).

Ел аузында үнемі қанжығасы майланып жүретіндіктен, қанжығалы атанған Бөгенбай батыр көшесінің қиылысында кеудемүсіні, төрт тарапқа тапқыр төрелегімен аты шыққан Төле би көшесінің қиылысында кеудемүсінін, қисынын келтіріп толық тұлғалы ескерткішін де қоюға болады (қаланың қақ ортасын көлбей өтіп, он шақырымға созылып жатқан күре жолды келешекте көше емес, Төле би даңғылы деп атау керек).

Қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек би көшесінің қиылысында кеудемүсіні, әділ төрелік айтуымен әйгілі болған Әйтеке би көшесінің қиылысында кеудемүсіні, Шығыстың қос жұлдызы атанған Кеңес Одағының батырлары, мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметшы Мәншүк Мәметова көшелерінің қиылысында кеудемүсіндері, есімі елге ерекше қасиеттілігімен танылған Райымбек батыр көшесінің қиылысында қисынын келтіріп толық тұлғалы ескерткіші орнаса, қасиетті бабалардың рухы бір серпіліп қалар еді.

Қазақ халқының кешегі біреулер ойлағандай «бұратана халық» емес, ел басқарған ұлы тұлғалары мен ұлтын жаудан қорғаған батырлары бар рухты халық екендігін қалаға келген өзге мемлекеттің басшылары мен меймандарымыз түсініп, ұлылығымызды мойындап, сескенген болар еді. Атам қазақ айтатындай «жаман үйді қонағы билейді» дегендей сезім болмас еді.

Енді Достық даңғылының бойында орналасқан халқымыздың тарихымен тығыз байланысты атауларға назар аударайық (төменнен жоғары қарай):

Гоголь көшесінің қиылысында кеудемүсіні, Қазыбек би көшесінің қиылысында Кеңес Одағының батыры, аты аңызға айналған дивизия командирі, генерал-майор Иван Панфиловтың кеудемүсіні орналасқан, Жамбыл көшесінің қиылысында кеудемүсіні бар, Шевченко көшесінің қиылысында кеудемүсіні бар, Абай даңғылының қиылысында әлемге әйгілі тұлғаның алып ескерткіші бар, Даңқты ғалым, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев көшесінің қиылысында кеудемүсінін, қисынын келтіріп толық тұлғалы ескерткішін де қоюға болады (Алматы қаласы Оқушылар сарайының төмен жағынан орын бөлінсе жетіп жатыр).

Ал белгілі қоғам қайраткері, ғалым-механик, техника ғылымдарының докторы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің атына берілген көшенің қиылысында кеудемүсіні, Күш атасы – Қажымұқан көшесінің қиылысында кеудемүсіні, Халық әртісі Жамал Омарова атындағы көшенің қиылысында кеудемүсіні, Кеңес Одағының батыры Минин көшесінің қиылысында кеудемүсіні, белгілі қоғам қайраткері, Марат Оспанов көшесінің қиылысында кеудемүсіні мен мұнда лап тұрса көрер көзге керемет әсер сыйлары сөзсіз!

Бұдан әрі тауға қарай жол жиегінде кездесетін қашалған жоталарға Медеу мен Шымбұлақтың жолында панорамалық паннолар жасалып онда ұлттық спорт тақырыбынан сыр шертетін сәулеттік-көркемдік композициялар орын тепсе жөн болар еді. Алдағы уақытта қаламызда ірі-ірі спорттық жарыстар өтетіні белгілі. Соның ішіндегі шоқтығы биігі, ол Алматыда өтетін Бүкіләлемдік қысқы спорт түрінен өтетін универсиада-2017!

Шетелдерден келетін туристер, спортшылар қонақ үйге келіп шұқшиып кітап ақтарып отырмай, керсінше, таудың таза ауасымен серуендеп, осы паннолар арқылы тарихымызды, қаланың өткені мен болашағын болжай алар еді.

Алматы – астаналық мәртебеден айырылса да мемлекеттік маңызы бар статусты қала. Сондықтан да мәдени қаламызды көркейтуге біздің құқығымыз да құзыретіміз де жетеді, тіпті қажетті қаражатты да табуға болады, әрине, ниет болса! Себебі бұрынғыдай «айдаладағы Мәскеуге» жалтақтамаймыз, Аллаға шүкір, өнерді түсініп, үнемі қолдайтын өз Елбасымыз, бойында қазақи қаны бар әкіміміз бар.

Ал ол тұлғаларды сомдайтын, орнын абаттандыратын кәсіби мамандар (суретші, мүсінші, сәулетші, дизайнер) өзімізде баршылық.

Біз әрқашанда халық ретінде, бір ұлттың өкілі ретінде бір-бірімізді қолдап, демеп отыруымыз керек.

Бұл игі шара жүзеге асып жатса, бір жағынан, қаланың негізгі көшелерін абаттандыру болса, екінші жағынан, қоғамға белгілі тарихи тұлғалар, мемлекеттің орнығуы мен дамуына, мәдениеттің дамуына қомақты үлес қосқан жазушылардың, ғалымдардың, мәдениет және өнер қайраткерлерінің кескіндерінің әрқайсысы жеке көркемдік шығарма болып шығар еді, былайша айтқанда «бір оқпен екі қоянды» атқандай болар едік.

Яғни, бір жағынан, қаланы көркейтсек, екінші жағынан, еліміздегі бейнелеу өнерін нақты қолдағанымыз болып шығар еді.

«www.shyn.kz» сайты, 10.11.2012 ж.

Әлемді мойындатқан дизайн өнерінің әлеуеті

Заман өзгерді, онымен бірге адам да, өнер де өзгеру үстінде. Алғашында жатырқай қараған өнер ағымының бірі – дизайн болса, ол бүгінде ұқсата білген жанға таптырмас, ең табысты мамандыққа айналды. Себебі дизайн өнері біздің күнделікті тұрмысымызбен біте қайнасып жатыр.

Әлемде компьютердің пайда болуымен бірге дизайн өнері де қарқынды дамып әрі барлық саланы қамтыған жойқын «қаруға» айналды. Осы салаға қатысты түрлі компьютерлік бағдарламалар жасалып, дизайнерлер үшін мол мүмкіндіктер әлемі ашылды. Оның үй іші, қызметтік кеңсе, демалыс орны дейсіз бе, барлығына қатысы бар. Ғимараттың іші мен сыртқы көрінісі өзара үйлесімді, ыңғайлы, көрген көзге тартымды көріну үшін еріксіз алдымен дизайнерге жүгінесіз. Тіпті, үстіңізге киген киіміңіз, жүрген көлігіңіздің де сымбатты да сүйкімді, ыңғайлы болуы дизайнерлік шешімге байланысты.

Қазақстандағы жарнамалық қызмет нарығы бүгінде қарқынды дамып келе жатыр. Қалада бүгінде не көп, қаптаған жарнамалық агенттіктер, дизайнерлік студиялар көп таңдауды өз қалауыңызша жасауға болады. Сондықтан да қазақ өнім өндірушілері мен бизнес өкілдерінің жиі бас сұғатын кеңсесі дизайнерлер орталығы болып тұр.

Бір әттеген-айы, бүгінде бұл өнер біреуге өнердің бір саласы болса, енді біреулер үшін бизнесті дамытудың көзі болғандықтан ұлттық діңнен алшақтап, шетелдік талғамға еліктеп, «ұлттық менімізді» жоғалтып барамыз ба деген қорқыныш та бар.

Заманауи технология арқылы кез келген затты, әдемі, ықшамды, үнемді жасауға болатынын жоғарыда айтып өттік. Жасыратыны жоқ бұл салада шаруасын дөңгелетіп отырғандар, негізінен, өзге ұлт өкілдері немесе шетелдіктер. Біріншіден, олар әлгі озық технология мен жабдықтарды өз отандарынан арзан бағаға алдырып, көп пайдаға кенеліп жатса, екіншіден, өздерінің бізге жат дүниетанымын, идеологиясын тануда. Яғни бұл жерде өз жерімізде, өз елімізде ұтылып отырған біздер ғана.

Мысалға бір ғана кітап безендіру ісін алсақ та жеткілікті. Көрші Ресейден, Еуропа мен Азиядан келетін кітаптардың мұқабасы түрлі-түсті, ішкі беттері жалт-жұлт етіп безендіріліп, ерекше көздің жауын алады. Көрген жанды өзіне тартып, «мені ашып қарап, оқышы» дегендей, баурап алады, тіпті, қолына қалай алғаныңды сезбей де қаласың. Сананы улайтын діни кітаптардың безендірілуі туралы тіпті арнайы кітап жазуға тұрарлық. Мықты мамандардың қолынан шыққанына шек келтірмейсің.

«Қара аспанды төндірмей-ақ» қоялық, өзіміздің қара көздер де бұл кәсіпті меңгеруде, өнерге баулитын оқу орындарында қазір осы саланы таңдаған қазақтарды көптеп кездестіруге болады ғой дерсіз. Иә, олар оқып жатыр, бірақ тілі орысша, ділін кім білсін?!

Біз де әлі күнге суретші-дизайнер маманын дайындайтын білім беру мекемелерінде аты қазақ бөлімі болғанымен, оқулықтар, әдістемелік құралдар барлығы өзге тілде. Яғни жас мамандардың санасына өзгенің қаңсығын, ескірген идеологиясын тықпалап жатырмыз. Ауылдан білім, өнер іздеп келген ұл-қыздарымыз бұл кәсіпті де өзге тілде меңгеруге мәжбүр болып, азаматтық құқықтары аяққа тапталуда. Бір елдің мемлекеттік тілі болып отырған – қазақ тілінде дизайн саласындағы оқулықтар жоқ немесе «саусақпен санарлықтай ғана» деп айтудың өзі ұят. Кім кінәлі, әрине, өзіміз, қазақтар!

Мемлекет осыған, яғни салалық мамандықтар оқулықтарын қазақ тілінде жазып, шығаруға көңіл бөлетін кез әлдеқашан жетті! Қазірден қолға алмасақ, ертең кеш болып, ол жастар «бір соқпаққа түсіп алған қойлар сияқты» ұлтына қайырылмай кетуі де мүмкін ғой?! Сондықтан да дизайн саласында жүрген жандар бұған ой қосады деп үміттенемін.

Кез келген отандық өнімнің іші-сыртынан қазақи иіс аңқып тұруы керек. Бұл жағдай көркемдік зат немесе тауардың қай-қайсысы болмасын, барлығына бірдей қойылатын қатан да заңды талап болуы керек. Бұл талапты мүлтіксіз орындау – дизайнер-мамандарымыздың баршасының қасиетті борышы болса құба-құп.

Бүгінде адамзат жоғары технологиядан жалығып, оған керсінше, этностиль мен натурализмге көбірек көңіл бөле бастады. Бұл құбылыс әсіресе дамыған елдерде қатты байқалады. Себебі озық идея, ұтқыр шешім тапшылыққа айналды. Затты түрлендіру, заманға сай оңтайландыру, тартымдылығын арттыру өткір мәселеге айналып келеді.

Данышпан халық шеберлері кезінде ою-өрнекті өнердің барлық түріне бірдей ортақ әшекейлеудің негізі ретінде қолданды, келешекте де солай болуы керек. Біле білген адамға біздің ұлттық ою-өрнектеріміз бай, тіпті түбі жоқ шексіз деп айтсақ та артық болмас. Тек қиялға қиял қосып, әр кез түрлендіріп, түрлі реңке бояп отырсақ болғаны! Сондықтан да біз одан жерінбей, керсінше, күнделікті тұрмыстағы заттардың дизайнын жасағанда ою-өрнекті орнымен қолданып, оны заманауи түрлендіріп, дамытып, кәдеге жаратуымыз қажет. Әйтпесе, бүгінде кейбір шалағай «дизайнерсымақтар» міне саған қазақи дүние деп, ою-өрнектерімізді қалай болса солай, орынсыз жапсырып, оюлардың құнын кетіруде. Бұл – өнерге жасалған өте үлкен қиянат.

Кезінде хас шеберлеріміз әрбір оюды өз орнымен, өзіндік мән-мағынасына қарай қолдана білген. Өкінішке орай, бүгінде дизайнерлердің көбі мұның байыбына бармай, бас жақта тұруы керек оюды, аяқ жаққа, киімде болуы керек өрнекті, текемет пен тұскиізге жапсырып жүр. Мұндай жағдайды болдырмай, алдын алу үшін ою-өрнектерді маман дайындайтын оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытса да артықтық етпес, сірә. Мүмкін ұлттық өрнектердің тарихы, дамуы, жасалуы жайлы арнайы әдістемелік электронды оқулықтар шығару қажет шығар?!

Себебі ұлттық өрнегіміз – ол біздің баға жетпес байлығымыз, ұлттық брендiміз! Қазақтың ою-өрнегі – бүгінде Қазақстанның ұлттық стилі! Мемлекеттік рәмізіміздің бірегейі – Көк байрағымызда ұлттық өрнегіміз бекерден-бекер бейнеленген жоқ, оның мәні тереңде, тарихымызбен байланысып жатыр.

Осы орайда, бәсекелестік нарық заманында қызмет жасап, қазақтың ұлттық дизайны ешкімнен кем емес, керсінше көрген жанды қызықтыратынын өнімдерімен дәлелдеп келе жатқан ұжымның біріне сөз реті келгенде аз-кем тоқтала кетсем артық болмас.

Ол – Қазақстанда бренд ретінде «Kokkem» деген тауарлық белгімен 1989 жылы пайда болып, бүгінде «Алматы-Көркем» аталатын жарнама және маркетинг саласында еңбек ететін компания. Заманауи технологияны пайдалана отырып, жаңаша жұмыс жасайтын жарнамалық-өндірістік компанияның өзіндік өндіріс орны бар, жарнама қызметінің түрлі бағытын (кең пішінді түрлі-түсті баспа өнімдері, ішкі-сыртқы жарнама және т.б.) қамтиды әрі толық кезеңде жұмыс істейді.

Бұл ұжым – Алматы қаласында жарнаманың түрлі саласында қызмет ететін кәсіби мамандар (ұшқыр ойлы дизайнерлер, кішіпейіл менеджерлер) мекені. Олар заманға сай жаңаша көзқарас пен тың идеяларды «қару» етіп, дизайн саласындағы әлемдік заманауи трендтерді қадағалап отыр. Өз бизнесін ғана емес, тұрақты тұтынушылар бизнесінің де табысты әрі сұранысқа ие болуына мүдделі. Сондықтан да тапсырыс берушілердің талап-тілектерін жақсы түсіне отырып, тұтынушыларға әсерлі заманауи ұлттық бояулармен әрленген шешімдерді ұсынады. Бұл жағдай кез келген жарнамалық компанияны дұрыс жоспарлауға және ол жолда кездесетін түрлі кедергілерді шұғыл түрде жоюға мүмкіндік береді.

Көп нәрсе басшыға байланысты екені белгілі. Басшы қандай ұстанымда болса, ұжым да солай қызмет етері айдан анық. Бұл компанияның басшысы қазақтың қарапайым баласы, Еуразиялық Дизайнерлер Одағы мен ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, талантты суретші-дизайнер – Бауыржан Бердібекұлы Құрманбеков. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, әкесін үлгі тұтып, әке салған соқпақпен (әкесі де суретші) келе жатыр. Ол қасиетті Түркістан шаһарында дүние есігін ашып, сол жерде орта мектепте оқып, тоғызыншы сыныптан соң Ә. Қастеев атындағы Шымкент көркемсурет колледжіне түсіп, «суретші-безендіруші» мамандығын үздік бітіріп шығады.

1997 жылы өнердің киелі шаңырағы Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет академиясына түседі. Бауыржан 2009 жылы отбасымен Алматы қаласына

қоныс аударады. Сосын жоғарыдағы компаниясын құрып, өзінің кәсібі мен бизнесін ұштастырып, сол сәттен бері қазақ жігіттеріне бұл кәсіптің таңсық еместігін дәлелдеп келеді. Компанияның өзгелерден бір артықшылығы, өнімдерінен қазақилық сезіледі. Яғни қандай дизайн үлгісін жасаса да қазақтың дүниетанымымен үндесетін өрнектерді ұтымды қолданады. Ұмытылып бара жатқан түрлі қазақи ою-өрнектеріміздің заманауи сарайлардан, банк, байланыс мекемелері, құзырлы органдардың іші-сыртынан сәтті орын тапқанына іштей қуанасын.

Осындай өз ұлтына жаны ашитын жігіттері барда қазақтың дизайн өнері қай кезде де дами беретіндігіне сенгің келеді. Оның ендігі алдыға қойған басты мақсаты, ұмытылып бара жатқан ата-бабаларымыздың мол мұраларын заман талабына сай жаңаша жаңғыртып, оның күнделікті өмірде қолданыс табуына атсалысу дейді.

«www.ult.kz» порталы

Бейнелеу өнерін насихаттаудағы түйткілдер

Бейнелеу өнері (ағылшынша – *visual arts*) – адам қоршаған ортаны, әлемді көзімен көріп, түйсінуге негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне, негізінен, кескіндеме, мүсін, графика жатады. Сонымен қатар бейнелеу өнерінің белгілері сәулет, безендіру және қолданбалы өнерде де көрініс табуы мүмкін. Театр, кино, теледидардағы безендіру, көркем-дизайн да бейнелеу өнерінің нәтижесі ретінде танылады. Сондықтан оларды да шартты түрде бейнелеу өнерінің қатарына жатқызады.

Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды.

Бейнелеу өнерінің бір ерекшелігі сол, мұнда суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, мүсіндеу, түрлі түстер, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады.

Жалпылама айтатын болсақ, өнер – қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Оның сананың басқа формаларынан, мәселен, ғылым мен философиядан айырмашылығы сол, ғылым мен философия сыртқы дүниенің теориялық бейнесі, яғни олар теориялық ойлау болып табылса, өнер шындықтың көркем бейнесі болып табылады.

Енді негізгі айтар ойымды ортаға салар болсам, бейнелеу өнеріне қатысты бүгінгі түйткілдерге назар аудармақпын. «Сананы тұрмыс билейді» демекші, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында барлық сала өкілдеріне қиын болғаны белгілі. Өкінішке орай, бұл үрдіс әлі күнге жалғасып, небір кәсіби шеберлеріміз тұрмыс тауқыметімен шетел асып, немесе өз туындыларын шетелдіктерге сатып, мемлекетіміз зиялы интеллектуалдық қорынан айырылып жатыр. Бұл жағымсыз үрдіске тоқтау салып, олардың жағдайларын мемлекеттік деңгейде дұрыстауды ойластыру қажет.

Ұлттық тарихымыздың бір парағы ретінде жәдігер, мұра болып қалатын өнер туындыларын шетел асырмай елде сақтау, оны келешек ұрпақтың өз кәдесіне жарату жолдарын заңдастыруымыз қажет. Отандық туындылар мен оның авторларын бұқара халық танудан қалды, осыны насихаттау шараларын ойластыратын кез жетті. Кеңестік кезеңде ол жақсы жолға қойылып, тұрақты түрде журналдар шығып тұратын, енді сол жақсы үрдісті қайта жанартып, жолға қойса дұрыс болар еді.

Еліміздегі ірі қалаларымыз Астана мен Алматыда және облыс орталықтарында Суретшілер Сарайы ашылып, онда жас шеберлерге шеберханалар тегін беріліп, ал танымал суретшілерден төмендетілген жалдық ақы алынса, бұл өте үлкен қамқорлық болар еді. Мемлекет тарапынан қолдау болса, еңбек ететін мамандар елімізде жеткілікті, жыл сайын қаншама дарынды сала мамандары, өнертанушылар білім алып шығып жатыр, бір жағынан, ол жас мамандарды жұмыспен қамтыған да болар едік.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов «ел болам десең – бесігіңді түзе!» деп бекер айтпаған болар. Сол ұлылардың айтқан сөздерін, ата-бабамыздың өсиетін келесі ұрпаққа саф күйінде жеткізу сіз бен бізге аманат екені белгілі.

Қазақстанның Мәдениет және спорт министрлігі бас болып, бейнелеу өнеріне қатысты жаңалықтармен (алдағы уақытта қандай көрмелер, байқаулар болатыны туралы хабарландырулар, алыс-жақын шет елдердегі фестивальдар, симпозиумдар жайлы ақпараттар), атқарылып жатқан жұмыстармен (жаңадан шыққан техникалар мен түрлі материалдар және де жүзеге асқан маңызды қоғамдық тапсырыстарға (орнатылған ескерткіштер, нысандар және т.б.) сын-ескертпелер мен ұсыныстар туралы мақалалар) халықты дер кезінде ақпараттандыру ісін қолға алып, түрлі салалық полиграфиялық өнімдер, яғни кітаптар, фотоальбомдар, газет-журналдар шығарылса.

Осы орайда, бейнелеу өнеріне қатысты сериялық кітаптар мен оқулықтар шығарылса, мынадай газет-журналдар сериялары жарық көрсе деген ұсыныс бар: «Қазақстанның бейнелеу өнері», «Өнер жаңалықтары», «Суретші әлемі» және т.б.

Сонымен қатар бүгінде ерекше қарқын алып келе жатқан интернет кеңістігінде осы салаға қатысты түрлі ақпараттық-танымдық, тақырыптық порталдар, сайттар, жеке блогтар ашылса нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір айта кететін маңызды мәселе – бейнелеу өнеріндегі мемлекеттік тілдің мүшкілдігі. Міне, тәуелсіздік алғалы жиырма үш жылға аяқ бастық, бірақ мәселе әлі шешімін таппай келеді. Әрине, әр саланың өз мамандары сол саланың тілімен айналыса құба-құп. Себебі ішкі мәселені сол мамандар жақсы білетіні анық. Осы ретте бейнелеу өнеріне қатысты журналдар мен газеттердің басым көпшілігі қазақ тілінде болып, онда қажетті деген бейнелеу өнері терминдерін қазақшаға аударып, баламасын сын тезіне салып, сол арқылы бекітіліп ортақ қолданысқа еніп, оны бірыңғай мемлекеттік білім беру стандарттарында қолданатын кез әлдеқашан жетті.

Себебі терминдік сөздер аудармасында бірізділік жоқ. Мысал үшін айтар болсақ, живопись – бірде кескіндеме, бірде сыршырай, бірде майбояк; архитектура – бірде сәулет, бірде сұңғат және т.б.

Бейнелеу өнері салаларына қатысты қарапайым халықты айтып тұрмақ, білім беретін оқу орындарында толыққанды қазақ тілді оқулықтар жоқтың қасы. Әсіресе тереңдетіп оқытатын салалық оқу орындарында: кескіндеме, мүсін, монументалды кескіндеме, сәулет, дизайн және т.б. ана тіліміздегі оқулықтар жоқтығынан әлі күнге орыс тілінде оқуға мәжбүр. Қашанға біз жас жеткіншектердің ана тілінде білім алуы үшін азаматтық құқық бұзамыз?!

Тіпті, Қазақстандық бейнелеу өнері туралы ақпарат беретін үкімет, министрлік тарапынан бақыланатын арнайы ғылыми баспа өнімдері әлі күнге жоқ. Қарапайым халыққа бейнелеу өнері қандай қызмет атқаратын сала екені де беймәлім, тіпті кейбір өнер адамдары да біле бермейді.

Бүгінде рейтингісі төмен «Білім және мәдениет» телеарнасының тұжырымдамасын қайта қарап, оны заман талабына сай сала-салға бөлу керек. Осы ретте бейнелеу өнеріне қатысты бізден бірер ұсыныс: «Елдің еңселі ескерткіштері», «Бір туындының тарихы», «Мен суретші боламын», «Өнер мұражайына саяхат», «Өнер тарландары» және т.б. ток-шоулар, танымдық хабарлар, деректі әрі көркем фильмдер түсірілсе. Сонда ғана телеарнаның көрермені көбейіп, рейтингі көтерілер еді.

Әйтпесе, жаңадан ашылған телеарналарымызға мемлекет қыруар қаржы бөліп отырғанын, бірақ тиімсіз әрі мақсатсыз жұмсалып отырғанын Президент Н.Ә. Назарбаевтың өзі өткен жиында шұқып көрсетті.

Тәуелсіз ел атанғанымызға жиырма үш жыл болса да, ақпараттық кеңістігіміз әлі күнге көрші Ресейге тәуелді болып, түрлі шетелдік қызықты арналар біздің елімізде заңды белден басып, орыс тілінде таралып (ретрансляция) келеді. Неге қазақ тілінде таратылуына күш салып, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңымыздың әлеуетін пайдаланбаймыз?! Бұл істі қолға алсақ, журналистика факультетін бітіретін осы саланың қаншама маманын жұмыспен де қамтыған болар едік.

Ел тарихын ерлер жасайды, ол ерлерді халыққа көркем шеберлікпен жеткізетін – бейнелеу өнері!

Өнер – адамзатты біріктіретін асыл қазына!

Адам баласы дүниеге шыр етіп келе салысымен ең бірінші анасының бет-жүзінің ажарын, сұлулығын көріп өсетіні белгілі. Ең жақын адамы – анасы. Келе-келе әкесін танып, өзге де адамдарға, жанды-жансыз заттарға да мән беріп, сәбиге түрлі мінез бітеді. Адамзаттың бұл эволюциялық өсу, даму жолы жайлы кемеңгер ойшыл ақынымыз Абай Құнанбайұлынан артық айту еш мүмкін емес.

Ол өзінің жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талшынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», – деп бір түйіндейді.

Иә, Алла тағала адамды хайуандардың ішіндегі ең есті мақұлықтардың бірі етіп жаратты. Өзінің ішкі жан дүниесі нені қаласа соны істеуге қашанда әзір тұратыны сондықтан болар?! Ал пенденің пендеден айырмашылығы неде дегенге келетін болсақ, Жаратқанның оларды әр түрлі кәсіпке икемді қылып жаратуында.

Басында балалардың барлығы бірдей болып көрінеді, бірақ уақыт өте келе олардың өнерге, оның ішінде бейнелеу өнеріне икемділігі алғашқы болып сезіледі. Қолына қалам алып, шимайлап сыза бастайды, саз балшықты илеп, түрлі заттардың пішінін сомдай бастайды. Не істеп отырғанын түсінбесе де оның ар жағында табиғи жаратылыс, дарындылықтың бір шеті көрініп қалады.

Міне, бейнелеу өнері құдіреттілігінің бір сыры осы! Яғни «болар бала боғынан» дегендей, өнердің осы түріне икемділігі ерте жастан белгі береді. Тек соны дер кезінде байқап, оны ары қарай дамыта білсек болғаны. Себебі бейнелеу өнері өсіп келе жатқан жастың ұлттық рухының биік болуына, өз халқының салт-дәстүріне қызығушылығын арттыруға, Отанын, елін-жерін сүйіп өсетіндей махаббатын оятуға себепкер бола алады.

Бейнеленген дүниені өз көзімен көріп, сезініп өскен жас адамның ойы алысты көздейді, ал хас шеберлердің өнер туындылары оны қанаттандырып, жігер мен қайрат береді. Мұндай адамның жаны да таза болып жетіліп, сезімталдығы артады. Сонымен қатар өнер, оның ішінде бейнелеу өнері қандай салада болсын жаңалық ашып, оны ары қарай жетілдіруге дәнекер болады. Кез келген адам баласы ой-қиялындағы бейнені немесе көрген затын ең бірінші қағаз бетіне түсіріп, содан кейін ғана жүзеге асыратыны белгілі.

Мысал үшін айта кетсек, кәдімгі суық қару – автоматты қарапайым адам, жерлесіміз Калашников ойлап тауып, оны қағаз бетіне сызып, суретін салған, сосын сол негізде автоматты құрастырып шыққан. Ал атақты суретші Леонардо Да Винчи ұшатын құралды – тікұшақты ойлап тапқанда алдымен оның сызбасын қағаз бетіне түсіріп содан кейін оның алғашқы моделін жасаған.

Өнер туындысы, керемет салынған картина немесе сырлы мүсін, ондағы бояулардың түсі мен мүсіндік сомдау тәсілдері, олардың композициясы адам сезіміне қозғау салып, оның жанына тікелей әсер етеді. Көріністегі оқиғаны өз басынан өткізгендей тебіреніп, кейіпкердің қуанышына сүйсініп, қайғысына күйініп, толғанысқа түседі. Мысалы, кейбір жақсы жазылған картинаны қараған адам өзінен-өзі қуанып, жаны жадырап, көңілі көтеріледі. Я болмаса, кейде қоладан құйылған батырлардың ескерткіштеріне қарап, олардың қайсар мінезіне, сұсты түр-тұлғасына қарап, кезінде біздің ата-бабаларымыз осындай өр кеуделі, рухы мықты жауынгер болғанына қуанып, рухтанып қалады. Кейбір картина тіпті тұңғыш ойларға жетелеп, ауру адамның ауруынан айығуына, көңілінің әрдайым көтеріңкі болуына көмектесетін қасиеті тағы бар.

Сондай-ақ бейнелеу өнерінің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады. Әр дәуірдің, тарихи кезеңнің, әрбір халықтың өзіне тән эстетикалық талап, талғамдары болады. Біздің ата-бабамыздың осы бейнелеу өнеріне ерте кезден-ақ етене жақын, онымен өмір бойы біте қайнасып келе жатқаны өтірік емес.

Ертедегі ата-бабаларымыз аспандағы Тәңірге сеніп, жалбарынып табынуы, бата тілеуі жайдан жай тумаған. Арайлап атқан таңның шапағаты мен тұнық айдың тууы мен батуы, теңелуі мен тұтылуы, жұлдыздардың ағуы, мұның бәрі ерекше әсер қалдыратын ғаламдық құбылыстар. Табиғатпен етене жақын халқымыз осы әрбір құбылыстарды бақылай отырып, оның мағына-ұғымын сақтай келе тұрмыстық заттарға ою-өрнек нақышымен безендіріп келеді. Апа-әжелеріміз кезінде киім-кешек, үйдің іші-сыртын безендіруге түрлі оюлар ойып, аталарымыз сонау ерте заманнан бері киіз үй мен ер-тұрман, зергерлік бұйымдардың неше түрін ойлап тауып, оларды нақышына келтіріп, әшекейлеуі тіптен керемет!

Мысал үшін айта кетсек, бүгінгі қалы кілемдерде оюмен жазу дәстүрі әлі де қолданылады. Бұл жазуларда анасы мен әкесінің баласына деген тілегі, сәлемдері, тарихи мәліметтері астыртын беріледі. Демек, бұдан қазақ халқы ерте замандардан ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратып келе жатқанын көреміз. Бабаларымыздың ер-тұрманына, сандығы мен кебежесіне, сырмағы мен текеметіне қарап өнердің нағыз өресі бізде болғанын сеземіз. Бұған қазба жұмыстары арқылы табылған небір құнды жәдігерлерді айтсақта жетерлік.

Дүние жүзінің оқымыстылары мен өнер тарландарын таң-тамаша қалдырған Есік қорғанынан табылған «алтынмен апталып, күміспен күптелген» «Алтын Адам» болса, қазір мұндай сенсациялық жәдігерлеріміз еліміздің түпкір-түпкірінен оның неше түрі табылып отыр! Бұл жайттың өзі біраз жайтты аңғартса керек.

Қазақтың киіз үйі – нағыз классикалық өнер туындысы! Оның өзінің құрылымы шаңырақ, уық, кереге, есік, киіздері және олардың безендірілуі, ішкі сыртқы асай-мүсейі, жиһаздарын айтсаңызшы! Сондықтан да алғашқы дизайнерлік үрдіс біздің ата-бабаларымыздан бастау алғанын, үй тұрмысында қолданылып, хас шеберлеріміздің арқасында бізге жеткенін мақтанышпен айтуымызға болады.

Кез келген қазақи оюды алып қарасаңыз қайталанбас керемет өнер туындысы. Бірі екіншісіне ұқсамайды. Бірде қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби кескіндемеші, тума талант Әбілхан Қастеев атамыздан сурет салуды қайдан үйрендің дегенде – «ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, таудың жотасынан үйрендім», – деп даналықпен жауап беріпті.

Өнер туралы мұның бәрін бағанадан бері не үшін тәпшітеп әңгімелеп келе жатқандағы ойымның түйінін айтар болсам, ұлтымыздың төл өнері арқылы елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдеріне халқымыздың әлеуметтік-мәдени болмысын танытып, түсіндіру.

Бүгінгі таңда ел мен елді, ұлт пен ұлтты жақындататын, біріктіретін ең негізгі фактордың бірі – халық өнері мен сол өнерді тудыратын «алтын қолды» жандары!

Қазақтың ғұмырына жетерлік рухани мұра қалдырған дана Абай өнерлі жандар туралы, 33-қара сөзінде: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсің, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің

қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді» деп, өнерлі жанның адал да аңғал екендігін айтып өтеді.

Еш алып қосары жоқ. Сондықтан да, ұлы Абайдың осы өсиеттерінен сабақ ала отырып, ұлттық өнеріміз арқылы ұрпақты досшыл болуға, өзгеден үйренуден жалықпауға тәрбиелеп, баға жетпес құнды мұраларымыздың қадірін білуді үйретіп, кемелденген әдет-ғұрпымызды келешекке жеткізу – парыз.

Асыл қазынамыз – төл өнерімізді өзгенікімен салыстыра отырып, елге насихаттауда көштен қалмас үшін заманауи әдістерді меңгеріп, осы бағытта соны технологияларды қолдануымыз қажет.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтарының ең бастысы – осы өнері. Елімізде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдері нәсіліне қарамай қазақ өнерін бойына сіңіріп, оны өзге елге дәріптесе, нағыз қоғамдық береке-бірліктің, ынтымақтың көрсеткіші емес пе?!

Сонымен қатар еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің өнерімен де таныса отырып, өнер арқылы ел бірлігін, ұлтаралық қатынастарды насихаттауға одан әрі күш салуымыз керек.

Себебі өнер – адамзатты біріктіретін асыл қазына!

Web-дизайнер жаңа заманның мамандығы

Қазіргі қазақ қоғамында әсемдікке, ыңғайлылық пен жайлылыққа ұмтылған жандар саны күн санап артып келе жатқаны қуантады. Осы әсемдік пен ыңғайлылықты туғызатын дизайнерлер бүгінде барлық жерде қажет мамандыққа айналды. Яғни бүгінгі Қазақ елін дизайнерсіз елестете алмайтын күйге жеттік. Себебі ешбір қызмет саласы дизайннен алшақ кете алмайды. Өндірістік дизайн, сәулеттік-ландшафттық дизайн, интерьер және экстерьер дизайны, game-дизайн, графикалық дизайн, жарнама дизайны және web-дизайн, бұлардың барлығы бүгінгі біздің өмірімізбен тығыз байланыста.

Ендеше жалпы дизайнның, оның ішіндегі негізгі бір саласы әрі қарқынды дамып келе жатқан түрі web-дизайн жайында сөз қозғап көрейік.

Web-дизайн дегеніміз – көркемдік талғамға ие және интернет-технологиялар саласында білімі бар, web-парақшалар жасайтын және оларды web-сайттарда біріктіретін адамның кәсібі. Бүгінгі таңда дизайнерде мынадай маңызды сапалар болуы қажет: дамыған эстетикалық және көркемдік талғам; бейнелік ойлау дамуының жоғары дәрежесі; логикалық әрі сараптамалық ойлау; жасампаздық, жұмыстағы мұқияттылық, жүйелілік; зерделілік, төзімділік, ұқыптылық; ыждахаттылық, ынталылық, шыдамдылық, жадының жоғары даму деңгейі. Бір сөзбен айтқанда ол – бейнелеу өнері бойынша базалық білімі бар, өнер мен технологияны меңгерген шығармашылық тұлға болуы керек.

Мамандықтың қысқаша тарихы. «Дизайнер» термині 1600 жылдарға жатады. Мысалы, бұған дейін орындық жасайтын қолөнерші өзі шебер, өзі дизайнер, өзі дайындаушы болатын. 1800 жылдарға қарай фабрика жұмысшылары арнайы дизайнер әзірлеген дизайн бойынша көптеген орындықтар шығарды. Ақын және дизайнер Вильям Морис 1880 жылдары фабрика бұйымдарына қарсылығын білдірді. Ол қол өндірісіне қайта көшу үшін «Өнер және қолөнер» қозғалысын бастады. Шаңсорғыш сияқты алғашқы электр құралдары көрер көзге кескінсіз болды. Қазіргі уақытта біз үй құралдарының тек жақсы жұмыс істейтініне ғана емес, үй ішіне үйлесімділігіне де мән беріп жатамыз, сондықтан дизайн – қазіргі тауарларды шығарудың маңызды қасиеті.

«Дизайн» термині қазақ тілінде салыстырмалы түрде алғанда жақында ғана пайда болғанымен, оның негізі ерте замандарда-ақ қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқының қолөнер бұйымдарының (қобыз, домбыра, сандық, ожау, торсық, қару-жарақтар, сәндік әшекейлі бұйымдар, т.б.) қайталанбас түрлері этнодизайндық үлгіде жасалған. «Disegno» – италиян тілінен аударғанда көптеген мағынаға ие. Оның негізінде композиция, ой, ниет, мақсат, жоспар, сызба, сурет, нобай, долбар, кескін, өрнек, үлгі жатыр.

Безендіру өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі кең қолданылады. Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады.

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуына байланысты дизайн жаңа, кеңірек мағынаға ие болды. Жарнамалық мақсатта web-сайттар жасау мүмкіндігі бар World Wide Web (www) – бүкіләлемдік тор – жаһандық компьютерлік жүйесі пайда болған соң, өткен ғасырдың 1980 жылдары web-дизайнер мамандығы пайда болды. Қазақстанда 1987 жылдан бері Дизайнерлер Одағы құрылып жұмыс істеп келеді. Дизайн өнері қазіргі тұрмыстық жағдайлар мен талап-сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда. Жарнама, медиадизайн, кітап безендіру, түрлі өндіріс пен жиһаз бұйымдарының жаңа үлгілерін өмірге әкелу, т.б. қазіргі заманғы кәсіптердің дамып-жетілуі дизайн өнерімен тығыз байланысты.

Бүгінде дизайн жеке пән ғана емес, заманауи адам өмірінің барлық саласында қолданылатын толық бір бағытқа айналды. Сондықтан дизайнердің көптеген пән салаларында білімі болуы шарт және сол білімін іс жүзінде шығармашылық үдерістегі образды жасау үшін жобалай отырып, шебер қолдана білуі керек. Дизайн пәндік ортаның

рационалды үлгілерін құрайтын, көркемдік құрастырудың заманауи өнері деп сенімділікпен айта аламыз.

Web-дизайн негізінде басқа да дизайн түрлерінің негізінде жатқан басты ұстанымдар жатыр: функционализм ұстанымы – «функционалдының бәрі әдемі»;

Конструктивизм ұстанымы, яғни композиция құру мақсат емес, оның құрылымын құру мақсаты маңызды болып табылады. Сонымен қатар техникалық мағынада ойластырылған сайт рухани идеяға енуі тиіс, тек сол кезде ғана осы бағыттағы басқа жұмыстармен бәсекелесе алады.

Web – бұл техника, өнер және психологиялық ойдың нәтижесі. Web-дизайнердің ерекше міндеті – интернеттің қыр-сырын ескере отырып, интернет-жобаны пайдаланушыларды барынша көп қызықтыра алатындай етіп стильдік безендіру. Яғни жобаның безендірілуі тек стильді болу ғана емес, сонымен қатар жүйе тарапынан берілетін стандартты талаптарға сәйкес болуы тиіс: графикалық элементтер (логотиптер, баннерлер, бейнелер және т.б.) оңтайланған болуы шарт, түс және қаріп таңдау барысында келесі маңызды фактіні ескеру қажет: қолданушы жобаның графикалық жүзеге асуын қағаз бетінде емес, монитордан көреді.

Мамандықтың ерекшелігі. Web-парақшаның дизайны бұл графикалық емес, ақпараттық дизайн. Жұмыс барысында web-дизайнер жасалатын жобаның болашақтағы сәттілігіне тікелей байланысты, келесі мәселелерді қарастырады: сайт қолданушыларының мақсаттары мен міндеттерін анықтау; сайт құрылымын жобалау және жоспарлау; интерфейс пен навигацияны өңдеу; қолданушылар мен жүйе арасындағы өзара қатынасқа қамқорлық; мазмұнын дайындау және оның сапасын бақылау.

Web-дизайнердің негізгі қызметі – ол сайттарды безендіру, идеялар құру және серверлердің макетін өңдеу, сервер макетінің орындалу стилін құру; web-құжаттың монитор экранында құжаттардың жүктелу уақытын ескере отырып, ең жақсы қабылдауды, деректерді беру арнасының өткізу қабілетін, құжаттағы графикалық файлдардың көлемін, түстік палитра сапасын қамтамасыз ету; web-парақша тұтастыру ережелерін анықтау, безендіру тетіктерінің саны мен сапасын, форматын, фонын таңдау; web-құжаттардың стильдік үлгілерін жасау; Internet торабымен жұмыс істеу; беттің бағдарламалық бөлімін және кодын жазу; гипермәтінді құжаттарды басқару; www-те фирманың ақпараттық саясатын жүргізу; web-парақшаларды тексеру және дайындау құралдарымен жұмыс жасау және орнату; интерактивті web-қосымшаларын жасау; статистикалық өңдеу үшін қосымшаларды жасау және олармен жұмыс.

Web-дизайнер интернет-сайттың қалай көрінетініне және қалай қабылданатынына тікелей жауап береді. Ол сайтқа логотип, баннер және графиканың өзге де элементтерін ойлап шығарады, сайт бойынша навигацияны мұқият ойластырады, мәтінді қайда орналастыруды анықтайды. Дизайнер тек қызықты сайт жасап қана қоймай, оның жүктелу уақытын да ескеруі шарт. Интерактивті web-сайттарды жасау web-дизайнның ең жоғары пилотажи. Ондай сайт жасау үшін web-дизайнер тек HTML тілін меңгеріп әрі көркемдік сезімге ие болуы ғана емес, сондай-ақ қарапайым «классикалық» бағдарламалауды білуі және деректер қорын талдай алуы міндетті. Сайттардан бөлек web-дизайнер баннерлер, ғаламторлық ашық хаттар, электронды таныстырылымдар жасайды.

Мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері. Мамандықтың артықшылықтары: еңбек нарығында тұрақты сұранысқа ие; жұмыс бір ғана елдің шекарасымен шектелмейді; қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі бар; кәсіби өсудің кең мүмкіндігі; кез келген идеяны қаржылық шығындарсыз жүзеге асыруға болады; лайықты еңбекақы төленеді. Ең бастысы өз мамандығыңызды мықты меңгерген болсаңыз, Сізде қашанда жұмыс болады. Жаңадан үйреніп жүрген талапты дизайнер болашақта келесі лауазымдарға үміттенсе алады: web-бағдарлама жасаушы, баннер-мейкер, жоба менеджері.

Мамандықтың кемшіліктері: тапсырыс беруші мен орындаушының көркем көріністерінің (кейде) сәйкес келмеуі, сол себепті кейде нақты дизайнерлік шешімнің қажеттілігіне сендіруге немесе түзетулермен келісуге тура келеді.

Web-дизайн алдына келесі мақсаттарды қояды: қолданушыларда жарнамалық өніміндегі нысан бейнесін оң қабылдауларын қалыптастыру; сайт құрылымының қарапайымдылығы мен нақтылығы; интуитивті түсінікті қолданушы интерфейсі; навигациялық жүйенің оңтайлылығы.

Web-дизайнер мамандығы екі аспектіні қамтиды: арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдана білу және дизайнерлік қызмет. Білікті web-дизайнер компьютерлік бағдарламалар саласында да, графика саласында да сәйкес білімі болуы тиіс екендігін жоғарыда айтып өттік. Adobe Photoshop, HTML/CSS, Corel Draw, Illustrator, Macromedia Flash сынды бағдарламаларды мүмкіндігінше білуге міндетті.

Web-дизайнер өзін-өзі оқытуды қолға алуы керек. Яғни бәсекеге қабілетті мықты маман болғысы келсе, көптеген кітаптарды өз бетінше оқып, тұрақты рухани дамып отыруға тура келеді. Егер сіздің web-дизайнер болғыңыз келсе, алдымен, html бойынша кітапты оқыңыз (HTML – гипермәтінді белгілер тілі. Оның көмегімен интернеттегі барша құжаттар жасалынады). Бірақ html – әлі web-дизайн емес. Бұл жай ғана web-парақша жасау тілі. Парақша әдемі әрі дұрыс көрінуі үшін талғам және стильді сезіну қажет. Бұған web-дизайн бойынша жақсы кітаптардың бірі Дмитрий Кирсановтың «Веб-дизайн» кітабы көмектесе алады.

Web-дизайнер болу үшін жоғары білімді қайдан алуға болады: Web-дизайнердің жоғары білімі болуы тиіс. Көптеген жоғары оқу орындары бұл мамандықты өздерінің білім беру бағдарламаларына енгізген:

- Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (ҚазҰӨА)
- Қазақ Бас Сәулет-құрылыс академиясы (ҚазБСҚА)
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ)
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ)
- Алматы технологиялық университеті (АТУ)
- «Сымбат» сән академиясы.

Жұмыс орны: дизайнердің жұмыс орны әр түрлі болуы мүмкін: дизайн-студия; сайттарды жасаумен айналысатын компания; өзінің жұмысында жеке сайтты пайдаланатын және оны дамытуға, жаңғыртуға ниет білдірген кез келген ұйым; сайт компаниясының жеке стилін тапсырыс бойынша жасайтын жұмыс немесе фриланс.

Еңбекақы төлемі – еңбекақы студияның беделі және дизайнердің жұмыс тәжірибесіне байланысты. Сондай-ақ барлығы web-дизайнерге берілген тапсырыстар санына да байланысты. Сайт дизайнерінің бағалары әр келкі – барлығы жұмыстар мен қызметтердің сапасымен анықталады. Сайт дизайнын жасау шығармашылық үдеріс болғандықтан оған әр түрлі уақыт кетуі мүмкін. Белгілі бір «қызметтер жиынтығының» тиянақталған бағасы бар, бірақ олар да дизайнның бағасы мен сапасын нақтылай алмайды, яғни бір жұмысты 50 немесе 1500\$ жасауға болады. Орташа деңгейдегі маманның жалақысы – 250 мың теңгеден жоғары.

Тарау бойынша қорытынды:


Бұл тарауда оқу құралының авторы Д. Мұхамеджанов өзінің шығармашылығынан бірнеше мысалдар келтірген. Атап айтқанда, дизайн, графика, кескіндеме, мүсін сынды бейнелеу өнерінің бірнеше негізгі бағыттары бойынша еңбектерінің иллюстрациялары берілген.

Сонымен қатар дизайн, дәстүрлі және заманауи бейнелеу өнеріне қатысты жазылып, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалары берілген.

Сұрақтар:

1. Автордың шығармашылық жұмыстарының ішінде қандай жұмыстар сіздің көңіліңізден шықты?
2. Дизайнерлік жұмыстардың ішінде қайсысы сізге ой салды?
3. Дизайнердің ордендік эскизінің қайсысы ұнады?
4. Автор шығармаларының ішінен кітап дизайнына жасалған нобайды көрсетіп, қалай жасалғандығы жайлы әңгімеленіз.
5. Автордың афишалары қандай компьютерлік бағдарламамен жасалған?
6. Кесіндеме өнері бойынша қайсы картина күрделі композицияға құрылған? Өз нұсқаңызды талдап берініз.
7. Мүсін өнері жайлы не білесіз? Автордың мүсіндік туындылары қандай жанрларға жатады?
8. Түпнұсқа туынды мен көшірменің қандай айырмашылығы бар?
9. Автордың мақалаларынан қандай ой түйдіңіз, мысал келтіріңіз.

ҚОСЫМША



БАБАЛАР ҰЛАҒАТЫ

*Өнер-білім, ұста-шебер,
құрал-сайман туралы
мақал-мәтелдер.*

Танымал тұлғалар тағылымы



Халқымыз «өнер алды – қызыл тіл» деп, мәдениетімізде сөз өнерінің алатын орны ерекше екейдігін жеткізген, бір беттік кітап сөзін, бір ауыз сөзге сыйғыза білген.

Қазақ этнографиясының шағын жанрлары – мақал-мәтел, жұмбақ, ән-жыр, ойшыл, данышпандары тудырған шешендік сөздер табиғатының эстетикалық сипаты басым.

Бұл – сан ғасырлардан бері жинақталып келе жатқан халқымыздың баға жетпес құнды мұрасы. Сондықтан да «өнерге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, бойына өнердің кез келген түрі дамыған жастарымыз бұл құндылықты жете түсініп, мүмкіндігінше санасына құйып алса нұр үстіне нұр.



Өнер-білім туралы

Алтын алма, білім ал.

Айтпас жерде тіліңді тарт,
Атпас жерде қолыңды тарт.

Ат сүрінбей жер танымас,
Ер сүрінбей ел танымас.

Асу бермес асқар жоқ.

Ақыл тозбайтын тон,
Білім таусылмайтын кен.

Асыл – таста, өнер – жаста.

Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Алтын ерің атқа тисе,
Алтынын ал да отқа жақ.

Әліппенің ар жағы – білім бағы.

Әшейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.

Барша өнерді үйрен.

Бай болмасаң, болма,
Білім-өнерге сай бол.

Білім инемен құдық қазғандай.

Білімнің басы – бейнет,
соңы – зейнет.

Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні кәріп.

Білекті бірді,
білімді мыңды жығады.

Білімді өлсе, қағазда аты қалар,
Ұста өлсе, істеген заты қалар.

Білегіңе сенбе, біліміңе сен.

Білім – арзан, білу – қымбат.

Білмегенге үйрет,
Жерге соқа салып сүйрет.

Білімдіден ақыл шығар,
Ақылды қарттан нақыл шығар.

Білімсіздің сөзі білектей,
Білімдінің сөзі жібектей.

Білгенің қайсы, білместікті кешірмесең.

Білгеннен де өтер бір іс,
Білмегеннен де өтер бір іс.

Білмеген мың пәлеге тұтылар,
Білген мың пәледен құтылар.

Білімі жоқ ұл – жұпары жоқ гүл.

Білгенің бір тоғыз,
Білмегенің тоқсан тоғыз.

Білім ауысады, ырыс жұғысады.

Болар іс болды, бояуы сінді.

Болымсыздан өнер шықпас,
Көңілсізден күлкі шықпас.

Ғылым – теңіз, білім – қайық.

Ғалым болсаң, елге мәлім боларсың.

Ғалыммен жақын болсаң, қолың жетер,
Залыммен жақын болсаң, басың кетер.

Екпей өгін шықпас,
Үйренбей білім жұқпас.

Еңбегі жоқ ғалым – ыстығы жоқ жалын.

Жағымпаз надан – жаудан жаман.

Жер – ырыстың кіндігі,
Білім – ырыстың тізгіні.

Жақындықты ат айырады,
Оқымағандықты хат айырады.

Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.

Жігіттің екі өнері бар,
Атқанда жыққан, ашқанда оқыған.

Жаста оқыған оқуың –
тасқа жазғанмен бірдей,
Егде тартқанда оқыған оқуың –
мұзға жазғанмен бірдей.

Жігітке жетпіс өнер де аз.

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер.

Көзі жоқ, құлағы саудың
ақылы толады,
Құлағы жоқ, көзі саудың
ақылы солады.

Кітап – алтын қазына.

Кітап-ғылым – тілсіз мұғалім.

Кісінің көркі киім емес – білім.

Көргенсіз дегенге кек тұтпа,
Көргеніңнен көрмегенің көп.

Көз көруге тоймайды,
Құлақ естуге тоймайды.

Көп сөйлеген білімді емес,
Дөп сөйлеген білімді.

«Көп білемін» деме,
көптен артық білмейсің.

Көп жасаған білмес,
көп көрген білер.
Көп оқыған білмес,
көп тоқыған білер.

Күш – білімде, білім – кітапта.

Кітап – көзі жұмыққа арзан,
Көзі ашыққа маржан.

Кітап – көптің ұстазы.

Көз көруге тоймайды,
Құлақ естуге тоймайды.

Күш – білімде.

Киім пішсең кең піш, тарылтуың оңай.
Ағаш кессең ұзын кес, қысқартуың оңай.

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

Құлақ естігенді көз көрер.

Қой асығы демей-ақ,
қолыңа толса сақа тұт,
Жасы кіші демей-ақ,
ақылы асса аға тұт.

Қолда бар алтынның қадірі жоқ.

Надан кісі сусыз арыққа ұқсайды,
Ілімді кісі аққан дарияға ұқсайды.

Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

Надан өз ғайыбын білмес,
Кісі ғайыбын білер.

Оқығанның көңілі жарық,
Оқымағанның беті көн шарық.

Оқысаң озарсың, оқымасаң тозарсың.

Оқу алды – қызыл тіл

Оқу түбі – тоқу.

Оқы да біл, ойна да күл.

Оқи берсең, көзің ашылады,
Отыра берсең, жалқаулық басынады.

Оқымаған бір бала, оқыса екі бала.

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің

Оқығаныңды айтпа,
тоқығаныңды айт.

Оқу – білім бұлағы,
білім – өнер шырағы.

Оқу ойдан озық емес.

Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы.

Өнер көпке де жеткізеді,
Көкке де жеткізеді.

Өнер – таусылмас азық,
жұтамас байлық.

Өнерің болса, өлемін деме.

Өнерлі бала сүйкімді.

Өнерлі қол – бақытқа жол.

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Өнер – ағып тұрған бұлақ,
Білім – жанып тұрған шырақ.

Өнер – ердің қанаты.

Өнер жас ұланнан,
Жүйрік тай құнаннан.

Өнерлінің өрісі ұзақ.

Өнерлі өлмес,
өнерсіз күн көрмес.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Өнерлінің өзегі талмас.

Өнерлі өрге жүзеді.

Өнерді үйрен де жирен.

Өзі білмегеннің аузына қарама.

Өмір – үлкен мектеп.

Өмірдің өзі – ұлы ұстаз.

Өзіне-өзі өкпелеген білім барлығы,
«Өзімнен артық жоқ» дегені
көңіл тарлығы.

Өз мінін білген, өзгеге төрелік береді.

Жердің сәні – егін,
Ердің сәні – білім.

Өзің бір жақсы ғалым болсаң,
Елге мәшһүр боларсың.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен жоқ болса, кісіден сұра.

Сауысқанның тамағы,
шокуменен табылған,
Өнер-білім – бәрі де
окуменен табылған.

Тірлікте ілім үйрен көріп жүріп,
Әр жақсының соңынан еріп жүріп.

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

Туа білмейді, жүре біледі.

Ұстазы жақсының ұстамы
жақсы.

Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла.

Ұстаздан шәкірт озар.

Ілім іштегі нұр,
Өнер сыртқа салынған түр.

Ілім – дария көл,
Надандық сусыз шөл.

Шәкіртсіз ұстаз – тұл.



Ұста-шебер туралы

Ағаш кессең ұзын кес,
Шаба келе қысқарар.
Темір кессең қысқа кес,
Соға келе ұзарар.

Адамды өнер танытады.

Алтынды ала білген
бөле де біледі.
Ата өнері балаға мұра.

Алтынды еріте білмеген ірітер,
Теріні илей білмеген шірітер.

Аяғы кіші сүйгенін киер,
Аяғы үлкен сыйғанын киер.

Алтын жерде жатпайды,
Жаман ұста суын таппайды.

Әр нәрсеге асық болғанша,
Бір нәрсеге машық бол.

Болат біз қап түбінде қалмас.

Бояушы, бояушы дегенге
сақалын бояйды.

Етікшіден құлаш қап,
Бізі тиер көзіңе, сөзі тиер өзіңе.

Ерінбеген ұста болар.

Жаман етікші біз таңдайды.

Жаман ұста жанынан.

Жалғаймын деп үзіп алма,
Түзеймін деп бұзып алма.

Жездің жайын зергер білер.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Жаман ерден жайдағым жақсы,
Жаман қатыннан бойдағым жақсы.

Жібекті ұстай алмаған жүн қылар.

Жігіттің түсін айтпа,
Ісін айт.

Зер қадірін зергер білер.

Көп көрген – нұсқа,
Көп істеген – ұста.

Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда.

Өнерлінің ырысы –
Жарқырап жатар жолыңда.

Көп істеген құп істейді.

Көлеңкеге қарап көйлек пішпес болар.

Қалауын тапса, қар жауар.

Қазаншының еркінде,
Қайдан құлақ шығарса.

Қара суда қаймақ болмас,
Қас шебер оймақ таңдамас.

Қайратыңа әдісінді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Қол өнері кілемде, сөз өнері өленде.

Қолынан келген қонышынан басады.

Қолы білген құм үстінен кеме жүргізер.

Қолың ұста болсын,
Сөзің қысқа болсын.

Оймақ пішсең де ойлап піш.

Олақтың сөзі – орынсыз жамау тәрізді.
Олақтан салақ жаман.

Салақ қатын тұтқышқа жарымас.

Сақтықты соқырдан үйрен,
Кішілікті түйеден үйрен.

Саусағы ұзын – биші болар,
Құлағы үлкен – күйші болар.

Темірші көміршіге үйір.

Ұста бар жерде қолың тый.

Ұстаны соққан пышағынан танысың.

Ұзынсыз қысқа болмас,
Үлгісіз ұста болмас.

Ұста пышаққа жарымас,
Етікші етікке жарымас.

Ұста, ұстадан нұсқа.

Ұстамен жақын болсан, ісің бітеді.

Ісмердің байлығы қолында,
Ердің байлығы жолында.

Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.

Шеберден олжа, шешеннен сауға.

Шешеннің сөзі мерген,
Шебердің көзі мерген.



Құрал-сайман туралы

Алмас қылыш қап түбінде жатпайды.

Алтын кемер белге сән,
Ақылды жігіт елге сән.

Алтын балдақ қол сәні,
Әшекей кесте тон сәні.

Алтын шекпен ерге жарасар,
Алтын кісе белге жарасар.

Алыстан арбалағанша,
Жақыннан дорбала.

Асыл қайшы пішуге сән,
Күміс қасық ішуге сән.

Болат кездік қап түбінде жатпас.

Буынсыз жерге пышақ ұрма.

Бір мылтықтың аузына мың кісі сияды.

Басты балта бұзар,
Жылқыны маңқа бұзар.

Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді.

Ер қаруы – бес қару.

Жабулы қазан жабуымен.

Жасық пышақ өтпейді жаныса да,
Жаман «арма» демейді таныса да.

Ине өткен жерден жіп өтер.

Кемеге мінгеннің жаны бір,
Екі жастың тілеуі бір.

Күміс кездік сүйкімді.

Керсеңді алдына қойдым,
Кездекті қолыңа бердім.

Кетпеннің басын бассаң,
Сабы маңдайыңа тиер.

Керек тастың ауырлығы жоқ.

Күрекке жұмыс табылар.

Көрмегенге көсеу де таң.

Қазаннан қара нәрсе жоқ,
ассаң қарын тойдырар,
Қардан аппақ нәрсе жоқ,
ұстасаң қолды тоңдырар.

Қазан аузы жоғары.

Қазансыз алтын ошақтан
қара сулы мосы артық,
қаңыраған алтын ордадан
қарасы мол қос артық.

Қара қазан қысырамас.

Қара май құйған күбішек
қанша жусаң тазармас,
Қара бетті сабындап
қанша жусаң ағармас.

Қара пышақ қарыс сүйем ұзарады.
Қап түбінде болат темір жатпайды.

Қыс арбаңды сайла, жаз шанаңды сайла.

Қысқа жіп байлауға келсе де,
күрмеуге келмес.

Құм шөлмек мың күн сынбас,
Бір күн сынар.

Құдығына қарай қауғасы,
Базарына қарай саудасы.

Қанжар шықты, қан шықты.

Қамшысыз кісі көсеумен қамшылар.

Оқ жетпес жерге қылыш сілтеме.

Өткір пышақ қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас.

Пышақтың жүзі өтпелі – қыры өткелі.

Пышағыңды шынымен бер,
Шынымен берсең қынымен бер.

Пышағыңның күмісіне қарап,
өтпесіне болайын.

Сабақты ине сәтімен.

Сабасына қарап піспегі,
Сақалына қарай іскегі.

Сауытың қалың болса, жараң аз болар.
Сойылды сілтей білмеген өзіне тигізер.

Сұлуынан жылуы.

Сырлы аяқтың сыры көпсе де,
сыны кетпейді.

Тамақ тамағымен жарасты,
Батыр жарағымен жарасты.

Темірдің бір басы ыстық, бір басы суық.

Түйеңнен арбам жақсы оттамайтын,
Ауылға желді күні тоқтамайтын.

Түйменің инесіз күні жоқ.

Шелегіне қарай қауғасы.

Шойын иілмес, шорт сынар.

Танымал тұлғалар тағылымы

Адам – Құдайдың шығармасы.

Қадыр Мырза Әли

Әркім өз музасы қанағаттандырғанда ғана, жақсы дүниені тудыра алады.

Платон

Балалар әрқашанда әсемдікте, ойында, ертегіде, әуенде, суреткерлікте, қиялда, шығармашылықта өмір сүруі керек.

В.А. Сухомлинский

Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі, ата-анадан, екіншісі, ұстазынан, үшіншісі, құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады.

Абай Құнанбайұлы

Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.

Сенека

Біреудің бойынан кемшілік іздеме, өнер ізде.

Құтып

Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.

Әбу Насыр әл-Фараби

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады.

Мұхтар Әуезов

Ғылым – Алланың бір сипаты.

Абай Құнанбайұлы

Ғылым қиялсыз болмайтыны сияқты, онсыз өнер де жоқ.

Ференц Лист

Ғылымның қандай пайдасы – білместі жолға салмаса.

Асан Қайғы

Егер өнер біздің мәдениетіміздің тамырынан нәр алсын десек, қоғам суретшіні еркіне жіберуі қажет, әлемді өзінше қабылдауын ол қашанда басшылыққа алуы керек.

Джон Кеннеди

Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол нағыз ұстаз.

Ахмет Байтұрсынов

Жастары білімді елдің – жүзі жарық, болашағы – жарқын.

Нұрсұлтан Назарбаев

Көптен қалмау – көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде.

Мұзафар Әлімбаев

Мақал-мәтел – өмір тәжірибесі.

Бауыржан Момышұлы

Махаббат пен шеберлік тоғысқанда ғана, нағыз жауһарды күтуте болады.

Джон Раскин

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

Жүсіп Баласағұн

Музыка өнері – рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл күйдің ісі. Музыканың негізгі міндеті – адамның эстетикалық қажетін өтеу.

Әбу Насыр әл-Фараби

Өмір қысқа – өнер мәңгілік.

Гиппократ

Өнер мен әдебиет ұлы болмаған жерде, ұлт та ұлы бола алмайды.

Ғабит Мүсірепов

Өнер білімді талап етеді.

Бертольд Брехт

Өнер – әдемілік бейнесіндегі даналық.

Хорхе Анхель Ливрага

Өнердің барлық түрі, өнердің ішіндегі төресі – Жерде өмір сүру өнеріне қызмет етеді.

Бертольд Брехт

Өнер – қызғаншақ, ол адамның өзіне толықтай берілгенін қалайды.

Микеланджело Буонаротти

Өнер туындысы – өмірді түсінудің кілті.

Сағат Әшімбаев

Өнер біткеннің бәрі бірдей бір адамның құшағына сыймайды.

Әбу Насыр әл-Фараби

Өнер – бұл нағыз әлеммен қатарлас, адами әлемді жасау талпынысы.

Моруа

Өнер мен ғылым барлық әлемге тиесілі және ол ұлтаралық бөгеттерді жояды.

Гете

Өнерге берілу – өлімді талап етеді.

Сенека

Өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу-өнер болмайды.

Әлихан Бөкейханов

Өнердің ғылымы мен ғылымның өнерін бірге зерттеу керек.

Леонардо да Винчи

Өнерді кез келген адам сүюі мүмкін, ал, оны тудыратын таңдаулы ғана.

Жюльен Грюн

Өнер адамы үшін шығармашылықта, тіршілікте болсын, ең ақыры киім-кешекте болсын, ешкімге ұқсамау – басты міндет.

Қадыр Мырза Әли

Өнерпаз болсаң – өр бол.

Мұхтар Әуезов

Өнер жүрген жерде еліктеу болмай тұрмайды.

Қадыр Мырза Әли

Өнердің теориясын меңгеру дегеніміз – өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну және талғам қабілетін игеру.

Әбу Насыр әл-Фараби

Өз білгеніңді халқыңа үйрет.

Міржақып Дулатов

Сурет – түрлі ғылымдардың қайнар көзі және нәр беретін тамыры.

Микеланджело Буонаротти

Суретшінің басты құралы – тұрақты шыңдалудың арқасында пайда болатын, бұл мүмкін емес кезде де, өзінің ғажайыпты тудыра алатынына сенімді болу.

Марк Ротко

Талант – халық қазынасы. Талантты қадірлемеу халықтың намысына тиеді.

Қадыр Мырза Әли

Таланттылар раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады.

Шерхан Мұртаза

Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен.

Мұзафар Әлімбаев

Ұл-қыз демей баланы оқыт, қазақ.

Міржақып Дулатов

Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек.

Ғабит Мүсірепов

Шығармашылықтың мәні – қашанда қанағатсыз болу.

Жюль Ренар



БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ОРЫСША-ҚАЗАҚША ТЕРМИНДІК СӨЗДЕР

А

Абстрактная живопись – дәйексіз кескіндеме
Абрикос, урюк – өрік
Аванзал – алғызал
Аверс – оң бет
Автогравюра – төлнақыш
Агат – ақық (тас)
Ажиотаж – дүрлігіс
Акварель – сулы бояу
Аксессуары – әбзел
Александрит – құбыла тас
Алмаз – алмас
Аллюр – ат желісі
Альтернатива – балама
Альчик – асық
Амарант – амарант (күлгін түсті экзотикалық ағаш)
Анализ – талдау
Антик – көне
Античное искусство – көне заман өнері
Арабеска – арабы өрнек
Аргумент – дәйек
Аристократичность – бекзаттық
Арка – арка, қақпа, дарбаза
Архар, горный баран – арқар (терісі, мүйізі бағалы жануар)
Архитектура – сәулет
Атласное дерево – атлас ағашы (экзотикалық ағаш)
Аффе́кт – күйзелу, толқу, қызбалық
Аэрография – бүрку
Аэрофотография – аэрофотосурет

Б

Бабка – бақайшық, топай, шаша
Бабушка – апа, әже, әжей
База (сәулет өн.) – мық
Баланс – теңгерім
Балка – арқалық, мәтке
Баран – қошқар
Бардиор – жиектас
Барельеф – шығыңқы бедер
Барсу́к – борсық (терісі бағалы аң)
Батальный жанр – соғыс, батырлық жанры
Бахро́ма – шашақ
Бедро – жамбас, жая, сан
Белила – ақсыр
Белый бук – ақ шәмшат (ағаш)
Береза – қайың (ағаш)
Бирюза – перуза (асыл тас)
Блик – жылт
Блюдо – табак
Бобр – құндыз (терісі бағалы аң)
Борик (головной убор) – бөрік
Боярышник – долана (ағаш)
Браслет – білезік
Брат (братан) – аға, ағай
Братишка – іні, інішек
Брелок – салпыншақ әшекей
Бриллиант – гауһар (тас)
Бритва – ұстара
Бронза – қола (металл)
Брюки – шалбар
Бубинга – бубинга (экзотикалық ливан балқарағай ағашы)
Буклет – бүктеме
Булавка – түйреуіш

Бусина – моншак
 Бляха – тоға
 Бляшка – шытыра, қаптырма
 Бык – бұқа
 Быт – тұрмыс
 Бюст – кеудемүсін

В

Ваза – құмыра, гүлсауыт
 Ваяние – мүсіндеу, сомдау
 Ваятель – сомдаушы
 Вдохновение – шабыт
 Вентилятор – желдеткіш
 Вернисаж – вернисаж, салтанатты ашылым
 Весна молодости – жастық көктемі
 Вешалка – адалбақан
 Вибрация – діріл, тербеліс
 Виноград – жүзім
 Виртуальное изображение – ықтимал көрініс
 Витраж – шынышырай, шынай
 Витрина – көрнек
 Вишня – шие (жеміс ағашы)
 Вкус – талғам
 Вол – өгіз
 Волк – қасқыр (терісі бағалы аң)
 Волос – шаш, қыл, түк
 Ворота – дарбаза
 Восток – шығыс
 Восхитительный – керемет, ғажап сұлулық
 Вульгарная девица – жеңілтек, бейпіл қыз
 Выставка – жәрме
 Вышивка – кесте
 Вяз – шегіршін (ағаш)

Г

Гамма – мақам
 Гвоздь – шеге
 Герб – елтаңба
 Геральдика – елтаңбатану
 Глаз (черные глаза) – көз (қара көз)
 Глина – балшық
 Глухая резьба – бітеу ою

Гобелен – гобелен, зеркілем
 Голова – бас
 Гончарное искусство – кезе өнері
 Горельеф – дөңес, биік бедер
 Горный козел – таутеке (терісі, мүйізі бағалы жануар)
 Горноста́й – ақкіс (терісі бағалы аң)
 Город – қала, шаһар
 Городок – қалашық
 Гравюра – нақыш
 Грань – қыр
 Графика – сызба
 Графический дизайн – графикалық, сызбалық дизайн
 Гребень – тарак (техникалық)
 Гризайль – біртүстілік
 Гробница – сағана, мазар
 Грудь – көкірек, төс, емшек, омырау
 Груша – алмұрт (жеміс ағашы)
 Губа – ерін

Д

Дворец – сарай
 Дебют – дебют, тырнақалды
 Дедушка (дед) – ата, баба
 Декор – сән
 Декоратор – сәндеуші
 Декоративный живопись – сәндік кескіндеме
 Декоративная скульптура – сәндік мүсін
 Дерево – ағаш
 Деталь – бөлік, бөлшек
 Дефект – ақау, кемістік
 Деформация – бүліну
 Деятель искусств – өнер қайраткері
 Джейран, газель – қаракұйрық (мүйізі, терісі бағалы жануар)
 Диадема – тәті
 Диагональ – қиғаш (сызық)
 Дизайн – дизайн, әрлеу
 Диптих – егізек, қостаған
 Дрель – бұрғы
 Дуб – емен (ағаш)
 Дубликат – телнұсқа
 Долото – қашау
 Доска деревянная – тақтай

Е

Евангелие – Інжіл
 Евразийский Союз Дизайнеров –
 Еуразиялық Дизайнерлер Одағы
 Егерь – қорықшы
 Единство – бірлік
 Естественный – табиғи
 Ель – шырша (ағаш)

Ж

Жанр – жанр, сала
 Жгучая брюнетка – қою кара шашты
 қыз
 Жезл – аса
 Желтая краска – сары бояу
 Жемчуг – інжу
 Жеребенок – құлын
 Жеребец – айғыр
 Жердь – салдау
 Жест – ым
 Живопись – кескіндеме
 Живот – қарын, құрсақ, іш
 Жизнь – өмір
 Жир (растительный) – өсімдік майы

З

Забор – дуал
 Задник – түпкі қалқа
 Заказ – тапсырыс
 Закаленный – шындалған, суарылған
 Замысел – түпкі ой
 Замша – күдері
 Зановес – шымылдық, перде
 Запад – батыс
 Заслуженный деятель – еңбегі сіңген
 қайраткер
 Звезда – жұлдыз
 Зверинный стиль – андық стиль
 Зеленый цвет – жасыл түс
 Зелень – көкөніс
 Зере – мұрын сырға
 Зеркало – айна
 Зернь – бүршік
 Зикзак – ирек
 Зимняя одежда – қысқы киім

Знак – таңба, белгі
 Знаменитый – атақты, даңқты
 Знахарь – бақсы, балгер (тәуір)
 Золото – алтын
 Зритель – көрермен
 Зуб, зубья пилы – тіс, араның тісі
 Зять (жених) – күйсеу бала (күйсеу жігіт)

И

Ива – тал
 Известный – әйгілі, белгілі
 Известняк – әктас (тас)
 Изобразительное искусство – бейнелеу
 өнері
 Изумруд – меруерт, зүбәржат (тас)
 Икона, идол (иконопись) – пұт,
 пұтжазба
 Икра – балтыр
 Имитация – ұқсастыру, еліктеу
 Импровизация – суырып салмалық
 Инструмент – аспап
 Иллюзия – елес, құрғақ қиял
 Ирония судьбы – тағдыр тәлкегі
 Искусство – өнер
 Искусственный шелк – жасанды жібек

К

Казахское искусство – қазақ өнері
 Каменотес – бәдізші, тас қалаушы
 Канитель – зер жібі
 Капризная женщина – кірпияз (безер)
 әйел
 Карагач – қарағаш (ағаш)
 Карандаш – қарындаш
 Каркасная конструкция – қаңқалы
 құрама
 Карниз – карниз, сырт ернеу
 Каштан – талшың (ағаш)
 Кедр – самырсын (экзотикалық ағаш)
 Керамика – қыш
 Кинжал – қанжар
 Кич – шимай
 Киура – шот
 Киянка – қолтоқпақ (ағаш балға)
 Клад – көмбе
 Клен – үйеңкі (ағаш)

Клей – желім
Клещи – тістеуік
Клише – құймақалып
Ключица – бұғана
Кобыла – бие
Кованный медь – қақталған мыс
Ковер – кілем
Ковка – шыңдау, қақтау
Кожа – тері, былғары
Коза – ешкі
Козел – теке
Козленок – лак
Колено – тізе
Колер – қойыртпақ
Коллекция – топтама
Колонна – бағана
Конный жанр – ат, жылқы жанры
Контраст – кереғар
Контур – сұлба
Контурная резьба – сұлба ою
Конь – ат
Колорист – шырайшы, реңші
Колорит – шырай, рең
Кольцо – сақина
Коралл – маржан (әшекей тас)
Корифей – кеменгер
Корова – сиыр
Корсак – қарсак (терісі бағалы аң)
Косуля – елік (терісі, мүйізі бағалы жануар)
Кочерга, ожег – көсеу
Кошма, войлок – киіз
Красивая девушка – сұлу, әдемі қыз
Краска – бояу
Красный бук – қызыл шәмшат (ағаш)
Красное дерево – қызыл ағаш
Крест – айқып
Кружево – пілтер
Кружок – үйірме
Крючок, зацепка – ілмек
Кувшин – көзе, құман, құмыра
Кузен – бөле
Кузнец – ұста, темірші
Куний (куница) – сусар, кәмшат (терісі бағалы аң)
Кулак – жұдырық
Кулон – алқа, әйкел
Купол – күмбез
Кухня – асүй, асхана, тамақ
Куш-кон – құш-көн

Л

Лак – лажы, сыр
Лакировка – лажылау, сырлау
Лаконичность – шымыр
Ласковый взгляд – мейірімді көзқарас
Латунь – жез (металл)
Легенда – аңыз, әпсана
Лента, пленка – таспа
Лепка – сомдау, мүсіндеу
Летняя одежда – жазғы киім
Летопись – жылнама
Линия – сызық
Липа – жөке (ағаш)
Лирика – лирика, нәзік сезім
Литвенница – балқарағай (ағаш)
Литография – құйма жазу
Литье, отливка – құйма
Лицо – бет, жүз, өң
Личность – тұлға
Ложа – сәкі
Лоза, ива – тал (ағаш)
Локоть – шынтақ
Лопатка – жауырын
Лошадь – жылқы
Лощение – жылтырату
Лук – садақ
Луч – нұр, сәуле
Любовь к искусству – өнерге деген сүйіспеншілік
Люстра – шамшырақ, құлпырма

М

Мавзолей – кесене
Мазила – суретшісымақ, шалағай суретші
Мазилка – бояу жаққыш (аспап)
Мазок – жағыс
Мазок смелый, широкий – батыл, сілтей жағыс
Малахай – тымақ
Малахит – көк тас
Мама (мать) – ана, шеше
Манекен – сұлдер
Маринка (балхашская) – Балқаш көкбасы (балық)
Маска – бетперде
Масло – май

Масса – салмақ
Мастерская – шеберхана
Махагони (красное дерево) – махагони (экзотикалық қызыл ағаш)
Мебель – жиһаз
Медведь – аю (терісі бағалы аң)
Медь – мыс (металл)
Мел – бор
Мельхиор – саркүміс (металл)
Мемуар – естелік
Мерлушка, смушка – елтірі
Мех – тері
Меч, сабля – қылыш
Мечта – арман
Миска – тостаған
Могильник – оба, қорым
Модель – үлгі (жансызға қатысты)
Можжевательник – арша (ағаш)
Монета – тиын, шақа
Монументальный – сұңғақ
Молоток – балға
Мольберт – таған
Морской вид – теңіз көрінісі
Мотив – сарын
Мотыга – шаппашот
Муза – муза, шабыт
Музей – музей, мұражай
Музей искусств – Өнер мұражайы
Муляж – міскін
Мрамор – мәрмәр (тас)

Н

Набросок – долбар, ұзын-ырға
Навоз – көң
Наковальня большая – үлкен төс
Наконечник стрелы – жебе
Напильник – егеу
Народ – халық, жұрт, әлеумет
Насечка – керту
Натура – болмыс, табиғат
Натурщик – натурашы, жалдасері
Натурщица – натурашы, жалдасұлу
Нектар – шәрбат, балшырын
Неповторимый – ерекше, қай-таланбас
Нить – жіп
Нить золотая – зер жіп
Ноготь, коготь – тырнақ

Нож – пышпақ
Ножницы – қайшы
Ножны – қын
Норка – қаракүзен (терісі бағалы аң)
Норма – шама, көлем, мөлшер
Нос – мұрын, тұмсық
Носилка – зембіл
Ню – ню, бәден
Нюанс – нюанс (өнерде түстің өте нәзік реңкі немесе жарықтан көлеңкеге өте елеусіз өту)

О

Обаятельный человек – әсерлі, сүйкімді, тартымды адам
Обводка – құрсаулау (шекімеде)
Оберег – бойтұмар
Обжиг – күйдіру
Облик – келбет
Облицовка – тыстаматас
Облицовочная плита – тыстама тақтайша
Обложка – мұқаба
Образ – бейне
Овца – қой
Одежда – киім
Окисление – таттану
Олень – бұғы (мүйізі, терісі бағалы жануар)
Оливковое дерево (олива) – зәйтүн (зығыр) (ағаш)
Олово – қалайы
Ольха – қандыағаш (ағаш)
Ослепительная красота – тамаша сұлулық
Орех – жаңғақ (жеміс ағашы)
Орнамент – ою-өрнек
Оригинал – түпнұсқа, төлтума
Осенняя одежда – күзгі киім
Оселок (точильный камень) – қайрақ
Отделка – әрлеу
Открытие памятника – ескерткіштің ашылуы
Отливка – құйынды
Оттенк – реңк
Оформительское искусство – безендіру өнері
Охра – жоса

Охрана – күзету, қорғау, сақтау

Охранение – жосалау

П

Памятник – ескерткіш, мұра

Палец – саусақ, бармақ

Пальмовое дерево – пальма ағашы
(экзотикалық ағаш)

Параметр – ауқым, шама-шарық

Парковое искусство – саябақ өнері

Парковая скульптура – саябақтық мүсін

Парик – жебелек

Патина – зең, тотық, тотияйын

Патинирование – зеңдеу, тоттандыру, тотияйындау

Пафос – шаттық

Перламутр – құлпырма тас

Перо – қауырсын, қаламұш

Персонаж – кейіпкер

Петля – тұзақ, шалма

Печать – баспа

Пиала – кесе

Пигмент – бояқ, бояғыш

Пила – ара

Пихта – майқарағай, қара самырсын
(ағаш)

Плагиагор – сұғанақ

Пластика – илімділік

Пластина – тілік

Пластинка – қаңылтыр (металл)

Пласталин – ермексаз, сомсоқта

Плетеный орнамент – өрме өрнек

Пелечо – иық, иін

Плоскогубцы – қысқаш, кемпірауыз

Площадка – алаңқай

Площадь – алаң, аудан, бет

Повозка, арба – арба

Подвеска – аспа

Поза – кейіп, кескін, қалып

Полировка – жалтырату

Помада – далап

Популярный – танымал, мәшһүр

Порнография – анайы, бейәдептілік

Порог – табалдырық

Портной – тігінші

Портфей – құйысқан

Портрет – сымбат

Поселок – кент

Постамент – негізгас

Постель – төсек-орын, көрпе-жастық

Посуда – ыдыс, ыдыс-аяқ

Поясница – бел

Поэт – ақын

Презентация – тұсаукесер

Престол – тақ

Притолока – маңдайша

Приятная внешность – сүйкімді

сымбат, сүйкімді келбет

Проволка – сым (металл)

Прогресс – өрлеу, ілгерілеу

Проколка – біз

Пронизь – үзбе, тез

Прорисовка – сұлба сурет

Пространство – кеңістік

Прототип – түптұлға

Процесс – үдеріс

Прялка – шарық

Псалий – сулық (жүгеннің бөлшегі)

Пудра – опа

Путешествие – саяхат

Пьедестал – тұғыртас

Пятка – өкше

Пятно – дақ

Р

Рама – жақтау

Расколотка – уату

Раствор – ерітінді

Расческа – тарақ

Рашпиль – түрпі

Ребро – қабырға

Реверс – теріс бет

Резак, резец – кескір

